

4792

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУЛЫҒЫ

К. АХАНОВ

ҚАЗАҚ
ТІЛ
ОҚУЛЫҒЫ

ИНСТИТУТЫ

5-6

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
ӘТМІНДӘСІ

ТБ

ТІЛ БІЛІМІ

ИНСТИТУТЫ


К. АХАНОВ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУЛЫҒЫ

ФОНЕТИКА, ЛЕКСИКА, МОРФОЛОГИЯ

ОРТА МЕКТЕПТІҢ 5—6-ҚЛАСЫНА АРНАЛҒАН

Үшінші басылуы



АЛМАТЫ — 1972

Құра-
кел-

тев.)

і жә-
лысты

аты-
о-ө):
сұру,
ғызу,

сында

ін су
ігілі.

Бұл оқулық Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі комитеті жариялаған конкурста 1969 жылы бірінші сыйлық (бәйге) алды.

Қазақ ССР Оқу министрлігі бекіткен

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН БЕЛГІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ.

- А.— Абай Құнанбаев.
А. Т.— А. Тоқмағанбетов.
Ә. Н.— Ә. Нұрпейісов.
Ә. Нұр.— Ә. Нұршайықов.
Ә. С.— Ә. Сәрсенбаев.
Ә. Т.— Ә. Тәжібаев.
Ә. Ш.— Ә. Шәріпов.
«Блд.» — «Балдырған» журналы.
«Блм.» — «Білім және еңбек» журналы.
Б. М.— Б. Майлин.
Б. Мом.— Б. Момышұлы.
Б. С.— Б. Соқпақбаев.
Ғ. М.— Ғ. Мүсірепов.
Ғ. Мұст.— Ғ. Мұстафин.
Ғ. С.— Ғ. Сланов.
Ж.— Жамбыл Жабаев.
«Жлдз.» — «Жұлдыз» журналы.
Ж. С.— Ж. Саин.
З. Ш.— З. Шашкин.
И. Б.— И. Байзақов.
К. А.— К. Аманжолов.
«Қ. Ә.» — «Қазақ әдебиеті» газеті.
Қ. Б.— Қ. Бекхожин.
Қ. М.— Қ. Мырзалиев.
Қ. Ш.— Қ. Шаңғытбаев.
Қ. Ы.— Қ. Ыдырысов.
«Л. Ж.» — «Лениншіл жас» газеті.
Мақ.— Мақал.
М. Ә.— М. Әуезов.
М. Әл.— М. Әлімбаев.
М. Г.— Максим Горький.
«Мдн.» — «Мәдениет және тұрмыс» журналы.
М. И.— М. Иманжанов.
М. Ө.— Махамбет Өтемісов.
М. Ш.— М. Шолохов.
Н. Б.— Н. Байғанин.
Н. Ғ.— Н. Ғабдуллин.
Ө. Т.— Ө. Тұрманжанов.
П.— А. С. Пушкин.
«Кп.» — «Қазақстан пионері» газеті.
С. Б.— С. Бегалин.
С. Бақ.— С. Бақбергенов.
С. К.— С. Көбеев.
«С. Қ.» — «Социалистік Қазақстан» газеті.
С. М.— С. Мұқанов.
С. Мәу.— С. Мәуленов.
С. О.— С. Омаров.
С. С.— С. Сейфуллин.
С. Сар.— С. Сарғасқасв.
С. Сей.— С. Сейітов.
С. Ш.— С. Шаймерденов.
Т. А.— Т. Ахтанов.
Т. Ж.— Т. Жароков.
Ы. А.— Ы. Алтынсарин.
І. Ж.— І. Жансүгіров.

ФОНЕТИКА

ФОНЕТИКАДАН IV КЛАСТА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ.

Дауыстылар және олардың түрлері.

1-жаттығу. Өлеңді мәнеріне келтіріп оқып шығындар. Құрамында бірыңғай жуан және бірыңғай жіңішке дауысты дыбыс келген сөздерді ажыратып айтындар.

ЕКЕУ ДЕГЕНШЕ, БЕКЕМ ДЕ.

Бірді бірге қосқанда, Екеу болады. Жалғызсырап, жасқанбай, Бекем болады. Екі қолды қосқанда, Құшақ емес пе? Екі қанат аспандап Ұшады емес пе?	Тіркелсе екі дөңгелек, Өзің тебетін, Зырылдайтын дөңгелеп — Велосипедің. Басталады екеуден Достық, дос тілек! Ауырлықты көтерген — Адал қос жүрек!
--	---

(М. Әлімбаев.)

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі жуан және жіңішке дауыстылардың тиістісін қойып көшіріңдер. Дауысты дыбыстың сөздің мағынасын өзгертетініне назар аударыңдар.

1. (а-ә-е): шанаға шөп с...л, сен с...л аялда; т...ң атысымен, т...н түсу; сабаққа б...р, кітабынды б...р; 2. (о-ө): терең ...р, биік ...р; агроном б...л, екіге б...л; т...р құру, есік жақтан т...р жаққа жылжу; 3. (ы-і): т...с салғызу, астардан т...с қымбат.

3-жаттығу. Қара әріппен жазылған сөздердің қайсысында у әрпі жуан, қайсысында жіңішке екенін ажыратып айтындар.

МАҚАЛДАР.

1. Көзсіз күнелтсең де, елсіз күн көру жоқ. 2. Ағын су арнасын табады. 3. Сөздің соңы басталуынан белгілі.

4. Түсуге жетпеген су ішуге жетеді. 5. Жолшыбай буынган белбеу жолда шешіліп қалады. 6. Ашуың келсе, қолың тарт, айтпас жерде тілің тарт. 7. Бос өткізу өмірді ақымаққа көңілді. 8. Білім арзан, білу қымбат.

4-жаттығу. Төмендегі жаңылтпашты оқып шығып, сөз құрамындағы дауыстылардың қайсысы ашық, қайсысы қысаң екенін айтып беріңдер.

ЖАҢЫЛТПАШ.

- | | |
|--|--|
| 1. Шеше!
Неше кесе
Сынды кеше? | 3. Тау бар, тау бар.
Тауда бау бар.
Бауда ара бар,
Ара барда бал бар.
Жейсіңдер, балалар,
Қайда кетер бар бал?! |
| 2. Қылыш құнды қынсыз да.
Қын қылышсыз құнсыз да. | |

(«Балдырған» журналынан.)

5-жаттығу. Жұмбақтарды оқып шығып, сөз құрамындағы дауыстылардың қайсысы еріндік, қайсысы езулік екенін айтып беріңдер.

ЖҰМБАҚТАР.

- | | | |
|--|---|--|
| 1. Таңертең бар, кешке жоқ,
Кеш түгілі, түсте жоқ.
Мен әдемі моншақпын,
Ірі емеспін, ұсақпын.
Мойшына ешкім таға алмас,
Мендей мөлдір таба алмас. | 2. Көп, көп ине, көп ине,
Бір сабағы жоқ ине,
Іс тікпейді, әрине. | 3. Шөп шабады әр айда:
Қыста да, тау үстінде.
Сол пішеннің, алайда,
Қажеті жоқ ешкімге. |
|--|---|--|

(«Балдырған» журналынан.)

Шешуі: шаш қырыққыш машинка, шық, кірпі.

Дауыстылардың емлесі.

6-жаттығу. Көп нүктенің орнына **а**, **ә** әріптерінің тиістісін қойып көшіріңдер. Бұл әріптердің қайсысын қай сөзде жазу қиындық тудыратын болса, онда олардың жазылуын орфографиялық сөздіктен қарандар.

1. Қопарып талай биік б...ітеректі, суырып тамырымен жығып кетті. (Т. Ж.) 2. Жары тік, тасты жаға төмендеп, ж...йпаққа айналғанда, арғы қабақта жосылып жатқан едәуір жылқының ж...на іздері көрінеді. (Ғ. М.) 3. Ат ж...й ғана басып жүріп келеді. (М. Ә.) 4. Ж...йба-

ракат отырған жұрт ду ете түсті. (М. Ә.) 5. Аттың үстінен түстім де, ж...яу жетектемек болдым. 6. Арқар-мерипос қойын бағушы колхоздарға ғылымның көп ж...рдемі керек. (С. М.) 7. Оның күм...нды ойын серпілтуге тырысып, Үсен басқаша дәлелдей бастады. (Ы. А.) 8. Бұл кін... емес, әншейін наз. (А.) 9. Емтихан тапсырып, ку...лік қағаз алдым. (С. К.) 10. Қағаз ш...йды бұзып, ш...үгімге уысын толтыра салып, плитаға қойды. (Ғ. С.) 11. Маңында гүлдеп б...йшешек, Бас иді миуа ағашы. (Ж. С.)

7-жаттығу. Төмендегі сөйлемдердің ішінен құрамындағы *ы, і* дыбыстары түсірілген сөздерді тауып, олардың түсірілу себебін айтып беріңдер.

МАҚАЛДАР.

1. Ақсақ түйенің аузына жел айдаған қаңбақ тиер.
2. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.
3. Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
4. Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес.
5. Ер мойнында қыл арқан шірімес.
6. Аулы араластың қойы қоралас.
7. Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса.
8. Сөздің көркі — мақал, жүздің көркі — сақал.

8-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, жақша ішіндегі *ы, і* әріптерін тиісті жерінде сөзге қосып, тиісті емес жерінде алып тастап жазыңдар. Бұл әріптердің жазылу, жазылмауы күмән тудыратын сөздерді орфографиялық сөздіктен қараңдар.

1. Үш жүз жылқы суарсаң да, (ы) лайланбайды бұл құдық. (І. Ж.) 2. Есік жақтағы байлаулы қозы, (ы) лақ, бұзау бырт-бырт күйсейді. (Б. М.) 3. Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас, (ы) разы емен осындай ат мінбесем. (А.) 4. Әлі де (ы) рыққа көнбей жүр. (М. Ә.) 5. Қәне, (і) лебізінді естік, — деді. (С. С.) 6. Бала шаба жөнелді, мен де артына (і) лестім. (С. М.) 7. Таудай боп асқақтаған асау толқын Кемені (ы) лақтырады аспанда тып. (Ә. С.) 8. Құба жонның қырына шығып көз жібергенде, көгалды қуалай қонған кара (ы) лақтар көрінеді. (Ғ. Мұст.)

9-жаттығу. Көп нүктенің орнына *и, у* әріптерінің тиістісін қойып, жаттығуды көшіріңдер. Бұл әріптердің қандай дыбыстардың таңбасы ретінде қолданылып тұрғанын айтыңдар.

1. Ағаш өзегінен шір...ді. (Мақ.) 2. Қорқақ қонышпап да шош...ды. (Мақ.) 3. Кім де болса, өз баласының

үздік оқ...шы болуын жақсы көреді. (С. К.) 4. Омар қарттың қабағы ашық, жүзінде жыл... бар. (С. Сап.) 5. Тоқтай тұр, өлке тан... тапсырмасы үшеумізге бір берілген еді ғой. (Н. Ғ.) 6. Көңіліне жаққанды керең де ест...ді. (Мақ.) 7. Қағазда жаз... жоқ, жаз...дың ізі ғана бар. Жібек өз қолын тан... кетті. (Ғ. Мұст.)

10-жаттығу. Көп нүктенің орнына *ө, е; о, ү, ы; ү, і* әріптерінің тиістісін қойып жазыңдар. Сөздердің айтылуы мен жазылуының арасында қандай айырмашылық бар екенін айтыңдар.

I. ТЫНЫШТЫҚ.

Көкт... арайлы күн күлс...н,
Күл...мдесін бүлд...рш...н!
Қалқып ұшс...н көг...рш...н,
Гүл-бәйшешек көг...рс...н.
Сәуле шашып күн ыстық,
Бұз...лмасын тыныштық!

(«Балдырған» журналынан.)

II. МАҚАЛДАР.

1. Қаламның ұш...нда найзаның күші бар. 2. Өтк...лге жетпей етігінді шешпе. 3. Түй...дей бой...ң болғанша, түйм...дей ой...ң болсын. 4. Шынайы гүлдің иісін бұлб...л ғана біледі. 5. Азаптың зоры — жұм...сы жоқтық. 6. Олақ өзг...ге сәнсе, өн...рлі өз...не сенеді. 7. Құсы жоққа тұр...мтай сұңқармен тең, аты жоққа қот...р тай тұлпармен тең. 8. Түлк...нің қызылдығы өзіне сор.

Дауыссыздар және олардың түрлері.

11-жаттығу. Оқып шығып, сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстардың қандай дауыссыз (қатаң, ұяң, үнді) екенін айтыңдар. Сөз ішіндегі *қ, ғ, к, г* дауыссыздарының қандай дауыстылармен тіркесіп тұрғанына назар аударыңдар.

ТАБИҒАТ СЫРЛАРЫ.

1. Дүние жүзіндегі суы ең ащы теңіз — Қызыл теңіз де, суы ең тұщы теңіз — Балтық теңізі.

2. Жер шарындағы ең жан баспайтын су — Сицилиядағы «ажал көлі». Оның жағалауында ешбір өсімдік өспейді, жәндік болмайды. Ал суына түскен тірі жәндік атаулы көзді ашып-жұмғанша өледі. Ажал көлінің түбін-

де екі жерден қышқыл атқылап тұрады. Суды уландыратын — осы қышқыл.

3. Әлемдегі ең қуаңшылық жер — Атакама. Оның шығыс жағы Тынық мұхитпен, батысы Анд тауымен шектесіп жатыр. Бұл шөл пайдалы кенге бай. Онда алтын, күміс, мыс көп. Бірақ оларды қазып алу өте қиын. Себебі Атакамада өне бойы қуаңшылық болғандықтан барған адамның шашы лезде ағарып кетеді екен. («Қазақстан пионері» газетінен.)

12-жаттығу. Көп нүктенің орнына жұп құрайтын қатаң мен ұяң дауыссыздың тиістісін қойып, жаттығуды көшіріңдер. Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң түрлерінің сөз мағынасын ажырату қызметін түсіндіріңдер.

1. *п—б:* қара ша...ан, ша...ан ат; ...іл сүйегінен жасалған, білмегенінді ...іл.

2. *т — д:* қарлы ...ау, ...ау айту; жақсы ...ос табу, сен оны ...ос (күт); мінезі ша...ыр, көл жағасына ша...ыр тігу.

3. *с — з:* дос емес, қа...; қа... мойынды; жа... кезімде, жа... айында; ке...ек тас, ендігі ке...ек сенікі.

13-жаттығу. Қара әріппен жазылған сөздердің қайсысында у әрпі дауысты дыбыстың, қайсысында дауыссыз дыбыстың таңбасы екенін ажыратып айтыңдар.

МАҚАЛДАР.

1. Бауыры жоқ бағананы құшақтайды. 2. Бір ауыл тұтас туысын болғанша, әр ауылда бір-бір туысын болсын. 3. Аю тұрса алдында, із қуып не керек. 4. Ерке бұзау екі сиырды тел емер. 5. Суайттан сақау артық. 6. Тындаушысы жоқтың тіс жармағаны жөн. 7. Көрмегенге көсеу таң. 8. Сырты жалтырауықтың іші қалтырауық.

Дауыссыздардың емлесі.

14-жаттығу. Көп нүктенің орнына *х, қ* әріптерінің тиістісін қойып, жаттығуды көшіріңдер. Жазылуы қиындық тудыратын сөздерді орфографиялық сөздіктен қараңдар.

1. Сарыарқаға сая...ат жасауға ниет еттік. (С. М.)
2. Жұрт пікірі бір арнаға құйып, өзгеріс енгізу керек деген ой даусыз а...ікатқа айналды. (М. И.)
3. Тынық мұ...иттан ескен жел күз мезгілінің нышанын сездіргендей. (С. О.)
4. Ол әділеттіліктің наси...атшысы болуға тиіс. (С. К.)
5. Ди...аншылар жер жыртып, егін егер. (А.)

6. Декабрь айында емти...ан тапсырдым. (С. К.) 7. Ауруларды ем...анаға жөнелту керек. (М. И.) 8. Бей...абар жүргенсіп, бек қатты сынайсың. (А.) 9. Ісіне мұ...ият бол. 10. Бұрын-сонды көрмеген зат — тау еліне бұл ...айуанат. (А. Т.)

15-жаттығу. Көп нүктенің орнына *т, д* әріптерінің тиістісін қойып, жаттығуды көшіріңдер. Бұл әріптердің қай сөзде қайсысын жазу күмән тудыратын болса, ондай сөздердің жазылуын орфографиялық сөздіктен қараңдар.

1. Әке болса ...үзде жүр. Енді анамның рұқсатын да өзің алып бер! — деді ол. (М. Ә.) 2. Шіріген ...үбірдің түбіне өрімдей тал несіне шықтың екен. (F. M.) 3. Бір кезде арт жағынан дүрсілдеп келе жатқан ат ...үбірі естілді. 4. Жоспар бойынша үйлер ...үзеліп салынып жатыр. (М. Ә.) 5. Үсен жұрттан тауып алған қылдан есіп, ...ұзақ істеді де, апарып үйректің ұясына қойды. (Ы. А.) 6. Қыс пенен жаз, күн менен түн, ...ақ пенен жұп, жақсылық пен жамандық — болды сегіз. (А.) 7. Оның тек көзі ғана емес, тіпті бетіндегі шешектің ...ағы да бірге күліп тұрғандай. (Ә. С.) 8. Кездесудің 55 минутында «Қайрат» командасының орталық шабуылшысы қонақтардың қақпасына қарымта ...оп соқты. («С. Қ.») 9. Аншы еңісте жусап, жайбарақат жатқан бір ...оп киікті көреді де, қалың шілікті тасалап, барлай бастайды. («Балд.») 10. Сұрғылт тұман ...ым бүркіп, Барқыт бешпент сулайды. (А.) 11. ...ым жақын дос болуға ыңғайласты. (А.) 12. Ат арқасына ер батса, аяншыл болады; ерге жаттың ...ізесі батса, ағайыншыл болады. (Мақ.)

16-жаттығу. Сөзге жақша ішіндегі жалғауларды жалғап, жаттығуды көшіріңдер. Жалғау жалғанғанда, сөз соңындағы әріптің бірде сақталу, бірде түсіп қалу себебін түсіндіріңдер.

Сентябрь(ден) кейін, октябрь(ден) бұрын, өткен жылдың сентябрь(інде), лагерь(ге) бару, пионерлер лагер(інде) болу, ведомость(қа) қарау, оның ведомость(ы), съезд(ге) қатынасу, трест(ке) бару, 5-класс(тын) оқушылары, жеріміз түрлі түсті металл(ға) бай, бір килограмм(ның) жартысы.

Буын. Тасымал.

17-жаттығу. Оқып шығып, сөз құрамындағы буындардың қандай буын (ашық, тұйық, бітсеу) екенін айтып беріңдер.

ҚҰСТАРДЫҢ СЫРЫ.

1. Жирафқа карағанда, торғайдың мойын омыртқасы екі есе көп көрінеді.

2. Айналасындағы заттарға екі көзімен бірдей қарай алатын құс — үкі ғана.

3. Құстың ең қырағысы — сұңқар. Ол бір километр қашықтықтан титімдей жәндікті көреді.

4. Құстардың ішіндегі жүзгіші — пингвин. Ол сағатына отыз километрге дейін жүзе алады.

5. Дүниеде күн көзіне тура қарай алатын құс тек бүркіт көрінеді.

6. Қанаттары алтын сияқты жылтырап тұратын ыржаңқа деп аталатын құс Атлантика мұхитынан (Жаңа Шотландиядан Оңтүстік Америкаға дейін) жылына екі рет ұшып өтеді екен. Ол 3800 километрлік сапарында еш жерге қонбай ұшады. Ұшу кезінде 60 грамм арықтайды.

(«Ғалам ғажаптары» атты кітаптан.)

18-жаттығу. Оқып шығып, берілген деректерді есте сақтаңдар. Сөздердің неше буыннан және қандай буыннан құралғанын айтыңдар. Қара әріппен жазылған сөздерді көшіріп, оларды қалай тасымалдауға болатынын көрсетіңдер. Тасымалдауға келмейтін сөздерді бөлек көшіріңдер.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

1. Дүние жүзіндегі ең мұзды тау — Аляскадағы Небесна тауы. Ондағы мұздың ұзындығы 90 километрге жуық.

2. Біздің еліміз өзен-көлдерге бай. СССР-де 108 мың өзен бар. Тек қана Сібірдегі кеме жүзетін және ағаш ағызатын өзендердің жалпы ұзындығының өзі 100 мың километрдей.

3. Көктем мен жаздың ұзақтығы — 186 күн, күз бен қыстың ұзақтығы — 179 күн.

4. Әдетте жер бетінде жиі-жиі жер сілкініп тұрады. Бір жылда орта есеппен жер шарында 100 мыңнан астам жер сілкінеді.

5. Сендер өте ұзын темір жолды білесіңдер ме?

Әлемдегі ең ұзын темір жол Москва — Владивосток жолы. Оның ұзындығы 9216 километр.

6. Сағаттың секунд тілі бір айналып шыққанда, жерге 6 мың жұлдыз ағып түседі. («Қазақстан пионері» газетінен.)

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

§ 1. Үндестік заңы туралы түсінік.

Түбір мен қосымшаның аралығындағы немесе сөздердің аралығындағы дыбыстар бір-біріне ықпал жасап, өз ара үндесіп айтылады. Мысалы, *тастан*, *жезден* деген сөздердің құрамындағы *-тан*, *-тен* қосымшасының екеуі де — шығыс септік жалғауы. Сөзге бір қосымшаның екі түрлі болып жалғану себебі мынада:

1) *тас* сөзіне шығыс септік жалғауының (*-тан*) жуан түрде жалғануы түбір сөздегі дауыстының (*a*) жуан болуынан да, *жез* сөзіне осы жалғаудың (*-ден*) жіңішке түрде жалғануы түбір сөздегі дауыстының (*e*) жіңішке болуынан.

2) *тас* сөзіне шығыс септік жалғауының қатаңнан (*т*) басталып жалғануы сөз соңындағы дауыссыздың қатаң (*с*) болуынан да, *жез* сөзіне осы жалғаудың ұяңнан (*д*) басталып жалғануы сөз соңындағы дауыссыздың ұяң (*з*) болуынан.

Дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап үндесуі түбір мен қосымшаның аралығында ғана емес, сонымен бірге біріккен сөздің және сөздердің тіркесінің сыңарларының аралығында да болады. Мысалы, *өнеркәсіп* деген біріккен сөздің бірінші сыңарының (*өнер*) соңындағы үнді дыбыстың (*p*) әсерімен оның екінші сыңарының (*кәсіп*) басқы қатаң дыбысы (*к*) ұяңдап, айтылуда *г* болып айтылады. Сондай-ақ *ақ ешкі* деген сөз тіркесі сөздердің аралығында көршілес келген дауысты *e* дыбысының қатаң *қ* дыбысына ықпал етіп, оны ұяңдатуынан сөйлеуде *ағ ешкі* түрінде айтылады.

Түбір мен қосымшаның және сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал жасап, өз ара үйлесіп айтылуын үндестік заңы дейміз.

Үндестік заңы екі түрлі болады: оның бірі — буын үндестігі, екіншісі — дыбыс үндестігі.

§ 2. Буын үндестігі.

Қазақ тілінде сөздерге қосымшалар не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып жалғанады. Мұны мына мысалдардан көруге болады:

Қосымшалардың жуан түрде жалғануы	Қосымшалардың жіңішке түрде жалғануы
жұмыс + шы + лар + ға қуан + ыш + тар + ың + + ды ақыл + ды + лық + қа	еңбек + ши + лер + ге сүй + ін + іш + тер + + ің + ді ес + ті + лік + ке

Сөздердің біріне қосымшалардың бірыңғай жуан, екіншісіне бірыңғай жіңішке болып жалғануы сөздің соңғы буынының жуан немесе жіңішкелігіне байланысты. Жұмыс деген сөздің соңғы буынының жуан болуына орай қосымшалардың барлығы бірдей жуан түрде жалғанып тұрса, еңбек деген сөздің соңғы буынының жіңішке болуына сәйкес қосымшалар да жіңішке түрде жалғанып тұр.

Демек, сөздің түбіріндегі дауысты дыбыс қосымшалардың жуан немесе жіңішке болуына ықпал етеді. Түбір сөз екі немесе көп буынды болса, қосымшалар соңғы буындағы дауыстының жуан не жіңішкелігіне сәйкес келіп, үндесе жалғанады.

Сөздің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне қарай қосымшалардың да бірыңғай жуан не жіңішке түрде жалғануын буын үндестігі дейміз.

Орыс тілінен енген сөздерге де қосымшалардың жуан не жіңішке түрде жалғануы сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне байланысты. Мысалы: *станоктар, станокқа, станоктан, лагерьлер, лагерьге, лагерьден.*

Ескерту. 1. Сөздің соңғы буынының жуан не жіңішкелігінің ықпалы тимей, өзінің қалпын сақтап жалғанатын қосымшалар бар. Олар мыналар: *-мен (-бен, -пен), -паз, -қор, -қой, -кер, -кеш, -гөй, -хана, -нікі (-дікі, -тікі)*. Мысалы: *жылқышымен, жұлдызбен, орақпен; өнерпаз, әсемпаз; дүниеқор, жемқор; сәнқой, әуесқой; айлакер; арбакеш; ақылгөй; кітапхана, емхана; баланікі, колхоздікі.*

2. *х* әріпіне біткен сөздерге қосымшалар жуан түрінде жалғанады. Мысалы: *цехтың, цехқа; тарихтың, тарихқа*

3. *рк, нк, кс, кт* дауыссыздарының тіркесіне біткен сөздерге қосымшалар жіңішке түрінде жалғанады. Мысалы: *парктер, паркке, парктен; банкге, банкіден; бокске, бокстен; пунктке, пункттен.*

4. *ль* әріпіне біткен бір буынды сөздерге және *брь* әріптерінің тіркесіне біткен сөздерге қосымшалар жіңішке түрінде жалғанады. Мысалы: *рольдің, рольге, рольден, ролі; нольдің, нольге, нольден, нолі; ноябрьдің, ноябрьге, ноябрьден, ноябрі.*

5. Жіңішкелік белгісіне (ь) біткен басқа көп буынды сөздерге қосымшалар соңғы буынның жуан не жіңішкелігіне қарай үндесіп жалғанады. Мысалы: *календарьдың, календарьға; лагердің, лагерьге.*

19-жаттығу. Өлеңді көшіріп, жіңішке қосымша жалғанған сөздердің астын бір, жуан қосымша жалғанған сөздердің астын екі сызыңдар. Қосымшалар олардың біріне жуан, біріне жіңішке болып жалғану себебін түсіндіріңдер.

ӘН ҚҰМАРЛАР.

— Біздің кілт көршіде, Бар, алып келші! — деп. Жұмсап ем інімді, Алып ол тілімді, Жүгіріп кеткен-ді, Көп уақыт өтті енді. «Берермін сыйынды!» — Деп апам күйінді. Кілтті сен алып қайт, Оны алға салып қайт! — Дегесін, Кеттім мен, Жеттім мен. Кеп кірсем Екпінмен: Әнің де, Сәнің де, Түрлі ас, Дәмнің де, Биің де, Күйің де, Көршінің үйінде. Сонда отыр інім де. — Ау, батыр,	Мұның не? — Не босын! Сәл кідір. Әнші, әне, әлгі бір! — Деп інім тоқтатты, Жепті өзі көп тәтті. Домбыра күй төкті, Балбырап би кетті. Тамаша болды анық: Мен дағы алданып Қалыппын, Халықтың Әніне Қаныппын. Келді апам бір кезде, Күйге елтіп лезде Біздерге қарады, Ашуы тарады. Ән деген тынбады, Оны апам тындады. Көп мақтау айттық біз, Көңілді қайттық біз. Келген соң қамықтық. Кілт ұмыт қалыпты.
---	---

(К. Мырзалиев.)

20-жаттығу. Сөз құрамындағы түбір мен қосымшалардың жігін ажыратып (арасына дефис (-) белгісін қойып), жуан қосымшалы сөздерді бір бөлек, жіңішке қосымшалы сөздерді бір бөлек көшіріңдер. Сөз құрамындағы дауыстылардың не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке болып келуіне назар аударыңдар.

ӘТЕШ НЕМЕСЕ ЖАУЫНГЕР БАЛЫҚ.

Бұл балық тоспа, баяу ағатын суларда тіршілік етеді. Жергілікті адамдар өз елінде олардың еркегін жақсы күтіп, бір топ көрермендердің алдында жарыс өткізеді. Балықтар жекпе-жекке шыққанда, түсі құбылып, боя-

уы жарқырап, айкындала, әдемілене түседі. Олардың арасында өздерінің чемпиондары бар. Сонымен, өз елінде оларды спорттық қызық үшін ұстайды. Бұл балықтарды жекпе-жекке шығуға әуестігінен әтеш балық деп атаған. Әтеш балықтар жекпе-жекке шыққанда, әуелі бірінбірі андысып жүреді де, қарсы жағының қорғаусыз қалған жеріне тұмсығымен соғып қалады, ызаланып тістейді. Көбінесе қанаттарын жаралайды, ол соңынан өсіп жетіледі, кейде қатты жарақаттанғандықтан өліп те қалады. Малайяда бұл балықтарды жекпе-жекке шығарып қызықтайды, табыс табады.

Әтеш балықтың мекені — Индия, Таиланд және Малакканың жарты аралдары, Россияға 1896 жылы әкелінген. («Аквариум әліппесі» кітабынан.)

§ 3. Дыбыс үндестігі.

Буын үндестігі бойынша дауыстылар бір-біріне ықпал етіп, өз ара үндесіп айтылса, дыбыс үндестігі бойынша көбінесе дауыссыздар бір-біріне ықпал етіп, өз ара үндесіп айтылады. Мысалы, *құстар* деген сөзге көптік жалғауы *т* дыбысынан басталып жалғанса, *қаздар* деген сөзге көптік жалғауы *д* дыбысынан басталып жалғанады.

Құс сөзінің соңындағы дауыссыз дыбыс (*с*) қатаң болғандықтан, оған жалғанған жалғау да қатаңнан (*т*) басталып, *қаз* деген сөздің соңындағы дауыссыз дыбыс (*з*) ұяң болғандықтан, оған жалғанған жалғау да ұяңнан (*д*) басталып тұр.

Көршілес дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, өз ара үндесіп айтылуы түбір мен қосымшаның аралығында ғана емес, сонымен бірге біріккен сөздер мен сөздердің тіркесінің сыңарларының аралығында да болады. Мысалы, сөйлеуде *көзқарас* деген біріккен сөз *көзғарас* түрінде айтылса, *ақ лақ* деген сөз тіркесі *ағ лақ* түрінде айтылады.

Көршілес дыбыстардың ықпал ету бағытына қарай (алдыңғы дыбыстың соңғы дыбысқа немесе, керісінше, соңғы дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсер етуіне қарай) дыбыс үндестігі екі түрге бөлінеді: оның бірі — ілгерінді ықпал, екіншісі — кейінді ықпал.

§ 4. Ілгерінді ықпал.

Түбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың алдыңғысының кейінгі дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын ілгерінді ықпал дейміз.

Ілгерінді ықпал түбір мен қосымшаның аралығында, біріккен сөз бен сөздердің тіркесінің сыңарларының аралығында ұшырасады.

1. Түбір мен қосымшаның аралығындағы ілгерінді ықпал.

а) Сөз дауыстыға немесе үнді мен ұянның біріне бітсе, қосымша не үнді, не ұяннан басталып жалғанады. Мысалы: жылқы+ға, жылқы+дан, жылқы+ны; көл+ге, көл+ден; жез+ге, жез+ден.

ә) Сөз қатаң дауыссызға немесе б, в, г, д дауыссыздарының біріне бітсе, қосымша қатаңнан басталып жалғанады. Мысалы: дос+тар, дос+қа, дос+тан; терек+тер, терек+ке, терек+тен; штаб+қа, штаб+тан; Досанов+қа, Досанов+тан; педагог+қа, педагог+тан; отряд+қа, отряд+тан.

б) Сөз соңындағы ш дыбысының әсерінен қосымшаның басқы с дыбысы айтылуда өзгеріп, ш болып дыбысталады, бірақ жазуда с дыбысы сақталады. Мұны мына мысалдардан көруге болады:

Жазылуы	Айтылуы
ашса	аши:а
қашса	қашша
ұшсын	ұшшүн
ұшқышсың	ұшқұшшың

2. Біріккен сөз бен сөздер тіркесінің сыңарларының аралығындағы ілгерінді ықпал.

а) Алғашқы сыңардың соңғы қ а т а ң дыбысы кейінгі сыңардың бастапқы ұ я ң дыбысын айтылуда қ а т а ң ға айналдырады. Бірақ жазуда бұл ескерілмей, соңғы сыңардың б а с т а п қ ы ұ я ң дыбысы сақталады. Мысалы:

Жазылуы	Айтылуы
<i>Үмітбай Қонысбек доп бер айтып бол</i>	<i>Үмүтпай Қонүспек доп пер айтып пол</i>

ә) Алғашқы сынар дауыстыға немесе үнді мен ұяның біріне бітсе, соңғы сынардың б а с т а п қ ы қ а т а н дыбысы айтылуда ұяндайды. Бірақ жазуда бұл ескерілмей, соңғы сынардың б а с т а п қ ы қ а т а н дыбысы сақталады. Мысалы:

Жазылуы	Айтылуы
<i>әлдекім өнеркәсіп көзқарас қара қазан қой қора боз көде</i>	<i>әлдегім өңөргәсіп көзғарас қара тазан қой тора боз гөде</i>

21-жаттығу. Көп нүктенің орнына көрсетілген қосымшалардың (жалғаудың немесе жұрнақтың) фонетикалық (дыбыстық) түрлерінің тиістісін қойып, олардың түрліше жалғану себебін түсіндіріңдер.

1) *-ның(-нің, -дың, -дің, -тың, -тің)*: бала... ойыншығы, колхоз... малы, есік... тұтқасы, өзен... жағасы, күн... ыстығы, қуаныш... белгісі.

2) *-ға (-ге, -қа, -ке)*: тау... шығу, белес... көтерілу, қағаз... жазу, кеме... міну, завод... бару, аэроклуб... кетті.

3) *-нан (-нен, -дан, -ден, -тан, -тен)*: бетеге... биік, жусан... аласа; тас... қатты; сүт... ақ, су... таза; жүн... тоқылған; қырман... қайтты; өзен... өтті.

4) *-лы (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті)*: мал... колхоз, шөп... жер, ай... түн, салмақ... кісі, ақыл... бала, қар... тау, жігер... жігіт, бедел... адам.

22-жаттығу. Бір жалғаудың (көптік жалғауы) сөздерге әр түрлі жалғану себебін түсіндіріп, түбір мен жалғаудың аралығындағы дыбыстардың қалай үндесіп тұрғанын айтыңдар.

ҰЗАҚ ӨМІР МЕН ҚЫСҚА ӨМІР.

Аққу 300 жыл жасайды, тау қыраны — 150—170, бүркіттер мен тотылар — 120, қарғалар — 100, жабайы қаздар — 80 жыл, бүрге балықтар — 100—175 жыл, шортандар — 100—150, көлтабандар—60—70, лашындар—100—120, бұлбұлдар — 45 жылға дейін, канарейка деген әнші құстар — 20—30, боз торғайлар мен шымшықтар — 13—14, тырналар — 40, құландар мен бұғылар — 20, асыранды иттер мен қасқырлар 30 жылға дейін, үй қояндары—7—8, асыранды мысықтар — 28, аралар — 2—7, орман құмырсқалары 7 жылға дейін өмір сүреді. («*Ғалам ғажаптары*» кітабынан.)

23-жаттығу. Бір сөз (біріккен сөз) ішіндегі және сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың айтылуда өзгеру себебін, қалай үндесіп тұрғанын түсіндіріңдер.

Әлдеқалай, әлдекім, әлдеқашан, әркім, әрқалай, өнеркәсіп, боз көде, әр күні, әл кету, ала көз болу (араздасу), айтып бар, ала кел, қара қоңыз, алып бер, атты кісі, отыра қал, бұлтты күні, жазып бер, шаң қалдырма, қызыл күрең, қара көз.

§ 5. Кейінді ықпал.

Түбір мен қосымшаның немесе сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың соңғысының алдыңғы дыбысқа әсер етіп, өзіне ұқсатуын кейінді ықпал дейміз.

Кейінді ықпал түбір мен қосымшаның аралығында, біріккен сөз бен сөздердің тіркесінің сыңарларының аралығында ұшырасады.

1. Түбір мен қосымшаның аралығындағы кейінгі ықпал.

а) Қосымша дауысты дыбыстан басталғанда, сөздердің соңындағы *п* дыбысы *б* не *у* дыбысына айналады да, *қ*, *к* дыбыстары *ғ*, *г* дыбыстарына айналады. Мұндайда сөздердің соңындағы дыбыстар өзгерген күйінде жазылады. Мысалы: *доп* — *добым*, *добың*, *добы*; *кеп* — *кебу*, *кебеді*; *шап* — *шауып*; *тарақ* — *тарағым*, *тарағың*, *тара-*

ғы; қызық — қызығу, қызығады; күрек — күрегім, күрегің, күрегі.

ә) Қосымша **қ, к, ғ, ғ, б** дыбыстарының бірінен басталғанда, сөз соңындағы **н** дыбысы өзгеріп, **ң** не **м** болып айтылады. Бірақ жазуда бұл ескерілмей, түбірдегі **н** дыбысы сақталады. Мысалы:

Жазылуы	Айтылуы
<i>сәнқой</i>	<i>сәңқой</i>
<i>қанға</i>	<i>қаңға</i>
<i>түнгі</i>	<i>туңғу</i>
<i>жанбады</i>	<i>жамбады</i>
<i>сөнбеді</i>	<i>сөмбөді</i>

б) Қосымша **ш, с** дыбыстарының бірінен басталғанда, сөз соңындағы **с** дыбысы **ш** болып айтылады да, **з** дыбысы **с** немесе **ш** болып айтылады. Бірақ жазуда бұл өзгеріс ескерілмей, сөздердің түбірі сақталып жазылады. Мысалы:

Жазылуы	Айтылуы
<i>басшы</i>	<i>башшы</i>
<i>құсша</i>	<i>құшша</i>
<i>түзсіз</i>	<i>түссүз</i>
<i>сөзсіз</i>	<i>сөссүз</i>
<i>жазса</i>	<i>жасса</i>
<i>сөзшең</i>	<i>сөшшөң</i>
<i>теңізіші</i>	<i>теңішші</i>

2. Біріккен сөз бен сөздер тіркесі сыңарларының аралығындағы кейінді ықпал.

а) Алғашқы сыңардың соңғы **з, с** дыбысы кейінгі сыңардың бастапқы **ж, ш, с** дыбысының ықпалымен **ж, ш, с** болып айтылады. Мысалы:

Жазылуы	Айтылуы
<p><i>Бозжан (кісі аты)</i> <i>түз жалау</i> <i>күз жақын</i> <i>бос шылбыр</i> <i>жас шағы</i> <i>жаз сайын</i> <i>түз салу</i></p>	<p><i>Божжан</i> <i>түж жалау</i> <i>күж жақын</i> <i>бож шылбыр</i> <i>жач шағы</i> <i>жас сайын</i> <i>түс салу</i></p>

ә) Алғашқы сынардың соңғы **н** дыбысы кейінгі сынардың бастапқы **б**, **п** дыбысының әсерімен **м** болып, **к**, **қ**, **ғ**, **г** дыбысының ықпалымен **ң** болып айтылады. Мысалы:

Жазылуы	Айтылуы
<p><i>Бейсекбай</i> <i>Сәрсенбек</i> <i>он бес</i> <i>сан ғасыр</i></p>	<p><i>Бейсембай</i> <i>Сәрсембек</i> <i>он бес</i> <i>саң ғасыр</i></p>

б) Кейінгі сынардың бірінші дыбысы дауысты **я** үнді дауыссыз, **я** ұяң дауыссыз болса, алғашқы сынардың соңғы қатаң **п**, **к**, **қ** дыбысы айтылуда ұяндап, **б**, **г**, **ғ** дыбысына айналады. Мысалы:

Жазылуы	Айтылуы
<p><i>доп ойнау</i> <i>көп егін</i> <i>тоқ ат</i> <i>ақ ешкі</i> <i>көк дөнен</i></p>	<p><i>доб ойнау</i> <i>көб егін</i> <i>тоғ ат</i> <i>ағ ешкі</i> <i>көг дөнен</i></p>

Ескерту. Көршілес келген екі дыбыс бір-біріне өз ара ықпал етіп, айтылуда бірін-бірі өзгертуі мүмкін. Дыбыстардың мұндай ықпалы тоғыспалы ықпал деп аталады. Мысалы, *Есенкелді* сөзі құрамындағы көршілес келген екі дыбыстың (**нк**) бір-біріне ық-

пал етуінен *Есеңгелді* түрінде айтылады, бірақ жазуда оның түбір тұлғасы сақталады.

24-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердің түбір қалпындағы соңғы дыбысы қандай дыбыс екенін және оның жалғаулардың жалғануына байланысты өзгеру себебін айтып түсіндіріңдер.

1. Ақыл — адам көрігі, ақылдың сабыр серігі. (М. Ә.)
2. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне панбаймын.
3. Әннің де естісі бар, есері бар, Тындаушының құлағын кесері бар. (А.)
4. Өнер, білім — бәрі де оқуменен табылған. (Ы. А.)

25-жаттығу. Көп нүктенің орнына *н, ң, м* дыбыстарының тиістісін қойып көшіріңдер. Түбір мен қосымшаның аралығындағы көршілес дыбыстардың соңғысының алдыңғысына ықпал етіп өзгертуін түсіндіріңдер. Сөздердің айтылуы мен жазылуының арасындағы айырмашылыққа назар аударыңдар.

1. Күшіңе се...бе, адал ісіңе сен. Қиянатқа кө...бе, әділетке атса да көн! (М. Ә.)
2. Ері...беген етікші болады. (Мақ.)
3. Тү...гі самал егін басын тербейді. (Қ. Ш.)
4. Бұл оқиға се...бі күні басталды да, жексе...бінің кешімен аяқталды. (М. И.)
5. Жа...ға рақат түннің салқын самалы. (Қ. Ш.)
6. Тоқса...ға келген жасым бар, Көпті көрген басым бар. (Ж.)
7. Біз болсақ, жүріп-тұруға піскен, кө...біс адамдармыз ғой. (С. Ш.)

26-жаттығу. Бір сөз (біріккен сөз) ішіндегі және сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың айтылуда өзгеру себебін және қалай үндесіп тұрғанын түсіндіріңдер.

Бозжігіт, Орынбай, Дүйсенбек, ақ лақ, көк аспан, көп ел, ақ үй, таныс шығар, күз жақын, теңіз суы, жүз сом, тоқ адам, жүз жол өлең, бас штаб.

§ 6. Көршілес екі дауыстының біреуінің айтылуда түсірілуі.

Біріккен сөздің сыңарларының аралығында немесе тіркесіп қолданылған сөздердің аралығында екі дауысты дыбыс қатар келсе, алғашқы сыңардың (сөздің) соңғы дауысты дыбысы айтылуда түсіріледі де, жазылуда сақталады. Мысалы:

Жазылуы	Айтылуы
<i>Сарыарқа</i> (жер аты)	<i>Сарарқа</i>
<i>Сарыөзек</i> (жер аты)	<i>Сарөзөк</i>
<i>Қандыағаш</i> (темір жол станциясының аты)	<i>Қандағаш</i>
<i>алты атар</i> (мылтық)	<i>алт атар</i>
<i>торы ала ат</i>	<i>тор ал ат</i>
<i>жаза алмады</i>	<i>жаз алмады</i>
<i>жеті ешкі</i>	<i>жет ешкі</i>

27-жаттығу. Біріккен сөз ішінде және тіркесіп қолданылған сөздердің аралығында айтылуда қандай өзгеріс болатындығына назар аударып, олардың жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықты түсіндіріңдер.

Алаөкпе (ауру), Қараөзек (жер аты), Жетіарал (жер аты), қала іші, кері ат, қара ала сиыр, жүре алмады, бала ісі.

§ 7. Екпін.

Сөйлеуде екі немесе одан да көп буынды сөздердің бір буыны, басқа буындарға қарағанда көтеріңкі (күшті) айтылады. Мысалы, *орман, жұмысшы, шаруашылық* деген сөздердің әрқайсысының соңғы буыны олардың алдағы буындарымен салыстырғанда күштірек айтылады.

Сөз ішіндегі бір буынның күшті айтылуын екпін дейміз.

Қазақ тілінде екпін сөздің көбінесе соңғы буынына түседі. Мысалы, *еңбек* деген сөзде екпін екінші буынға (*бек*) түссе, *еңбекші* сөзінде үшінші буынға (*ші*), *еңбекшілер* сөзінде төртінші буынға (*лер*) ауысады.

Қосымшалардың басым көпшілігіне екпін түседі. Екпін түспейтін қосымшалар мыналар:

1) жіктік жалғаулары. Мысалы: *үйдеміз, барамыз, көргенбіз;*

2) сын есімнің *-дай (-дей, -тай, -тей)* жұрнағы. Мысалы: *таудай, түйедей, тастай, білектей;*

3) етістіктің *-шы (-ші)* жұрнағы. Мысалы: *баршы, айтшы, келші, жүрші;*

4) етістіктің болымсыз түрін тудыратын **-ма (-ме, -ба, -бе)** жұрнағы. Мысалы: *барма, келме, қазба, жүзбе.*

Шылау сөздердің көпшілігіне екпін түспейді. Мысалы, *келген мен ғой; таудан көлге дейін; естігенің осы ғана* дегендердегі **ғой, дейін, ғана** шылауларына екпін түспейді.

Ескерту. Орыс тілінен енген сөздерде екпін бас буында да, ортаңғы буында да, соңғы буында да бола береді. Мысалы, *дiктор, физика* деген сөздерде екпін бірінші буында тұрса, *республика, директор* деген сөздерде екінші буында, *телеграф, баскетбол* деген сөздерде үшінші буында тұр. Орыс тілінен енген сөздерде қосымша жалғанғанда, екпін қосымшаға ауысады. Мысалы: *дiкторға, директорға, телеграфқа.*

28-жаттығу. Оқып шығып, екпін сөздердің қай буынында екенін айқындандар. Екпін түспейтін қосымшаларды атаңдар.

1. Жауға жалынба, досқа тарылма. (*Мақ.*) 2. Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле. (*М. Ә.*) 3. Үш бөлмелі үйдің орталық бөлмесі — ас ішетін, адамдарды қабылдайтын кең бөлме. (*Ғ. Мұст.*) 4. Алматыда көрме ашылды. 5. Жоғары қарап оқ атпа, өзіннің түсер басына. (*Ы. А.*) 6. Мен істеді дегенше, ел істеді десеңші. (*Б. Мом.*) 7. Судай сіңіп, балдай батты. 8. Батыр бонты бабамыз, Біздер әлі баламыз. Күзетте тұр қырағы ракетші ағамыз. (*С. Сей.*)

§ 8. Орфоэпия мен орфография туралы түсінік.

Ойымызды ауызша түрде де, жазбаша түрде де білдіре аламыз. Осыған орай, сөздердің ауызша түрі мен жазбаша түрі болады. Мысалы, *жұлдыз, өнеркәсіп* деген сөздер мен *торы ала ат, ақ ешкі* деген сөз тіркестерін осында көрсетілген түрінде жазамыз да, ауызекі сөйлеуде оларды *жұлдүз, өнөргәсіп, тор ал ат, ағ ешкі* түрінде айтамыз.

Сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы да, жазылуы да қалыптасқан дағды мен заңдарға, қағидаларға негізделеді. Мысалы, *жұлдыз* сөзінің бірінші буынындағы еріндік дыбыстың (*ү*) әсерінен екінші буындағы езулік дыбыс (*ы*) еріндік (*ү*) болып айтылса, *өнеркәсіп* деген біріккен сөздің алдыңғы сыңарының соңындағы үнді дыбыстың (*р*) әсерінен оның екінші сыңарының басқы қатаң дыбысы (*к*) ұяң (*г*) болып айтылады. Сондай-ақ, қа-

тар келген екі дауыстының айтылуда алғашқысының түсіп қалу заңы бойынша *торы ала ат* деген сөз тіркесі *тор ал ат* түрінде айтылады да, дауысты *е* дыбысының өзінің алдындағы қатаң *қ* дыбысын ұяндағу заңы бойынша *ақ ешкі* деген сөз тіркесі *ағ ешкі* түрінде айтылады. Бірақ жазуда көршілес дыбыстардың бір-біріне тигізген ықпалы ескерілмей, сөздердің түбір тұлғасы сақталып жазылады.

Демек, сөздердің айтылу заңдары (орфоэпиясы) мен жазылу заңдары (орфографиясы) болады, оларды бір-бірінен ажырата білу қажет.

Сөздерді дұрыс айту жайындағы ережелердің жинағы **орфоэпия** деп аталады.

Ауызекі тілде сөздердің айтылу дағдысы мен қағидаларын сақтап сөйлеу қаншалықты қажет болса, жазба тілде сөздердің жазылу дағдысы мен қағидаларын сақтап жазу да соншалықты қажет.

Сөздерді дұрыс жазу жайындағы ережелердің жинағы **орфография** деп аталады.

Сөздердің айтылуы мен жазылуы бір-біріне сай келуі де, келмеуі де мүмкін. Мысалы, *астық*, *тоғай* деген сөздердің; *кең дала*, *биік тау* деген сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуы бір-біріне сай келеді. Ал *жоңышқа*, *жонбады*, *қолбасшы*, *шекара* деген сөздер мен *ақ лақ*, *кері ат* деген сөз тіркестері осында көрсетілген түрде жазылады да, сөйлеуде *жоңышқа*, *жонбады*, *қолбасшы*, *шегара*, *ағ лақ*, *кер ат* түрінде айтылады.

Сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықты мына кестедегі мысалдардан да көруге болады:

Жазылуы	Айтылуы
<i>құндыз</i>	<i>құндүз</i>
<i>күндіз</i>	<i>күндүз</i>
<i>жазса</i>	<i>жасса</i>
<i>жаз сайын</i>	<i>жаш сайын</i>
<i>жас шағында</i>	<i>жаш шағында</i>
<i>көнбіс</i>	<i>көмбіс</i>
<i>сәнқой</i>	<i>сәңқой</i>
<i>өзенге кел</i>	<i>өзөңге гел</i>
<i>сары ала</i>	<i>сар ала</i>

Жоғарыда келтірілген жеке сөздер мен тіркесіп қолданылған сөздерді жазылуы бойынша айту қаншалықты қате болса, керісінше, оларды айтылуы бойынша жазу соншалықты қате болар еді.

Демек, мұндай қате жібермеу үшін, орфоэпиялық (айтылу) ережелермен бірге орфографиялық (емле) ережелерді де жете білу қажет.

Қазақ тілінің емле ережелері сөздердің түбір тұлғасын сақтап жазу принципіне негізделеді. Сондықтан тіліміздегі сөздердің басым көпшілігі айтылуы бойынша емес, түбір тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы, *жұмысшы, қазан қап, он бес, қара ат, бос шылбыр* деген сөздер мен сөз тіркестерін айтылуы (*жұмышшы, қазан қап, он бес, қар ат, бош шылбыр*) бойынша емес, түбір тұлғасын сақтап жазамыз. Тілімізде айтылуы немесе қалыптасқан дағды бойынша жазылатын кейбір сөздер де бар. Олардың саны көп емес. Мысалы: *жаздыгүні, күздігүні, қыстыгүні, ашудас, белбеу* және т. б.

29-жаттығу. Төмендегі дара сөздер мен тіркесіп қолданылған сөздердің жазылуы (орфографиясы) мен айтылуының (орфоэпиясының) арасындағы айырмашылықты атаңдар. Сөздердің жазылуынан дыбысталуының басқаша болу себептерін түсіндіріңдер.

Орын, өлең, тұрмыс, құлын, күлдіргі, бөлтірік, Жанпейіс, Тұрсынқұл, Күмісжан, бүгінгі өмір, сексенге келу, күнбе-күн, бара кел, тоқтай қал, оқып бер, бара алсаң, көре алмады, сары ала.

30-жаттығу. Көп нүктенің орнына төменде көрсетілген әріптердің тиістісін қойып көшіріңдер. Сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықты айтып, оның неден болатынын түсіндіріңдер.

1. *н—м:* от жа...бады, шам сө...беді, бір жа...бастап жату, жа... басына бөлгенде, кү...батыстан жел тұру, кү...бағыс егу, шөлі қа...бау, Тұрсы...бектің кітабы.

2. *н—ң:* тү...гі жаңбыр, жасы тоқса...ға келу, сә...қой еді, на...ға бару, кү...ге күй, дәрігерге көрі...ген еді.

3. *с—ш; з—с:* жұмы...шымен сөйлесу, ба...шы болу, сө...сіз орындау, тұ...сыз тамақ, есікті аш...а, су тамы...саңшы, су шаш...а.

31-жаттығу. Көп нүктенің орнына *ө, е, ұ, ы, ү, і* әріптерінің тиістісін қойып көшіріңдер. Сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықтарды атаңдар.

КӨКТЕМ.

Көк...ктің айы, көкт...мім, Жадырап жүрм...н мен де
Күл...мдеп күмб...з көкт... күн, өз...м.
Жайқалған жасыл жапанға Көектің айы, көк айым,
Қарашы нұр...н төкк...нін! Көң...лді күндер көп
айым.
Көектің айы, кербезім, Көг...лдір жібек жамыл-
Керілген далам, кең көз...м. ған
Жайлаудың жазы жақындап, Көрк...ңе сенің болайын!

(К. Шаңғытбаев.)

32-жаптығу. Оқып шығып, айтылуы мен жазылуының ара-сында айырмашылығы бар сөздерді атаңдар.

ЧЕЛЮСКИНШІЛЕРДІ ҚҰТҚАРУ.

Ұшқыш Водопьянов полюске ұшып баруға болатын самолёт туралы толғанды. Ал ұшып барсын делік, бірақ самолётті мұз үстіне қалай қондырмақ? Өйткені полюске жылжымалы станция қызметкерлерін, бір жылға жететін азық-түлік, шатыр, ғылыми-зерттеу жұмысына керекті аспаптар алып баратын үлкен самолёт керек қой. Ал поляр мұзына ауыр жүгі бар үлкен самолётті қондыруға болар ма екен? Бұл сұраққа ешкім жауап бере алмады. Мұзды мұхиттан «Челюскин» суға батып кетті» деген күллі дүние жүзін абыржытқан хабар келіп, ұшқыш Водопьяновтың ойы кенет бөлініп кетті.

Мұз жарғыш кеме адамдары ағып жүрген мұз үстіне түсіп, уақытша лагерь құрады. Атақты поляр зерттеушісі профессор Отто Юльевич Шмидт лагерь бастығы болды. Совет елі челюскиншілерді аман алып қалу үшін бар көмекті аямады. Ұшқыш Водопьянов кеме апатына ұшырағандарға көмекке жіберілгендердің бірі болды.

Молоков пен Ляпидевский сияқты Водопьянов та ағып бара жатқан мұзға әлденеше ұшып барып, басқа ұшқыштармен бірге челюскиншілерді құтқарып алды. Батырларды барша совет елі болып құттықтады, оларды Москвада салтанатпен қарсы алуға әзірленісті.

(Юлиус Фучик.)

ФОНЕТИКАДАН ӨТКЕНДІ (ДЫБЫСТАРДЫҢ ҮНДЕСУІН) ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

33-жаттығу. Көшіріп, құрамында (түбірі мен қосымшаларында) бірыңғай жуан дауысты дыбыс келген сөздердің астын бір, бірыңғай жіңішке дауысты дыбыс келген сөздердің астын екі сызындар.

БИРМАДА ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАРСЫ АЛУ САЛТЫ.

Мұнда жаңа жылды қарсы алу дәстүрі басқа елдегідей емес, мүлдем өзгеше. Бұл күні бирмалықтар жаңа жыл құрметіне біріне-бірі кез келген жерде, қолына түскен ыдыспен су шашады. Көшеде, үйде, түзде кезіге қалған кісілер біріне-бірі су ала жүгіреді. Онда олар үсті су болып, киімі былғанса да, ренжімейді, қайта, рақаттанып, мәз-мейрам болады. Жаңа жыл келген күні Бирма қалалары мен деревняларының көшелері суға толады. Өмірінде қыс болмайтын Бирма жеріне жана жыл нағыз ми қайнаған ыстық кезде келеді. Сондықтан бирмалықтар бұл мейрамның шын мәнісің адамның адамға көрсететін құрмет-қошеметі деп түсінеді де, бірін-бірі салқындатып, үстеріне су шашысады, сөйтіп бірін-бірі рақаттандырады. («*Ғалам ғажаптары*» атты кітаптан.)

34-жаттығу. Сөздің түбірінен қосымшаларды дефис (-) арқылы бөліп жазындар. Қосымшалардың сөздердің біріне жуан, біріне жіңішке түрде жалғану себебін түсіндіріндер.

БІЗДЕР ӨТКЕН ЖАСТЫҚ ШАҚ.

Біздер өткен жастық шақ,—	Күрестерге теліміз,
Жайнап тұрған күнге тең.	Өрендерміз от басқан.
Жайылғанда жас құшақ,	Менің жастық дәуірім
Шешек атқан бұл — мекен.	Өтті жолда түзу, кең.
Біздер өткен жастық шақ,	Өстік біз де, бауырым,
Жаз айындай әсем де.	Ағалардың ізімен.
Дауылдарда асыр сап,	Мақтанды деп қызғанба,
Кеуде тостық нөсерге.	Жарыс қайта тең іспен.
Біздер өткен жас дәурен —	Саған таяу құздарға
Бұл ғасырдың басы да.	Біз ұмтылдық еністен.
Біз жарыстық достармен	Саған қызық — зор уақыт
Бұл күндерде асыға.	Жайна жастық күніңде.
Біздің жастық лебіміз,—	Ағаларға сол бақыт,—
Толқынға тең топтасқан.	Із қалдырса ішіге.

(К. Бекхожин.)

35-жаттығу. Оқып шығып, берілген деректерді естерінде сақтаңдар. Қара әріппен жазылған сөздердің түбірі мен қосымшасының аралығындағы дыбыстардың қалай үндесіп тұрғанын түсіндіріңдер.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

1. Сен қай бұғаздың екі теңізді, екі мұхитты, екі жарты аралды, дүниенің екі бөлігін, екі мемлекетті бөліп тұратынын білесің бе? Ол — Берингов бұғазы.

2. Сағаттың секунд тілі бір айналып шыққанда, жерге 6000 жұлдыз ағып түседі.

3. Жер жүзіндегі ең терең көл — Байкал көлі. Байкалда жануарлар мен өсімдіктердің 1700 түрі бар. Олардың біразы Байкалдан басқа жерде тіпті кездеспейді.

4. Қой арам шөптің 570-ке жуық түрін жейді. Қойдан басқа бірде-бір жануар арам шөп жемейді.

5. Табиғатта өмір бойы аяғынан тік тұрумен өтетін жануарлар бар. Олар — пілдер. Африкада ересек пілдің жер бауырлап жататынын әлі ешкім көрген емес. Олар кейде шаршағанда ғана сояу тістерімен ағашқа сүйеніп тұрып ұйықтайды. Ересек пілдер жүз жыл бойы тізе бүкпейді. («*Фалам ғажаптары*» атты кітаптан.)

36-жаттығу. Көп нүктенің орнына төменде көрсетілген қосымшалардың (жалғау мен жұрнақтың) фонетикалық (дыбыстық) түрлерінің тиістісін қойып көшіріңдер. Бір қосымшаның сөздердің әрқайсысына әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер. Түбір мен қосымшаның аралығындағы дыбыстардың қалай үндесіп тұрғанын айтыңдар.

ИНСТИТУТЫ

1. *-лар (-лер, -дар, -дер, -тар, -тер)*: жұмысшы..., егінші..., құс..., жәндік..., қырман..., теңіз..., көл... .

2. *-ның (-нің, -дың, -дің, -тың, -тің)*: оқушы... дәптері, етікші... бізі, шам... жарығы, ән... ырғағы, жол... шеті, теңіз... суы, орындық... сирағы, мектеп... маңы.

3. *-ға (-ге, -қа, -ке)*: жылқышы... жолығу, көше... шығу, ауыл... дейін, үй... таман, табыс... жету, кітап... құмар, көлшік... дейін.

4. *-ны (-ні, -ды, -ді, -ты, -ті)*: қала... жаяу аралау, көше... тазарту, ағаш... балтамен жару, шөп... орақпен ору, қоян... алыстан көрді, егін... кезінде жинап алу.

5. *-лы (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті)*: тау... жер, қар... тау, тігу... киім, білім... адам, ақыл... бала, маңыз... мәселе, талап... оқушы, сәулет... қала.

6. **-ғы (-гі, -қы, -кі):** бұрын... әңгіме, түн... суық, жаз... демалыс, түс... тамақ, кейін... уақытта.

37-жаттығу. Қара әріппен жазылған сөздердің түбірлерін айқындандар. Қосымша жалғанғанда, түбірдің соңғы дыбысының өзгеру себебін түсіндіріңдер.

МАҚАЛДАР.

1. Еңбегі аздың өнбегі аз. 2. Ердің атын еңбек шығарар. 3. Жердің сәні — егін, ердің сәні — білім. 4. Жоқ табылмайды емес, қарауы жетпейді. 5. Арқанды ат қазығына оралар. 6. Түзде бұзауы жамырағанның үйде айраны төгіледі. 7. Еңбек түбі — береке.

38-жаттығу. Өлеңді оқып, айтылуы мен жазылуының арасында айырмашылығы бар сөздер мен сөздердің тіркесім атаңдар.

МАҚТАНЫШЫМ — МОСКВА!

Елдің көне өмірін,
Ердің жүдеу көнілін
Жарқыратып жаңартқан,
Ұлы жолға көш тартқан,
Күдіретті Москва!

Ел санасын өсіріп,
Қара татты өшіріп,
Қлын күнде қасқарып,
Компартия басқарып,
Қамқор болған Москва!

Жаңа өмірдің тірегі,
Партияның жүрегі,
Күндей күлген дананың,
Асқан алып сананың
Шалқытқан туын Москва!
Жетілдіріп жеткізген,
Мерейін жарық еткізіп,
Емірене сүйіп адамды,
Еркіндеткен әр жанды
Өмірге өріс Москва!

(С. Бегалин.)

ЛЕКСИКА

ЛЕКСИКАДАН IV КЛАСТА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ.

Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Көп мағыналы сөздер.

39-жаттығу. Қара әріппен жазылған сөздердің қандай мағынада қолданылып тұрғанын айтыңдар.

1. Нысапсызға не керек істің **ақ** пен қарасы. (А.)
2. Базаралыны Оралбай үшін Тәкежан **күйді**ртем десе де, сендер бермендер. 3. Абай бұл арада үлкен **түйін түйілгенін** білді. (М. Ә.) 4. Аспан қою бұлттан **айығып**, таң белгі бере бастады. (С. Б.) 5. Науқасынан тез **айығып** кете алмады. (С. К.)

40-жаттығу. Төмендегі мысалдарда **қалың, бас, қисық, суық, жылы, ауыр** деген сөздердің қандай мағыналарды білдіретінін айтыңдар.

1. Қалың дәптер, қалың қар, қалың шөп, қалың тұман, қалың жылқы, қалың жаңбыр, қалың киім. 2. Малдың басы, таудың басы, өзеннің басы, жиналыстың басы, жұмыс басы. 3. Қисық ағаш, қисық мінез. 4. Суық күн, суық сөз, суық хабар. 5. Жылы су, жылы сөз. 6. Ауыр тас, ауыр жұмыс, ауыр сөз, мінезі ауыр.

Омонимдер. Синонимдер. Антонимдер.

41-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, олардың құрамындағы омонимдес сөздердің қайсысы қандай мағынаны білдіретінін айтыңдар.

Ер I. Ей, жігіт, не қылсаң да **ер** екенсің,
Көргейсің ерлігіңнің берекесін. (А.)

Ер II. Қалмақы қара үзенгі, биік қасты **ер**,
Қанжығамда байлаулы жіптен шідер. (А.)

Жабағы I. Мынау бір көп сауылған биенің **жабағысы** екен. (Ғ. Мұст.)

Жабағы II. Жабағыға тырнағы шықпастай болып ілінді. (А.)

Тегіс I. Төбеде қалқа. Күн не жаңбыр өткізбейді. Тақтайдай **тегіс**, цемент қырман. (F. Мүст.)

Тегіс II. Осы маңайдағы ауылдың бар үлкендерін Абай мен Ұлжан **тегіс** шақыртып ап, тағы кеңес құрды. (М. Ә.)

Жас I. Тоқсанға келген жасым бар.
Көпті көрген басым бар.

Жас II. Жасаулы жас қарағай
Жас өспірім баладай. (Ж.)

Жас III. Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта. (А.)

42-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді оқып, синоним сөздерді топ-тобымен көшіріп жазыңдар.

1. Бұл орыс жұртының қолынан келмейтін өнері жоқ. Жойқын жұрт, ерінбейді де, жалықпайды да. (F. М.) 2. Осы бір достық, бауырмалдық сезімдер Қайроштың жанын ерекше жадыратып, жігерлендіре, рухтандыра түседі. 3. Көп сәлемдесулер, ұзақ амандасулар енді ғана қысқара бастады. (F. М.) 4. Жылдам сөйлеген кісі минутында үш жүз сөз айтады дейді. (С. М.) 5. Ол тамағын жеп болды да, кітаптарын тез жинастыра бастады. («Қл.») 6. Жаралапқан адамға жедел көмек көрсетілуі керек. 7. Биыл Қазақстанға көктем кеш келді. 8. Жазғытұры қалмайды қыстың сызы; Масатыдай құлпырар жердің жүзі. (А.) 9. Қарсы келе жатқан жігіт қажырлы да қайратты көрінді. (F. М.)

43-жаттығу. Төмендегі сөздердің әрқайсысының синонимін тауып, сөйлем құрап жазыңдар.

Қашық, үлкен, қуану, сабырлы, жылдам, жігерлі.

44-жаттығу. Қара әріппен жазылған сөздерге мағынасы карама-қарсы сөздер (антонимдес сөз) тауып жазыңдар.

Үлгі: *ауыр киім — жеңіл киім.*

Ауыр киім, **ыстық** жел, **ұзақ** жол, **алыс** жер, **биік** өкше, **қысқа** жіп, **ерте** ояну, **қалың** қар, **жас** жылқы.

§ 9. Қазақ тілінің сөз байлығы туралы түсінік.

Тілдегі сөздердің барлығы, күллі сөз байлығы сөздік құрам немесе лексика деп аталады.

Қазақ тілінің сөздік құрамы қол, бас, өн тәрізді байырғы түбір сөздерді де, олардан жасалған қолтық, қолтықтау, қолдау, қолма-қол; басшы, басшылық, басқарма, басқару, бастау, бастауыш, бастық; өнім, өнімді, өндіріс тәрізді туынды сөздерді де, ғасыр, қайрат, доға, қамыт, станок, колхоз тәрізді басқа тілдерден енген сөздерді де қамтиды.

Тіл және оның сөздік құрамы — талай заманның жемісі. Тіліміздің сөздік құрамы көптеген замандар бойында дамып, туынды жаңа сөздермен толығып, байып келеді. Ол үздіксіз дерлік даму күйінде болады.

Туынды сөздердің жасалуына байырғы түбір сөздер негіз, ұйтқы болады. Олардан сөз тудыру тәсілдері, мысалы, жұрнақ жалғану тәсілі (*өн+ім, өн+ім+ді, өн+дір, өн+дір+іс*), сөздердің бірігу тәсілі арқылы (*ас+қазан, шек+ара, орын+басар*), сөздердің қосарлану тәсілі арқылы (*ыдыс-аяқ, бұрынды-соңды, жан-жануар*) туынды сөздер жасалып, тілдің сөздік құрамы дамып, байып отырады.

Қазақ тілінің сөздік құрамы (лексика) басқа тілдерден, соның ішінде, әсіресе орыс тілінен, енген сөздер арқылы толығып, байи түсті (бұл жайында келесі параграфты қараңдар).

45-жаттығу. Жұрнақ жалғану арқылы бір түбірден жасалған туынды сөздерді (түбірлес сөздерді) бір бөлек, екі түбірдің бірігуінен жасалған туынды сөздерді бір бөлек тізімдеп жазыңдар.

Егін, егіс, қоныс, қондыру, егінді (егінді дала), қолтық, қолдау, егінші, қолжазба, қоныстану, қолтықтау, қолөнер, егінші, қолдаушы, қолғап, қонақ, қондырғыш, қолдасу, қолтума, егіншілік, қонақтау, қонақшыл, ектіру, қоныстас, қонымсыз, қонғызу, қолдану, қолбасшы.

§ 10. Басқа тілдерден енген сөздер.

Тілдің лексикасы басқа тілдерден енген сөздердің есесінен де толығып, байып отырады. Дүние жүзіндегі тілдердің ішінде өзге тілдерден сөз қабылдамаған тіл жоқ десе болады. Әр басқа тілдерде сөйлейтін халықтар

белгілі бір қарым-қатынаста болып, бірінен біріне сөз ауысады. Қазақ тілі лексикасында араб-иран тілдерінен де, орыс тілінен де, орыс тілі арқылы басқа тілдерден де енген сөздер бар. Мысалы, тіліміздегі *ғасыр, қайрат, мағлұмат* деген сөздер араб-иран тілдерінен еңсе, *доға, қамыт, самауыр, звено, самолёт* деген сөздер орыс тілінен енген. *Пароль, курорт* деген сөздердің алдыңғысы (*пароль*) шығу тәркіні жағынан француз сөзі де, соңғысы (*курорт*) — неміс сөзі. Бұлар қазақ тіліне тікелей француз, неміс тілдерінен емес, орыс тілі арқылы ауысқан.

Қазақ тілінің лексикасында орыс тілінен енген көптеген сөздер бар. Тіліміздің лексикасы орыс тілінен енген сөздер арқылы байи түсуде.

46-жаттығу. Оқып шығып, басқа тілден енген сөздерді атаңдар.

ХАЙУНАТТАРҒА АРНАЛҒАН «МЕЙМАНХАНА».

Хабаровскіде Қиыр Шығыстағы ең үлкен зоология комбинаты салынып жатыр. Хайуанаттарға арналған бұл «мейманхананың» аумағы төрт гектардан астам жерді қамтиды. Мұнда Совет Одағының және шетелдердің зоопарктері мен цирктеріне жіберілетін жолбарыстар, сілеусін, қабылан, қасқыр, аю, қабан бағылады. Әуесқойларға арналған әдемі балықтар ұсталатын аквариумдар жасалады, ал жабайы құстар — қаз, үйрек, аққулар төбесі жабық бассейнде жүзіп жүрмек.

(«Социалистік Қазақстан» газеті.)

47-жаттығу. Оқып шығып, орыс тілінен енген сөздерді көшіріп жазыңдар.

ЖАЙЛАУ ҮНІ.

Гвардия ауданындағы «Қарашоқы» совхозының орталығында алыстағы шопандардың даусы жиі естілетін болды. Мұнда жайлаудағы малшылармен үздіксіз байланыс жасап отыру үшін радиотелефон орнатылған. Осы аппарат арқылы фермалардағы болып жатқан жағдай совхоз дирекциясына жедел жеткізіледі. Радиотелефон арқылы ферма менгерушілеріне, бөлім бастықтарына нұсқау беріледі.

Бұл совхозда көшпелі радиотелефондар трактор бригадаларына және шеберханаларға, сондай-ақ бас мамандардың машиналарына да орнатылған. Биыл біздің республикамыз Венгриядан осындай радиотелефонның 1800-ін алды. («Социалистік Қазақстан» газеті.)

48-жаттығу. Қазақ тіліне енген төмендегі сөздердің орыс тіліндегі қалпын (түрін) тұсына жазып көрсетіңдер. Орыс тілінен ертеректе енген бұл сөздердің қазақ тілінде дыбысталуы жағынан өзгергендігіне назар аударыңдар.

Ү л г і : *самауыр — самовар.*

Самауыр, жәшік, доға, қамыт, пұт, тұрба, шайнек, божы, пеш, бәтенке, көшір (ат айдаушы), тәрелке, кәмпит, кәрзеңке, керует, сот.

49-жаттығу. Орыс тілінен енген төмендегі сөздерге жалғау жалғандар да, оларды қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар.

Қомпас, станок, август, турист, сентябрь, разъезд, митинг, киоск, лагерь, спектакль, фонарь, металл.

§ 11. Көнерген сөздер мен неологизмдер.

Тілдің сөздік құрамында әр түрлі өзгерістер болып жатады. Кейбір сөздер көнеріп, қолданудан шығады немесе өте сирек қолданылатын сөздерге айналады. Мұның есесіне жаңа сөздер жасалып, тілдің сөздік құрамы толығып отырады.

1. **Көнерген сөздердің** екі түрі бар: оның бірі — историзмдер, екіншісі — архаизмдер.

Кейбір сөздер өздері белгілейтін заттар мен құбылыстардың ескіріп жоғалуымен байланысты көнереді де, сөздердің тіптен сирек қолданылатын тобына айналады немесе қолданылудан мүлдем шығып қалады. Көнерген сөздердің бұл түрі историзмдер деп аталады. Мысалы: *қорамсақ* (садақтың жебесін салып белге байлайтын, жеке-жеке ұясы бар оқ салғыш), *сәукеле* (әйелдердің асыл тастармен безендіріліп жасалған ерте кездегі бас киімі), *атқамінер* (ерте кездегі үстем тап уәкілі).

Кейбір сөздердің белгілейтін заттары мен құбылыстары ескірмеген, жоғалмаған, бірақ олар бұл күнде басқа сөздермен (атаулармен) аталады. Мұндай заттар мен

құбылыстардың бұрынғы, көне атаулары архаизмдер делінеді. Мысалы:

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай,
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай. (А.)

Осы өлең жолдарындағы қараша — қазірде *октябрь* деп аталатын айдың бұрынғы ескіше аты болса, *желтоқсан* — *ноябрь* айының ескіше аты.

Көнерген сөздер (историзмдер мен архаизмдер), көбінесе, ертерек кездегі өмір шындығын суреттейтін көркем шығармалар мен ауыз әдебиетінің үлгілерінде қолданылады.

2. Неологизмдер — историзм мен архаизмге қарама-қарсы.

Тілде жаңа ұғымдарды атау үшін жасалған жаңа сөздер неологизмдер деп аталады.

Мысалы: *космонавт, жердің жасанды спутнигі, космодром* т. б.

50-жаттығу. Оқып шығып, сөздердің қайсысы архаизм, қайсысы историзм екенін айтып беріңдер. Тексттің мазмұнына назар аударатырып, көнерген сөздердің қандай ұғымды білдіретінін айтыңдар.

1. Екі-үш күннен бері бұл өңірде күн бұлыңғыр болған. Қыстың соңғы салқып тынысы сияқтанып бір суық жел білінуші еді.

— Е, сәуір жаңа туды ғой. Сәуірдің басы осылай бұлтты, суық болатын әдеті ғой! — деп, Қарабас қыстыгүні қар болатынын айтқандай, мерзім айтты.

— Неге? Сәуір қыстың айы емес, жаздың айы емес пе? Жылда бүйтеді деймісің?

— Жылда сүйтеді. Сәуірді, осы, жұлдызша не дейді?

— Апрель дейді.

— Ендеше, сол апрелің — осы. «Сәуір болмай, тәуір болмас», — деп бұрынғылар тегін айтпаған. Сәуірдің басындағы суық бітпей, жаз шықпайды дегені, — деп, Қарабас Абайға ай-айдың мәнін айта бастады.

Бұл жөнінде Қарабас атшабарда Абай сезбей жүрген көп білім бар екен.

Сәуір, бұл — айдың арабша аты. Қазақша — мамыр¹. Одан соң маусым...² Абай қазақша ай атының бәрін сұрап, қайта-қайта қайырып жаттап алды. (М. Ә.)

¹ М а м ы р — май айының ескіше аты.

² М а у с ы м — июнь айының ескіше аты.

II. 1. Садағына сары жебені салдырған, Садағының кірісін сары алтынға малдырған. (М. Ө.) 2. Қорамсаққа қол салмай, Қозы жауырын оқ алмай, ...Ерлердің ісі бітер ме? (М. Ө.) 3. Орныңнан тұра шабасың, Атшабар келсе қышқырып. (А.) 4. Қазақ округты «дуан» деп, мыналарды «дуан басы» деп, кейде Құнанбайды «аға сұлтап» дейді. (М. Ә.) 5. Алты бақан қасындағы ән мен ойын тағы біразға созылып барған соң, Ербол тың ойын бастады. Онысы — «ақ сүйек» еді. (М. Ә.)

51-жаттығу. Оқып шығып, неологизмдерді атаңдар.

1. Бұл күндері советтік еліміздің космодромдарынан алуан-алуан жер спутниктері, космостық станциялар, сондай-ақ бортында космонавт мінген корабльдер ұшырылып жатқанын жақсы білесіздер. 2. Аспан механикасы мен космология саласындағы зерттеулер нәтижелі болды. («Блм.») 3. Мүмкін, бұдан (өсімдіктер) өндіріске пайдалы шикізат алынар. (С. Ш.) 4. Өнеркәсіп қажетті мөлшерде шикізат алатын болады. (Ә. Нұр.) 5. Отанның ұшқыштары шықты жолға, Жарқырап жаздың сұлу аты таңы. (А. Т.)

§ 12. Жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдер.

Тіл арқылы күнделікті қарым-қатынас жасауда, пікір алысуда адамдардың барлығы бірдей жаппай және жиі қолданатын сөздер бар. Мысалы: *жер, су, күн, жарық, киім, қол, көк, қызыл, алыс, бір, бес, он, жүру, отыру, сөйлеу, ерте, бұрын, кеш* және т. б. Бұл сөздердің қолданылуы адамдардың мамандығына, кәсібіне, білім дәрежесіне байланысты емес. Оларды қоғам мүшелерінің барлығы бірдей қолдана береді.

Тілдің сөздік құрамының ішіндегі сөздердің ең көбі де, оның негізін құрайтындар да — осылар тәріздес жаппай және жиі қолданылатын сөздер.

Мұнымен бірге, тілдің сөздік құрамында ғылым мен техниканың салаларында қолданылатын, соларға тән сөздер де болады.

Ғылым мен техниканың әр түрлі салаларында қолданылып, соларға телінген арнаулы сөздер **терминдер** деп аталады.

Терминдер ғылымның қай саласына қатысты болса, сол саласында қолданылып қалыптасады. Мысалдар:

Тіл білімінің (тіл туралы ғылымның) терминдері: *әріп, дауыстылар, дауыссыздар, үндестік заңы, антоним, синоним, архаизм, неологизм, есімдік, жалғаулық, бастауыш, баяндауыш, жайылма сөйлем, тырнақша, қос нүкте және т. б.*

География ғылымының терминдері: *рельеф, полюс, глобус, материк, континенттік климат, құрлық, түбек, циклон, антициклон және т. б.*

Математика ғылымдарының терминдері: *арифметика, алгебра, квадрат, бөлінгіш, бөлгіш, көбейткіш, теңдеу, квадрат теңдеу, абсолют шама және т. б.*

Терминдер көп мағынаны емес, әдетте, бір ғана мағынаны білдіреді. Демек, дара мағыналылық — терминдерге тән ең басты қасиет.

Терминдердің ішінде дүние жүзіндегі тілдердің бәріне немесе көпшілігіне ортақ терминдер бар. Мысалы: *Совет, социализм, комсомол, пионер, депутат, морфология, синтаксис, электр, механика және т. б.* Мұндай терминдердің дүние жүзіндегі тілдерге бірдей ортақ болып келуі ескеріліп, олар интернационалдық терминдер деп аталады.

Ғылым мен техниканың белгілі бір саласын оқып меңгеру үшін сол салаға қатысты терминдерді, олардың ғылыми мәні мен ұғымын жете білу қажет.

52-жаттығу. Текстің ішінен терминдерді көшіріп жазындар. Олардың қайсысы қай пәнге тән терминдер екенін айтындар.

1. Микроскоппен өсімдіктің ішкі құрылысын қарау үшін ең әуелі олардан препарат даярлайды. Пияз қабығының препаратын микроскоппен қарағанда, қабықтың біріне-бірі тығыз жанасып жатқан клеткалардан құрылғанын көреміз. Клетканың ішінде, қабықшаның астында кілегейлі тірі зат — протоплазма болады. Протоплазмада тығызырақ заттан құралған және өзі жұмырлау келген ядро болады. Клетканың протоплазмадан қалған бос орнын клетка шырыны толтырып тұрады. Ол вакуоля деп аталады. Әрбір клеткада мына бөлдіктер бар: протоплазма, ядро, клетка шырыны бар вакуоля, қабықша. 2. Жазық бұрыштың жартысына тең бұрыш тік бұрыш деп аталады. Бір-бірімен тік бұрыш жасайтын түзу сызықтар өз

ара перпендикуляр деп аталады. Тік бұрыштарды сызу үшін чертөждік үш бұрыш қолданылады. Бірдей қосылғыштардың қосындысын табатын амалды көбейту дейді. 3. Вулкандардың кейбіреулері сөнбеген. Олар оқтын-оқтын күл мен лава атқылайды. Куриль аралдарында вулкандар теңіз түбінен көтеріліп шығады. 4. Осы ертеректегі кезеңде қатпарлар қазіргі ойпаттардың (Батыс Сибирь, Тұран ойпаттарының) орнында да пайда болған. Бірақ кейін бұл аймақтар төмен шөгіп кетті де, тау қатпарларын борпылдақ теңіз шөгінділері мен континенттік тұнбалар басып қалған. (*Ботаника, арифметика, геометрия, география оқулықтарынан.*)

§ 13. Диалект сөздер мен кәсіби сөздер туралы ұғым.

Қазақ тілінде сөйлеуші адамдардың барлығына бірдей түсінікті, өңделіп сұрыпталған, бір ізге түсіп қалыптасқан әдеби тіл бар. Әдеби тілдегі сөздер барша жұртқа бірдей ортақ, күллісіне бірдей түсінікті болады.

Мұнымен бірге, халықтың жергілікті сөйлеу тіліне тән, тек сол аймақта ғана қолданылатын кейбір сөздер де болады. Олар диалект сөздер деп аталады. Мысалы, Қазақстанның кейбір аудандарында *өте, тіпті, ең* деудің орнына *жүдә* сөзі, *ер* (атқа салатын ер) сөзінің орнына *егер* сөзі, *үлкен, зор* сөзінің орнына *нән* сөзі, *кілт* сөзінің орнына *ашар* сөзі, *ат қора* сөзінің орнына *азбар* сөзі қолданылады.

Сөйлеуде де, жазуда да сөздердің жалпыға ортақ әдеби түрін қолдану қажет.

Кәсіптің белгілі бір түріне байланысты арнаулы сөздер болады. Олар кәсіби сөздер деп аталады. Мысалы, балық аулау кәсібіне байланысты мынандай кәсіби сөздер бар: *таяу* (қайықты қозғайтын аспап), *қаза* (аудың бір түрі. Мысалы: *Қазадағы балық — қазандағы балық. Мақ.*), *жылым* (үлкен ау), *тартым* (ау тартатын жер), *қоқан* (үлкен балықты тізіп байлайтын арқан).

§ 14. Тұрақты сөз тіркестері.

Сөз тіркесінің екі түрі болады: оның бірі — еркін сөз тіркесі (еркін сөз тіркесі туралы мағлұмат 4-класта берілген), екіншісі — тұрақты сөз тіркесі.

Тұрақты сөз тіркестері	Білдіретін мағынасы
1. Қас пен көздің арасында 2. Ит өлген жерде 3. Төбе шашы тік тұру	лезде алыста қорқу (шошу)

Еркін сөз тіркесінен тұрақты сөз тіркесінің мынандай айырмашылықтары бар:

1. Еркін сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің орнын өзгертуге (ауыстыруға) болса, тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің орны өзгермейді, бұрыннан қалыптасқан күйінде қолданылады. Мысалы, **ауыл мен қаланың арасында** деген еркін сөз тіркесі **қала мен ауылдың арасында** деген түрде өзгертіліп (сөздердің орны ауыстырылып) айтыла берсе, **қас пен көздің арасында** деген тұрақты сөз тіркесі **көз бен қастың арасында** деген түрде өзгертіп айтуға көпбейді. Сондай-ақ, **ит өлген жерде, төбе шашы тік тұру** тәрізді тұрақты сөз тіркестерінің де құрамындағы сөздердің орны тиянақты. Сөз тіркестерінің бұл түрінің **тұрақты** деп аталуы да осыдан.

Еркін сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің (сыңарлардың) орнының өзгеретінін немесе басқа сөзбен алмастырылатынын, ал тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің орнының бекем (тиянақты) болатынын мына кестедегі сөз тіркестерін салыстырудан көруге болады:

Еркін сөз тіркестері	Тұрақты сөз тіркестері
<i>қалта сағат, сағат қалта; ақылды бала, ойлы бала; кітап оқу, хат оқу, газет оқу</i>	<i>су жүрек (қорқақ), қой аузынан шөп алмас (момын), тайға таңба басқандай (анық); көзді ашып жұмғанша (лезде), санын соғып қалу (өкіну)</i>

2. Еркін сөз тіркесінің беретін мағынасы сол тіркесті құрастыратын сөздердің мағыналарымен тікелей байланысты болса, тұрақты сөз тіркесінің мағынасы оның құрамындағы сөздердің мағыналарынан тумайды, басқа бір мағынаны білдіреді. Мысалы, **мазмұнды кітап** деген

еркін сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің әрқайсысы дербес мағыналарды білдірсе, *ит өлген жерде* деген тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің әрқайсысы әр басқа (дербес) мағынаны емес, барлығы жиналып (тұтасып) келіп, бір ғана мағына — «алыста» деген мағынаны білдіреді. Осыған орай, тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы әр сөз сөйлемнің әр басқа мүшесі емес, тұрақты тіркес бір ғана мүше болады. Мысалы, *Оның қас пен көздің арасында қайда кеткенін білмей қалдым* деген сөйлемдегі *қас пен көздің арасында* деген тұрақты сөз тіркесі бір ғана мүше — пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

Тұрақты сөз тіркестері бейнелеп, әсерлеп, күшейтіп айту қызметін атқарады. Мысалы, *қас пен көздің арасында* деген тіркес «өте жылдам, тіптен тез, лезде» дегенді білдірсе, *ит өлген жерде* деген тіркес «алыстың алысы, өте алыс» дегенді бідіріп, әрі бейнелеп, әрі күшейтіп айту мақсатында қолданылады.

53-жаттығу. Төмендегі сөз тіркестерінің қайсысы тұрақты сөз тіркесі, қайсысы еркін сөз тіркесі екенін ажыратындар. Тұрақты сөз тіркестерінің қандай мағынаны білдіретінін айтып беріңдер.

Қас қаққанша, қою қара қас, қас қараю, түймені қадау, түймедейді түйедей ету, тісін тазарту, тісін қайрау, мұрны қанау, мұрнына су жетпеу, қоян аулау, қоян жүрек, жүрегі тас төбесіне шығу, жүрек жұтқан, жүрегінің түгі бар, жүрегі соғу, ағаш кесу, ағаштан түйін түйген, көзге түртсе көргісіз, көзді ашып жұмғанша, көзімен көріп, құлағымен есту.

54-жаттығу. Төмендегі тұрақты сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Тайға таңба басқандай (ашық, айқын деген мағынада), төбе шашы тік тұру (қатты қорқу, шошу), қырғи қабақ болу (араздасу, ренжісу), ат төбеліндей (азғантай), қой аузынан шөп алмас (момын), қуаңшы қойнына сыймау (қатты қуану), өгіз аяң (өте жай, баяу), сүттен ақ, судан таза (кіршіксіз, ешбір кінәсыз), ер жүрек (батыл).

55-жаттығу. Сөйлемдердің ішінен тұрақты сөз тіркестерін көшіріп жазыңдар. Олардың қандай мағынаны білдіретінін айтыңдар.

1. Жаңағы сөздерің төбемді көкке жеткізгендей болды. 2. Маған шыбын шаққан құрлы батқан жаза да жоқ.

3. Осы бір кештің шапшаң өткенін сезбей қалыппын. Қабақ қаққандай лезде өткен сияқты. (М. Ә.) 4. Бастапқы сөздей беті қайтып қалған үй иесі күбіжіндеп, сөйлескісі келген пішін көрсетпей де, еш нәрсе сұрай да алмады. (F. M.) 5. Істі насырға шаптырып, ежелгі дос Кішекеңнен кетісіп қала көрмесін. (М. Ә.) 6. Ардақтың жүзі жайнап сала берді. Ойлы, қам көңіл қыз нағашыларының қолынап кеткелі тым басыңқы еді. (F. Мұст.) 7. Тергесен, Қодар сұмдығын көпке жайып әкеткен елді терге. Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді,— деді. (М. Ә.) 8. Егер сенің бетің қисайса, бұл бишараның сору қайнайды. (С. М.) 9. Қойдан қоныр, жылқыдан торы Бәкең, Адалдыққа бар елдің зоры— Бәкең. (А.) 10. Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпайық. (М. Ә.) 11. Ол әңгімеге араласқан жоқ. Еркін тұрған жерде аузына құм құйылатын әдеті. (F. Мұст.)

§ 15. Мақал мен мәтелдер.

Мақал-мәтелдер — талай замандар бойы қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Мақал-мәтелдерден халықтың ақыл-ойы, даналығы мен тапқырлығын көреміз. Олар — келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзбен айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі, халық тапқырлығымен айтқанда, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні». Мақал-мәтелдер әрі ықшам, әрі көркем түрде жасалып, терең ой, кең мазмұнды қамтиды.

Мақалдарда ой тұжырымдалып, даналық қорытынды, түйінді пікір түрінде айтылады. Мысалдар: *Кең болсаң, кем болмайсың. Әзіл айтсаң да, әділ айт. Бидайдың кеудесін көтергені — дақылы жоқтығы, жигіттің кеудесін көтергені — ақылы жоқтығы. Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді.*

Мәтелдерде ой-пікір мақалдардағыдай, тікелей кесіп айту түрінде емес, жанамалап нұсқай салу (ишара) түрінде айтылады. Мысалдар: *Айдағаның екі-ақ ешкі, ысқырығың жер жарады. Баяғы жартас — бір жартас. Сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма. Ит ашуын тырнадан алады.*

Мақал-мәтелдердің ішінде тура мағынасында ұғынылатыны да, астарлы, келтірінді мағынасында ұғынылаты-

Мұнда тәуелдік жалғауы жалғанғанда, түбіріндегі **ы, і** дыбыстары түсіріліп жазылатын сөздер мен соңғы қатан дыбысы (**қ, к**) ұяң дыбысқа айналатын сөздер көрсетілген.

ә) *секретарь, секретарьға, секретарьдан, секретары; сентябрь, сентябрьге, сентябрьден, сентябрі; роль, рольге, рольден, ролі.*

Мұнда сөзге дауыссыз дыбыстан басталған қосымша (жалғау) жалғанғанда, жіңішкелік белгінің (**ь**) сақталып, ал дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, оның (**ь**) түсіп қалатыны көрсетілген.

б) *трест, треске, трестен, тресі; ведомость, ведомосқа, ведомостан, ведомосы; съезд, съезге, съезден, съезі.*

Мұнда **ст, сть, зд** дыбыстарына біткен сөздердің түбір қалпында өзгеріссіз жазылып, оларға қосымшалар жалғанғанда, сөз соңындағы **т, ть, д** әріптерінің түсіп қалатыны көрсетілген.

в) *фонд, фондьға, фондьсы; штамп, штампьға, штампьсы; факт, фактіге, фактіден; митинг, митингіге, митингісі; ромб, ромбыдан, ромбысы; киоск, киоскіге, киоскіден; шрифт, шрифтіге, шрифтісі.*

Мұнда **нд, мп, кт, нг, мб, ск, фт** дыбыстарының тіркесіне біткен сөздердің түбір қалпында өзгеріссіз жазылып, оларға қосымшалар **ы** немесе **і** дәнекері арқылы жалғанатыны көрсетілген.

3. Орфографиялық сөздікте бір заттың немесе құбылыстың атауы ретінде қаралып, осыған орай біріктіріліп жазылатын *жаздыгүні, күздігүні, келісан, ақсақал, аққу, тасбақа, қосаяқ, көкқұтан, ешбір, әрқашан, оңтүстік, солтүстік* тәрізді сөздер көрсетіледі (біріккен сөздер және олардың емлесі жайында 21-параграфты қараңдар).

4. Орфографиялық сөздікте *бас киім, аяқ киім, іш киім; сары май, тоң май, іш май; қой қора, ат қора, сиыр қора; асық жілік, кәрі жілік, ортан жілік, тоқпан жілік* тәрізді бөлек жазылатын сөздер де көрсетіледі.

Сауатты жазу үшін емленің ережелерін жақсы білу қажет. Мұнымен бірге, жазылуы қиындық тудыратын сөздерді орфографиялық сөздіктен қарап, олардың емлесін еске сақтау, сөздікті пайдалана білу керек.

58-жаттығу. Төмендегі етістік сөздерге *у* жұрнағын жалғаңдар. Бұл жұрнақ жалғанғанда, ол сөздердің қалай жазылатындығын орфографиялық сөздіктен қараңдар.

Тап, тоқы, кемі, кеп, тік, ері, шап, так, шоқы, жібі, теп, жап, төк, тасы.

59-жаттығу. Жақша ішінде көрсетілген *ы, і* әріптерінің төмендегі сөздердің алдында (*р, л* дыбыстарының алдында) жазылу не жазылмауын орфографиялық сөздікке қарап айқындаңдар. Мұнан кейін ол сөздерді дәптерлеріне көшіріңдер.

(ы) разы, ауа (ы) райы, (ы) рык бермеу, (ы) рақмет айту, (ы) рылдау, (ы) рас (шын), (і) ренжу, (і) ріктеу, (і) рен (өң, әлпет), (і) рімшік, (ы) лайлау, (ы) лайық, (і) лезде (жылдам, тез), (і) ле-шала, (і) лесе шығу.

60-жаттығу. Төмендегі сөздерге жалғау жалғандар. Оларға жалғаулардың жалғану ерекшеліктерін (жуан немесе жіңішке түрде жалғануы, сөздің соңғы әрпінің түсіп қалуы, жалғаулардың дәнекер арқылы жалғану ерекшеліктері) орфографиялық сөздікке қарап айқындаңдар.

Станок, педагог, парк, бокс, банк, цех, тарих, ноль, роль, ноябрь, декабрь, календарь, лагерь, фонд, штамп, факт, митинг, турист, киоск, съезд, металл, килограмм, конгресс.

61-жаттығу. Орфографиялық сөздікке қарап, жақша ішінде көрсетілген *ала, әр, көк, қол* деген сөздердің өздерінен кейінгі сөздермен бірігіп немесе олардан бөлек жазылатынын айқындаңдар. Бірігіп жазылатын сөздің сыңарларының аралығындағы көршілес дыбыстардың өзгеру я өзгермеу ерекшелігіне де назар аударыңдар.

1. (ала) ауыздық (араздық), (ала) жаздай, (ала) бота, (ала) көленке, (ала) қыстай, (ала) бұға, (ала) көңіл, (ала) өкпе (індет ауруы).

2. (әр) күні, (әр) жақты, (әр) кім, (әр) кезде, (әр) қалай, (әр) текті, (әр) қашан, (әр) алуан, (әр) қайсы, (әр) тарапты, әр (келкі).

3. (көк) бауыр, (көк) құтан, (көк) ет, (көк) жиек, (көк) кептер, (көк) майса, (көк) жөтел, (көк) жал (бөрі, қасқыр), (көк) сағыз (өсімдік), (көк) тайғақ.

4. (қол) өнер, (қол) орақ, (қол) тума, (қол) сандық, (қол) ғап, (қол) басшы, (қол) ғабыс, (қол) хат, (қол) орамал, (қол) қанат.

§ 18. Түсіндірме сөздік.

Түсіндірме сөздік әдеби тілдің сөз байлығымен таныстырып, ондағы сөздердің мағыналарын талдап түсіндіруді мақсат етеді.

Түсіндірме сөздікті пайдалануда оған қатысты мына жайларды білу қажет.

1. Сөздікке енген әрбір сөздің мағынасы түсіндіріліп, оған анықтама беріледі. Сөздің анықтамасынан кейін сол сөздің мағынасын ашып айқындайтын мысал (сөйлем) келтіріледі. Мысалы, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»¹ *етікші* деген сөз мына түрде талданып түсіндірілген:

Етікші. зат. Ляқ киім тігетін адам. *Ерінбеген етікші болады. (Мақ.)*

2. Егер сөз әр түрлі мағынаны білдіретін көп мағыналы сөз болса, онда оның ең алдымен негізгі (тура) мағынасы, онан кейін туынды (ауыспалы) мағыналары талданып түсіндіріледі. Көп мағыналы сөздің әр мағынасы мына түрде араб цифрымен көрсетіледі. Сөздіктен мысал:

Күту. ет. 1. Құрмет көрсету, сыйлау. *Жұрт қонақты күту жабдығына кірісті. (С. М.)* 2. Тосу, аялдау, кідіру. *Өзі өсірер бөбегін мектебі де тұр күтіп. (Саин.)* 3. Бағу, қарау, *Мыңнан артық қараны күтуге төрт-бес кісінің әлі келе ме? —* деді Балғабай. (С. М.)

3. Омонимдес сөздер рим цифрымен көрсетіліп, әрқайсысы бөлек беріледі. Сөздіктен мысал:

Арық I зат. Су ағызу үшін қазылған жыра. *Колхозшылар суды Шу өзенінен тартқан арықтан ішеді. (С. М.)*

Арық II сын. Жүдеу, семіз емес, еті қашқан, майсыз. *Арық атқа қамшы ауыр. (Мақ.)* *Күйсіз сиырдан туган бұзау арық келеді. (С. М.)*

4. Белгілі бір сөздің мағыналары талданып түсіндірілгеннен кейін сол сөздің ұйтқы (негіз) болуынан жасалған тұрақты сөз тіркестері ромбик (◆) белгісімен көрсетіліп, олардың мағыналары түсіндіріледі. Мысалы, «Түсіндірме сөздікте» көңіл сөзінен кейін осы сөздің негізінде жасалған мынандай тұрақты сөз тіркестері талданып көрсетілген: ◆*Көңіл көтерді*—көңілденіп шаттанды, ойнап күлді. ◆*Көңіл аударды*— назар қойды. ◆*Көңілі көншіді*— разы болып, жай тапты. *Өз қадірін өзі білмес адамнан көп көңілі көншігендей не болсын? (Мақтымқұлы.)* ◆*Көңілі жарым болды*— уайымдады, алаңдады, құса болды, қайғы-қасірет шекті. *Дабырлатпай-ақ қой. Мазасы кетіп, көңілі жарым болар. (Ақынжанов.)*

¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, I, II том, Алматы, 1959 жыл, 1961 жыл.

Тілде алуан түрлі сөздер бар. Оларды қамти отырып, мағыналарын талдап ұғындыратын құрал—түсіндірме сөздік. Тілдің сөз байлығын, ондағы сөздердің мағыналарын жете білу үшін түсіндірме сөздікке қарап, оны пайдалану қажет.

62-жаттығу. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен» келтірілген төмендегі сөздің мағыналарының сөздікте талдану жүйесіне назар аударып, оның қалай түсіндірілгенін айтындар.

Көлеңке. зат. 1. Бір нәрсенің күн түспейтін жағы. *Аула ішіндегі үйге емен ағашының көлеңкесі түсіп тұр. (Әбдіқадыров.) Есік алдындағы арбаны үйдің көлеңке жағына тартып, төсекті жәшікті арбаның ішіне салғызды. (Ғ. Мұст.)* 2. Бірдеңенің елесі, суреті, бейнесі. *Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң, Суретін көре алмассың көп бақпасаң. Көлеңкесі түседі көкейіңе, Әр сөзін бір ойланым, салмақтасаң.* 3. Қорғаныш, сая. *Тыры етпес менің күшім жауын-желге, Жапырағым көлеңке талай жерге. (А.)* 4. Ауыс. Біреудің қол асты, қарамағы. *Сіздің көлеңкеңізде жүрген де жарар. Тағыңызға өзіңіз мініңіз,— деп болмайды. (Аязби.)* 5. Ауыс. Жауын-шашыннан қорғалайтын бас қалқа. *Көлеңке болған күркешік, Жаншын келген көңілді, Құтылып онан, кең сарай Түрлендірді өмірді. (Халық ақындары.)* ◆ Көлеңкесінен қорықты — жоқтан өзгеден қорықты, өз ісінен өзі шошыды. Өз көлеңкесінен қорыққандар, маған десе, отқа түссін. (Әбішев.)

§ 19. Аударма сөздік.

Аударма сөздіктердің екі түрі бар: оның бірінде шет (басқа) тілдегі сөздер ана тіліне аударылып беріледі де, екіншісінде ана тіліндегі сөздер шет тілге аударылып беріледі.

Аударма сөздіктердің басқа тілдерді білуде, мысалы, «Орысша-қазақша сөздіктің» орыс тілін оқып үйренуде маңызы зор.

«Орысша-қазақша сөздік» те, «Қазақша-орысша сөздік» те белгілі ережелер бойынша жасалады. Сөздіктерді, соның ішінде «Орысша-қазақша сөздікті» пайдалануда оның жасалу (құрастырылу) тәртібі мен жүйесіне қатысты мына жайларды біліп алу қажет:

1. «Орысша-қазақша сөздікте» орыс тіліндегі сөздер алфавит тәртібімен беріліп, ол сөздердің (бір буынды

сөздерден басқаларының) екпіні қай буында екені буының үстіне белгі (') қою арқылы көрсетіледі. Мысалы: **замѳк** — құлып, **зѳмок** — қорған.

2. Көп мағыналы сөздің әр мағынасы араб цифрымен көрсетіледі. Мысалы: **густой** 1. қою; **густая каша** қою ботқа; 2. қалың; **густой лес** қалың орман; **густой туман** қалың туман.

3. Омоним сөздердің әрбір сыңары өз алдына жеке сөз ретінде қаралып рим цифрымен көрсетіледі. Мысалы: **класс** I, м. тап. **Рабочий класс** жұмысшы табы; **класс** II, м. класс. **Ученики пятого класса** бесінші класс оқушылары.

4. Орыс тіліндегі бір сөздің мағынасына қазақ тіліндегі бірнеше сөз (синонимдес сөздер) сәйкес келуі мүмкін. Мұндайда ол сөздер көрсетіледі. Мысалы: **болезнь**— ауру, дерт, наукас.

5. Аударылған сөзден кейін сол сөздің негізінде (ұйытқы болуынан) жасалған тұрақты сөз тіркестері және олардың аудармасы беріледі. Мысалы: **закрѳить жабу**; **закрѳить на ключ** кілтпен жабу. ◆ **Закрѳить рот кому-либо** біреудің аузына қақпақ болу; біреудің аузын аштырмай қою.

«Қазақша-орысша сөздік»¹ қазақ тілі сөздерінің мағыналық ерекшеліктері ескеріліп, негізінен алғанда, жоғарыда көрсетілген қағида, жүйе бойынша жасалған.

Орыс тіліндегі сияқты, қазақ тілінде де бірнеше мағынаны білдіретін көп мағыналы сөздер бар. «Қазақша-орысша сөздікте» ондай сөздердің әр мағынасы орыс тіліндегі әр басқа сөздермен аударылып беріледі. Мысалы: **қалың** 1. **густой**; **қалың шөп** **густая трава**; 2. **толстый**; **қалың қағаз** **толстая бумага**; 3. **глубокий**; **қалың қар** **глубокий снег**.

Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері өзіне негіз болған сөзден кейін ромбик белгісімен (◆) көрсетіліп, орыс тіліндегі аудармасы (баламасы) беріледі. Мысалы, ◆ **бес аспап** — **мастер на все руки**; ◆ **көзді ашып жұмғанша** — **в мгновение ока**; ◆ **тілде тиек, ауызда жиек жоқ** — **язык без костей**.

63-жаттығу. Орысша-қазақша сөздікті пайдаланып, орыс тіліндегі *восторг, вслед, вспомнить, всесторонне, втереть, выбор, вые-*

¹ Х. Махмұдов, Ғ. Мұсабаев. Қазақша-орысша сөздік (Қазахско-русский словарь), Алматы, 1954.

хатъ, выпиcать, водохранилище деген сөздерді қазақшаға аударыңдар.

64-жаттығу. Орыс тіліндегі *действие, жить, живой* деген көп мағыналы сөздердің қандай мағыналарды білдіретінін орысша-қазақша сөздікке қарап айқындаңдар.

65-жаттығу. Қазақша-орысша сөздіктен *достық, ақылдасу, ағайын, алғыр, жігерлі, жуас, жота, жұмыр, қуанышты, елеу, жүзу, бейімділік* деген сөздердің орысша баламасын тауып жазыңдар.

66-жаттығу. *Бас, қалың, беку* деген көп мағыналы сөздердің әр мағынасы орыс тілінде қандай сөздермен берілетінін қазақша-орысша сөздікке қарап айқындаңдар.

ЛЕКСИКАДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ.

67-жаттығу. Төмендегі сөздердің түбірін айқындап, туынды сөздердің қалай жасалып тұрғанын айтыңдар. Бір түбірден тараған туынды сөздерді топ-тобымен тізімдеп жазыңдар. Осы мысалдарға сүйеніп және тағы басқа мысалдар келтіріп, тілдің сөздік құрамының туынды сөздердің жасалуы арқылы толығып дамуын айтып беріңдер.

I. (бас I — зат есім сөз, бас II — етістік сөз): баста, басқару, бастау (бастаудың суы), басталу, басқыш, баспасөз, бастыру, басқарма, бастапқы, бастырма, бастырмалату, баспана, бассыз, бассыздық, басқыншы, басқыншылық, баспахана, бастаушы, баспалдақ, бастауыш, бастық.

II. жинау, жиын, жинақ, жинаушы, бөлшек, бөлік, бөлдіру, бөлінгіш, жиналыс, бөліс, жиналу, бөліну, бөлшектеу, жинақтау, жинақы, бөлім, бөлісу, жинасу, жинақылық, бөлшектегіш, жиынтық, бөлімше, бөлгізу.

68-жаттығу. Оқып шығып, орыс тілінен енген сөздерді дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.

Полюс тұрғындарының бұл күнгі татқан дәмдері нағыз тойдағыдай болды. Майға бөктірілген шабақ балық, жас аю етінен пісірілген бифштекст, балапан етінен іс-телген паштет, теңіз балдырынан жасалған салат, шоколад пудинг (рас, сәл ғана морж майының ісі бар), ашытқан капуста қосып пісірілген самса деймісіз... Менюде тіпті су тауығының етінен әзірленген өзгеше дәмді тағам да болды. (Юлиус Фучик.)

69-жаттығу. Төмендегі тұрақты сөз тіркестерін қатыстыра отырып, сөйлем құраңдар.

Қас-қабағына қарау, аяғына жығылу, зәресі ұшу, асқар тау, шалқар көл, мидай дала, шара қолдану, жүзеге асыру, көзі жету, қабақ шыту, көздің қарашығындай сақтау, ақ жүрек.

70-жаттығу. Оқып шығып, мақалдарды бір бөлек, басқа тұрақты сөз тіркестерін бір бөлек тізімдеп көшіріңдер.

I. Ескі ауылда ер жігіт, еті тірі жігіт дегендер болатын.

Ер жігіт — мінер ат, ішер ас, киер киімін кем ұстамайтын; дәулеті мол болсын, шағын болсын, көңілі көтеріңкі жүретін, беруге де, алуға да шыдайтын, айтқан сөзіне тұтымды, қайғыға қайсар, жүрген жері думан болатын.

Еті тірі жігіт те өзін ер жігітпен деп түсінеді. Бірақ оның «қысқа жібі күрмеуге келмейді», «жөкшылық жомарт ердің қолын байлайды», «бөрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қампайтар» деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, басын тауға да, тасқа да ұрып, ер жігіттік дәрежеге жеткісі келеді. Ондайларға куған үміт қашқан түлкідей сыландап, өмір адырларынан анда-санда бір көрініп қап, кейде шалдырады, кейде шалдырмайды. (С. М.)

II. Абақты ішінен Абайды көріп шыққан соң, бұл жөнінде Базаралы: «Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет»,— деді-ау, Абай, ақылыңнан айналайын! — деді. Өз ішінде тас-томардай түйіліп жүрген бір күдікті осылай жадыратып, сыртқа шығарды.

— Жолдасын таппаған ер азады, басшысын таппаған ел азады,— десе болады. Жолдасты да, басшыны да тауып, мерейім асып тұрған күнім — осы! Байлау біреу-ақ. Не Абайды аман шығарып ап, күле жайнап, бәріміз елге қайтамыз. Немесе Базаралы бас княды да, осыдан ел бетін көрмей айдауға кетеді. Қиянға кетеді. Тек өкінбей кетеді бұл жолы! — деген.

Дәркембай да Абай турасындағы Базаралы сөзіне өзінше бір ойлы шешу айтты.

— Жауға жалынба, досқа тарылма деп жатыр ғой! Бәрекелде! — деді. (М. Ә.)

71-жаптығу. Орфографиялық сөздікке қарап, жақша ішінде көрсетілген **ақ, бір** деген сөздердің өздерінен кейінгі сөздермен бірігіп немесе олардан бөлек жазылатынын айқындандар.

(ақ) қайың, (ақ) аю, (ақ) жарқын, (ақ) құтан, (ақ) жүрек, (ақ) ниет, (ақ) ку, (ақ) құба, (ақ) иық (құс), (ақ) бөкен, (ақ) қала (ойын), (ақ) тиін.

(бір) асым, (бір) ауыздылық, (бір) келкі, (бір) жарым, (бір) күші, бір (кезде), (бір) жерде, (бір) неше, (бір) қалыпты, (бір) ыңғай, (бір) мезетте, (бір) қатар (бірсыпыра деген мағынада), (бір) ізділік, (бір) тектес.



МОРФОЛОГИЯ

СӨЗ ҚҰРАМЫ МЕН СӨЗДІҢ ЖАСАЛУЫ.

СӨЗ ҚҰРАМЫНАН IV КЛАСТА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ.

Түбір мен қосымша.

72-жаттығу. Қара әріппен жазылған сөздердің негізгі түбірі мен қосымшасын айқындаңдар. Ол сөздерді түбірі мен қосымшасының аралығына қосу таңбасын (+) қойып көшіріңдер.

АЛАБҰҒА.

Алабұға — жағдай талғамайтын балық. Ол Қазақстанның өзендері мен көлдеріне кеңінен тараған.

Алабұға өзен, көлдердегі судың түсіне қарай өзінің де түсін өзгертіп отырады. Түбі лайлы, баяу ағатын өзендерде, көлдерде алабұғаның түсі қоңырқай, ал түбі құмайт су қоймаларында түсі ажарлы келеді. Теңбіл түсті болуы өзінің алдындағы жеміне білдіртпей келуге мүмкіндік береді. Алабұға — жыртқыш балық. Ол суда оттегінің біршама жеткілікті болуын қалайды. Алабұғаның қоңырқай келетін ұсақ түрі судың жағасына жақын жерлерде үйірленіп, топ болып шоғырланып жүріп тіршілік етеді. Ал су қоймаларының ашық бөлігінде алабұға ірі келеді әрі тез өсіп жетіледі.

Ол көлдің жағасындағы қамыс, қоға арасына, көлдің сағаларына көктемде уылдырық салады. Алабұға суы жақсы жылыған, қалың шөпті, тайыз суларда үйір-үйірімен топтанып көп жиналады. («Аквариум әліппесі» атты кітаптан.)

Қосымша және оның түрлері (Жұрнақ пен жалғау).

73-жаттығу. Көшіріп, жұрнақ жалғанған сөздердің астын бір, жалғау жалғанған сөздердің астын екі сызыңдар. Жұрнақ пен жалғау бірдей жалғанған сөздердің астын ирек сызықпен сызыңдар.

ҚҰСТАР АСХАНАСЫ.

Қанатты достарыңның қысқы қамын ойластырдыңдар ма? Оларға да өздеріне лайықты асхана қажет-ақ.

Бұған ерте күзден бастап дайындалған дұрыс. Бақтың бір тыныштау, ит-құстан аулақ түкпірінен қолайлы орын тауып ал. Ұзындығы 1—2 метр бағананы ағаштарға таяу жерге қазып тұрғыз. Оның үстіне тақтайша-стол жасап, шегелеп бекіт. Тақтайша-столдың үстіне шатыр жасап қойсаң, дәндерді қар басып қалмасына жақсы. Енді оның бетіне көлденең кергіш таяқшалар орнатып қоюға да болады. Ол таяқшаларға құстар қонақтап, күн суықта жел өтінен ықтап отыратын болады.

Ал азықты күніге ұмытпай сеуіп тұрмасаң, құстар ол жерге жоламай кетеді.

Қанаттылар үшін ең жақсы азық: қарақурай дәні, бидай, арпа, нанның қиқымы, арам шөптер дәні, кепкен жемістер.

Шетен, қызыл жидек жемістерімен суық торғайларды, қара қурай дәнімен, арпа, тары, сұлымен сары шымшықтарды, ала шымшықтарды қоректендіріңдер.

Сары шымшықтар құрт-құмырсқа, тарақанға құмар.

(«Балдырған» журналы.)

74-жаттығу. Оқып шығып, жұрнақ жалғанған сөздер мен жалғаулы сөздерді атаңдар. Жұрнақ жалғану арқылы қандай жаңа мағыналы сөздердің жасалғанын, жалғаулардың жалғануы арқылы қай сөздердің өз ара байланысып тұрғанын айтыңдар.

ӨСІМДІК ЖӘНЕ МУЗЫҚА.

Өсімдіктің өсуіне музыка да әсер етеді деген үнді ботаниктерінің пікіріне соңғы уақытқа дейін ғалымдар көп мән бермей келген.

Оттава университетінің докторы Вайнбергтің дәнді өсімдікке жасаған тәжірибесі бұл болжамның дұрыстығын растады.

5000 герц жиіліктегі дыбыс толқыны өсімдік тұқымының шығымдылық қабілетін ғана емес, оның тіршілікке бейімділігін де арттыра түседі екен. «Дыбысталған» дәнді дақыл өте төзімді. Бір таң қаларлығы дыбыс толқынының басқа жиілігінде бұл құбылыс байқалмайды.

Канада ғалымдары дыбыс толқынының өсімдіктің өсуіне дем берерлік әсері өсімдік клеткаларындағы резо-

панс құбылысына негізделген, резонанс зат алмасуын жақсартады деген пікірді айтып отыр. («Білім және еңбек» журналынан.)

ҚЫЗМЕТШІ ИТТЕР.

Варшавада газ жүйесінің басқармасы газ құбырларындағы ақауларды табу үшін иісшіл иттерді пайдаланады екен. Тіпті ең сезімтал құралдардың өзі ақаулардан газдың шығуын иттердей біле алмайтын көрінеді. Елеусіз ақаулардың өзін иттер тез тауып, үріп хабарлайды. («Білім және еңбек» журналынан.)

75-жаттығу. Әрбір сөздің құрамында неше жұрнақ бар екенін айқындаңдар. Сөз құрамындағы жұрнақтарды түбірден және бір-бірінен жігін ажыратып, бөліп жазыңдар.

Ү л г і: біл-ім-ді-лік.

Білімділік, келісімсіз, күлкілі, қоныстанушы, егіншілік, әншілік, талғампаздық, тұрақтандыру, хабарландыру, өрмекші, жуынды, жуықтау, жинақтаушы.

Туынды сөз бен түбірлес сөздер.

76-жаттығу. Оқып шығып, қара әріптермен жазылған туынды сөздердің қай түбірден қандай жұрнақтар арқылы жасалғанын айтыңдар.

ҰЛЫ ҰСТАЗҒА.

(Горькийге)

Өзіңе зор ескерткіш соқтың шыңдап,
Мың жылдар мызғымастай мраморлап.
Жайдары шуағында көппен бірге
Жалынды жырларыңды тұрмын тыңдап.
Алыстан келген жолың жатыр жарық,
Шеңберлеп бір ғасырды түгел алып.
Тастамай қолдан найза, белден семсер,
Отырсың бұрынғыдай қаруланып.
Ант етем семсеріңді сермеймін деп,
Ант етем сенше аспанға өрлеймін деп.
Ант етем нажағайдай ойнап көкте,
Андысқан дұшпаныңды жерлеймін деп.

(Ә. Тәжібаев.)

77-жаттығу. Оқып шығып, туынды сөздерді тізімдеп көшіріңдер. Туынды сөз жасап тұрған жұрнақтарды түбірден қосу таңбасы (+) арқылы бөліп жазыңдар.

ҚАРАҒАЙ.

Қысқы аязға қарамай,
Көгеріп тұр қарағай.
Сол секілді төзімді
Болсам деймін өзімді.

(Т. Елеусізұлы.)

КЕКІЛІК-АУ, КЕКІЛІК!

Кекілік-ау, кекілік!
Ойнақшисың, секіріп.
Бір орында тұрақтап,
Отырмайсың бекініп.
Оқушы болсаң, кекілік,
Алар ең ылғи екілік...

(Ө. Тұрманжанов.)

«КҮЗЕТШІ» ҚҰМЫРСҚАЛ.

Табиғатта тіршілік етпейтін бірде-бір жәндік жоқ. Ең аяғы кішкене қанатты мақұлық шыбынның да күп көрісі түрлі-түрлі. Ал түрлі қоңыздар мен құмырсқаны алайықшы. Алдыңғы аяқтарымен бір нәрсені түрткілеп, артқы аяқтарын тепкілеп, ыңылдап жүріп-ақ көп жұмыс бітіреді. Олардың қимылына назар аударайықшы. Кәдімгі мотоциклін от алдырып жатқан жолаушы тәрізді. Бірақ оның «машинасы» кәдімгі машиналардан өзгеше. Мотоцикл тәрізді «от алдырса», самолёт тәрізді ұшады. Яғни ол — ұшатын «жанды машина». Ол «машинаны» жасаған «өнер тапқыш» табиғат.

Ал табиғаттың осындай шырайлы уақыты — жаз. Айналамызға көз жіберіп қарайықшы. Әне, қыбырлап бара жатқан құмырсқаға көзінді салшы. Шіркін, табиғаттың қара күші соған бағынғандай. Өзінен бес-алты есе үлкен қоңызды, шегірткені, құрттарды, бидайды, түрлі дәнді сүйрелеп, ініне тасиды. Әлсіздеріне көмектеседі. Ол, әрине, өзінің қыстық азығы. «Қыстың қамын жазда ойла» дейді халық. Оны құмырсқалар да білген сияқты. Бір

қызыгы илеуіне тасыған дәндерге де күзетші қойған. Олар шашылған дәндерді жинап, айнала жыбырлап жүр. («Қазақстан пионері» газеті.)

78-жаттығу. Төмендегі сөздерді алты топқа бөліп жазыңдар. Әрбір топқа бір түбірден таралған (жасалған) түбірлес сөздерді жазыңдар.

Бірлік, бірлесу, көгеру, көгал, бірлестік, сулық, ойлау, сулау, бірдей, ойшыл, сусыз, бірден (жұмысқа бірден кірісу), ойлану, суландыру, көгалдандыру, бір-бірлеп, ойлы, сулы, көктеу, ойсыз, көктем, ілгек, іліну, ізшіл, іздеу, іздесу, ілгіш, іздену, ілдірту, ізденгіш.

79-жаттығу. Бірінші бағанадағы туынды сөздер мен екінші бағанадағы туынды сөздерді салыстырып, олардың бір түбірден емес, әр басқа түбірлерден жасалғанын дәлелдендер.

1) сыншы, сыншыл, сынау, сынаушы, сынасу, сыналу	1) сынық, сынықшы, сындыру
2) қыстақ, қыстау, қысқы	2) қысым, қысылу, қысылшан
3) ақтау, ағару, ағарту, ағартушы	3) ағым, ағын (ағын су), ағынды, ағыс, ағызу
4) жаулау, жауласу, жаулық	4) жауын, жауынды, жауындату
5) өштік, өштесу, өшпенділік, өшігу, өштестік	5) өшіру, өшіргіш, өшірту
6) өршіл, өршілдік, өрлеу	6) өріс, өрістету, өрістеу, өргізу (малды өргізу)

§ 20. Жалаң сөз бен күрделі сөз.

Сөздердің құрамы әр түрлі болады. Сөздердің ішінде жалаң түбірдің өзінен болған түбір сөздер де (*ек, ор, ән*), түбірге жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды сөздер де (*егін, егінші, егіншілік, орақ, орақшы, әнші, әншілік*), түбірлердің бірігуі арқылы (*белбеу, қолғап, шекара*) немесе олардың қосарлануы арқылы (*жан-жануар, ыдыс-аяқ, қора-қора*) жасалған сөздер де бар.

Құрамы жағынан сөздер жалаң сөздер және күрделі сөздер болып екі топқа бөлінеді.

Жалаң сөздің қатарына енетіндер: 1) жұрнақтың жалғануынсыз, тек қана түбірдің өзінен болған жалаң (негізгі жалаң) түбірлер (сөздер). Мысалы: *бас, жи;*

2) түбірге жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды түбірлер (сөздер). Мысалы: *басшы, басшылық, басқар, басқарма, жина, жиналыс.*

Күрделі сөздің қатарына енетіндер: 1) екі түбірдің бірігуі арқылы жасалған біріккен сөздер. Мысалы: *тасбақа, қосаяқ, орынбасар*; 2) екі сөздің қосарлануынан жасалған қос сөздер. Мысалы: *күні-түні, құрт-құмырсқа, биік-биік, бетпе-бет, жүре-жүре*; 3) сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ғана ұғымды білдіретін құрама (құранды) сөздер. Мысалы: *су торғай, торы ала, жирен қасқа, он екі, отыз бес, бере бер, тұра тұр, отыра тұр, айтып қой*; 4) күрделі атаулардан ықшамдалып жасалған қысқарған сөздер: Мысалы: *партком, ҚазПИ.*

Жалаң сөздер мен күрделі сөздердің түрлерінің кестесі.

Жалаң сөздер	Негізгі түбір (сөз)	<i>қол, өн, қон</i>
	Туынды түбір (сөз)	<i>қолтық, қолдау; өнім, өнімді, өндірі, өндіріс; қоныс, қонақ, қондыр</i>
Күрделі сөздер	Біріккен сөз	<i>асқазан, қолөнер, күнбатыс, шекара, әрқашан, әлдеқашан</i>
	Қос сөз	<i>қолма-қол, үлкенді-кішілі, ертелі-кеш, жан-жануар</i>
	Құрама сөз	<i>асық жілік, кәрі жілік, он бес, алпыс алты, қызыл күрең, отыра тұр</i>
	Қысқарған сөз	<i>Облсовет, ҚазМИ</i>

80-жаттығу. Оқып шығып, жалаң сөз бен күрделі сөздерді және олардың түрлерін атаңдар.

Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы, күніне шәкірт бала барын салды. Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпастан өзі оятып тұрғызып еді.

Күн ұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ

бойы алда отырған. Кей-кейде өзіне таныс Көкүйрім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс құдықтардың тұс-тұсына келгенде, бала оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады...

Қорықтан шыққалы, таңертеңнен бері бөгелместен тартқан үш салт атты аттарын қан сорпа қылған қалпында кешкі екінді кезінде Құнанбай аулына жетіп еді... (М. Ә.)

КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ.

§ 21. Біріккен сөздер және олардың емлесі.

Туынды жаңа сөз түбірге жұрнақ жалғану арқылы ғана емес, сонымен бірге түбірлердің бірігуі арқылы да жасалады. Мысалы, *қосаяқ* сөзі *қос* және *аяқ* деген түбірлердің (сөздердің) бірігуінен жасалса, *асқазан* сөзі *ас* және *қазан* деген түбірлердің (сөздерінің) бірігуінен жасалған. Біріккен сөздің құрамындағы сыңарлардың (түбірлердің) әрқайсысы әр басқа ұғымды емес, тұтас бір ғана ұғымды білдіреді.

Екі, кейде одан артық түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін күрделі сөздің түрі біріккен сөздер деп аталады.

Біріккен сөздердің ішінде құрамындағы сыңарларының түбір тұлғасы сақталғандары да, өзгеріске ұшырағандары да бар. Мысалы, *желбау*, *орынбасар* деген біріккен сөздердің сыңарларының түбір тұлғасы сақталып, *ашудас*, *белбеу* деген біріккен сөздердің екінші сыңарлары (*тас*, *бау*) *дас*, *беу* болып өзгерген.

1. Біріккен сөздердің сыңарлары түбір тұлғасы сақталып бірге жазылады. Мысалы: *тасбақа*, *аққу*, *алабота*, *жолбарыс*, *еңбеккүн*, *еңбекақы*, *баспасөз*, *қолбасшы*, *өнеркәсіп*.

Ескерту. Түбір тұлғалары дыбыстық өзгеріске ұшыраған кейбір біріккен сөздер дәстүр бойынша айтылуынша жазылады. Мысалы: *ашудас*, *жаздыгүні*, *қыстыгүні*, *қолғабыс*. Мұндай сөздердің қалай жазылатындығы орфографиялық сөздікте көрсетіледі.

2. Түбірлердің бірігуінен жасалған жалқы есімдер (географиялық атаулар мен кісі аттары) бастапқы түбір тұлғалары сақталып бірге жазылады. Мысалы: *Алатау*, *Көкшетау*, *Теміртау*, *Марқакөл*, *Екібастұз*, *Жалғызтөбе*,

Жезқазған, Ащысай, Айнабұлақ, Талдықорған; Аманкелді, Ботакөз, Тұрсынбек, Ақбота, Исағали.

Ескерту. Екі түбірден біріккен кейбір кісі аттары дәстүр бойынша айтылуынша жазылады. Мысалы: *Өмірзақ, Серәлі, Бегәлі, Жүмәділ.*

3. **Еш, бір, әр, кей** деген түбірлер өзімен тіркесіп келген **кім, қандай, қашан, қалай** және осы тәріздес сөздермен бірге жазылады. Мысалы: *ешкім, ешқандай, ешқашан, ешбір, ешқайда, ештеңе, бірнеше, бірталай, біраз, бірыңғай, біркелкі, біржолата, бірқыдыру, әркім, әрқашан, әрқайсы, әрдайым, әрбір, әрқалай, кейбір, қайбір, қайсыбір, әлдекім, әлдеқашан, әлдеқалай* және т. б.

Еш, бір, әр, кей сөздері зат есімдердің анықтауышы ретінде қолданылғанда, анықталатын сөзден бөлек жазылады. Мысалы: *еш жұмысы, еш жерде, еш адам, еш нәрсе, әр үйде, әр сабақ, бір уақытта, бір күні, кей адам, кей күні.*

81-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден біріккен сөздерді теріп көшіріңдер. Олардың қандай түбірлердің бірігуінен жасалғанын айтыңдар. Біріккен сөздердің смлесін еске сақтаңдар.

1. Қызыл туды көтерген бір топ биік Ақтаудың үстіне шығып барады. (F. M.) 2. Тасбақаны көтеріп қойған да бір, көзін жойған да бір. (Мақ.) 3. Сізге ұзақ демалыс беріп, жер астындағы жұмыстан біржола босатқымыз келеді. (F. M.) 4. Таяуда Мырзашөлде 800—850 мың гектар, оңтүстік-батыс Өзбекстанда 1200 мың гектар, Қаракұм каналы аймағында 600 мың гектар, Сырдарияның төменгі жағында 900 мың гектарға жуық жер Сырдария мен Амударияның суымен суарылмақ. 5. Бір түп күнбағыс жаз бойы 40 литр су ішеді. («Ғалам ғажаптары» кітабынан.) 6. Жарқанатқа жарықтан қаранғы артық. (Мақ.) 7. Белбеулерін ағытып, етіктерін шешіп жатыр. 8. Олардан кейін Шеге, Қарашаштар келеді. 9. Қасқырсайдан Айгүл отары да кеше ғана өткен. (F. M.)

82-жаттығу. Көп нүктенің орнына *қ, ғ, к, г* әріптерінің тиістісін қойып, біріккен сөздерді көшіріп жазыңдар. Жазылуы қиындық тудыратын сөздерді орфографиялық сөздіктен қараңдар.

1. Өзіңізді мен шырамытамын ғой деймін. Кең...орған каласындағы педагогика техникумында оқыдыңыз ба? (С. Б.) 2. Мінеки, ішем десең аққан бұлақ, май қос-

қан міне біздің саңырау...ұлақ. (И. Б.) 3. Қол...абыс етуге адам керек болар деген оймен қасыма бір жәрдемшіні ертіп алдым. (Б. Мом.) 4. Ол демалысқа егінді жинап біткен соң, күзді...үні бармақ. 5. Біздің ауылдың тұсындағы тау Қазы...ұрт деп аталады. 6. Оның қол...абы жүннен тоқылған. 7. Қалың жауын толастағанда, аспанның тұтас бір жақ шетін алып тұрған кемпір...осақ көрінді. 8. Бе...айдар биыл он жылдық мектепті бітіреді. 9. Әр...ім өз ойынан хабар берер. (Мақ.)

§ 22. Құрама сөз.

Құрама сөз де — күрделі сөздердің бір түрі. Құрама сөз екі сөздің тіркесуінен жасалып, бір тұтас күрделі атау ретінде ұғынылады. Мысалы, **боз торғай, қара торғай, су торғай** деген атаулардың (сөздердің) алдыңғы сыңарлары (*боз, қара, су*) *торғай* сөзінің анықтауышы емес, оның сынын, сапасын, белгісін білдірмейді. *Боз, қара, су* деген сөздер өзінен кейінгі *торғай* сөзімен тіркесіп, *боз торғай, қара торғай, су торғай* түрінде сөйлемде бір ғана мүше болады. Бұл атаулардың (сөздердің) сөйлемде бір ғана мүше болуы олардың күрделі сөздердің қатарына жататындығымен байланысты.

Аталған сөздердің (*боз торғай, қара торғай, су торғай*) күрделі сөздердің бір түрі — құрама сөздер екені мынандай салыстырудан айқын көрінеді: егер *боз, қара, су* сөздерін басқа сөздермен, мысалы, *құнан, елтірі, орамал* сөздерімен тіркестіріп, *боз құнан, қара елтірі, су орамал* түрінде қолдансақ, онда бұлар құрама сөздердің қатарына емес, анықтауыш пен анықталғыштан құралған сөз тіркестерінің қатарына жатады. Бұл сөз тіркестерінің (*боз құнан, қара елтірі, су орамал*) құрамы ажыратылып, *боз, қара, су* сөздері сөйлемде анықтауыш болады.

Құрама сөздің алдыңғы сыңары (*боз, қара, су*) алғашында бір затты екінші заттан айыру (*торғайдың түрлерін*, мысалы, *боз торғайды қара торғайдан немесе қара торғайды су торғайдан айыру*) қызметінде жұмсалғанмен, бұл күнде өзінен кейінгі сөзбен (*торғай*) тіркесіп, бір тұтас атау ретінде ұғынылады.

Екі сөздің тіркесуінен жасалып, бір тұтас күрделі атау ретінде ұғынылатын, сөйлемде бір ғана мүше болатын күрделі сөздің түрі **қ ұ р а м а с ө з** деп аталады.

Құрама сөздер күрделі зат есімдер тобында да (*қара торғай, су жылан, асық жілік*), күрделі сын есімдер тобында да (*торы ала, жирен қасқа, ұзын бойлы*), күрделі сан есімдер тобында да (*он екі, елу бес*), күрделі етістіктердің тобында да (*айта бер, тұра тұр, оқып жүр*) бар. Бұлар жайында кейінгі тарауларда әр сөз табының тұсында айтылады.

Құрама сөздің құрамындағы сыңарлар (сөздер) бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: *қара торғай, суық торғай, аңы шек, ортан жілік* және т. б.

83-жаттығу. Орфографиялық сөздікке қарап, төмендегілердің ішінен қайсысы біріккен сөз, қайсысы құрама сөз екенін айқындаңдар. Жақшаны ашып, біріккен сөздің сыңарларын бірге, құрама сөздің сыңарларын бір-бірінен бөлек жазыңдар.

(ас) үй, (төр) үй, (ауыз) үй, (қонақ) үй, (ат) қосшы, (ат) шабар, (қой) қора, (сиыр) қора, (ат) қора, (қол) жазба, (қол) сағат, (қос) аяқ, (қырық) аяқ, (шек) ара, (еңбек) ақы, (оң) түстік, (сол) түстік.

§ 23. Қос сөздер және олардың түрлері.

Туынды жана сөз түбірге жұрнақ жалғану немесе түбірлердің бірігуі арқылы ғана емес, сонымен бірге түбірлердің (сөздердің) қосарланып айтылуы арқылы да жасалады. Мысалы: *сорпа-су, қиын-қыстау, етек-жең, бақашаян, шыбын-шіркей, аман-есен, қауіп-қатер, ертелі-кеш, қолма-қол, жүре-жүре* және т. б.

Түбірлердің (сөздердің) қосарланып айтылуынан жасалған күрделі сөздің түрі қос сөз деп аталады.

Қос сөздер әр түрлі жолдармен жасалып, бірнеше түрге бөлінеді. Олар мыналар:

1. Бір сөздің қайталанып айтылуынан жасалған қос сөздер: *сөйлей-сөйлей, көре-көре, биік-биік, баспа-бас, ауызба-ауыз, үйді-үйді, бірде-бір* және т. б.

2. Екі басқа сөздің қосарланып айтылуынан жасалған қос сөздер: *кәрі-жас, қазан-ошақ, ыдыс-аяқ, үлкенді-кішілі, бұрын-соңды, соқа-сайман, күш-қайрат, ойын-сауық, бас-сирақ* және т. б.

3. Негізгі мағыналы сөзге күшейткіш буынның үстелуі арқылы жасалған қос сөздер: *кіп-кішкене, теп-тегіс, жұп-жұқа, ап-аласа, дөп-дөңгелек* және т. б.

4. Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары өздігінен мағына бере алмайтын сөздердің қосарлануынан жасалған

қос сөздер: *көйлек-көншек, жүн-жүрқа, киім-кешек, ет-мет, тері-терсек* және т. б.

5. Екі сынары да өздігінен (жеке тұрып) мағына бере алмайтын қос сөздер: *ығы-жығы, оқта-текте, әңкі-тәңкі, апыл-тапыл, алба-жалба, ың-жың, анда-санда* және т. б.

6. Қосарланып айтылған еліктеуіш сөздерден жасалған қос сөздер: *жалт-жұлт, қарш-қарш, сарт-сұрт, салдыр-гүлдір, арбаң-арбаң, күмп-күмп, селк-селк, тарс-тұрс, қарқ-қарқ* және т. б.

Қос сөздердің барлық түрі де дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *жан-жануар, ертелі-кеш, ыстық-суық, жым-жылас, бір-биік, ыдыс-аяқ, жүре-жүре, бетпе-бет, өзді-өзі, бірде-бір* және т. б.

Ескерту. 1. Қос сөздердің де, біріккен сөздердің де қатарына снбейтін кейбір күрделі сөздер бар. Ол сөздер *және* деген жалғаулықсыз қолданылғанда, арасына дефис қойылады. Мысалы: *үгіт-насихат* (үгіт және насихат жұмысы), *мәдени-ағарту, саяси-көпшілік, орысша-қазақша, Мойынты-Шу* (темір жол) және т. б.

2. *Киловатт-сағат, борт-механик, телефон-автомат* тәрізді күрделі есім сөздер де дефис арқылы жазылады.

84-жаттығу. Төмендегі қос сөздердің қандай жолдармен жасалғанын айтыңдар.

қолма-қол	жүзбе-жүз	жап-жасыл
оқта-текте	бұрқ-сарқ	мәре-сәре
тіп-тік	қалбаң-құлбаң	ат-мат
аумалы-төкпелі	шикілі-пісілі	сыбыр-сыбыр
ауызба-ауыз	көптеп-көмектеп	еңку-еңку
сарт-сұрт	коп-қою	төбе-төбе
аяқ-табақ	аз-маз	аға-іні
темір-терсек	күте-күте	қарама-қарсы
көре-көре	қалт-қалт	ұмар-жұмар
сүп-сүйір	құрт-құмырсқа	кедей-кепшік
жылт-жылт	ду-ду	апа-қарындас
		ауыс-түйіс

85-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден қос сөздерді теріп, оларды түр-түрге бөліп, дәптерлеріңе көшіріңдер.

1. Қыс ызғарып сезгесін-ақ күзеуде отырған ел қыстауға асығыс көшіп, қора-қопсының қамын жеп, қай ауыл да абыр-сабыр. Оның үстіне суық түскелі, қырды қыстайтын көп ауыл теңіз жағасына ағылып, үздік-создық келіп жатыр. 2. Еріндері көгеріп, дірдектеп тоңып,

кішкене қылқанақ тістері сақ-сақ етеді. (Ә. Н.) 3. Жанды қара жоқ... Бірен-саран шалшық сулардың басында ұйлығып отырған топ-топ қаздарды көресін. 4. Жолдасым — отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам. Сиректеу сақал-мұрты бар; қара бұжыр. Астында қойшылар мінген қара кер бесті, үсті-үстіне ұрып отырмаса, кейін қалып қоя береді. 5. Сол көп сарынның ішінде екі-үш рет алыстан атылған мылтық дауысы да ұрт-ұрт етіп естіліп қалды. (М. Ә.) 6. Дәл осы кезде топтанып, шоғырланып келе жатқан жылқы жан-жағына тоз-тоз болып бытырап жөнелді. Әрі-беріден соң жау сойылы да бөгет бола алмады. (М. Ә.) 7. Жолбарыстай тап-тарғыл қауын жатыр жұрттың ортасында! Қыр арқасы қыртыс-қыртыс, екі бүйірі тарғыл ала, жұрт танданумен тұр. (F. M.) 8. Ертелі-кеш ерсілі-қарсылы судан өту сияқты үлкен қауіп-қатермен аяқтайды. (С. Б.)

§ 24. Қысқарған сөздер және олардың емлесі.

Күрделі атаулардың ықшамдалынып алынған түрі қысқарған сөздер деп аталады.

Қысқарған сөздер күрделі атаулардың құрамындағы сөздердің әріптері немесе буындарынан жасалады. Мысалы: ГДР (Герман Демократиялық Республикасы), ҚазССР (Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы), обком (облыстық комитет).

Күрделі атаудың құрамындағы алғашқы сөздің басқы буыны мен соңғы бүтін сөздің тіркесуінен де қысқарған сөз жасалады. Мысалы: *пединститут* (педагогтық институт), *партсъезд* (партия съезі).

Сөздердің басқы әріптерінен құралған қысқарған сөздер алфавиттегі әріптердің атымен аталады. Мысалы, ГДР деген қысқарған сөз *гэдээр* түрінде айтылады.

Ескерту. СССР, ВЛКСМ тәрізді сөздер орыс тіліндегі қысқарған түрінде қолданылады. Бұл сөздер қазақ тілінде толық түрінде Советтік Социалистік Республикалар Одағы, Бүкіл Одақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы болып айтылып, осылай жазылады.

Күрделі атаулардың құрамындағы сөздердің басқы әріптерінен құралып қысқарылған сөздер бас әріппен жазылады. Ол әріптердің аралығына нүкте қойылмайды. Қысқарған сөздің бұл түріне қосымшалар соңғы әріптің

жуан не жіңішке аталуына қарай үндесіп жалғанады да, дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *АҚШ-та, АҚШ-тан, РТС-те, РТС-тен.*

Күрделі атаулардың құрамындағы алғашқы сөздің басқы буынынан және соңғы сөздердің басқы әріптерінен қысқарған сөздердің аралығына да нүкте қойылмайды. Алғашқы буынның бірінші дыбысы және соңғы сөздерден алынған жеке дыбыстар бас әріппен жазылады да, қосымшалар дефис арқылы жалғанады. Мысалы: *ҚазПИ-де, ҚазМИ-ге.*

Күрделі атаулардың құрамындағы сөздердің басқы буындарынан құралған немесе басқы буыны мен тұтас сөзден бірігіп қысқарған сөздер біркелкі кіші әріптермен жазылады да, қосымшалар дефиссіз жалғанады. Мысалы: *парткомның мүшесі, пединституттың студенті.*

86-жаттығу. Төменде келтірілген қысқарған сөздердің толық түрі қандай сөздер екенін айтыңдар.

1. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы маңдай алды көркем шығармалардың атворларына берілді.
2. Радиодан ҚазТАГ-тың хабарын тындадық.
3. Оның ағасы пединститутта оқиды.

СӨЗ ҚҰРАМЫ МЕН СӨЗДІҢ ЖАСАЛУЫН ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

87-жаттығу. Қара әріппен жазылған сөздердің құрамын талдап, олардың негізгі түбірі мен қосымшаларын (жұрнақ, жалғау) атаңдар. Жұрнақ жалғану арқылы қандай туынды сөздердің жасалып тұрғанын айтыңдар.

ГҮЛ-КОСМОНАВТ.

Космоста бактерия, бір клеткалы су өсімдігі, ашытқы және гүлдеген өсімдік бұтағы болып қайтқаны белгілі. Ал «Космос-110» спутнигінде бірінші рет тамыры кесілмеген бір түп традесканция өсімдігі саяхатқа барып қайтты. Ұшу 22 күнге созылды. Бұл аралықта өсімдік бар контейнер орнатылған спутник жерден 900 км қашықтаған еді. Қуатты электрондар мен протондар және ұсақ басқа бөлшектер мұндай биіктікте контейнер қабырғасынан өтіп кетері сөзсіз. Мұның өзі өсімдікке «жағады» екен.

Жерге қайта оралғанда, космонавт-өсімдіктің сабақтары шиыршықталып, гүлдерінің түсі өзгергендігі байқалды. Ал жердегі өсімдікті мұндай жағдайға келтіре алмас едік. Бұл құбылыс жан-жақты зерттелуде. («Білім және еңбек» журналы.)

КИТ ТЫНЫСЫ.

Мұхит зерттеушілерді көп уақыттан бері мұхит түбінен келетін дыбыстық тербеліс таңдандыратын. Жиілігі адам құлағы ести алмайтындай төмен болса да, оның қарқыны едәуір. Жақында американдық ғалым сағатына 8 километр жылдамдық алатын бұл тербелістің көзіп тапты. Бұл тербеліс кит жүрегінің дүрсілінен шығады екен!

Көк түсті киттер жүрегінің салмағы бір тоннаға жетеді. Жүрек жиырылуы кезінде 8 тонна қанды айдап шығару үшін 10 ат күші керек болар еді. Теңіздің айдын алыс шетіне тербеліс туғызып жатқан «алып механизмінің» сыры осындай. («Білім және еңбек» журналы.)

88-жаттығу. Тексті оқып шығып, туынды сөздердің қайсылар екенін және олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айтыңдар.

ЖАПАЛАҚ — ҚОЙМА КҮЗЕТШІСІ.

Осынау сүйкімсіздеу құстың пайдасын кім білген! Қазір ол жайында «Бородулиха» совхозының тұрғындары қызыға әңгімелейді.

Оқиға былай болды. Қөктемге салым екінші бөлімшенің тұқым сақтаған қоймасының маңы торғайларға толып кетті. Олар қоймаға кіріп, күзетшіге тыным бермеді. Оның үстіне тышқандар да пайда болды. Күзетші олармен күресудің жолын іздеп дал болды.

Көмек күтпеген жерден келді. Бөлімше бригадирі Н. Я. Воронюк балалардың бір құсты азаптап ойнап жүргенін көріп, айырып алды. Бұл — жапалақ еді. Сол мандағы қойма күзетшісіне әкеп берді.

Жапалақтың астыққа зияны жоқтығы белгілі, ол жарасынан айыққанша, қойманың ішіне жіберілді. Көп кешікпей күзетші торғайлардың қойманың маңына жоламай кеткенін байқады. Бір сәтте қойманы ашып қарағанда, оның ішінен шашылып жатқан торғай қауырсын-

дарын көрді. Бұл — жапалақтың ісі еді. Келе-келе, қой-ма тышқандардан да арылды. Сөйтіп ол ойламаған жерде күзетшінің сенімді көмекшісі болып шықты. (*«Социалистік Қазақстан» газеті.*)

89-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, олардың ішінен біріккен сөздерді теріп көшіріңдер. Біріккен сөздердің қандай түбірлердің бірігуінен жасалғанын айтып, олардың емлесін есте сақтаңдар.

1. Биыл осы маңайда қаптесер мен көртышқанның іші қаптап кетті. 2. Мол ғып ек таусағыздар, көксағыздар, Олардың сағыздарын ағызып ал. (С. М.) 3. Кешке колхоз клубында осындағы көркемөнер үйірмесінің концерті болады екен. (Б. С.) 4. Құнбатыс жақтан қарауытып көп жылқы көрінді. 5. Оның аулы Жезқазғанның күншығыс жағында.

90-жаттығу. Оқып шығып, күрделі сөздерді атаңдар. Олардың күрделі сөздің қай түріне жататындығын және қалай жасалып тұрғанын айтыңдар. Тексте көрсетілген күрделі сөздердің емлесін есте сақтаңдар.

I. 1. Ырғыз-Торғай көлдері — су құстарының тұрақты мекені. Мұнда жер жүзінде сирек кездесетін аққудың 30 мыңдайы мекендейді. Бұл — жабайы қаз бен үйректердің де өсіп-өрбіп жатқан жері. Сондай-ақ бұл аймақта жыл сайын 250 мыңдай ақ бөкен төлдейді. Алматы қорығында құлан, марал, бұғы, тау теке, карақұйрық, елік, ондатр, күзен өсіріледі. Шымкент облысының Түлкібас ауданындағы Ақсу-Жабағылы қорығында марал, арқар, тау теке, Қызылорда облысының Арал теңізіндегі Барсақелмес аралындағы қорықта құлан, ақ бөкен және басқа бағалы аңдар өсірілуде. Бұлардан басқа да бірнеше аңшылық шаруашылықтарда 47 178 гектар жерде аңдар мен құстар бақылауға алынып, көптеп өсіріліп келеді. Бұлар—республикамыздың қосымша байлығы. 2. Талдықорғанда болған экспедиция Жетісудың әр кездегі тарихын баяндайтын Қырыққорғанды қазып зерттеді. (*«Ғалам ғажаптары» кітабы.*)

II. Айнала тым-тырыс. Оқтын-оқтын салқын самал есіп өтеді. Қайсар қиғаштай түскен күн сәулесінен көзін қолымен қалқалай аспанға тағы да қадалады. Шұбатылған ақша бұлттардың көрінісі қас қаққанша құбылғанын тамашалайды. Мына бір жіңішкере-жінішкере келіп, екіге үзіліп кетті. Әнеу бір бұлт әлгінде ғана кішкентай, қаң-

бақ секілді дөп-дөңгелек еді, домалай-домалай келіп, басқа ұсақ бұлттарды бойына жамай-жамай, ақыры міне жарты аспанды өзі алып барады. Кейбір бұлт өркеш-өркеш болса, енді бірі көгілдір қағаз бетіне тамған сия секілді.

Аспанға қарай-қарай жалықты ма, Қайсар бір қырынан аунап түсті. Енді өзеннің биік жар қабағы тұр көз алдында. Шидей жасыл балдыр қамыстар иін тіресіп, болар-болмас тербеледі. (С. Бегалин.)

91-жаттығу. Сөздердің бірігуінен жасалған жер-су атауларын (топонимдерді) көшіріп жазып, олардың емлесін еске сақтаңдар.

Қазақстан топонимдерінің (жер-су атауларының) ішінде өсімдіктер мен жануарлардың атына негізделген немесе ұқсату мен теңеуге негізделген жер-су атаулары жиі ұшырайды. Олар мыналар:

1. Ағаштың, өсімдіктің аттарына негізделген жер-су аттары: Ақтоғай (аудан орталығы, Қарағанды облысында), Жарқамыс (аудан орталығы, Ақтөбе облысында), Қаратал (станция, Талдықорған облысында), Қаратөгі (станция, Ақтөбе облысында), Көктерек (аудан, Жамбыл облысында), Сарыағаш (аудан орталығы, Шымкент облысында), Ұзынағаш (станция, аудан орталығы, Алматы облысында).

2. Хайуанат атауларына негізделген жер-су аттары: Бөрілітөбе (станция, Талдықорған облысында), Жиренайғыр (станция, Алматы облысында), Ақбалық (станция, Жамбыл облысында), Арықбалық (аудан, Көкшетау облысында).

3. Түр, түске негізделген жер-су аттары: Ақадыр (станция, Қарағанды облысында), Ақтал (жұмысшы поселкесі, Семей облысында), Ақжар (аудан орталығы, Шығыс Қазақстан облысында), Ақтөбе (қала, облыс), Шұбартау (аудан, Семей облысында), Қызылорда (қала, облыс).

4. Ұқсату мен теңеуге негізделген жер-су аттары: Айнабұлақ (станция, Талдықорған облысында), Қазаншұңқыр (жұмысшы поселкесі, Семей облысында), Құсмұрын (станция, Қостанай облысында), Түлкібас (аудан орталығы, станция, Шымкент облысында). (А. Әбдірахманов, Қазақстанның жер-су атаулары.)

СӨЗ ТАПТАРЫ.

Зат есім.

ЗАТ ЕСІМНЕН IV КЛАСТА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ.

Жалпы есім мен жалқы есім.

92-жаттығу. Алдымен оқып шығып, қара әріптермен жазылған сөздердің жалпы есім не жалқы есім екенін айқындаңдар. Бұларды айқындап алған соң, жалқы есімдерді бас әріппен жазып, жаттығуды көшіріңдер.

Егер жаяу адам орта есеппен күніне 30 километр жер жүретін болса, ол күнге 14 мың жылда жетер еді. Сағатына 100 километр шапшаңдықпен тоқтаусыз жүрген поезбен 170 жылда, ал сағатына 1000 километр шапшаңдықпен ұшатын самолётпен 17 жылдан астам уақытқа күнге жетуге тура келеді. Тіпті, атмосферадағы дыбыс жылдамдығының өзі де жерден күнге 14 жылда әрең жетеді.

Күн өз осін 27 тәуліктің ішінде бір айналады. Бірақ осы айналыстың кейбір ерекшеліктері бар. Мысалы, полюске жақындағанда, 30 тәулікте бір, экваторға жақындағанда, 25 тәулікте бір айналады.

Планеталардың ішіндегі күннен ең қашығы — **плутон** планетасы. Плутоң күннен 6 миллиард километр қашықтықта, мұның өзі — жерге қарағанда 40 есе қашық деген сөз.

Сағатына 2 мың километр шапшаңдықпен ұшатын реактивті самолётпен ұшқанда, **плутонға** 350 жылда ғана жетуге болады.

1846 жылдың сентябрінде ашылған **нептун** күнді бірінші рет айналуын осы уақытқа дейін әлі аяқтаған жоқ. Ол тек 2011 жылы ғана күнді айналып шығады.

Июль айында бір күнде Алматы облысының бір шаршы метр жері 5 мың калория жылу алады. Мұнымен 50 литр суды әп-сәтте қайнатуға болар еді.

Дүние жүзінің астрономдары соңғы бес жыл ішінде күн сәулесінің 2 процент өскендігін байқады. («*Фалам ғажаптары*» кітабынан.)

93-жаттығу. Көшіріп, жалқы есімдерді бас әріппен жазыңдар.

I. Қарағанды облысының көлемі үлкен. Мысалы, италия, бельгия, нидерландия сияқты үш мемлекеттің жер көлемін қосқанда, бір қарағанды облысына эзер жетеді.

Облыс картасына көз жүгіртсең, жезқазған, жезді, кантөбе, теміртау, ұлытау деген жерлер бар. Бұл атаулардың өзі-ақ айтып тұр. Мұнда жез, темір сияқты қазба байлықтар болғандықтан, осылай аталғаны айдан анық.

Қазір қарағандының қанаттасы — балқаш, жезқазған, теміртау сияқты өнеркәсіпті қалалармен қоса бүкіл одақтық маңызы бар қоңырат, успенск шахталарын білмейтін адам кемде-кем. (*«Қазақстан пионері» газеті.*)

II. Темір рудалары бар жерлерді қазақстанның қай түкпірінен болса да іздеуге болады. Әсіресе болашағы мол аудандар — торғай даласы, қарағанды және целиноград облыстарының батыс жағы, ұлытау, қарсақпай, көкшетау бөктерлері, балқаш жиектері, ақтөбе және қазақстанның оңтүстік облыстары, алтай тауы.

Қазақстан мыс пен полиметалл қоймаларына қисапсыз бай. Алтай, шыңғыс, тарбағатай, сауыр, жоңғар, алатау, қаратау, мұғаджар, ұлытау, қарқаралы тауларында, жезқазған ойпатында, балқаш маңында, сарыарқада және тағы басқа көптеген жерлерде түсті металл рудаларының, қазір белгілі болған кен көздерімен қатар әлі де ашылмаған алыптары бар екендігі сөзсіз. (*«Білім және еңбек» журналы.*)

ИНСТИТУТЫ

Негізгі зат есім мен туынды зат есім.

Зат есімнің жұрнақтары.

94-жаттығу. Мақалдардың құрамындағы негізгі зат есім мен туынды зат есімдерді ажыратындар. Есім сөздерден (зат есім, сын есім) жасалған туынды зат есімдерді бір бөлек, етістік сөздерден жасалған туынды зат есімдерді бір бөлек тізімдеп көшіріңдер. Туынды зат есім жасап тұрған жұрнақтарды атаңдар.

МАҚАЛДАР.

1. Ерлік пен бірлік жеңіске жеткізеді. 2. Ердің сыншысы — елі. 3. Татулықта табыс мол. 4. Өлімнен ұят күшті. 5. Темірші көміршіге үйір. 6. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ. 7. Семіздікті қой көтерер. 8. Қой се-

мізі — қойшыдан. 9. Қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы. 10. Ағып суы бал татыр, ақ шабағы май татыр. 11. Диқаншы жерін мақтайды, балықшы көлін мақтайды. 12. Ексең егін, ішерсің тегін. 13. Егіндікті күз суар, күз суарсаң, жүз суар. 14. Еріншек егіншіден елгезек масақшы озар. 15. Шындық — сегіз, бақыт — егіз. 16. Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астында. 17. Сақтықта қорлық жоқ. 18. Кірісіне қарай шығысы.

95-жаттығу. Туынды зат есімдерді теріп көшіріңдер. Олардың қандай жолдармен (жұрнақ жалғану арқылы, түбірлердің бірігуі немесе қосарлануы арқылы) жасалғанын айтыңдар.

Қазіргі Қаратау шоқыларын қақ жарып, оңтүстік-шығыстап солтүстік-батыстағы Шолаққорғанға дейін жиегіне көз жетпейтін айдың шалқар көл жатыр. Көлдің ені не бәрі 8—12 км, суы өте тайыз. Таудан соққан желдің әсерінен көл суы тербеліп, жеңіл толқын жағаға шып-шып ұрады. Тақтайдай жазық көл түбіндегі лай бетінде ирендеген кішкене белестер. Жаз бойы көл суы тартылып, жағалары құрғап қалатын. Түбіне шөккен ақшыл түсті майда лай кебе келе, шым-шытырық жарылады. Айнала ұшып-қонып безектеген маса, шыбын-шіркейлер, инеліктер, су түбінде біресе сүңгіп, кейде қалқыған ұлу, қоңыздар, тарақан, құрт-құмырсқа жиектегі жабысқақ лайға қона қалса-ақ, аяқ-қанаттары жабысып, соққан толқынның жемі болып қала береді. Балықтар су бетінде қалқыған шыбын-шіркейді аулап, шолпылдап жүр. Міне, бірін-бірі қуып келіп, үлкенірек біреуі өз бауырын жұтып қойды. Кейіннен ғалымдар бұл балықтардың Қаратаудан басқа жерге тарاماған төрт түрін тапты. («Білім және еңбек» журналы.)

§ 25. Зат есімнің жекеше және көпше түрлері.

(көптік жалғау.)

Зат есімдер жекеше түрінде де, көпше түрінде де қолданылады. Көптік мағынаны білдіру үшін зат есімдерге көптік жалғауы жалғанады. Мысалы: *тау + лар, көл + + дер, кітап + тар.*

Көптік жалғауының фонетикалық (дыбыстық) түрлері мыналар:

-лар -дар -тар
-лер' -дер' -тер'

Сөздің соңғы буыны жуан болса, көптік жалғауы да жуан түрде (-лар, -дар, -тар), соңғы буын жіңішке болса, көптік жалғауы да жіңішке түрде (-лер, -дер, -тер) жалғанады.

Көптік жалғауының басқы дыбысының түрліше болуы сөздің соңғы дыбысына байланысты. Мұны мына кестеден көруге болады:

Сөздің соңғы дыбысы	Көптік жалғауы	Мысалдар
1. дауысты немесе үнді <i>р, у, й</i> дауыссыздарынан соң	<i>-лар</i> <i>-лер</i>	<i>оқушылар, көшелер, таулар, үйлер, пионерлер</i>
2. ұяң <i>з, ж</i> немесе үнді <i>л, м, н, ң</i> дауыссыздарынан соң	<i>-дар</i> <i>-дер</i>	<i>қаздар, этаждар, қайыңдар, кілемдер, өзендер, көлдер</i>
3. қатаң дауыссыздан соң	<i>-тар</i> <i>-тер</i>	<i>қонақтар, жолдастар, аттар, мектептер, көйлектер</i>

Алдынан сан есім тіркесіп айтылған зат есімдерге көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы: *1000 қой, 100 жылқы.*

Көптік жалғауы бірыңғай мүшелердің барлығына бірдей емес, әдетте ең соңғысына жалғанады. Мысалы:

*Көз тікті, құлақ қойды бұл сапарға
Күзетші, сақшы, малшы, тракторшы,
Инженер, профессор, ғалымдар да. (А. Т.)*

96-жаттығу. Өлеңді оқып, көптік жалғаулы сөздерді атаңдар. Сөздерге көптік жалғауының түрліше жалғану себебін түсіндіріңдер.

ЖАЗҒЫ ШІЛДЕ.

Ой, балалар, балалар, Шұбар ала шешектер,
Шілдем, шілдем-шілде¹ айым, Шудаланған көп шөптер.
Шырлап торғай күн сайын. Жапырақтар жалпайды,

¹ Шілде — июнь айының ескіше аты.

Жас қозылар марқайды.
Ұшты көк сай қуалай,
Сайда пісті тал, қурай.
Құрт, ірімшік қайналды,
Құлындар да байланды.

Нәйім, нәйім, бауырсақ,
Ағын суда шомылсақ.
Ой, балалар, балалар,
Ойналық та күлейік,
Үйретіп тай мінелік.

(I. Жансүгіров.)

§ 26. Зат есімнің тәуелденуі және тәуелдік жалғаулары.

Заттың біреуге немесе бір нәрсеге меншікті (тәуелді) екенін білдіру үшін, зат есімге тәуелдік жалғауы жалғаннады.

Мысалы: **Ол кітап оқыды** деген мен **Ол кітабын оқыды** дегенді салыстырып көрелік. Бірінші мысалда кітаптың кімге қатысты екені белгісіз болса, екінші мысалда кітаптың оның өзіне меншікті (тәуелді) екені білініп тұр. Соңғы мысалда кітаптың оған (III жаққа) тән екендігін білдіріп тұрған жалғау (-ы) — тәуелдік жалғауы.

Зат үш жаққа бірдей қатысты болуы мүмкін. Осыған орай, тәуелдік жалғауының үш жағы болады. Мысалы: **кітабым** (I жақ), **кітабың** (II жақ), **кітабы** (III жақ).

Заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екенін білдіретін жалғау тәуелдік жалғау деп аталады.

Сөзге тәуелдік жалғауы жалғанып түрленуін сөздің тәуелденуі дейміз. Тәуелденетін сөздер — көбінесе зат есімдер.

Тәуелдік жалғауының II жағының анайы және сыпайы түрлері бар. Мысалы: **сенің қаламың** (анайы түрі), **сіздің қаламыңыз** (сыпайы түрі).

Сөздің тәуелденуі екі түрге бөлінеді: оның бірі — оңаша тәуелдеу, екіншісі — ортақ тәуелдеу.

Бір не бірнеше заттың бір ғана иеленушіге тән екендігін білдіретін тәуелдеудің түрі оңаша тәуелдеу деп аталады. Мысалы: **оның кітабы, оның кітаптары**.

Бір не бірнеше заттың бір емес, бірнеше иеленушіге тән екендігін білдіретін тәуелдеудің түрі ортақ тәуелдеу деп аталады. Мысалы: **олардың кітабы, олардың кітаптары**.

Оңаша тәуелдеу мен ортақ тәуелдеуді және олардың бір-бірінен айырмашылығын келесі беттегі кестедегі мысалдардан көруге болады.

Жак	Оңаша тәуелдеу	Ортақ тәуелдеу
I	<i>менің кітабым, менің кітаптарым</i>	<i>біздің кітабымыз, біздің кітаптарымыз</i>
II	<i>сенің кітабың, сенің кітаптарың (сіздің кітабыңыз, сіздің кітаптарыңыз)</i>	<i>сендердің кітаптарың (сіздердің кітаптарыңыз)</i>
III	<i>оның кітабы, оның кітаптары</i>	<i>олардың кітабы, олардың кітаптары</i>

Тәуелдік жалғауындағы сөз ілік жалғаулы сөзбен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *кітаптың мұқабасы, пышақтың жүзі, ағаштың жапырағы*. Мұндай сөз тіркесінің құрамындағы ілік септіктегі сөздің жалғауы кейде түсіріліп те айтылады. Мысалы, *жердің беті* деудің орнына *жер беті* деп, *өзеннің жағасы* деудің орнына *өзен жағасы* деп те айта береміз.

Тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесіп келетін ілік жалғаулы сөздің сөйлемде әрқашан қолданыла беруі шарт емес. Ілік жалғаулы сөз сөйлемде арнайы айтылмағанмен, оның қай сөз екені тәуелдік жалғаулы сөзден білініп тұрады. Мысалы, *Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін (А.)* — деген сөйлемде *хатыңнан* деген сөзбен тіркесіп айтылуға тиісті ілік жалғаулы *сенің* деген сөз қолданылмағанмен, оның қай сөз екені сөйлемдегі тәуелдік жалғаулы сөзден (*хатыңнан*) белгілі болып тұр.

Ілік жалғаулы сөзден кейін сөйлемде, қалайда болма-

Жак	Дауыстыдан соң		Мысалы		Дауыссыздан соң		Мысалы	
	жуан	жі-ңішке	жуан	жіңішке	жуан	жі-ңішке	жуан	жі-ңішке
I	-м -мыз	-м -міз	<i>атам</i> <i>атамыз</i>	<i>әжем</i> <i>әжеміз</i>	-ым -ымыз	-ім -іміз	<i>қолым</i> <i>қолымыз</i>	<i>көзім</i> <i>көзіміз</i>
II	-ң -ңыз	-ң -ңіз	<i>атаң</i> <i>атаңыз</i>	<i>әжең</i> <i>әжеңіз</i>	-ың -ыңыз	-ің -іңіз	<i>қолың</i> <i>қолыңыз</i>	<i>көзің</i> <i>көзіңіз</i>
III	-сы	-сі	<i>атасы</i>	<i>әжесі</i>	-ы	-і	<i>қолы</i>	<i>көзі</i>

сын, тәуелдік жалғаулы сөздің келуі шарт. Тек біздің, сіздің деген ілік жалғаулы есімдіктермен тіркесіп келетін тәуелдеулі сөздің жалғауы кейде түсіріліп айтылады. Мысалы: *біздің еліміз — біздің ел, біздің елде, сіздің еліңіз — сіздің ел, сіздің елде.*

Тәуелдік жалғаулары сөздің соңғы дыбысының дауысты немесе дауыссыз болуына сәйкес түрленіп, сөздерге 71-беттегі кестеде көрсетілген түрде жалғанады.

97-жаттығу. Өленді оқып, тәуелдеулі сөздерді атаңдар. Ол сөздердің тәуелдік жалғауының қай жағында тұрғанын айтыңдар.

ШАТАЛОВ МЕНІҢ ЖЕРЛЕСІМ.

Космонавтың жанындай,	Советтік намыс үшін жүр,
Жаратушы едім өңгесін.	Ерлік ісі тым ірі-ақ!
Тонымның ішкі бауындай	Самға-самға, жерлесім,
Менің де ұшты жерлесім!	Ұшқыштың өз бәрінен!
Владимир Шаталов,	«Бұл не деген ер?!» — десін,
— Қызылжарлық бауырым,	Мекен тап ен әріден!..
Тиыш кеңісті қопарып,	Қуанышпен қарсы алар,
Соқтырды Совет дауылын.	Отаның, ұяң Қызылжар.
Жырақ жерде ұшып жүр,	Ақын аған жар салар
Жұлдыздай аққан зымырап,	Деп, — «Сенде күндей
	қызу бар!»

(С. М.)

98-жаттығу. Оқып шығып, ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздерді атаңдар. Ілік септіктегі сөздің ашық (жалғаулы) не жасырын (жалғаусыз) түрде екенін айтыңдар.

ОРМАНДАҒЫ КЕЗДЕСУ.

Өткір көзінен қайрат-жігердің оты ұшқындаған, өжет пішінді, шымыр денелі Мишаны біз 1943 жылы январь айында Курск орманында кездестірдік. Зеңбірек оғына ұшып, өліктей сұлап жатқан жаралы ұзын қарағайлар мен зәулім теректердің қу бұтақтарын, түбірлерін жинап жүрген Миша ойда жоқ жерде қасына келген біздің әскер тобымызға таңырқап қарап тұрды.

Бала бір мезетте аяғын ептеп басып, бізге жақындай түсіп:

— Ағайлар, амансыздар ма? — деді.

— Кімнің баласысың, бұл орманда жалғыз неғып жүрсің? — деген сұрауымызға бала іркілмей жауап берді:

— Орман баласымын. Менің әкем де, анам да — осы орман!

Оның сөзінен біз партизандар тобында болып, ысыл-гап баласын-ау деп шамаладық.

— Әке-шешен қайда? — деп сұрады капитан Капустин.

— Тұлдыр жетіммін, әкемді де, шешемді де фашистер кескілеп өлтірген,— деді, бала кеудесін кере ауыр күрсініп. Көз жанарына іркілген жасты бізге сездірмей кірлі алақанымен сүртіп, тағы да сөйлеп кетті.

— Екі жылдан бері иесіз қалған үйіме от жағып, түтін түтетейін деп ем!

Бір мезетте Миша бой-бой боп жыртылған сары тонының қалтасынан сырты кірлеген бір қағазды алып, капитан Капустинге ұсынды.

Сыртын кір басқан бір жапырақ қағаздың сырын білгенше, жанымыз жай таппай, тықыршып тұрмыз.

Капитан бір мезетте қарлыққан даусын барынша созып, қағазды қайталап оқи бастады:

«...Осы мінездеме... жас партизан Миша Шмельковқа берілді... 1942 жылдың август айынан бері біздің отрядта болып, өз қолынан 15 фашистің көзін жойды... Жан қиярлықпен істеген қызметтері толып жатыр. Шмельков жолдас — Советтік Отанның ер жүрек ұлы. Неміс тұтқынындағы жиырма адамды құтқарып, партизандар тобына қосқаны үшін алғыс жарияланды...»

— Жігіт екенсің, Миша! — деді капитан... (С. Омаров.)

99-жаттығу. Өленді көшіріп, онаша тәуелдеу түріндегі сөздің астын бір, ортақ тәуелдеу түріндегі сөздің астын екі сызындар.

РИЗАМЫЗ САҒАН БІЗ.

Күнде шат күліп күн,
Өміріміз жайдары.
Мәңгілік бақыттың
Өзіміз айғағы.

Тербелдім яслиде
Еркелеп жас күннен,
Құлақ сап жақсы үнге,
Әсем ән естігем...

Есейіп, ер жеттім,
Балалық шегінді.
Шақырды мектебім,
Жастық шақ көрінді.

Көп айтты мұғалім

Ұлы өмір туралы.

Алдымда сен тұрдың,

Отаным тұлғалы.

Жайып кең қартаны,

Қуанып,

күлеміз.

Бақыттың Отаны

Өзіңсің, білеміз.

Күлеміз, ойнаймыз,

Дем алып алаңсыз.

Ризамыз саған біз

Ұлы Отан — анамыз!

(Қ. Ыдырысов.)

ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ ЖӘНЕ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ.

§ 27. Септеу мен септік жалғаулары туралы түсінік.

Сөздерді бір-бірімен байланыстыратын жалғаулардың бірі — септік жалғаулары. Септік жалғаулары көбінесе зат есімдерге және зат есім мағынасындағы сөздерге жалғанады.

Зат есімдердің септік жалғаулары арқылы түрленуі (өзгеруі) септеу деп аталады.

Тілімізде 7 септік және олардың әрқайсысының өзіне тән сұраулары бар. Олар мыналар:

Атау — кім? не?	оқушы, дәптер
Ілік — кімнің? ненің?	оқушының, дәптердің
Барыс — кімге? неге? қайда?	оқушыға, дәптерге
Табыс — кімді? нені?	оқушыны, дәптерді
Жатыс — кімде? неде? қайда?	оқушыда, дәптерде
Шығыс — кімнен? неден? қайдан?	оқушыдан, дәптерден
Көмектес — кіммен? немен? қалай?	оқушымен, дәптермен

Сөздің қай септікте екендігі сұрағына қарай ажыратылады.

Атау септіктен басқа септіктер (ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес) жанама септіктер деп аталады. Жанама септіктердің әрқайсысының өзіне тән жалғауы бар. Жанама септіктегі сөзде атау септігіндегідей дербестілік, тынақтылық болмай, ол қалай да басқа бір сөзбен тіркесіп айтылады. Мысалы, *өзеннің ағысы, мектепке бару, жолдасынан білу* деген түрде айтыла бергенімен, жанама септіктегі сөздердің өзіне қатысты сөздерінен бөлініп, *өзеннің..., мектепке.., жолдасынан..* деген түрде айтылуы, әдетте, кездеспейді. Бұлардан кейін қалай да басқа бір сөздердің тіркесіп айтылуы қажет. Жанама септіктерде тынақтылық жоқ деуіміз де осыдан.

Атау септіктегі сөздер сөйлемде бастауыш, кейде баяндауыш болып, жанама септіктегі сөздер тұрлаусыз мүшелердің (толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) қызметін атқарады.

§ 28. Атау септік.

Атау септіктегі сөздің басқа септіктегі сөздермен салыстырғанда, дербестігі басым, ол жанама (ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес) септіктерге негіз болады. Жанама септіктердің жалғаулары атау тұлғалы сөздерге жалғанады. Атаудың өзіне тән септік жалғауы жоқ. Сөздер көптік жалғаулы түрінде де, тәуелдік жалғаулы түрінде де атау тұлғалы сөздер ретінде қаралып, жанама септіктерге негіз бола алады.

Атау септіктің сұраулары: *кім? не?* Бұл сұраулар бірде көпше түрде (*кімдер? нелер?*), бірде тәуелдеулі түрде (*кімім? кімің? кімі? кімдері? нем? нең? несі? нелері? және т. б.*) келіп, көптік және тәуелдік жалғаулы сөздерге сұрау бола алады.

100-жаттығу. Тексті оқып, сөйлем ішіндегі сөздердің қайсылары атау тұлғалы сөздер екенін айтыңдар.

ЖАПОНИЯДА ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАРСЫ АЛУ ДӘСТҮРІ.

Жапондар жаңа жылды түнде қарсы алмайды. Олардың жаңа жылы біздің елдегідей түнгі сағат он екіде емес, ертеңіне, бірінші январь күні таңмен бірге басталады. Таң алдында жапондар үйлерінен шығып, көтеріліп келе жатқан жаңа жылдың алғашқы күнін салтанатпен қарсы алады. Сауық-сайран содан кейін басталады.

Кісіге сыйлық тарту — жапон ұғымында үлкен құрмет. Сондықтан жаңа жыл күні әдемі кимоно киген әйелдер мен барын үстіне киіп сәнденіп шыққан еркектер біріне-бірі шама-шарқынша сыйлық тартады. Жапондар жаңа жыл дәстүрі бойынша көшеге қолдарына қарағайдың, тал, қарақаттың бұтақтарымен безелген бамбук шыбық ұстап шығады. Жапон халқының ырымы бойынша қолына бұл күні әлгіндей әшекейлі бамбук ұстап шыққан адамға жаңа жылда қарағай жасының ұзақтығы, бамбуктің беріктігі, тал, қарақаттың тез өсетін қасиеттері дариды-мыс. (*«Ғалам ғажаптары» кітабынан.*)

101-жаттығу. Өлеңді көшіріп, қара әріппен жазылған сөздердің атау тұлғасы мен басқа (жанама) септік жалғауының арасына қосу таңбасын (+) қойыңдар.

Үлгі: *Суырып көк + те қылышы + н.*

ДОЛЫ БҰЛТ.

Суырып көкте қылышын, Нәсерлі қара төнді бұлт. Тарылтып жердің тынысын, Тапа-тал түс болды ымырт. Өрістен қашты төрт түлік, Асыға үйге енді жұрт... Салатындай бір бүлік, Ақырды жерге долы бұлт.	Күйзелді келіп, күңіренді, Аласұрды аспанда, Шуылдап аймақ тебіренді, Жалынын жерге шашқанда... Жіберді жылап долы бұлт, Төгілді жерге көк нәсер... Өтті де кетті, болды ұмыт, Жадырап жайнап күлді жер.
--	---

(Қ. Аманжолов.)

§ 29. Ілік септік.

Ілік септіктегі сөз тәуелдеулі сөзбен тіркесіп қолданылады. Мысалы, *оқушының* деген ілік септіктегі сөз *қаламы* немесе *дәптері* деген тәуелдеулі сөздермен тіркесіп, *оқушының қаламы, оқушының дәптері* түрінде айтылады. Тәуелденген сөз (*қаламы, дәптері*) заттың біреуге тән (меншікті) екенін білдірсе, ілік септіктегі сөз (*оқушының*) тәуелді затқа (*қаламға, дәптерге*) иелікті білдіреді.

Ілік септіктің негізгі сұраулары: *кімнің? ненің?*

Ілік жалғауының фонетикалық (дыбыстық) түрлері мыналар:

$\frac{-ның}{-нің}, \frac{-дың}{-дің}, \frac{-тың}{-тің}$

Ілік жалғауы сөздің соңғы жуан буынынан соң жуан түрде (*-ның, -дың, -тың*), жіңішке буынынан соң жіңішке түрде (*-нің, -дің, -тің*) жалғанады.

Ілік жалғауының басқы дыбысының түрліше болуы сөздің соңғы дыбысына байланысты. Мұны мына кестеден көруге болады:

Сөздің соңғы дыбысы	Ілік жалғауы	Мысалдар
1. дауысты немесе үнді <i>м, н, ң</i> дауыссыздарынан соң	$\frac{-ның}{-нің}$	<i>қаланың, көшенің, шамның, күннің, шаңның</i>
2. ұяң <i>з, ж</i> немесе үнді <i>р, л, й, у</i> дауыссыздарынан соң	$\frac{-дың}{-дің}$	<i>қаздың, этаждың, жердің, көлдің, үйдің, таудың</i>
3. қатаң дауыссыздардан соң	$\frac{-тың}{-тің}$	<i>тастың, күректің, аттың, шөптің</i>

Ілік септіктегі сөз жалғаулы (ашық) түрде де (мысалы: *ауылдың маңы, өзеннің жағасы*), жалғаусыз (жа-сырын) түрде де (мысалы: *ауыл маңы, өзен жағасы*) қолданыла беріледі.

Есімдіктер әрқашан ілік септіктің жалғаулы (ашық) түрінде қолданылады. Ілік жалғауындағы өздік есімдік пен жіктеу есімдіктері қай жақта айтылса, онымен тіркесетін тәуелдік жалғаулы сөз де сол жақта айтылады. Мысалы:

I жақ. *Менің дәптерім*

II жақ. *Сенің дәптерің*

III жақ. *Оның дәптері*

Ілік жалғауындағы басқа сөздер әрқашан III жақ тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесіп айтылады. Мысалы: *жолдасымның дәптері, ағаштың жапырағы.*

Ілік септіктегі сөз бен тәуелдеулі сөздің тіркесінен географиялық атаулар, мекеме, ұйым және т. б. атаулары жасалады. Мұндай атаулардың құрамындағы ілік септіктегі сөздің жалғауы түсіріліп айтылады. Мысалы: *Семей қаласы, Балқаш көлі, медицина институты, комсомол комитеті* және т. б.

102-жаттығу. Сөздерге жалғанып тұрған ілік жалғауын қосу таңбасы арқылы ажыратып жазыңдар. Ілік септіктің жасырын (жалғаусыз) түрінде қолданылған сөздердің қай сөздер екенін айтыңдар.

ЖҰМБАҚ АН.

Ғалым биологтар Қалан деп аталатын ұлпа жүнді теңіз жануарының тіршілігін зерттеуде. Зерттеу Медный аралындағы ауданда жүріп жатыр. Бұл аңның құрғақта және судағы өмірімен жете танысу үшін, Глинка бухтасында арнайы су қойнауы жасалып, оған бірнеше Қалан жіберілді.

Ғалымдар тобы бұл хайуанның су астындағы өмірін тексеруде. Қалан өмірі — жұмбақ. Ол суда арқасымен жатып ұйықтайды. Су бетінде тамақтанады, балаларын жуатады. Ұйықтап жатқанда, теңіз толқыны алысқа алып кетпес үшін аяқтарын су өсімдігіне байланыстырып қояды. Қалан Командор және Куриль аралдарында және Камчатка жарты аралының оңтүстік шетінде өмір сүреді. (*«Білім және еңбек» журналы.*)

103-жаттығу. Оқып шығып, ілік жалғауындағы сөздерді атаңдар. Ілік жалғаулы сөздің басқа қандай жалғаулы сөзбен тіркесіп (байланысып) тұрғанын айтыңдар.

Алуан түрлі жеміс ағаштары көздің нұрын алады. Мақсұттың әсіресе танданғаны—бақта мичуриндік алмалардың жаңа сорттарының көптігі. «Мұның бәрін қарттың өзі отырғызған» — деген Раушанның сөзінен кейін, қартқа деген оның көңілі басқаша ұйтқыды. Қарт еңбегінің жемістері көз алдында тұр. Талай ой, талай күш кетті емес пе, бұған? Осылай, ойлаған сайын оның іші қартқа риза болып, тоң көңілі жіпси бастады. Мұндай адамды жаман деуге, жақтырмауға көңілі дауаламады. Аузы батып айта алар емес. (С. Сарғасқәев.)

§ 30. Барыс септік.

Барыс септіктегі сөз етістік сөздермен тіркесіп, бірде бағытты (мысалы: *қырманға барды*), бірде мақсатты (мысалы: *оқуға келді*) білдіреді.

Барыс септіктің сұраулары — *кімге? неге? қайда?*

Барыс жалғауының түрлері мыналар: $\begin{matrix} -ға & -қа & -а \\ -ге & -ке & -е \end{matrix}$

$\begin{matrix} -на \\ -не \end{matrix}$

Барыс жалғауы сөздің соңғы жауан буынынан соң жауан түрде (*-ға, -қа, -а, -на*), жіңішке буынынан соң жіңішке түрде (*-ге, -ке, -е, -не*) жалғанады.

Барыс жалғауының басқы дыбысының түрліше болуы септелетін сөздің соңғы дыбысы мен сөз соңындағы тәуелдік жалғауына байланысты. Мұны мына кестеден көруге болады:

Сөздің соңғы дыбысы және тәуелдік жалғауының жағы	Барыс жалғауы	Мысалдар
1. дауысты немесе ұяң з, ж дауыссыздарынан соң	$\begin{matrix} -ға \\ -ге \end{matrix}$	<i>қалаға, көшеге, жезге, этажға</i>
2. қатаң дауыссыздан соң	$\begin{matrix} -қа \\ -ке \end{matrix}$	<i>тасқа, күрекке, атқа, шөпке</i>
3. тәуелдік жалғауының I, II жағынан соң	$\begin{matrix} -а \\ -е \end{matrix}$	<i>досыма, досыңа, ініме, ініңе</i>
4. тәуелдік жалғауының III жағынан соң	$\begin{matrix} -на \\ -не \end{matrix}$	<i>досына, інісіне</i>

Барыс жалғаулы зат есімдер кейде *дейін* (*шейін*), *таман*, *қарай* тәрізді септеулік шылаулармен тіркесіп айтылады. Мысалы: *Көлге дейін барады. Өзенге таман жақындады. Тоғайға қарай кетті.*

104-жаттығу. Өлеңді оқып, барыс жалғаулы сөздерді атаңдар.

ЮРИЙ ГАГАРИН.

Циолковский космосқа
Тікті көздің жанарын.
Шолпанға, Айға, Марсқа
Аударды ой назарын.

Білді ғалым жұлдызға
Адам қанат қағарын.

Айтып кетті ұл-қызға
Ракета жол табарын.

Байқоңырдан аспанға
Ұшты Юрий Гагарин.

— Жол ашық, — деп, —
космосқа! —

Берді батыр хабарын.

(Ә. Дүйсенбиев.)

105-жаттығу. Тексті көшіріп, сөздердің соңындағы барыс жалғауын қосу таңбасы (+) арқылы ажыратып жазыңдар.

«СӘУЕГЕЙ» ТОРҒАЙЛАР.

Ақсу-Жабағылы қорығының директоры кабинетінде отырып, торғайлар тұмсықтарына қауырсын тістеп, шатыр астына ұшып барып жатқанын байқап қалды. Келесі күні қауырсын тасыған торғайлар кешегісінен де көбейді.

— Торғайлар ұясына қауырсын таси бастапты, қалай, қыс таяп қалғаны ма, ақсақал? — деді ол қарауыл картқа.

— Ұяларын жылыту қамына кіріскеніне қарағанда, аязды күн таяп қалса керек, — деді ол.

Келесі күні радио тұтқиылдан қатты аяз болады деп хабарлады. Көп ұзамай күн суып кетті.

Торғайлардың «ауа райын бақылайтын бюросы» бұл жайға назар аударып, алдын ала үш күн бұрын «біліп» қойған еді. («Балдырған» журналы.)

106-жаттығу. Көп нүктенің орнына барыс жалғауын қойып көшіріңдер. Сөздерге барыс жалғауының әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.

- I. Көрдім тағы көктемді,
Жылы жүзді жетті жаз.
Жаңа үйімнің төрі...,
Шұғыла шашып жерім...
Көктің нұрын төкті жаз.
Далам... жастар дән егіп,
Дән еккен дала сәнденіп,
Етегін түре еңбек...
Елім, жерім болды мәз.
- II. Тотығып, тозбас жаның...,
Бойдағы ыстық қаның...,
Қуат берген бойың...
Жер-жиһанның жанары
Жарқыраған күн де азық,
Кең дала... сыймаған,
Осы егінді жинаған.
Осы құтты жырлаған,
Жан... әдемі жыр да азық.

(Жамбыл.)

III. АЙНА ТӘРІЗДЕС ЖЕР.

Разградск аймағы... қарасты Звырарци селосы... таяу жерде табиғаттың мынадай тамаша көрінісі белгілі болды. Селодан шығатын жолдың бір бөлігінің айна тәріздес екені байқалды. Жолдың ені 2—3, ал ұзыны 40—50 метр. Жолдың осы бөлігімен жүргенде адамдардың да, машиналардың да бейнесі су беті... түсіп тұрғандай болады. Мұндай көрініс күннің ашық, бұлтты болуына байланысты емес. Жер... түскен бейне, әсіресе ертеңгі сағат 8—9 шамасында анық көрінеді.

Ғалымдар табиғаттың бұл құбылысын зерттеу үстінде. Жолдан мұндай бейнелердің көрінуі топырақтың құрамы... байланысты дейді олардың алғашқы болжамдары. («Социалистік Қазақстан» газеті.)

107-жаттығу. Өлеңдерді оқып, тәуелдеулі барыс септіктегі сөздер мен тәуелдеусіз барыс септіктегі сөздерді атаңдар. Тәуелдеулі сөз бен тәуелдеусіз сөзге барыс жалғауының әр түрлі болып жалғануына назар аударыңдар.

ЖАЙЫҚ ҮСТІНДЕ.

- | | |
|-----------------------|-----------------------|
| Жүзгенде Ақжайыққа | Жайығым, аңқып алға |
| қайықпенен, | өргіп жібер, |
| Кеудемді самалына | Кетсін бір самалындай |
| жайып келем. | сергіп жігер. |
| Елінің пейіліндей кең | Кеудеме Құрманғазы |
| арнада, | күйін төгіп, |
| Өзім де толқын жырға | Жырыма Махамбеттің |
| байып келем. | өрлігін бер! |

(К. Бекхожин.)

108-жаттығу. Төмендегі сөздерге барыс септік жалғауын жалғаңдар да, оларды қатыстырып сөйлем құраңдар.

Өнер, егіс, халқым, еңбегің, табысың, қолы, көзі.

§ 31. Табыс септік.

Табыс септіктегі сөз іс-әрекетпен тікелей байланысты болады да, әрқашан етістікпен тіркесіп айтылады. Бұл септіктегі сөз етістіктердің ішінен тек сабақты етістіктермен (өзінің алдындағы сөздің табыс септігінде тұруын керек ететін етістіктер) тіркеседі. Мысалы, *Отанды сүй, анаңды ардақта* дегендегі *Отанды, анаңды* деген табыс жалғаулы зат есімдер *сүй, ардақта* деген сабақты етістіктермен тікелей байланыста айтылып тұр.

Табыс септіктің негізгі сұраулары — *кімді? нені?*

Табыс жалғауының түрлері мыналар: $\frac{-ны}{-ні}$, $\frac{-ды}{-ді}$, $\frac{-ты}{-ті}$

-н. Табыс жалғауы сөздің соңғы жуан буынынан соң жуан түрде (*-ны, -ды, -ты*), жіңішке буынынан соң жіңішке түрде (*-ні, -ді, -ті*) жалғанады. Тәуелдеулі сөздің III жағынан соң табыс жалғауы **-н** болып жалғанады.

Табыс жалғауының басқы дыбысының түрліше болуы септелетін сөздің соңғы дыбысына байланысты. Мұны мына кестеден көруге болады:

Сөздің соңғы дыбысы және тәуелдік жалғауының жағы	Табыс жалғауы	Мысалдар
1. Дауыстылардан соң	$\frac{-ны}{-ні}$	қаланы, көшені
2. Ұяң және үнді дауыссыздардан соң	$\frac{-ды}{-ді}$	қымызды, көлді
3. Қатаң дауыссыздардан соң	$\frac{-ты}{-ті}$	кітапты, күректі
4. Тәуелдік жалғауының III жағынан соң	-н	кітабын, күрегін

Табыс септіктегі сөз жалғаулы (ашық) түрде де, жалғаусыз (жасырын) түрде де келе береді.

Табыс септіктегі сөз мынандай жағдайларда жалғаулы түрде қолданылады:

1) нақтылы, белгілі нәрсені көрсеткенде: *Мен бұл кітапты оқыдым. Сен мына дәптерді ал.*

2) тәуелдік жалғаулы сөз септелгенде: *Хатыңды оқыдым да, ойыңды түсіндім.*

3) табыс септіктегі сөз бен етістіктің арасында басқа сөз айтылғанда: *Киноны кеше көрдік. Балықты қармақпен ұстады.*

4) есімдіктер септелгенде: *Біздерді байқамай, сіздерді көріпті.*

5) жалқы есімдер септелгенде: *Ленинградты араладық. Серікті кездестірдік.*

109-жаттығу. Өлеңді оқып, табыс септігіндегі зат есімдерді атаңдар. Олардың қандай етістікпен байланысты екенін айтыңдар.

БҰЛ КІМДЕР?

Алып жатқан жаң-жақты,
Үйлерді кім тұрғызды?

Жарқыратып кім жақты,
Жердегі көп жұлдызды?

Балалар, не білдіңдер,
Білсең айтшы, бұл кімдер?

Шекарада сақ тұрып,
Көз ілмей кім шыдады?

Таңды ерте аттырып,
Өріске кім шығады?

Балалар, не білдіңдер,
Білсең айтшы, бұл кімдер?

Үстіндегі киімді,
Кімдер тігіп береді?

Газет-журнал үйінді,
Қалай тауып келеді?

Бұл жайлы не білдіңдер,
Білсең айтшы, бұл кімдер?

Космостан кім оралар,
Кім жүргізген поезды?

Ал канеки, балалар,
Кімнің енді ойы озды?

Білемісің бұл кімдер,
Бәрімізге ұнаған?

Ұғындар да білдіңдер,
Бұл өзіңнің көп ағаң,
Бұл өзіңнің ата-анан.

(А. Сопыбеков.)

110-жаттығу. Өлеңді көшіріп, тәуелдеулі табыс септіктегі сөздердің (зат есімдердің) астын бір, тәуелдеусіз табыс септігіндегі сөздердің астын екі сызындар.

ТІНӘЛІ КІНӘЛЫ.

Көтеріп кластың
шандағын,

Тасыпты ласты
мандағы,

Кім кінәлы?

— Тінәлі!

— Су жаңа картаны

Сызыпты,

Кескілеп партаны

Бұзыпты,

Кім кінәлы?

— Тінәлі!

— Ісіріп Артықтың

Мұрынын,

Қыздардың тартыпты

Бұрымын,

Кім кінәлы?

— Тінәлі!

— «Қойсаңшы» дегенді
Қуыпты,
Сиямен еденді
«Жуыпты»,
Кім кінәлы?
— Тінәлі!

Салсандар ал маған,
Айтар ем мынаны:
Түзете алмаған
Достар да кінәлы!

(К. Мырзалиев.)

III-жаттығу. Мақалдарды көшіріп, табыс септігіндегі сөздің жалғауын (табыс) қосу таңбасы (+) арқылы ажыратып жазыңдар. Сөздерге табыс жалғауының әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.

МАҚАЛДАР.

1. Шеге тағаны сақтайды, таға тұлпарды сақтайды. Тұлпар ерін сақтайды, ері елін сақтайды. 2. Жолдасты жол айырады. 3. Алтынды еріте білмеген ірітер, теріні илей білмеген шірітер. 4. Таудағы түлкіні табындағы тазы алар. 5. Қолың көтермейтін шоқпарды беліңе байлама. 6. Тігілмеген етігінді мақтама. 7. Отты үрлеген жағады, шындықты іздеген табады. 8. Тағасының күмісін айтпа, атыңның жүрісін айт.

III-жаттығу. Көп нүктенің орнына табыс жалғауын қойып көшіріңдер. Табыс жалғауының сөздерге әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.

I. КОЛЛЕКТИВТІҢ ЖЫРЫН АЙТ!

Миллион көздер қараған,	Істеген осы ісі... айт!
Миллион милар санаған,	Күшті қолдың күші... айт!..
Ұлы өзгеріс түрі... айт!	Көк шолақ мойын босатып,
Тұрмыстың кілті... бұраған,	Еңбекті білім жасартып,
Миллионның басы...	Бұрқылдаған трактор.
кұраған,	Балғадай саусақ бүгіліп,
Сол түрдің терең сыры...	Мырқымбай винтке үңіліп,
айт!	Тетігі... тауып бұрап тұр;
Бәрін айт та — бірін айт:	Трактордың жыры... айт!
Коллективтің жырын айт!	Жерді тілген түрі... айт!
Ескінің күлі... ұшырып,	
Жанадан сәуле түсіріп,	

(Б. Майлин.)

II. ТАС ЖҰТҚЫШ КРОКОДИЛ.

Өзен жағасында кәдімгі тастар... жұтып жүрген крокодилдер... көргенде, аш болар деп ойлайсың. Жоқ, олар

1) нақтылы, белгілі нәрсені көрсеткенде: *Мен бұл кітапты оқыдым. Сен мына дәптерді ал.*

2) тәуелдік жалғаулы сөз септелгенде: *Хатыңды оқыдым да, ойыңды түсіндім.*

3) табыс септіктегі сөз бен етістіктің арасында басқа сөз айтылғанда: *Киноны кеше көрдік. Балықты қармақпен ұстады.*

4) есімдіктер септелгенде: *Біздерді байқамай, сіздерді көріпті.*

5) жалқы есімдер септелгенде: *Ленинградты араладық. Серікті кездестірдік.*

109-жаттығу. Өлеңді оқып, табыс септігіндегі зат есімдерді атаңдар. Олардың қандай етістікпен байланысты екенін айтыңдар.

БҰЛ КІМДЕР?

Алып жатқан жаң-жақты,
Үйлерді кім тұрғызды?

Жарқыратып кім жақты,
Жердегі көп жұлдызды?

Балалар, не білдіңдер,
Білсең айтшы, бұл кімдер?

Шекарада сақ тұрып,
Көз ілмей кім шыдады?

Таңды ерте аттырып,
Өріске кім шығады?

Балалар, не білдіңдер,
Білсең айтшы, бұл кімдер?

Үстіндегі киімді,
Кімдер тігіп береді?

Газет-журнал үйінді,
Қалай тауып келеді?

Бұл жайлы не білдіңдер,
Білсең айтшы, бұл кімдер?

Космостан кім оралар,
Кім жүргізген поезды?

Ал қанеки, балалар,
Кімнің енді ойы озды?

Білемісің бұл кімдер,
Бәрімізге ұнаған?

Ұғындар да біліңдер,
Бұл өзіңнің көп ағаң,
Бұл өзіңнің ата-анан.

(А. Сопыбеков.)

110-жаттығу. Өлеңді көшіріп, тәуелдеулі табыс септіктегі сөздердің (зат есімдердің) астын бір, тәуелдеусіз табыс септігіндегі сөздердің астын екі сызындар.

ТІНӘЛІ КІНӘЛЫ.

Көтеріп кластың
шаңдағын,

Тасыпты ласты
маңдағы,

Кім кінәлы?

— Тінәлі!

— Су жаңа картаны

Сызыпты,

Кескілеп партаны

Бұзыпты,

Кім кінәлы?

— Тінәлі!

— Ісіріп Артықтың

Мұрынын,

Қыздардың тартыпты

Бұрымын,

Кім кінәлы?

— Тінәлі!

— «Қойсаңшы» дегенді
Қуыпты,
Сиямен еденді
«Жуыпты»,
Кім кінәлы?
— Тінәлі!

Салсаңдар ал маған,
Айтар ем мынаны:
Түзете алмаған
Достар да кінәлы!

(Қ. Мырзалиев.)

III-жаттығу. Мақалдарды көшіріп, табыс септігіндегі сөздің жалғауын (табыс) қосу таңбасы (+) арқылы ажыратып жазыңдар. Сөздерге табыс жалғауының әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.

МАҚАЛДАР.

1. Шеге тағаны сақтайды, таға тұлпарды сақтайды. Тұлпар ерін сақтайды, ері елін сақтайды. 2. Жолдасты жол айырады. 3. Алтынды еріте білмеген ірітер, теріні илей білмеген шірітер. 4. Таудағы түлкіні табындағы тазы алар. 5. Қолың көтермейтін шоқпарды беліңе байлама. 6. Тігілмеген етігінді мақтама. 7. Отты үрлеген жағады, шындықты іздеген табады. 8. Тағасының күмісін айтпа, атыңның жүрісін айт.

III-жаттығу. Көп нүктенің орнына табыс жалғауын қойып көшіріңдер. Табыс жалғауының сөздерге әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.

I. ҚОЛЛЕКТИВТІҢ ЖЫРЫН АЙТ!

Миллион көздер қараған,	Істеген осы ісі... айт!
Миллион милар санаған,	Күшті қолдың күші... айт!..
Ұлы өзгеріс түрі... айт!	Көк шолақ мойын босатып,
Тұрмыстың кілті... бұраған,	Еңбекті білім жасартып,
Миллионның басы...	Бұрқылдаған трактор.
құраған,	Балғадай саусақ бүгіліп,
Сол түрдің терең сыры...	Мырқымбай винтке үңіліп,
айт!	Тетігі... тауып бұрап тұр;
Бәрін айт та — бірін айт:	Трактордың жыры... айт!
Қоллективтің жырын айт!	Жерді тілген түрі... айт!
Ескінің күлі... ұшырып,	
Жанадан сәуле түсіріп,	

(Б. Майлин.)

II. ТАС ЖҰТҚЫШ КРОКОДИЛ.

Өзен жағасында кәдімгі тастар... жұтып жүрген крокодилдер... көргенде, аш болар деп ойлайсың. Жоқ, олар

- | | |
|--|---|
| 2. Екі қолында
Екі қысқашы бар.
Түрі жаман,
Тырбиған нұсқасы бар. | Жолаушы жүрсен,
Шығарып салады.
Алдыңнан шығады,
Жаныңды еркелетеді. |
| 3. Ауылда мекені,
Қалада мекені. | 4. Ағашта жабысып тұрады,
Тұмсығын аямай ұрады. |

(Жұмбақтарды құрастырған—Ж. Смақов. Шешуі: қарлығаш, ұлу, тоқылдақ, шаян.)

116-жаттығу. Көшіріп, тәуелдеулі жатыс септігіндегі сөздердің астын бір, тәуелдеусіз жатыс септігіндегі сөздердің астын екі сызықпен сызындар.

I. ОСЫНЫҢ БӘРІ МАЛАЙЗИЯДА.

Жыл сайын белгілі бір уақытта Малайзияның шығыс жағалауында құмға мыңдаған алып тасбақа жұмыртқа салуға шығады. Тасбақалардың жұмыртқа салуы да — ғажап құбылыс. 1951 жылы осылардың бірін ұстап алып өлшегенде, ол бір жарым тоннаға сәл-ақ жетпей қалған. Бұл туралы жергілікті газет мақтана жазды.

Дүниеде ең үлкен крокодил де — осы Малайзия крокодилі. Оның ұзындығы ондаған метрге жетеді.

Дүние жүзіндегі ең ірі питон да 1949 жылы Малайзияда ұсталған. Оның ұзындығы 1963 жылы 8,5 метрге, салмағы 150 килограммға жеткен.

Әлемдегі ең үлкен жарқанат Малайзияда өседі. Осындағы ну орманда қанаттарының ұзындығы бір жарым метрге жететін жарқанатты көргендер болған.

Солтүстік Малайзияның ормандарында жүрген жабайы бұқалар да — дүниедегі ең ірі хайуанаттар. Жер бетіндегі ең сүзеген бұқалар да осылар.

Ең үлкен және ең әдемі гүлдер де Малайзияда. («Социалистік Қазақстан» газеті.)

II. ЖЕР СІЛКІНІСІ.

Жапонияда жер сілкіну көп болатынын жиі естиміз. Тіпті Токионың маңындағы аудандарда жылында 400 000 рет жер астылық дүмпулер болып тұрады екен. Соған карамастан, осы жерге темір жол көпірі салынған. Жер сілкіну кезінде апат болмас үшін Жапония ғалымдары бұл көпірге сілкіністі хабарлайтын күзетші орнатқан.

Жер сілкіну белгілі бір күшке жеткен уақытта арнайы құрал көпірге кіре беріс жерде светофорды іске қосады. Жанған қызыл шам поездың өтуін уақытша тоқтата тұрады. («Білім және еңбек» журналынан.)

117-жаттығу. Төмендегі сөздерге жатыс септік жалғауын жалғандар да, оларды қатыстырып сөйлем құрандар.

Көлеңке, орындық, көл, жолы, теңіз.

§ 33. Шығыс септік.

Шығыс септіктегі сөздер қимыл, іс-әрекеттің шыққан жерін (мысалы: *Таулардан өзен ағар сарқыраған*), заттарды салыстыру мағынасын (мысалы: *Бетегеден биік, жусаннан аласа*) және т. б. мағыналарды білдіреді.

Шығыс септіктің негізгі сұраулары — *кімнен? неден? қайдан?*

Шығыс жалғауының түрлері мыналар: $\frac{-дан}{-ден}$, $\frac{-нан}{-нен}$,

$\frac{-тан}{-тен}$.

Шығыс жалғауы сөздің соңғы жуан буынынан соң жуан түрде (*-дан, -нан, -тан*), жіңішке буынынан соң жіңішке түрде (*-ден, -нен, -тен*) жалғанады. Шығыс жалғауының басқы дыбысының түрліше болуы септелетін сөздің соңғы дыбысына байланысты. Мұны мына кестеден көруге болады:

Сөздің соңғы дыбысы немесе тәуелдеулі сөз	Шығыс жалғауы	Мысалдар
1. дауысты, ұяң <i>з, ж</i> не үнді <i>р, л</i> дауыссыздарынан соң	$\frac{-дан}{-ден}$	<i>қаладан, теңізден, этаждан, темірден, көлден</i>
2. үнді <i>м, н, ң</i> дауыссыздарынан және тәуелдеулі сөзден соң	$\frac{-нан}{-нен}$	<i>қаламнан, түтіннен, сеңнен, досымнан, досыңнан, досынан</i>
3. қатаң дауыссыздардан соң	$\frac{-тан}{-тен}$	<i>ағаштан, төсектен</i>

Сөздің шығыс септікте тұруын керек ететін септеулік шылаулар бар. Олар мыналар: *кейін, соң, гәрі, бұрын, әрі, бері*. Мысалы: *Жиналыстан кейін үйге қайтты. Даладан гәрі тау іші жылырақ.*

118-жаттығу. Өлеңді оқып шығып, қай сөздердің (зат есімдердің) шығыс септікте тұрғанын айтыңдар.

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕКТЕН.

Өңкей өрім балалар,
Қолымыздан өсірген!
Ар азығын алғандар
Ананың ақ төсінен!
«Аталасаң» еркелеп,
Орын берем қасымнан.
Сендер едің сол бөбек
Оң тіземе асылған,
Айтушы едім мен ертеқ
Қилы заман ғасырдан.
Ұға білсең бол зерек,
Көңілім судай тасыған.
Өжет едің жасыңнан,
Шығармаймын есімнен,
Сендер үшін басынан
Талай күнді ел кешірген.

Ер жеткізген осылай,
Жасқандырмай ешкімнен,
Елдің қамқор досындай
Ер кәдесі ескіден.
Жау жағадан алғанда,
Аттандырдық майданға:
«Жауға ойран сал!» — десеумен,
Сендер қолқа салғанда,
Жырды аяйын несін мені!
Жүз жасаған жүректен
Жырларымды төгейін.
Көктеменің күніндей,
Жауды жеңіп, күлімдеп
Келгеніңді көрсейін.
Қаһарманым, күнім деп,
Беттеріңнен өбейін!

(Жамбыл.)

119-жаттығу. Мақалдарды көшіріп, сөздерге жалғанған шығыс жалғауын дефис (-) арқылы ажыратып жазыңдар. Шығыс жалғауының сөздерге әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер. Шығыс септіктегі сөздердің қандай сөздермен байланысты екенін айтыңдар.

1. Қой семізі қойшыдан. 2. Сөз сөзден туады, сөйлемесе, қайдан туады. 3. Еттен өткен таяқтан сүйектен өткен сөз жаман. 4. Құлақтан кірген суық сөз көңіліңе барып мұз болар. 5. Ақыл жастан шығар, асыл тастан шығар. 6. Құр судан май шықпайды, құр сөзден мән шықпайды. 7. Тіл қылыштан өткір. 8. Жаман үйден қосым артық, сынық ошақтан мосым артық. 9. Тамшыдан тама-тама дария болар. 10. Көпшіліктен береке кетпес, берекелі жерден мереке кетпес. 11. Қорлық өмірден ерлік өлім артық. 12. Қорқақ көленкесінен де қорқады.

120-жаттығу. Төмендегі сөздердің соңындағы көп нүктенің орнына шығыс жалғауын қойып, сөйлем құрастырып жазыңдар. Шығыс жалғауының сөздерге әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.

Сабақ... кейін; жиналыс... соң; тау... әрі, көл... бергі жерде; қала... алыс; сүт... ақ, су... таза; қоян... да қорқақ; ағаш... жасалған; жолдасы... алу; су... өту; белуар... келу.

§ 34. Көмектес септік.

Көмектес септіктегі сөздер етістіктермен тіркесіп, қиылдың, істің қандай құралмен істелгенін (мысалы: *Шөпті орақпен орды. Ағашты балтамен жарды.*), істің тәсілін (мысалы: *Қалаға поезбен барды.*), бірлестігін (мысалы: *Жолдасымен ақылдасты.*) білдіреді.

Көмектес септіктің негізгі сұраулары — *кіммен? немен? қалай?*

Көмектес жалғауының түрлері мыналар: **-мен, -бен, -пен** (кейде көмектес жалғаулары *-менен, -бенен, -пенен* түрінде де ұшырасады). Көмектес жалғаулары сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарамастан, әрдайым жіңішке түрінде жалғанады. Көмектес жалғауының сөздерге жалғану үлгісі мынандай:

Сөздің соңғы дыбысы	Көмектес жалғауы	Мысалдар
1. дауысты не үнді дауыссыздардан соң	<i>-мен</i>	<i>баламен, көшемен, қаламмен, кендірмен</i>
2. ұяң з, ж дауыссыздарынан соң	<i>-бен</i>	<i>қағазбен, этажбен</i>
3. қатан дауыссыздардан соң	<i>-пен</i>	<i>қармақпен, сүзгішпен</i>

121-жаттығу. Оқып шығып, қай сөздердің көмектес септігінде тұрғанын айтындар.

1. Жақсы әнді тыңдасаң ой көзінмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.
2. Масғұтты ұры шапты қылышпенен,
Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен.
Есен-аман шал дағы құтылыпты,
Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен.

(Абай.)

3. Көп жұмысты күнімен, Отыр мысық тілімен
Келгендей-ақ қиратып. Үш тал мұртын ширатып.

(Ә. Дүйсенбиев.)

122-жаттығу. Мақалдарды көшіріп, көмектес септіктегі сөздердің жалғауын дефис (-) арқылы ажыратып жазыңдар. Көмектес септіктегі сөздердің қандай сөздермен байланысты екенін айтыңдар.

1. Асықпаған арбамен қоянға жетер. 2. Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір. 3. Қолымен қосаяқ соққан аузымен орақ орады. 4. Қолыңмен істегенді мойныңмен көтер. 5. Сумен ойнама, батарсын; отпен ойнама, жанарсын. 6. Желмен жарыспа, көлеңкенді қума. 7. Ұстамен жақын болсаң, ісің бітеді. 8. Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар. 9. Ел жасымен көрікті, тау тасымен көрікті, аяқ асымен көрікті. 10. Ер елімен жақсы, жер кенімен жақсы.

123-жаттығу. Жақшаны ашып, *мен, менен, пен, пенен* көмектес септік жалғауы болса, алдыңғы сөзбен бірге жазыңдар да, жалғаулық шылау болса, бөлек жазыңдар.

1. Осы көрік (пен), бұл үн (мен),
Әншілігің білінді.
Ұялмай, қалқам, бір сайра,
Біз де алалық үлгіні.
2. Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән (мен) тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.
3. Менің кеудем сендерге сандық (пен) тең,
Мүмкін болса, қақ жарып ашып көрсең.
4. Мұны тапсам ойланып, ақын деңіз.
Таба алмасам, ақылды болар неміз?
Қыс (пенен) жаз, күн (менен) түн, тақ (пенен) жұп,
Жақсылық (пен) жамандық — болды сегіз.
5. Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,
Жер ұйықтап, көкшіл шық (пен) бу алғанын.
6. Су сылдырап, жел гулеп, күн шуақтап,
Жылылық (пен) достықты тұрсын мақтап.
7. Бақаға өгіз тау (мен) тең,
Ұшып кетті зәресі.
Мақтаншақтың сен көрсең,
Бақада екен төресі.
8. Қанденге бір ит кездей боп
Деді: «Әліңді білсеңші.
Піл (мен) ұрысар сиқың жоқ,
Мазақ болмай, қой, көрші!»

(Абай.)

§ 35. Жай септеу мен тәуелді септеу.

Септік жалғаулары сөздердің тәуелдік жалғаусыз түріне де, тәуелдеулі түріне де жалғана береді. Осыған орай септеудің екі түрі болады: оның бірі — жай септеу, екіншісі — тәуелді септеу.

Сөздердің тәуелдік жалғаусыз түрінің септелуі жай септеу деп аталады да, тәуелдеулі түрінің септелуі тәуелді септеу деп аталады.

1. Жай септеудің үлгісі.

Септік	Жекеше		Көпше	
	жуан	жіңішке	жуан	жіңішке
А.	<i>дос</i>	<i>іні</i>	<i>достар</i>	<i>інілер</i>
І.	<i>достың</i>	<i>інінің</i>	<i>достардың</i>	<i>інілердің</i>
Б.	<i>досқа</i>	<i>ініге</i>	<i>достарға</i>	<i>інілерге</i>
Т.	<i>досты</i>	<i>ініні</i>	<i>достарды</i>	<i>інілерді</i>
Ж.	<i>доста</i>	<i>ініде</i>	<i>достарда</i>	<i>інілерде</i>
Ш.	<i>достан</i>	<i>ініден</i>	<i>достардан</i>	<i>інілерден</i>
К.	<i>доспен</i>	<i>інімен</i>	<i>достармен</i>	<i>інілермен</i>

2. Тәуелді септеудің (жекеше) үлгісі.

Септік	I жақ		II жақ		III жақ	
	жуан	жіңішке	жуан	жіңішке	жуан	жіңішке
А.	<i>досым</i>	<i>інім</i>	<i>досың</i>	<i>інің</i>	<i>досы</i>	<i>інісі</i>
І.	<i>досымның</i>	<i>інімнің</i>	<i>досыңның</i>	<i>ініңнің</i>	<i>досының</i>	<i>інісінің</i>
Б.	<i>досыма</i>	<i>ініме</i>	<i>досыңа</i>	<i>ініңе</i>	<i>досына</i>	<i>інісіне</i>
Т.	<i>досымды</i>	<i>інімді</i>	<i>досыңды</i>	<i>ініңді</i>	<i>досын</i>	<i>інісін</i>
Ж.	<i>досымда</i>	<i>інімде</i>	<i>досыңда</i>	<i>ініңде</i>	<i>досында</i>	<i>інісінде</i>
Ш.	<i>досымнан</i>	<i>інімнен</i>	<i>досыңнан</i>	<i>ініңнен</i>	<i>досынан</i>	<i>інісінен</i>
К.	<i>досыммен</i>	<i>ініммен</i>	<i>досыңмен</i>	<i>ініңмен</i>	<i>досымен</i>	<i>інісімен</i>

Ескерту. Тәуелдік жалғаулы сөздің II жақ сыпайы түрі жай септеудің үлгісімен септеледі. Тәуелдік жалғаулы сөздің көпше түрі-

нің (II жақ сыпайы түрінен басқасы) септелуінің жекеше түрінің септелуінен айырмашылығы болмайды.

124-жаттығу. Тексті оқып шығып, сөздердің жай септеу түрі мен тәуелді септеу түрін ажыратыңдар. Септелген сөздің қай септік жалғауында тұрғанын айтыңдар.

КӨРЕГЕН ҚЫРҒАУЫЛДАР.

Қоңыр күз.

Аң аулау шаруашылығының қызметкері таңертең тұрды да, алыстағы тау биігіне көз тастады. Ұлпа бұлт түү биіктен төмендеп, сай табанына ұйлыға қонып жатыр. Тоғай арасында қырғауылдар қыт-қыттайды. Ағаш бұтақтарына қонып алып, нақ бір ауылдағы әтештердей-ақ айқайға басты. Мекиендері де балапандарын жайымен тастай салып, мазасыздана шулай жөнелді.

Аңшы есікті ашты да, үй ішіндегілерге:

— Аула ішіндегі ашық-шашық дүниелеріңді жинаңдар, жауың жауатын сияқты,— деді.

Аңшының бұл қорықта тұрғанына жиырма алты жыл болған еді. Ол қырғауылдардың мына жан ұшырып мазасызданғаны жаңбырдың хабаршысы екенін жақсы білетін. Бұл жолы да түс ауа бұлт қоюланып, күздің сылбыр жауыны тәулік бойы толастаған жоқ. («Балдырған» журналынан.)

125-жаттығу. Өлеңді көшіріп, зат есімдерге жалғанған тәуелдік жалғауын қосу таңбасы (+) арқылы, септік жалғауын дефис (-) арқылы ажыратып жазыңдар.

СЛЯХАТТА.

Қайың, терек, қарағайы аралас	Көңілің бір қызығына
Баян таудың баурайында сан	тоймаған.
ағаш.	Көл жағалай шағаладай ақ
Жақпар-жақпар құздарының	шатыр,
басына	Ақ шатырда пионерлер — жас
Қанша шықсаң, құмарың бір	батыр.
тарамас.	«Жаз жайнатып, күн күлдіріп»
Балаусалы, көк майсалы, етегі	ән салып,
(Жақсы жайлау! — елі мақтан	Жалауларын жоғары ұстап
егеді),	сапта тұр.
Таң алдында шықтан моншақ	Соңғы әзірлік аяқталды
тағынып,	сапарға.
Қиялыңды алысқа алып кетеді.	Кім кешікті, тезірек тұр
Шортан, шабақ су сабалап	қатарға!
ойнаған,	Горн үні естілді сызылып,
Аясына айнадай көл орнаған.	Командадай:
Мөлдіріне қанша құлаш	«Шық жорыққа, тарт алға!»
сермесен,	(Ә. Ахметов.)

§ 36. Кейбір зат есімнің жіктелуі.

Зат есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, оларға жіктік жалғаулары жалғанады. Мысалы: *Мен агрономмын, сен инженерсің* деген сөйлем құрамындағы *агроном, инженер* деген зат есімдер жіктік жалғаулары (-мын, -сың) жалғану арқылы есімдіктерден (*мен, сен*) болған бастауыштармен байланысып, сөйлемде баяндауыш болып тұр.

Сөзге жіктік жалғауының жалғанып түрленуі сөздің жіктелуі деп аталады.

Жіктелу көбінесе етістіктерге тән. Басқа сөз таптары, соның ішінде зат есімдер, баяндауыш қызметінде жұмсалғанда ғана жіктеледі. Жіктік жалғауы баяндауыш қызметіндегі зат есімді бастауышпен байланыстырады.

Жіктік жалғауы есім сөздерге, соның ішінде зат есімдерге, тікелей жалғанады және есім сөздердің III жақтық арнайы жіктік жалғауы болмайды. Мысалы:

I жақ	ұшқышпын
II жақ	ұшқышсың
III жақ	ұшқыш —

Жіктік жалғауының жекеше, көпше түрлері және оның II жағының анайы, сыпайы түрлері бар.

Есімдерге, соның ішінде зат есімдерге, жалғанатын I жақ жіктік жалғаулары:

Жекеше түрі: $\frac{-мын,}{-мін}, \frac{-бын,}{-бін}, \frac{-пын,}{-пін}$

Көпше түрі: $\frac{-мыз,}{-міз}, \frac{-быз,}{-біз}, \frac{-пыз,}{-піз}$

II жақ жіктік жалғаулары:

	Жекеше	Көпше
а) анайы түрі:	$\frac{-сың,}{-сің}$	$\frac{-сындар,}{-сіңдер}$
ә) сыпайы түрі:	$\frac{-сыз,}{-сіз}$	$\frac{-сыздар,}{-сіздер}$

Септік жалғаулы сөздердің ішінен жіктеліп айтылатындары: жатыс және шығыс септігіндегі сөздер. Мысалы: *Біздер таудамыз, сендер ойдасыңдар. Мен ауылданмын, сен қаладансың.*

Сұраулық шылаулар (*ма, ме, ба, бе, па, пе*) жіктік жалғауының алдынан келуі мүмкін. Мұндайда сұраулық шылаудың құрамындағы *а, е* дыбыстары *ы, і* дыбыстарына айналады. Мысалы: *оқушысың ба? — оқушымысың? бүркітшісің бе? — бүркітшімісің?*

Зат есімдердің жіктелу үлгісі:

	Жақ	Жуан түрі	Жіңішке түрі
Жекеше	I (мен)	<i>жылқышымын</i>	<i>егіншімін</i>
	II (сен)	<i>{жылқышысың</i>	<i>{егіншісің</i>
	(сіз)	<i>{жылқышысыз</i>	<i>{егіншісіз</i>
	III (ол)	<i>жылқышы</i>	<i>егінші</i>
Көпше	I (біз, біздер)	<i>жылқышы(лар)мыз</i>	<i>егінші(лер)міз</i>
	II (сендер)	<i>{жылқышысыңдар</i>	<i>{егіншісіңдер</i>
	(сіздер)	<i>{жылқышысыздар</i>	<i>{егіншісіздер</i>
III (олар)	<i>жылқышы(лар)</i>	<i>егінші(лер)</i>	

126-жаттығу. Өлеңдерді оқып, жіктік жалғауындағы сөздерді атаңдар. Оя сөздердің жіктіктің қай жағында (I, II, III) қолданылып тұрғанын ажыратып айтыңдар.

ТӨБЕ МЕН ЖАЗЫҚ ЖЕР.

Сұр төбе мақтаныпты:

«Төбемін» — деп,

«Төңіректі түп-түгел

көремін», — деп.

Жазық жер мақтаныпты:

«Тегіспін» — деп,

«Жаздыгүні жайқалған

егіспін», — деп.

(Ш. Смаханұлы.)

МАХАМБЕТТІҢ ЖӘНГІРГЕ АЙТҚАНЫ.

Хан емессің, қасқырсың.	Хан емессің, ылаңсың,
Қас албасты басқырсың;	Қара шұбар жылансың.
Достарың келіп табалап,	Хан емессің, аянсың,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!	Айыр құйрық шаянсың.

127-жаттығу. *Кезекші, оқушы, агроном, дәрігер* деген сөздерге жіктік жалғауын жалғандар да, оларды қатыстырып сөйлем құраңдар.

§ 37. Жалғаулардың орын тәртібі.

Сөзге жалғаулардың бірнеше түрі бірінен соң бірі жалғана береді. Жалғаулар сөзге, қалай болса солай емес, рет-ретімен жалғанады. Сөз құрамындағы бірнеше жалғаудың әрқайсысының өз орны болады. Сөзге ең алдымен көптік жалғауы, одан кейін тәуелдік жалғауы, бұдан соң септік жалғауы, септік жалғауынан (жатыс немесе шығыс жалғауынан) кейін жіктік жалғауы жалғанады.

Сөз құрамында бірнеше жалғау қабаттасып келгенде, олар төмендегі кестеде көрсетілген тәртіп бойынша орналасады:

Түбір не туынды сөз	Көптік жалғау	Тәуелдік жалғау	Септік жалғау	Жіктік жалғау
қала	-лар	-ыңыз	-дан	-быз
мектеп	-тер	-ің	-де	-міз
жолдас	-тар	-ы	—	-мыз
ауыл	-дар	-ың	-нан	-мын
үй	-лер	-і	-нде	-сің
аға	-лар	-ымыз	-дың	—

Жалғаулардың жоғарыда көрсетілген орын тәртібі өзгермейді. Санаулы ғана сөздерде тәуелдік жалғауы көптік жалғауынан бұрын келуі мүмкін. Мысалы: *әже + м + дер, ана + м + дар.*

Сөзге жіктік жалғауы көптік жалғаудан бұрын да, соң да жалғануы мүмкін. Сөзге көптік жалғауынан соң II жақ жіктік жалғауы жалғанғанда, көптік жалғауы қайталанып келуі мүмкін. Мысалы: *сендер оқушы + сың + дар, сендер оқушы + лар + сың + дар.*

есім атау тұлғада (атау септікте) тұрады да, толықтауыш болған зат есім ілік септіктен басқа жанама септіктердің бірінде тұрады. Мысалы, *Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар* (Мақ.) — деген сөйлемде атау септіктегі **ат, ер** деген зат есімдер б а с т а у ы ш, табыс септіктегі *қазығын, елін* деген зат есімдер т о л ы қ - т а у ы ш болып тұр.

Қолданылу ыңғайына қарай, зат есімдер сөйлемде баяндауыш та, анықтауыш та, пысықтауыш та болуы мүмкін. Мысалы: 1. *Оқу — білім бұлағы, білім — өмір шырағы.* 2. *Болат пышақ қап түбінде жатпас.* (Мақ.) 3. *Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық.* (Ы. А.) Бірінші сөйлемдегі **білім бұлағы, өмір шырағы** деген зат есімдер б а я н д а у ы ш, екінші сөйлемдегі *болат* деген зат есім а н ы қ т а у ы ш, ал үшінші сөйлемдегі *ықыласпен* деген зат есім п ы с ы қ т а у ы ш болып тұр.

Зат есімнің сөйлемде кейде баяндауыш, анықтауыш немесе пысықтауыш болуы — оның негізгі (басты) қызметі емес, қосалқы (екінші қатардағы) қызметі.

131-жаттығу. Оқып шығып, зат есімдердің сөйлемде қай мүше болып тұрғанын айтындар.

I. КҮНБАЛЫҚ.

Советтік ғылыми-зерттеу кемесі — «Гневныйдың» экипажы өте сирек кездесетін аса үлкен күнбалықты Тасман теңізінен ұстаған. Күнбалықтың ұзындығы 4 метрден артық, биіктігі 2 метрге жуық. Салмағы — 1500 килограмм. Оның бір көзінің өзі ғана 7 килограмм тартқан. Бүкіл денесін құрышқа ұқсас қатты зат жауып тұрады. Тек аузының ішінен, желбезегінің арасынан ғана жұмсақ терінің қатпарлары көрінеді. («*Фалам ғажаптары*» кітабынан.)

II. ҰШАТЫН БАЛЫҚ НЕГЕ КӨРЕДІ?

Әдетте, кәдімгі балықты судан шығарсаң, біраз уақыттан кейін су қаранғы соқыр боп қалады. Мұның өзі балық көзінің формасы адам көзі тәріздес болуында екен. Шар тәріздес көз ауада не суда көруге арналған.

Ал ұшатын балықтың көзі дөңгелек емес. Оның көзінің мүйіз қабы, жарық түскенде, үш қырлы пирамидаға ұқсас. Сондықтан болар, ол суда да, ауада да нәрсені алыстан анық көреді.

Дүние жүзіндегі барлық теңіздерде дөңгелек шариктерге ұқсас жарық шығаратын, бір клеткалы организмдер өмір сүреді. Бұл — өте қызық жәндік. Олар шоғырланғанда, теңіз бетінде лаулап жанған отқа ұқсас жарық көрінеді. («Білім және еңбек» журналынан.)

ЗАТ ЕСІМДЕРДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАЛҒАУЛАРЫН ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

132-жаттығу. Оқып шығып, туынды зат есімдерді атаңдар. Олардың қандай жолдармен (жұрнақ жалғану, түбірлердің бірігуі немесе қосарлануы арқылы) жасалғанын айтыңдар.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

1. Дүниедегі ең үлкен сарқырама Венесуэла елінде. Оны Анхель деп атайды. Су 979 метр биіктіктен құлайды. Бұл сарқырама Чуриц өзенінің құйылысында.

2. Белгілі жазушы И. С. Тургенев суда жақсы жүзген. Айтулы аңшы, қайықпен жүзу спортының шебері болған. («Пыр.»)

3. Ең мұзды тау — Аляскадағы Небесне. Ондағы мұздың ұзындығы — 90 километр.

4. Егер ауадағы оттегі түгел сұйық затқа айналса (192 градус ыстықта осылай болуы мүмкін), бүкіл жер бетін қалыңдығы 2 метрден астам сұйық оттегі басып жатар еді.

5. Мұрғаб, Теджен (Түрікменстанда) және Шу (Қазақстанда) өзендері еш жерге құймайды. Олардың суы — Қарақұм мен Бетпақдаланың құмына сіңіп, жоқ боп кетеді. («Ғалам ғажаптары» кітабынан.)

6. Жыландар көбінесе тышқан, шыбын-шіркей, зиянды құрт-құмырскаларды аулайды. Индияда кейбір жыландар тапқырлық жасап, өз бойынан жарық шығаратын тас тауып алады да, күндіз аузында сақтап, түнде тақырлау жерге қойып, соның жарығына жиналған шыбын-шіркейді қағып алып жей береді. («Жыл он екі ай» атты календарьдан.)

133-жаттығу. Өлеңді оқып, көптік жалғаулы зат есімдерді атаңдар. Сөздерге көптік жалғауының әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.

I. ОРМАНДА.

Елімнің ерке ұланы — пионерлер,
Секілді кесіп өтер қияны ерлер.
Алға аттап, тау қанаттап келе жатыр,
Шыңына шығамыз деп қия белдер.
Сәске түс. Тау бөктері. Қалың орман,
Сайрайды сандуғаштар талға қонған.
Соғады алақанын жапырақтар,
Бұларды қарсы алғандай ұзақ жолдап.

(Ә. Ахметов.)

II. ТАСБАҚАНЫҢ ҚУЛЫҒЫ.

Оңтүстік Африка маңындағы аңдар қорығында бір қызық жай болды. Осы араға саяхатқа келген жолаушылар ағаш тасасына қойып кеткен автомобильдердің бірнеше жүз метрге жылжып кеткенін немесе аударылып жатқанын жиі кездестіреді екен. Белгісіз зиянкесті таба алмай олар қайран болады. Байқаса, бұл — көлеңке іздеген Тарзан атты алып тасбақаның ісі екен. (*«Білім және еңбек» журналы.*)

134-жаттығу. Оқып шығып, тәуелдік жалғаулы зат есімдерді атаңдар. Олардың тәуелдіктің қай жағында тұрғанын айтыңдар.

Қарт ана немересін кеудесіне басып, елжірей аймалады. Айтоты әжесінің бетінен шөп-шөп сүйді.

Содан кейін ол жуынды. Түнде жатарда киімдерін балалар бақшасында тәрбиешілері үйреткен тәртіппен ұқыпты жинап қойған еді. Ешкімнің көмегіңсіз, оларды да өзі киді.

— Бәрекелді! Ал енді, құлынтай, тамақ ішейік!

Екеуі ас үйге барды.

— Атам қайда? — деп, Айтоты тағы да сұрады. Көзімен үй ішінен іздей бастады.

— Айттым ғой жана. Атаң қазір келеді. Саған бір нәрсе әкелем деп кетті.

Қуана елендеген Айтоты орындығында отыра алмай тыпыршыды.

— Немене? «Волга» әкеле ме?

Әжесі көңілдене жымиды. Басына тартқан орамалының ұшымен жасаураған көзін сүртіп, аз-кем үнсіз отырды да, немересін тағы да сөзге айналдырды:

— «Волганы» қайтесің? Әуелі өзің мініп жүре аласың ба оған? — деді.

— Жүре аламын. Қасымда папам болады. Мамам, атам және сен арт жақта отырасыңдар. Ал мен машинаны былай жүргіземін.

Екі қолын алдына ұстап, дөңгелек жасаған Айтоты машина айдап бара жатқан адам сиқын жасады. «Пипп» деп те қойды. (Р. Райымқұлов.)

135-жаттығу. Көшіріп, ілік септіктегі сөздің астын бір, тәуелдеулі-сөздің астын екі сызықпен сызыңдар.

I. ТҰЗ ТАУЫ.

Советтік Тәжікстанның оңтүстігінде, ежелгі Куляпке таяу жерде Хожа-Момын деп аталатын асқар биік тау бар. Мұның бір ғажайыбы кілең таза тұздан құралған тау екендігінде болып отыр. Ғалымдардың айтуынша, егер осы тау болып тұрған тұзды асқа пайдаланса, жер бетіндегі бүкіл адам баласының шамамен 100 миллион жылына жететін көрінеді.

Бұл таудың ұшар басының биіктігі 900 метрге жетеді. Ал оның астында тұз қабаты жер қойнауының 4,5 километр тереңдігін алып жатыр. Таудың диаметрі 8,5 километр. Осындай таза тұздан құралған таудың болуы — табиғатта сирек кездесетін оқиғалардың бірі. («Ғалам гажаптары» кітабынан.)

II. «МЕРГЕН» ӨСІМДІКТЕР.

Кавказда өсетін «жабайы қияр», Сібір хохлаткасы, ұсақ көк гүлдер өздерінің дән тұқымын неғұрлым алысқа шашу үшін «атылады» екен. Қырымда өсетін «құтырған қияр» деп аталатын өсімдік өз дәнін алысқа жібереді екен. Сырт қарағанда, бұл өсімдіктің жапырағы, гүлі, тұқымы кәдімгі қиярға ұқсас. Бірақ пісе бастаған кезде тұқым қабыршағынан ерекше клетка өсе бастайды. Клетка ішіне арнайы сұйық толып, қысымы үш атмосфераға жеткенде, жарылып, одан атылған мылтық үніне ұқсас дыбыс естіледі. Ол осылай өз дәнін 6—8 метр қашықтыққа шаша алады. («Білім және еңбек» журналы.)

136-жаттығу. Көшіріп, сөздерге жалғанған тәуелдік жалғауын дефис (-) арқылы ажыратып жазыңдар.

БІЗДІҢ ЗАҢ.

Санаға білім нұрларын
Жинасақ күнде бәріміз,
Түсінсек өмір сырларын,
Ол біздің өсу заңымыз.

Туған жер төсін зерттесек,
Алтыны қайсы, мыс қайсы,—
Алмайтын қамал жоқ де-
сек —
Дегізген өмір нұсқасы.

Адамзат жердің бетінде
Бақытын тапсын десек біз,
Арманын қуып жетуге
Қанатын қақсын десек біз.

«Соғысу» деген сұмдықты
Ұмытсын адам десек біз,
Жарқырап жерді күн мықты
Жылытсын әмән десек біз.

Өмірде көбейт досыңды,
Достықсыз тірлік сәні не? —
Айтқызған бізге осыны
Советтік өмір заңы де!

Адамның атын ардақтап,
Жұқтырман оған кір, тозаң,
Келеді қорғап, нық сақтап,
Күдіреті күшті біздің заң.

Етеміз мақтан мұны біз,
Сүйеніп соған өсеміз.
Бсреке толы үйіміз,
Мереке толы көшеміз.

Осындай мықты, шат елмен,
Сүйсіне жасар жанымыз.
Күнде бір жеңіс әперген
Жасасын бақыт заңымыз!

(*Ғ. Қайырбеков.*)

137-жаптығу. Оқып шығып, ілік септіктегі зат есімдерді атандар. Ол зат есімдердің ілік септіктің ашық (жалғаулы) не жа-сырын (жалғаусыз) түрінде қолданылғанын ажыратындар. Ілік сеп-тіктегі сөздердің қай жалғаудағы сөздермен байланысты екенін ай-тындар.

ТОҢАЗЫТҚЫШ ТАУ.

Железноводскіде жартастар арасынан минералды ыс-тық су бұлақтары атқылап жатады, ал осы арадан үш километр жердегі Развилка тауының етегіне барған адам августың ыстығында мұз қабыршақтарын көреді. Бұл жерде ызғар байқалады, жартастардың қуыстарын жар-қыраған қырау басып тұрады, қиыршық тастар тығыл-ған қуыстардан қатпарланып қатқан мұздарды көруге болады.

«Ұйқыдағы арыстан» тауының (Развилка тауының екінші аты) етегіндегі мәңгілік мұздақ осы уақытқа де-йін әр түрлі даулар мен болжамдар туғызып келеді. Сөйтсе де ғалымдардың көпшілігі бұл таудың сырын бы-лай деп түсіндіреді. Кавказдың минералды суларының елеулі ауданы осы Развилка тауының етегінде болып отыр. Сөнген жанар тауының осы ауданының жер қой-науында көмір қышқыл газы ерекше мол. Зор қысымда-ғы және сығылықты жағдайдағы осы газ сыртқа теуіп, жартасты породаалардың қуыстары арқылы ауаға жа-

йылуға ұмтылады. Шапшаң жайылған газ температура-
сынан айрылып, төңіректегі ортаны суытады. Көптеген
өнеркәсіптік тоңазытқыш аппараттардың осы принцип
бойынша жасалғаны мәлім. Сондықтан Развилка тауы
да нақ осындай табиғи тоңазытқыш болуы ықтимал.
(«Ғалам ғажаптары» кітабынан.)

138-жаттығу. Өлеңді оқып шығып, табыс септігіндегі зат
есімдерді атаңдар. Ол зат есімдердің табыс септіктің ашық (жал-
ғаулы) не жасырын түрінде қолданылғанын ажыратыңдар. Табыс
септігіндегі зат есімдердің қандай етістіктермен байланысты екенін
айтыңдар.

ҰҚСАЙ ҚАЛҒАН САҚШЫҒА.

Ағаш мылтық асынып, — Сақшымын!
Күшік ертіп жүгірген. Қорғап жүрмін ел шетін.
Кейде тоқтап аялдап, Елді қорғау емес пе,
Ізге қарап үңілген. Менің дағы міндетім!
Бір балаға кездесіп, Сүйсіндім бұл баланың
Сонда тұрып сұрадым: Ісіне де, сөзіне,
— Не нәрсені жоғалтып Шекарашы сақшының
Іздеп жүрсің, шырағым?! Ұқсай қалған өзіне.
Айтты бала:

(«Қазақстан пионері» газетінен.)

139-жаттығу. Жұмбақтарды оқып, шешімін (олардың ше-
шімі төменде орындары ауыстырылып көрсетілген) табыңдар. Зат
есімдердің қай септік жалғауында тұрғанын айтыңдар.

ЖҰМБАҚТАР.

- | | |
|---|--|
| 1. Балапанын
Шырқауына түнеткен.
Қанатын қомдап,
Ұшарда сілкініп
Дүр-дүр еткен.
Осы қай құс, балалар,
Барлығынан түрі өк-
тем? | Мекені қамыста,
Бұл саған таныс па?
4. Жау көрсе қатты сасады,
Құйрығын тастап қашады.
5. Жылқыдай жалы бар,
Айбатты, қайратты.
Өгізді,
Түйені,
Биені
Жерге ұрып
Жайратты. |
| 2. Аша тұяқты,
Сиыр сияқты.
Мүйізі аршаға ұқсаған.
Адам үйретіп,
Қолында ұстаған. | Ал адам айлалы,
Осындай алыпты |
| 3. Тарғыл-тарғыл тас па?
Тастан бірақ басқа.. | |

- | | |
|---------------------|--------------------|
| Торға әкеп байлады. | Аршаның |
| 6. Асқа бармайды. | Түбінен табасың. |
| Аспаздан қалмайды. | Ине шаншылған |
| 7. Ағаштың, | Шүйке деп қаласың. |

(Жұмбақтарды құрастырған — Ж. Смақов. Ш е ш у і: бұғы, бүркіт, кесіртке, алжапқыш, кірпі, арыстан, жолбарыс.)

140-жаттығу. Көшіріп, зат есімдерге жалғанған септік жалғауларын дефис (-) арқылы ажыратып жазыңдар. Олардың қай септік жалғауда екенін айтыңдар.

ҚҰБА ТАЛ МЕН ШЫРМАУЫҚ.

(Мысал.)

Балапан тал — құба тал,	Ешқайда шықпа,
Бір кесір шырмауыққа қоңсы қонды,	Еш нәрсені ұқпа!
Екеуі көрші болды.	Балапан тал мықтап шырмалды,
Мәз болған шырмауық	Күннің нұрынаң да,
Құшағын бір ашып, бір жауып:	Бұлақтың суынан да
— Інім, келші! — деді.	құр қалды.
Бірақ бір ісі ерсі болды:	Шырмауық сөйтіп
Алғашқы күні талдың беліне оралды,	өсірмеді,
Ертеңіне бұтағына шығып дем алды.	Қасынан көшірмеді.
Бір күні иығына мініп алды.	Болғанда досы,
Жапырақтарын бүріп алды,	Қылғаны — осы...
Мұртынан күлімдеді:	Оқушыға айтар — бір қауіп,
— Мен — ағаң, сен — інім, — деді.—	Болмасын досың
Маған тұмсығыңды тық та,	шырмауық.
Жақсылап ұйықта,	Тәтті тілге шырмалып,
	Бәрінен жүрме құр қалып.

(З. Шүкіров.)

141-жаттығу. Өлеңді оқып, қай сөздердің зат есімдер екенін, оларға қандай жалғаулар (тәуелдік, септік, жіктік) жалғанып тұрғанын айтыңдар.

МЕН ШОПАННЫҢ ҰЛЫМЫН.

Ағарған таңмен бірге атып,	Қызарған күнмен бір батып,
Өріске малын қапдатқан.	Ұйқыға түнде кеш жатқан.

Жанарын нұрға суарып,
Көңілде көп ой маздатқан.
Бір төлі өссе қуанып,
Ерте-кеш тынбай мал
баққан.

Мен шопанның ұлымын,
Үйренген жастан ер іске.
Қолға ұстап атам құрығын
Шығамын ерте өріске.

Айнала жым-жырт, күн
тымық,
Еседі самал жай ғапа.

Қызғалдақ гүлдер құлпы-
рып,
Тартады көзді айнала.

Өрісім, туған мекенім,
Өзіңнен бәрін табамын.
Шарықтап кейде кетемін,
Көркіне байтақ даланың.

Төсімді ашам жауынға,
Қоркынш емес дауыл да.
Тербеліп бір күй жанымда,
Әндетіп қайтам ауылға.

(Ш. Мұхамеджанов.)

142-жаттығу. Оқып шығып, зат есімдердің жай септеу түрі мен тәуелді септеу түрін ажыратыңдар. Сөздерде қай септік жалғауы жалғанып тұрғанын айтыңдар.

ТОРҒАЙ.

Бақша арасындағы жолмен аңнап келемін. Итім алдымда жүгіріп бара жатқан.

Ол кенет жүрісін тежеп, құстың иісін сезгендей-ақ, төрт тағандап бұға бастады.

Мен ілгері жол бойына қарадым. Торғайдың сары жағал, ақ үрпек балапанын көрдім. Ол ұясынан құлап түсіпті. Жел жол жағалауындағы қайыңдардың басын теңселтіп тұр еді. Балапан жаңа ғана өсіп келе жатқан сүйрік қанатын дәрменсіз жайып, қимылсыз отыр.

Ит балапанға ептеп жақындай бергенде, кенет қара тамақ үлкен торғай ағаш басынан зу етіп, иттің дәл алдына кеп қонды. Байғұстың зәресі ұшып, түсі бұзылып кеткен, жүнін үрпитіп пырылдап жүр. Иттің ақсиган тістері мен арандай ашылған аузына қарай бір-екі рет тап берді.

Ол жан ұшырып, өзінің балапаны үшін ажалға қарсы ұмтылды. Ол бал бөбегі балапанын өз денесімен бүркемек болды. Титтей денесі қорыққанынан дірілдеп, даусы шыр-шыр етеді. Ол балапаны үшін өзін-өзі құрбан еткелі безектеп жүр.

Оның көзіне ит қандай дәу болып көрінді десеңші.

Бірақ балапаны отқа түскенде, ол бас сауғалап, бұтақта отырып қала алмады. Оны өз ықтиярынан, өз еркінен басым бір күш жерге ұшырып түсірді.

Менің итім төбеге ұрғандай тоқтап, кейін шегінді. Ол да әлгі күшті мойындаған тәрізді.

Мен итімді тез өзіме шақырдым. Кішкене ғана торғайдың ұлы аналық жүрегінің күші мені таң қалдырды; мен жөніме кеттім. (И. Тургенев.)

143-жаттығу. Көшіріп, жай (тәуелдеусіз) септеудегі сөздің астын бір, тәуелді септеудегі сөздің астын екі сызыңдар. Сөздерге жалғанған септік жалғауларының қай септік екенін айтып, олардың сөздерге түрліше жалғану себебін түсіндіріңдер.

КОМСОМОЛДАР ЖЫРЫ.

Өр кеудесін айқара ашқан тасқынға,
Комсомолдар — еңбек құмар жас тұлға,
Талай-талай жеңістерге жеттік біз,
Алау қызыл осы тудың астында.

Батылдықты, батырлықты құрдас қып,
Осы түмен талай-талай қырды астық.
Өн бойымда тулап жатқан қан болып,
Жеңістерге жетеледі бұл жастық!

Алдымызда асулары ұлы істің,
Алдымызда арайы мол күміс күн.
Біз асатын асқарлардан

қызыл ту
Желбіреді арманы боп Ильичтің!

Сонда оның алауынан нұр көрдік,
Сол бір алау бәрімізді тұрды ер қып.
Айқасы мол төңкерісті шақта да
Сол қызыл ту қатарында біз болдық.

Осы туды көтердік те айбат қып,
Махаббатты семсер қылып ойнаттық.
Қан майданда, кескілескен майданда,
Бірге жүріп жауымызды жайраттық.

Бар әлемге жарқыраса нұр таңым,
Осы түмен басталады жыр тағы.
Алда талай асулар бар, белес бар,
Алға, алға, комсомолдар ұрпағы!

(Д. Қанатбаев.)

Сын есім.

СЫН ЕСІМНЕН IV КЛАСТА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ.

Сын есім, оның негізгі және туынды түрлері.
Сын есім тудыратын жұрнақтар.

144-жаттығу. Сын есім дегеніміз қандай сөз табы екенін айтып беріңдер. Жаттығуды оқып, негізгі сын есімдер мен туынды сын есімдерді атаңдар. Олардың қай сөздерге қатысты екенін айтыңдар.

I. АДАМ ШАШЫ.

Адам басындағы шаш саны әр түрлі болады. Мысалы, қоңырқай адамдардың шашы 150 мың тал болса, ақ сары адамдардың шашы әрі жіңішке, әрі 80—100 мың тал болады. Әрбір тал шаш екі жылдан 4 жылға дейін өмір сүреді. Оның өсу шапшаңдығы да әр түрлі. 16 мен 24 жастың арасында шаш өсімтал келеді. Егер күніне 100 талдан артық шаш түспесе, ол көп емес.

Адамның шашы өте мықты келеді. Ол тек темірден, қоладан, болаттан ғана осал болады. Әйелдің 200 мың тал шашы бар бұрымы 2 тонна, бір тал шашы 120 грамм жүк көтере алады екен. («*Фалам ғажаптары*» кітабынан.)

II. АЙЛЫ ТҮН КӨРІНІСІ.

Биік қыраттан үлкен ақ шар секілденіп, дөңгелене Ай көтеріліп келе жатты. Түпсіз, тұңғиық аспанда күміс түймелер сияқты жұлдыздар да жылт-жылт етеді. Жымыңдайды, бірде сөне қалып, бірде жалтылдап ойнағандай болады. Кешкі ауа сондай тұнық. Күндізгі қапырықты тықсырып тастаған.

Максұт пен Раушан қол ұстасып алып, бақтың қасындағы үлкен томар ағашқа отырып, кешкі көріністі тамашалады. Бақ мүлгіп ұйқыға кеткендей. Арасы қою қараңғылық бүркенген. Жапырақтарынан сығалай түскен Ай сәулесі бақ арасына шашыратып моншақ тастағандай. Енді бірде оның өзі де су бетіндегі көбік секілді, жыбыршып ойнайды. Кешкі ауа жасыл жапырақтардың шырын иісін мұрынға ұрады. Ағаш жапырақтарының жоғарғы басы бетін Ай сәулесіне төсеп тербелсе, ал көлеңке ұялаған төменгі жағы жұмсақ барқыт тәрізді. Енді бірде Ай ақша бұлт арасына қалқалана қалғанда, бақ іші қарауыта түсіп, майда жел есіп өтеді. Осы сәтте мүлгіген бақ терең дем алғандай болады. (*С. Сарғасқазев.*)

145-жаттығу. Оқып шығып, негізгі сын есімдер мен туынды сын есімдердің әрқайсысын өзінің қатысты (анықталатын) сөзімен әр бағанаға көшіріп жазындар.

I. ҒАЖАП КӨЛ.

Индияда Самбар деп аталатын көл бар. Оның суы жылдың жеті ай бойында ащы, төрт ай бойында тұщы боп тұрады. Көлдің беткі қабаты 160 шаршы километр.

Жеті ай бойында ас тұзын беретін хлорлы натрий өндіріледі. Бұл бүкіл Индияның Орталық аймағын қамтамасыз етеді. Ал июньнен сентябрь айына дейін толассыз жауыннан көл тұщыланады. («Білім және еңбек» журналынан.)

II. АРҚАР-МЕРИНОС ҚОЙЫ.

Бұлар келіп аралаған арқар қойдың қорасы ылғи бойдақ болатын. Қабырғасы шығыңқы, тілерсегі бота тірсектеу, жүні қою, кеудесі сәл қушықтау, құлағы қалқиған, шүйделі ақ сары қойлар көзге сүйкімді-ақ. Аяқтары балғадай, тұяғы қашаудай қатты, басы жоғары, жүрістері өте сергек...

Арқар-мериностың тұқымы көбейе бастады. Әсіресе жері таулы, өрісі жоталы, қысы ұзақ, қары қалың түсетін қазақ жерінің қонысына мына жаңа қой тұқымы өрістеп, абыройы көтеріліп барады. Кейде сонау Москва ғалымдарының аузынан да осы қой тұқымы жөнінде елеулі сөздер шығып қалып жүр. (С. Бегалин.)

146-жаттығу. Туынды сын есімдерді тауып, олардың жұрнағын түбірден дефис (-) арқылы бөліп жазыңдар. Олардың қандай сөздерден (зат есім немесе етістіктен) жасалғанын айтыңдар.

МАҚАЛДАР.

1. Еңбексіз ерлік тумайды. 2. Өнерлі өрге жүгіреді. 3. Ақылды басшың болса, адаспассың. 4. Әдепті бала — арлы бала, әдепсіз бала — сорлы бала. 5. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. 6. Арық атқа қамшы ауыр. 7. Түстік өмірің болса, кештік мал жина. 8. Мәуелі ағаш маңысқақ. 9. Жақсы — ай мен күндей, әлемге бірдей.

147-жаттығу. Төмендегі сын есімдерді зат есім сөздермен тіркестіріп, сөйлем құраңдар.

Биік, қарлы, әдемі, жазғы, көк, мөлдір; ыстық, жауынды, терен, суық.

148-жаттығу. Төмендегі зат есімдерді сын есімдермен тіркестіріп, сөйлем құраңдар.

Демалыс, лагерь, өзен, су, тау, сай, саяхат, ойын.

СЫН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕРІ.

§ 40. Сапалық және қатыстық сын есімдер.

Сын есімдердің кейбіреулері заттың алуан түрлі сыр-сипаты мен белгілерін тікелей білдірсе, қайсыбіреулері басқа бір заттың қатынастары арқылы білдіреді. Осыған орай, сын есімдер білдіретін мағынасы жағынан екі топқа бөлінеді: оның бірі — сапалық сын есімдер, екіншісі — қатыстық сын есімдер.

Заттың түр-түсін, сыр-сипатын, сапа-белгісін тікелей білдіретін сын есімдер сапалық сын есімдер деп аталады.

Мысалы: қызыл, көк, ақ, қара, сары, қоңыр, жақсы, жаман, үлкен, жаңа, ескі, ауыр, жеңіл, ащы, тұщы, тәтті, ыстық, суық және т. б.

Белгілі бір заттың сыр-сипаты мен белгісін басқа бір заттың қатысы арқылы білдіретін сын есімдер қатыстық сын есімдер деп аталады.

Қатыстық сын есімнің мағынасы өзіне негіз болған түбір сөздің мағынасымен байланысты болады. Мысалы: ағашты жер — ағашы көп немесе ағаш өсетін жер, малды колхоз — малы көп колхоз, түнгі суық — түнде болатын суық, тұзсыз тамақ — тұзы жоқ тамақ.

149-жаттығу. Өлеңдерді оқып, сын есімдердің қайсысы сапалық, қайсысы қатыстық сын есімдер екенін айтыңдар.

I. АҚ ҚОЯН.

Ақ қоян-ау, ақ қоян,	Қалың шидің тасасын.
Үркек қоян, сақ қоян,	Ақ қоян-ау, ақ қоян,
Дыбыс шықса, кашасын,	Үркек қоян, сақ қоян,
Белден бір-ақ асасын.	Қаша берсең қалыңға,
Отырасың паналап,	«Қорқағым» деп ат қоям.

(Н. Жанаев.)

II. МҮЙІЗІ ҚАҒЫЛҒАН ӨГІЗ.

Күржиген тарғыл өгіз, өзі жардай,
Мүйізі ұзын еді қарағайдай.
Келгенді маңайына қағып-сүзіп,
Бір жерін қоймаушы еді жараламай.

Иесі ашуланды мұны естіп:
— Асқақтап сасық көңілің кетсе өсіп,
Әһ, сені өткізейін өтелге,— деп,
Мүйізін дәл түбінен алды кесіп.

(Ш. Смаханұлы.)

150-жаттығу. Оқып шығып, сапалық сын есімдерді бір бөлек, қатыстық сын есімдерді бір бөлек көшіріңдер.

I. АЛҒАШҚЫ ҚАР.

1. Сыртқа қар жауыпты. Алғашқы қар. Айналаның бәрі аппақ. Түнде жатарда күн ашық секілді еді, енді аспанды боз тұман бүркеп, түнере қалған. Олақ мектепке жеткенше, тұман да көтеріліп, күн көзі көрінді. Ауа райының осынша құбылмалылығына қайран қалды ол. Ал табиғат көрінісі бүгін де сұлу-ақ еді. Үйдің төбелері сәнді ақ қалпақ киіп, терезелерге эшекейлі өрнектер тұрған. Күн сәулесімен қар беті жалтылдап, көзді ұялтады.

2. Осы бір бала күн асқан сайын оған тым ыстық, тым жақын боп барады. Қаладағы Коля досындай бұл да аңғырт, ақ көңіл бала. Көңілінде кір, ойында кірбің жоқ секілді. (С. Сағғ.)

II. ЖҰМБАҚТАР.

- | | |
|---|--|
| 1. Өзі тісті,
Емес күшті.
Тышқан боп туып,
Құс болып ұшты. | 3. Аюдай түсі бар,
Пілдей тісі бар.
Суда жүзеді,
Балық сүзеді. |
| 2. Маң-маң басқан
жүрісі,
Барлық құстың ірісі.
Қашқанда, құстай
ұшпайды,
Қуғанын бірақ
ұстайды. | 4. Ағашты жұлып,
Бөрене құлатқан.
Тұмсықты, тісті,
Алып күшті,
Адамды ұнатқан. |

(Жұмбақтарды құрастырған — Ж. Смақов. Шешуі: түйеқұс, жарқанат, піл, морж.)

§ 41. Жалаң және күрделі сын есімдер.

Сын есімдер құрамына қарай екіге бөлінеді: оның бірі — жалаң сын есім, екіншісі — күрделі сын есім.

Дара бір сөзден болған сын есім жалаң сын есім деп аталады.

Мысалы: *ақ, қара, әдемі, жазғы, ақылды, сөзішең, салмақты, көтеріңкі, қайратты, таудай, сырлас, пікірлес және т. б.*

Сөздердің қосарлануынан немесе тіркесіп айтылуынан жасалған сын есім күрделі сын есім деп аталады.

Мысалы: *үлкенді-кішілі, жақсылы-жаманды, торы ала, жирен қасқа, ұзын бойлы, қара шашты, ақ көйлекті және т. б.*

Күрделі сын есімдердің бірнеше түрі бар. Олар мыналар:

а) сөздердің (сын есімдердің) қосарлануы арқылы жасалған күрделі сын есімдер: *үлкен-үлкен, биік-биік, ұзынды-қысқалы, аумалы-төкпелі, сулы-сусыз және т. б.*

ә) негізгі (сапалық) сын есімдердің тіркесуінен жасалған күрделі сын есімдер: *торы ала, көк ала, қара ала, қара торы, қара көк, жирен қасқа және т. б.*

б) негізгі сын есім мен туынды (-лы, -лі... тұлғалы) сын есімнің тіркесуінен жасалған күрделі сын есімдер: *кең маңдайлы, қара шашты, ұзын бойлы, сұр пальтолы және т. б.*

в) зат есім, сан есім сөздер мен туынды (-лы, -лі... тұлғалы) сын есімдердің тіркесуінен жасалған күрделі сын есімдер: *қасқыр ішікті, тұлкі тымақты, төрт бұрышты, екі жақты және т. б.*

151-жаттығу. Жалаң сын есімдерді бір бөлек, күрделі сын есімдерді бір бөлек тізімдеп көшіріңдер. Күрделі сын есімдердің қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.

I. АТТЫҢ СЫНЫ.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жер соғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жауырыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.

(Абай.)

II. АЖАЛСЫЗ БАЛАПАН.

Бір күні жылан жатқан торға балапан түседі. Бірақ жылан балапанға қарамапты да. Бұған себепкер түн қараңғылығы екен. Жылан балапанды сары түсті кезінде көрмесе, оны жеуге батылдығы бармайды екен. Өйткені қара түсті түсініксіз жәндікті жеу ол үшін қорқынышты-ақ! («Білім және еңбек» журналы.)

III. ТҮРЛІ ТҮСТІ КӨЛДЕР.

Жапонияның Кюсю аралында жартысы сары, жартысы қызғылт түсті көл бар екен. Көлдің мұндай түрлі түске бөленуі көл түбінің бір жартысында күкірт, екіншісінде темір тотығының тұнып жатуынан екен. Ал Алжирде сия түсті көл бар. Бұл осы өзенге құятын екі өзеннің бірімен темір тұзының, екіншісімен торф ілесіп келуінен екен. Олар қосылғанда, көл сия түске бөленеді. Мұндай көлде тіршілік болмауы өзінен-өзі түсінікті. («Білім және еңбек» журналы.)

152-жаттығу. Төмендегі күрделі сын есімдерді қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Биік-биік, үлкенді-кішілі, жақсылы-жаманды, қара ала, жирен қасқа, орта бойлы, қара қасты, түлкі тымақты, құс тұмсықты.

§ 42. Сын есімнің шырайлары және олардың жасалу жолдары.

Сын есімдерде сындық, сапалық дәрежені білдіретін шырай түрлері бар. Олар мыналар: 1) жай шырай, 2) салыстырмалы шырай, 3) күшейтпелі шырай.

1. **Жай шырай.** Сын есімнің жай шырай түрі заттың сапа-белгісін білдіргенде, оны басқа заттың өзіндей сапа-белгісіне қатысынсыз, салыстырусыз білдіреді. Мысалы: *көк көйлек, алыс жол, жарық бөлме.*

Жай шырай түріндегі сын есім салыстырмалы және күшейтпелі шырайларға негіз болады.

2. **Салыстырмалы шырай.** Сын есімнің салыстырмалы шырай түрі заттардың бойындағы біркелкі сапа-белгі дәрежесінің артық я кем екендігін салыстыра білдіреді. Мысалы: *Көкше (тау) көктен де көгірек. (С. М.) Алдыңғы бөлмеден төргі бөлме жарығырақ. Сұйықтау, қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қылаңданып көрінеді. (М. Ә.)*

Салыстырмалы шырай тудыратын жұрнақтар мыналар:

а) **-рақ (-рек), -ырақ (-ірек).** Бұл жұрнақ сөз соңындағы дауысты дыбыстан кейін **-рақ (-рек)** түрінде, дауыссыздан кейін **-ырақ (-ірек)** түрінде жалғанады. Мысалы: *тазарақ, қаттырақ, кішірек, күштірек, алысырақ, қызылырақ, үлкенірек, биігірек.*

ә) **-лау (-леу), -дау (-деу), -тау (-теу).** Бұл жұрнақ сөз соңындағы дауыстыдан және үнді *р, у, й* дауыссыздарынан соң **-лау (-леу)** түрінде, ұяң және үнді *н, ң, л* дауыссыздарынан соң **-дау (-деу)** түрінде, қатаң дауыссыздардан соң **-тау (-теу)** түрінде жалғанады. Мысалы: *сарылау, кішілеу, қоңырлау, қызылдау, ұзындау, күреңдеу, суықтау, имектеу.*

б) **-ғыл, -ғылт, -ғылтым, -ғыш, -шыл (-шіл), -шылтым (-шілтім), -аң, -қай.** Мысалы: *бозғыл, бозғылт, сарғылтым, сарғыш, ақшыл, көкшіл, ақшылтым, көкшілтім, бозаң, қоңырқай.*

3. **Күшейтпелі шырай.** Сын есімнің күшейтпелі шырай түрі заттардың біркелкі сапа-белгі дәрежесінің не өте артық, не өте кем екендігін білдіреді. Мысалы: *қап-қара, кіп-кішкене, өте қара, тым кішкене...*

Күшейтпелі шырай екі түрлі жолмен жасалады:

а) сын есімдерге күшейткіш буынның үстелуі (қосақталуы) арқылы: *қып-қызыл, сап-сары, сұп-сұр, күп-күрең, кіп-кішкене, қып-қысқа.*

ә) сын есімдердің алдынан күшейткіш үстеулердің (*ең, аса, тым, тіпті, өте, орасан, шымқай*) келуі арқылы: *ең әдемі, аса бағалы, тым жұқа, тіпті терең, өте суық, шымқай қызыл.*

153-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, ондағы сын есімдердің қай шырайда екенін айтыңдар.

1. Қоржын томардың күнбатыс жағындағы өзектің аңғарында Қарақоға дейтін кішірек көл бар. (Б. М.)
2. Күзгі бозғыл бет сары күн көрпеге оранғандай, қара бұлттың артына жасырынды да, кірпіктерін жерге шанша қойды. (F. M.)
3. Үстінде қазір көнелеу, жеңсіз, қара сәтен бешпент. Басында кішіректеу, ескілеу, жасыл түсті шәлі. Аяғында көнелеу кебіс, мәсі. Бұзаубақтың жаман киіз тоқымының үстінде бір тізелеп отырып, жұмыскерлерге шай құйып беріп отыр. (С. С.)
4. Менің астымда жортақылау тапал торы ат, жүргіштеу. (Б. М.)
5. Мөп-мөлдір Бурабайдың суы — күміс, Көргенде шаршаған жан алған тыныс. (С. М.)
6. Дередей үлкен, өзі жұп-жұмыр ақ тай — қысырдың тайы.
7. Бұл кезде Абайдың да денесі іріленген, жауырынды, сүйекті боп қалған екен. Бойы ортадан биіктеу. (М. Ә.)
8. Мекеме іші жинақы, тып-тыныш. (F. Мұст.)

154-жаттығу. Көшіріп, салыстырмалы шырайдағы сын есімдердің астын бір, күшейтпелі шырайдағы сын есімдердің астын екі сызыңдар. Сын есімнің шырай түрлерінің қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.

1. Көктемнің көгілдір ауасы тұп-тұнық. Қалың көк шалғынның арасынан зуылдап май қоңызы ұшады.
2. Кей жерінен көкпенбек шыңылтыр аспанның бір бөлшегі көрініп қалады. (Т. А.)
3. Сұрғылт тұман дым бүркіп, барқыт бешпент сулайды. (А.)
4. Екі бөлмеде екі-екіден кішірек төрт терезе бар.
5. Ұзын мойындардан будақтап ұшқан қап-қара, қою түтіндерді көрген соң, Айша қолындағы қаданы тастаған еді. (С. С.)
6. Бұрқыраған ақшыл тозаң алысты көзден жасырған. (Т. А.)
7. Есіктен ұзын бойлы, арықтау, көзілдірікті адам кірді. (F. Мұст.)
8. Таудың жолы тым қиын, тым биік екен. (С. М.)

§ 43. Сын есімдердің емлесі.

1. Сөздердің тіркесуінен жасалған күрделі сын есімнің құрамындағы сыңарлардың (сөздердің) әрқайсысы бөлек жазылады. Мысалы: *сары ала, торы ала, жирен қасқа, қара көк, қара торы, имек қасты, қара шашты, ұзын бойлы, төрт бұрышты.*

2. Дефис (-) арқылы жазылатын сын есімдер бар. Олар мыналар:

а) қосарлану арқылы жасалған күрделі сын есімдер. Мысалы: *биік-биік, әдемі-әдемі, ұзынды-қысқалы, ыстық-суық, аумалы-төкпелі* және т. б.

ә) күшейтпелі буынның үстелуі арқылы жасалған сын есімнің күшейтпелі шырай түрі. Мысалы: *сап-сары, қап-қара, жап-жасыл, кіп-кішкене, үп-үлкен, тап-таза* және т. б.

3. Сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасауға қатысатын *өте, тым, ең, тіпті, аса* және т. б. осылар тәріздес күшейткіш үстеулер өзінен кейінгі сын есімдерден бөлек жазылады. Мысалы: *өте ауыр, тым алыс, ең жеңіл, тіпті биік, аса бағалы* және т. б.

155-жаттығу. Төмендегі сын есімдерден күшейткіш буын арқылы сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасап, сөйлем құраңдар.

Ауыр, аласа, қызыл, ақ, көк, жіңішке, кішкене, ұзын.

156-жаттығу. Төмендегі күрделі сын есімдерді қатыстырып сөйлем құраңдар. Олардың емлесін еске сақтаңдар.

Ақ сұр, қара кер, көк ала, қара көк, қара шұбар, қызыл шырайлы, қара торы, жақсы-жаман, үлкен-үлкен, ішкі-сыртқы, азды-көпті, бөлек-салақ, ойлы-қырлы.

§ 44. Сын есімнің сөйлемдегі қызметі.

Сын есімнің сөйлемдегі негізгі қызметі — анықтауыш мүше болу. Мысалы: *Таланты ерге нұр жауар. (Мақал.) Өнерлі жігіт өрде озар, өнерсіз жігіт жер соғар. (Мақал.)* Осы мысалдардағы *таланты, өнерлі, өнерсіз* деген сын есімдер қандай? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде анықтауыш болып тұр.

Сын есімдер сөйлемнің соңында келгенде, баяндауыш, етістіктен болған мүшенің алдында келгенде, пы-

сықтауыш болады. Мысалы: *Олақтан салақ жаман. Ағаш кессең, ұзын кес, қысқартуың оңай. Темір кессең, қысқа кес, ұзартуың оңай.* (Мақ.) Осы мысалдардағы *жаман, оңай* деген сын есімдер — баяндауышта, *қысқа, ұзын* деген сын есімдер — пысықтауыш.

157-жаттығу. Оқып шығып, сын есімдердің сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айтындар.

I. КӨКСЕРЕК.

Бұл жазда Көксерек қатты семіз болды. Әлдеқашан түлеген тақыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты. Денесінің толуы, бойының биіктеуі, қайратының молаюы — биылғы жыл ерекше болды. Күздің ұзақ таңында бір дауылды қара түнде топ жылқыға араласып еді. Сонда қысырдың семіз асау тайын бастырмалатып қуып жетіп, құйрығынан алып, табандап тұрып қалғанда, тай табжыла алмады.

Қайтадан қарлы, боранды қыс келді. Аязды, елсіз, ұзақ далаларда аштық түндері басталды. Бір мезгілде ай астында ағараң-ағараң еткен көп топты көрді. Қалың топтың алдында зор кәрі шолақ мұның жанынан «арс!» етіп қауып өтті. (М. Әуезов.)

II. МАҚАЛДАР.

1. Берекелі жерден мереке кетпес. 2. Буынсыз жерге пышақ ұрма. 3. Күншіл адам міншіл. 4. Адам ұйымшыл, мал үйіршіл. 5. Әлсіз адам жағымпаз, кербез адам қырымпаз. 6. Әлсіз адам сүріншек, ақылсыз адам еріншек. 7. Адал адамның аты арып, тоны тозбас.

§ 45. Сын есімнің заттануы (зат есімге айналуы).

Сын есім өзінен кейін тіркесіп айтылуға тиісті зат есім түсірілгенде, зат есімге айналады. Мысалы, *Жүйрік тоқтығын, жомарт жоқтығын білдірмес* (Мақ.) — деген сөйлемде сын есімдерден (*жүйрік, жомарт*) кейінгі зат есімдер (*ат, адам*) түсіріліп, *жүйрік, жомарт* деген сын есімдер зат есімдерге айналған.

Сын есімнің зат есім мағынасында және қызметінде жұмсалуын сын есімнің заттануы дейміз.

Сын есімдер, әдетте, көптелмейді, септелмейді, тәуелденбейді. Сын есімдер заттанған жағдайда ғана, оларға көптік, септік, тәуелдік жалғаулары жалғанады. Мысалы: **Жақсыдан қашпа, жаманға баспа. Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп.** (Мақ.)

Заттанған сын есімдер сөйлемде бастауыш та, толықтауыш та бола алады. Мысалы: 1. **Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.** 2. **Жақсыға шаң жуымас, жаманға жан жуымас.** (Мақ.) Бірінші сөйлемдегі **білекті, білімді** деген заттанған сын есімдер **кім?** деген сұраққа жауап беріп, бастауыш болса, екінші сөйлемдегі **жақсыға, жаманға** деген заттанған сын есімдер **кімге?** деген сұраққа жауап беріп, толықтауыш болып тұр.

158-жаттығу. Оқып шығып, заттанған сын есімдерді атаңдар. Заттанған сын есімдерге (егер олар жалғаулы болса) қандай жалғау жалғанғанын және олардың (заттанған сын есімдердің) сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айтыңдар.

I.

1. Бір бозға мініп, бір бозды қосарға алып, бүгін таң сәріде осы желкедегі қарағайға келіп кірген жалғыз аттыны көрген бар. (М. Ә.) 2. Айгүл бір үйдегі үбірлі-шүбірлі сегіз баланың ең кішісі, ең еркесі боп есептелгенде, папасы сол семьяның әрі үлкені, әрі мақтанышы саналатын. (Б. Тоқтаров.) 3. Ішінде «Өзім ақпын, сен қарасың, саған не істесем де рауа» — деген қияс кекесін, ызалы кек отыр. 4. Бұның бірі теңбіл көкке мінген, біреуінің астында құйрығы төгілген, есік пен төрдей тор қасқасы бар. (М. Ә.)

II. МАҚАЛДАР.

1. Жақсыда жаттық жоқ. 2. Біліміден ақыл шығар, ақылды қарттан нақыл шығар. 3. Үлкен бастар, кіші қостар. 4. Ескіге жаңа өлшеуіш, жаманға жақсы өлшеуіш. 5. Жаман жақынын сыйламас. 6. Еңбексіз іс бітпейді, еріншектің қолы жетпейді.

СЫН ЕСІМДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

159-жаттығу. Оқып шығып, сын есімдердің қайсысы сапалық, қайсысы қатыстық сын есім екенін айтыңдар.

Өткен жаздың жайма-шуақ күні. Дүние түрленіп, нағыз сұлу көркіне еніп тұрған шақ. Жайлаудағы малшыларға бірер түнеген Әмір кешкі салқынды бетке алып орталыққа қайтты. Оған жас шамасы он үш-он төрттегі бала ере шықты. Екі салт атты Ырғайты сайын ылдилай астындағы жарау аттарын желдіртіп келеді. Әмірдің мінгені — торы қасқа ат. Ал баланың астындағы — жарау қызыл дөнен. Бала ердің үстінде еркін, мығым отыр. Көз қиығымен оқта-текте қарап қойып келе жатқан Әмір: «Дәуде болса, жылқышының баласы боларсың», — деп түйді ойын. Күн Сұлутөрдің мұнарқап биік шоқысынан асып түсісімен-ақ, сай іші ала көлеңке тартып, күні бойы булыққан қапырық ауаны сөйілте, жаңға соншама жайлы салқын самал ескең еді.

Тау іші жым-жырт. Аттардың тасқа тиген тұяқтарының тықыры мен ер-тұрманның шылдыры ғана сарқыраған өзен ағысына қосылып, кең сай ішінің тыныштығын бұзғандай.

Кей жерде жықпыл-жықпыл, терең құз шаттар келіп аңғарға тірелсе, енді бірде беткей беті өркеш-өркеш жақпар тастар. Бұлар сайды қуалай ұзаған сайын, ымырт жабылып, күндізгі мөлдір, көгілдір аспан қара қоңыр тартып, сары түймедей жалтылдаған бірен-саран жұлдыздар да сонау заңғар төбеде жымындай ойнап көріне бастады. (С. Сарғасқазев.)

160-жаттығу. Көшіріп, сапалық сын есімдердің астын бір, қатыстық сын есімдердің астын екі сызыңдар.

Тарбағатай тауы — заңғар биік шыңдары аспан меңзеген, сай-саласы үлкен, жері қыртысты, бетегелі, жусанды болып келетін нағыз қой малының қонысы. Рамбулье тұқымды қойдың қазақ қойымен будандасқан тұқымы бір беткейленіп, биязы жүнді жақсы мал болған. Бірақ Әбдіжанның ойындағы қой тұқымына үйлесер белгі көрінбеді.

Жаз тау қырқасында жайлап, қыстауға жаңада келген семіз ақ қойлардың салпандаған ұзын құйрықтары шұбаландап, жоны іркілдеп, май басып, әдемі-ақ көріне-

ді. Бірақ бастарын төмен алып, біріне-бірі тығыла жайылған сүмелек мінездері, әсіресе шөже торғай бастанған тұмсықтары ұнамады. Задабекпен ақылдаса жүріп қойшылардың жағдайына келгенде, екеуі көп ойланысып қалды.

— Менің абайлауымша, сіздің тиянақ етер бір кісіңіз бар, ол — Айтқожа қарт. Бұл кісі осы жердің түбір тасы, түп жусанына дейін біледі. Малды жасынан көп бакқан, аса байыпты, есті кісі. Әрине, мұндай іске батыл да адам керек, Айтекең — өзі бір ұстанса, бетінен қайтпайтын батыр адам, — деп Задабек қарт шопанды Әбдіжанға сыртынан таныстырды. (С. *Бегалин*.)

161-жаттығу. Оқып шығып, сын есім сөздердің қайсысы жалаң, қайсысы күрделі сын есім екенін айтыңдар. Сын есімнің шырай түрлерін ажыратыңдар.

I. ФОНАРИҚ.

Фонарик — кішкене (5—6 см) балық, Амазонка бассейнін мекендейді. Күміс түсті, төменгі жағы ақшыл. Екі жақ бүйірі жарқыраған сұр жолақты. Құйрық қанатының түбіне жіңішке қара жолақ тіреліп, тік қара сызықты кесіп өтіп қиылысқан жерінде шаршы қара дақ құрайды. Көзінің қарашығының үстіңгі жағы жарқыраған ашық қызыл. Қанаттары түссіз. Қанаттарының жиектері көгілдір, ақшыл. Ұрғашысы ірілеу, толық, еркегінің іші қабысыңқы, жіңішкелеу келеді.

Фонарик — жылдам қозғалатын, ширақ балық, тобымен жүріп тіршілік етеді. («*Аквариум әліппесі*».)

II. ХАМИТТЫҢ СИПАТЫ.

Хамит — ұзынша бойлы, жауырынды, тіп-тік, сұр жігіт. Қырша мұрынды, шүңіректеу, қара кер тобылғы көзді, қырқып жүретін сақалы, мұрты бар. Жасы 25-26 шамасында. Сом, сұлу денелі. Денесі ылғи сіңір мен шиырылған күшті көк ет еді. Бар денесі серіппелі көк темірден құйып жасағандай. Түйіліп-жазылған қиғаштау қасы мен шұңғылдау көзі Хамитта зор қайрат, үлкен қайсарлық бар екенін көрсетеді.

Күн шайдай ашық, жылы еді. Аспанда бұлт жоқ. Жел де жоқ. Хамит жалғыз, бір ескілеу жолмен келеді. Айнала — қалың иірім-иірім орман. (С. *Сейфуллин*)

162-жаттығу. Оқып шығып, сын есімдердің шырай түрлерін ажыратындар.

I. ҚҰМ ҚАР.

Полярлық аудандарда өте төменгі температурада «құм қардың» жауатыны байқалған. Бұл қар өте ұсақ және түрпідей қатты болғандықтан, оның үстінен шаңғы да, шана да сырғанайды. (*«Фалам ғажаптары» кітабынан.*)

II. ӘЖЕНІҢ СИПАТЫ.

Қарт әжесінің әрбір қимылы, дөңгеленген шырайлы реңі, сәл еңкіштеу келген бойы сол бәз қалпында көз алдында тұр қазір. Баяу қоңыр даусы да құлағында. Ешқашан қабақ шытуды, болмаса даусын көтеруді білмеуші еді. Мақсұт ес білгелі сол қарт апаның мол мейіріміне бөленіп, еркелеу болып өсті. (*С. Сарғасқаев.*)

III. ҚЫЗЫЛ ҚАНАТ.

Бұл — тұщы суда тіршілік ететін өте әдемі балықтардың бірі. Табиғи жағдайда 15—25 сантиметрге жетеді. Ал аквариумда тіршілік ететіні одан кішірек болады. Қызыл қанаттың бүйірі күміс түсті, арқасы қызыл қоңыр. Алтын түсті, қызыл қоңыр түспен көмкерілген ірі қабыршағы бар қызыл қанат Каспий және Арал теңізі бассейндерінде, Орал, Сырдария, Амудария өзендерінде, Орал және Шымкент су қоймаларында кездеседі.

Қанаттарының қызыл түсіне қарай бұл балық қызыл қанат аталған. Ол ағысы баяу, мөлдір өзендер мен көлдерде және шығанақтардағы қамыс пен өсімдік арасында көп кездеседі. Жағаға жақын жерде үйірімен жүзіп жүреді. Судың беткі қабатында жүріп, су бетіндегі насекомдарды аулайды. Ағысы баяу, терең жерлерде қыстап шығады. (*«Аквариум әліппесі».*)

163-жаттығу. Өлеңнің ішінен сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдерді және күрделі сын есімдерді рет-ретімен тізімдеп көшіріңдер. Осы өлең жолдарындағы сын есім сөздердің сөздіктердегі тәрізді тізімін жасандар. Ол үшін осы оқулықтың сөздіктерге арналған бөлімін қайталап қараңдар.

ТАУЫС НЕГЕ ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛ, ҚАРҒА НЕГЕ ҚАРА?

Ерте-ерте, ертеде
Ақ тауыс пен ақ қарға
Аумайды екен ақ қардан.

Тауыс соған налыпты,
— Екеумізден екеу-ақ
Ақ болыппыз бекер-ақ!?

Қызыл ала қырғауыл
Гүлдей болып қырда жүр.
Этеш алтын айдарлы,
Әдемі де айбарлы.
Тоты қайдан тапты асыл?
Көйлегін-ай жап-жасыл!
Біз кембіз бе солардан?
Сондай болу... уа арман!..
Күн шыққан соң екеуі
Бояу іздеп кетеді.
Шөптен бетер жасылын,
Жасылының асылын,
Тобылғыдан күреңін,
Тандап-талғап реңін,
Көмір тектес қарасын,
Қарасының жаңасын,
Қардан ашық аппағын.
Жер бетінен тапқанын,
Көз талмайтын көруге
Аспан түстес көгін де,
Қаппан қызыл қанығын,
Ең қымбатын бәрінің,
Сарғалдақтай сарысын
Сұлулықтың сәні үшін,

Сан бояуды жиыпты.
Үндемейтін Каракен
Өнерге де бар екен.
Тауысының қымбатты
Тула байын сырлапты.
Енді тауыс толғанып,
Қыл қаламды қолға алып,
Енді бояй бергенде,
Дөң астында бір шошқа
Қорсылдапты құр босқа.
Шошқа алдында ет жатыр,
Соған шапшаң жетем деп,
Қарға байғұс секендеп..
«Тез боянып шығам!» деп,
Күмп беріпті легенге.
Күйған бояу бар екен,
Ол бояуы кара екен.
Қара бояу көмірдей
Жабысыпты желімдей.
Ойлағаны ас қана,
Қарға бопты масқара...
Оның «қарк-қарк» дегені
«Қап!» — деп онық жегені!
(М. Әлімбаев.)

Сан есім.

§ 46. Сан есім туралы түсінік.

Сан есімдер заттың санын немесе саналу ретін білдіріп, *қанша? неше? нешінші? нешеуі?* деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *бес кітап, он екі дәптер, тоғызыншы ай, жетпісінші жыл, дәптердің үшеуі.*

Заттың санын, саналу ретін білдіретін сөздер сан есімдер деп аталады.

§ 47. Сан есімдердің құрамына қарай түрлері (дара және күрделі сан есімдер).

Сан есімдер құрамына қарай екі түрге бөлінеді: оның бірі — дара сан есімдер, екіншісі — күрделі сан есімдер.

1. Дара сан есімдердің қатарына бір (дара) сөзден (саннан) болған сан атаулары енеді. Мысалы: *бір, бес, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың; бірінші, екінші, оныншы, елуінші, ондаған, жүздеп, сегіздерде және т. б.*

2. Күрделі сан есімнің қатарына сөздердің (сандардың) тіркесуі арқылы жасалған сан атаулары (*он бес, отыз екі, бір жүз елу алты, он бесінші, отыз екінші, бір жүз елу алтыншы*) мен сөздердің (сандардың) қосарлануы арқылы жасалған сан атаулары (*бес-алты, жиырма-отыз, елу-алпыстай* және т. б.) енеді.

164-жаттығу. Сандарды сөзбен жазып, олардың қайсысы дара, қайсысы күрделі сан есімдер екенін айтыңдар.

Інім 7 жаста, мен 12 жастамын. Ол 1-класта, мен 5-класта оқимын. 1970 жыл. Қазақстанның 50 жылдығы, 50-60 дәптер, 10-15 кітап. XX ғасырдың 17 жылы.

§ 48. Сан есімдердің мағынасы мен құрылысына қарай түрлері.

Сан есімдер мағынасы мен құрылысына қарай алты түрге бөлінеді. Олар мыналар: есептік сан есім, жинақтық сан есім, реттік сан есім, бөлжалдық сан есім, топтау сан есім, бөлшектік сан есім.

1. Есептік сан есімдер заттың нақтылы санын білдіріп, *қанша? неше?* деген сұрауларға жауап береді. Мысалы: *бес қалам, он орындық, отыз үш кітап* және т. б.

2. Жинақтық сан есімдер заттың тұтас түрінде ұғынылатын жинақты санын білдіріп, *нешеу?* деген сұраққа жауап береді. Жинақтық сан есімдер жетеу ғана; олар бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге *-ау, -еу* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу*.

Жинақтық сан есімдер заттанған сын есімдер тәрізді болып, зат есім мағынасында қолданыла алады. Мысалы: *Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді. (Мақ.)*

3. Реттік сан есімдер заттардың саналу ретін білдіріп, *нешінші?* деген сұрауға жауап береді. Сан есімнің бұл түрі есептік сан есімдерге дауыстылардан соң *-ншы (-нші)*, дауыссыздардан соң *-ыншы (-інші)* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *алтыншы, жетінші, сегізінші, оныншы*. Реттік сан есімнің жұрнағы күрделі сан есімнің ең соңғы сыңарына жалғанады. Мысалы: *он алтыншы (орын), бір мың тоғыз жүз жетпісінші (жыл)* және т. б.

4. Болжалдық сан есімдер заттың сапын дәл атамайды, тұспалдап, шамамен көрсетеді. Болжалдық сан есімдер әр түрлі жолдармен жасалады.

Есептік сан есімнен болжалдық сан есім тудыратын қосымшалар мыналар:

а) **-дай (-дей), -тай (-тей)** жұрнағы: *отыздай, елу-дей, алпыстай, екі жүз жетпістей.*

ә) **-лап (-леп), -дап (-деп), -тап (-теп)** жұрнағы: *ондап, жүздеп, мыңдап.*

б) **-лаған (-леген), -даған (-деген), -таған (-теген)**: *ондаған, елулеген, жүздеген, мыңдаған.*

в) көптік жалғауы мен септік жалғауының қабаттасқан түрі: *бестерде, жиырмаларда, отыздарда.*

Болжалдық сан есімдер есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы да жасалады. Мысалы: *бес-алты, жеті-сегіз, он-он бес, елу-алпыс, бес-алты жүз, қырық-елу мың, қырық-елулерде.*

Болжалдық сан есімдер есептік сан есімдерге **шақты, тарта, шамалы, қаралы, таман, таяу, жуық, тарта** деген сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *жиырма шақты, елуге тарта, жүз қаралы, жүзге таман, екі жүзге таяу, мыңға жуық* және т. б.

5. Топтау сан есімдер дара сан есімдер мен күрделі (қосарланған) сан есімдерге шығыс септік жалғауы жалғану арқылы жасалып, *қаншадан? нешеден?* деген сұрауларға жауап береді. Мысалы, *екіден, төрттен, бес-бестен, он-оннан.*

6. Бөлшектік сан есімдер арифметикалық ұғыммен байланысты болып, заттардың сандық бөлшегін білдіреді. Бөлшектік сан есімдер құрамы жағынан күрделі болады да, әр түрлі жолдармен жасалады:

а) бөлшектік сан есімді құрастырушы сыңарлардың (есептік сан есімдердің) алдыңғысы ілік жалғаулы, соңғысы тәуелдік жалғаулы болып келеді. Мысалы: *оның бірі, үштің бірі, төрттің екісі* және т. б.

ә) бөлшектік сан есімді құрастырушы сыңарлардың алдыңғысы шығыс жалғаулы, соңғысы тәуелдік жалғаулы болып келеді. Мысалы: *оннан бірі, үштен бірі, төрттен екісі* және т. б.

б) бөлшектік сан есімді құрастырушы сыңарлардың алдыңғысы шығыс жалғаулы, екіншісі атау тұлғалы сан есім болып келеді де, бұларға **бөлігі** деген сөз тіркесіп

айтылады. Мысалы: *оннан бір бөлігі, үштен бір бөлігі, төрттен екі бөлігі* және т. б.

Бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдерге *жарым, жарты, ширек* деген сөздердің тіркесуі арқылы да жасалады. Мысалы: *он жарым, алтының жартысы, төрт ширек* және т. б.

Сонымен, жинақтай келгенде, сан есім түрлері мыналар:

Сан есім түрлері	Мысалдар
1. Есептік сан есім	<i>бір, бес, он, отыз, екі жүз алпыс алты</i>
2. Жинақтық сан есім	<i>біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу</i>
3. Реттік сан есім	<i>бірінші, екінші, оныншы, үш жүз елу бесінші</i>
4. Болжалдық сан есім	<i>отыздай, елудей, ондап, жүздеп, елу-алпыс, мыңға тарта</i>
5. Топтау сан есім	<i>екіден, бес-бестен, он-оннан, елу-елуден</i>
6. Бөлшектік сан есім	<i>үштің бірі, төрттен екісі, оннан бірі</i>

165-жаттығу. Оқып шығып, сан есімдерді түр-түрге бөліп көшіріңдер.

I.

Біз бір енеден бір едік,
 Бір енеден екі едік,
 Екеуіміз жүргенде,
 Бір-бірімізге ес едік.
 Бір енеден үш едік,
 Үшеуіміз жүргенде,
 Толып жатқан күш едік.

Бір енеден бес едік,
 Бесеуіміз жүргенде,
 Алашқа болман деуші
 едік.
 Өтемістен туған он едік,
 Онымыз атқа мінгенде,
 Жер қайысқан қол едік.

(Махамбет.)

II.

Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, адам кем дегенде жүз-жүз елу жыл жасауы керек. Бұл айтылғандарға дәлел келтірейік. Бір мың жеті жүз тоқсан бесінші жылы Эдо қаласына (Токионың бұрынғы аты) Жапо-

нидағы ең қарт адамның бірі Мампэ деген келеді. Сол кезде ол жүз тоқсан төрт жаста екен. Қарт: «Қазір жұбайым жүз жетпіс үш жаста, ұлым жүз елу екіге толды, немерем биыл жүз беске шығады»,— дейді. Арада қырық сегіз жыл өткеннен кейін Мампэ қарт жаңа көпірдің ашылу салтанатына байланысты Эдоға тағы келеді. Сонда өзінің жасы екі жүз қырық екіде, жұбайы екі жүз жиырма бірде, ұлы екі жүзде, келіні жүз тоқсан үште, немересі жүз елу бесте, ал келіні (немересінің әйелі) жүз отыз сегіз жасқа толып еді.

Көп жасаушылардың дені Совет Одағында кездеседі. Егер АҚШ-та бір миллион адамның отыз жетісі ғана ұзақ өмір сүрсе, СССР-де бір миллион адамға ұзақ өмір сүрушілер саны жүз отыз жеті адамнан келеді. («*Ғалам ғажаптары*» кітабынан.)

166-жаттығу. Төменде көрсетілген сандардан жинақтық, реттік, болжалдық сан есімдер жасап, тиісті сөздермен тіркестіріп жазындар.

Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он бес, жиырма жеті, отыз, қырық, жиырма бес, отыз алты, жетпіс, елу, бес жүз, үш мың.

§ 49. Сан есімдердің емлесі.

1. Цифрмен таңбаланатын сан есімдерге жалғанатын қосымшалар: (көбінесе жалғаулар) дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *Сабақ 8-де басталады; 10-нан 4-ті кемітсе, 6 қалады.*

2. Реттік сан есім сөзбен жазылса, оның жұрнағы (*-ншы, -нші; -ыншы, -інші*) түбірге қосылып жазылады да, цифрмен таңбаланса, онан (цифрдан) кейін дефис (-) қойылады. Мысалы: *бесінші том (5-том), алтыншы мектеп (6-мектеп)*. Есептік сан есімнен кейін ешбір белгі қойылмайды. Мысалы: *бес том (5 том), алты мектеп (6 мектеп)*.

Рим цифры арқылы таңбаланған реттік сан есімнен кейін дефис қойылмайды. Мысалы: *V том, XX ғасыр*.

3. Жинақтық сан есім жасайтын *-ау (-еу)* жұрнағы жалғанғанда, *екі, алты, жеті* деген сан есім сөздердің соңындағы *і, ы* дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: *екі (+еу)— екеу, алты (+ау)— алтау, жеті (+еу)— жетеу*.

4. Күрделі сан есімнің құрамындағы сыңарлардың (сандардың) әрқайсысы бөлек жазылады. Мысалы: *он бес, жиырма екі, отыз үшінші, бір мың тоғыз жүз жетпісінші.*

5. Қосарлану арқылы жасалған күрделі сан есімдер сөзбен жазылса да, цифрмен жазылса да, олардың арасына дефис (-) қойылады. Мысалы: *жиырма-отыз (20-30), елу-алпыс (50-60), жетпіс-сексендей (70-80-дей), оннан (10-10-нан), жеті-сегіздерде (7-8-дерде).*

6. Болжалдық және топтау сан есімдер цифрмен жазылғанда, олардың қосымшалары дефис арқылы жазылады. Мысалы: *10-даған кітап, 100-деген дәптер; сағат 3-терде жиналды; 2-2-ден, 4-4-тен қатар тұрды.*

7. Есептік сан есімдерге тіркесіп, болжалдық сан есімдер тудыратын *шамалы, тарта, қаралы, жуық* тәрізді сөздер сан атауларынан бөлек жазылады. Мысалы: *елу шамалы (50 шамалы), жүзге тарта (100-ге тарта).*

8. Бөлшектік сан есімдер сөзбен жазылса да, цифрмен жазылса да, олардың құрамында қолданылатын *жарым, ширек* тәрізді сөздер бөлек жазылады. Мысалы: *Жиналыс он жарымда аяқталды. Жиналыс 10 жарымда аяқталды.*

167-жаттығу. Көшіріп, сан есімдерді цифрмен жазыңдар.

I. ПИОНЕР ҰЙЫМЫ МЕН БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ.

Пионер ұйымы елімізде бір мың тоғыз жүз жиырма екінші жылы құрылды. Содан бері оның қатары төрт мыңнан жиырма миллионға дейін жетті.

Елімізде үш мыңнан астам пионерлер үйі мен сарайы, жас техниктердің бір мыңға жуық станциясы, бір жарым мыңнан астам спорт мектебі бар.

Совет өкіметі жылдарында балаларға арналып үш миллиард данадан астам тиражбен жетпіс мыңнан астам кітап жетпіс сегіз тілде басылып шықты.

Совет Одағында жүз тоқсан мыңнан астам балалар кітапханасы бар. Олардың кітап қоры үш жүз елу миллион данадан асады. (*«Ғалам ғажаптары» кітабынан.*)

II. 1. Максим Горький бір мың сегіз жүз алпыс сегізінші жылдың жиырма сегізінші мартында туып, бір мың тоғыз жүз отыз алтыншы жылдың он сегізінші ию-

нінде қайтыс болды. 2. Біз Максим Горький шығармаларының оныншы томындағы әңгімелерін оқыдық. 3. Оқушылар төрт-төрттен сапқа тұрды.

III. Полюстің төрт тұрғынының не істеп, не қоятындары жайлы айқын күн тәртібі болады. Олар таңертеңгі сағат сегізде тұрады, онда ертеңгі астарын, үште түскі астарын ішеді. Ғылми зерттеудің күндізгі программасын түгел орындап болған соң, он бірде жатады. (Юлиус Фучик.)

§ 50. Сан есімнің түрленуі және оның сөйлемдегі қызметі.

Сан есімдер зат есім сөздердің алдында, әдетте, атау тұлғада келіп, сөйлемде анықтауыш болады. Мысалы: *Біздің колхозда жиырма бес мың қой, алты мың сиыр бар. Колхозымыз мемлекетке ет, сүт тапсыру жоспарын орындауда облыс бойынша бірінші орынға ие болды.*

Сан есімдер сөйлемдегі басқа сөздермен байланысына қарай, көптеліп те, септеліп те, тәуелденіп те, жіктеліп те қолданыла береді. Осыған орай, олар сөйлемнің әр түрлі мүшесі бола алады. Мысалы: *Оннан жетіні кемітсе, үш қалады* деген сөйлемде **он** және **жеті** деген сан есімдер *кемітсе* деген етістікпен шығыс (*оннан*) және табыс (*жетіні*) жалғауында тұру арқылы байланысып, сөйлемде толықтауыш болып тұр.

Сан есімдердің септелу үлгісі:

Септік	Дара сан есім	Күрделі сан есім
А.	<i>екі, алтыншы</i>	<i>он бес, елу-алпыс</i>
І.	<i>екінің, алтыншының</i>	<i>он бесің, елу-алпыстың</i>
Б.	<i>екіге, алтыншыға</i>	<i>он беске, елу-алпысқа</i>
Т.	<i>екіні, алтыншыны</i>	<i>он бесі, елу-алпысты</i>
Ж.	<i>екіде, алтыншыда</i>	<i>он бесте, елу-алпыста</i>
Ш.	<i>екіден, алтыншыдан</i>	<i>он бестен, елу-алпыстан</i>
Қ.	<i>екімен, алтыншымен</i>	<i>он беспен, елу-алпыспен</i>

Сан есімдер, көбінесе, заттанған жағдайда түрленеді. Сан есімдердің ішінде тәуелденетіндері мен жіктелетін-

дері — көбінесе жинақтық және реттік сан есімдер. Мысалы: 1. *Олардың үшеуі шөп шабуға, алтауы шөп жинауға кетті.* 2. *Біздер екеуміз, сендер төртеусіздер.* 3. *Мен біріншімін, сен екіншісің.* Бірінші сөйлемдегі тәуелдік жалғаулы үшеуі, алтауы деген жинақтық сан есімдер бастауыш, екінші, үшінші сөйлемдердегі жіктік жалғаулы екеуміз, төртеусіздер деген жинақтық сан есімдер мен біріншімін, екіншісің деген реттік сан есімдер баяндауыш болып тұр.

168-жаттығу. Оқып шығып, сан есімдердің сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айтындар. Жалғаулы сан есімдердің қай жалғауда тұрғанын айқындандар.

1. Бес саусақ бірдей емес. 2. Темірдің бір басы ыстық, бір басы суық. 3. Айла алтау, ақыл жетеу. (Мақ.) 4. Бөпесі үште, папасы қырық үште еді. Бөпесінің аты— Айгүл, папасының аты—Қарашбек. Айгүлмен бір қорада тұратын көршісінің жағдайы бұдан басқаша. Оның аты — Әли. Әлидің папасының аты — Қали. Әли алтыда, Қали — елу алтыда. («Жыл он екі ай» атты календарьдан.) 5. Биылдың өзінде де осы отырған үш шопан әрқайсымыз әр жүзден жүз-жүз он сегізден қозы алдық. (Ә. Нұр.) 6. Екеуі орнынап тұрып, үйге қарай аяңдады. (Ғ. Мұст.) 7. Білекпен бірді, біліммен мынды жығасың. (Мақ.)

САН ЕСІМДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

169-жаттығу. Оқып шығып, сан есімдердің қай сан есім екенін айтындар.

I.

1. Бойы жылынып, тамақтанғаннан кейін, үшеуі де көңілденіп, әңгіме соқты. (С. Б.) 2. Ол лагерьде екі мыңға жуық адам бар болатын. (М. Ш.) 3. Мадияр басқаратын төртінші класта жиырма үш бала оқиды. (С. О.) 4. Бұл жолы біз Москваға бес мың кітап апарамыз, оның екі жүзі — он күндікке арнап басылған шығармалар. («Жлдз.») 5. Мен едім үшеуінің ең кенжесі. Он үшке менің жасым келіп еді. (И. Б.) 6. Сөндіріллік ойым жоқ өмір шамын, Бұл ғасырдың жеткенше жүзіне мен. 7. Ол — сол кезде шамасы қырық бестерде, Мұхаметқа-

ли — отыз бестерге келген жігіт. (С. М.) 8. Үш танкының үшеуі де бірінің артынан бірі тізіле жүріп келе жатты. (С. Б.)

II. ЖҰМБАҚТАР.

1. Базардан алып келген алтын тақтай.
Үстіне он екі үйрек қонды қаптай.
Үстіне он екі үйрек қонғаннан соң,
Екі аққу ән салады дамыл таппай.
2. Жетпіс аяқ бауырында,
Екі қолы жауырында.
Тындырады істің ол
Жеңілін де, ауырын да.
3. Екеуі қарауыл қарап тұр,
Төртеуі ұйықтап жатыр.
Біреуі қамыр басып жатыр.
4. Үйрегім бар үйде үш жүз алпыс алты,
Мұнша үйректі сатып алу — елдің салты.
Күніне бір үйрегім жоғалады,
Айтшы сен, сол үйректі кім алады?

Шешуі: түйенің өркеші мен аяғы және күйсеуі, календарь, ағаш кесетін ара, домбыра.

170-жаттығу. Сан есімдердің цифрлармен жазылудағы емле ережелерін ескеріп, төмендегі сөйлемдерде қолданылған сандарды цифрлармен жазындар.

I. Совет Одағының халқы бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылдың қарсаңында бір жүз тоқсан миллион алты жүз жетпіс сегіз мың болса, бір мың тоғыз жүз елу тоғызыншы жылы екі жүз сегіз миллион сегіз жүз жиырма алты мыңға жетті, яғни он сегіз миллион жүз қырық сегіз мың адам артты. Ал қала халқының саны алпыс миллион төрт жүз тоғыз мыңнан тоқсан тоғыз миллион жеті жүз сексен екі мыңға жетті, яғни отыз тоғыз миллион үш жүз жетпіс үш мың адам артты. (*«Арифметика есептері мен жаттығуларының жинағы», 5—6-кластарға арналған.*)

II. 1. Жиырма бестен артық, отыз бестен кем барлық бүтін сандардың қосындысын табындар.

2. Отыз бір мен қырық үштің арасындағы барлық бүтін сандардың қосындысын табыңдар.

3. Кітапхана төрт бөлмеге орналасқан: бірінші бөлмеде сегіз мың жетпіс жеті том, екіншісінде он мың тоғыз жүз тоғыз кітап бар; үшіншісінде екіншідегіден сегіз жүз жетпіс том артық, ал төртіншісінде біріншідегіден бір мың тоғыз жүз сегіз том артық. Кітапханада барлығы неше том кітап бар?

4. Егер азайтқышты онға арттырсақ айырма қалай өзгереді? Жиырма үшке арттырсақ ше? («Арифметика есептері мен жаттығуларының жинағы», 1962 ж.)

171-жаттығу. Айлардың аттарынан кейін олардың рет санын алдымен араб цифры (1, 2...) арқылы (мысалы: январь — 1-ай), соңынан рим цифры (I, II) арқылы көрсетіндер.

Январь, февраль, март, апрель, май, июнь, июль, август, сентябрь, октябрь, ноябрь, декабрь.

Есімдік.

§ 51. Есімдік туралы түсінік.

Есім сөздерді (зат есім, сын есім, сан есімді) ауыстырып, солардың орнына жүретін сөздер есімдіктер деп аталады.

Мысалы: *Әжем қызықты әңгіме айтып берді. Оның бұл әңгімесін ынта қойып тыңдадық.* Екінші сөйлемдегі **оның** деген есімдік бірінші сөйлемдегі **әжем** деген зат есімнің орнына қолданылса, **бұл** деген есімдік **қызықты** деген сын есімнің орнына қолданылып тұр.

Есімдік, әдетте, жалпы ұғымды білдіреді де, оның нақтылы мағынасы өз ара байланыста айтылған сөйлемдерде айқындалады. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы **оның** және **бұл** деген есімдіктердің мағыналары бірінші сөйлемдегі сөздер (*әжем, қызықты*) арқылы ұғынылады.

Демек, есімдіктер — заттың өзінің де, оның сапа-белгісі мен санының да тікелей атауы емес, солардың орнына жүретін сөздер.

Мағыналарына қарай есімдіктер 7 топқа бөлінеді. Олар мыналар: жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, өз-

дік есімдік, жалпылау есімдігі, сұрау есімдігі, белгісіздік есімдігі, болымсыздық есімдігі.

172-жаттығу. Өлеңді оқып, қай сөздердің есімдік екенін және олардың қандай сөздердің орнына жүріп тұрғанын айтыңдар.

ӘРІП ПЕН ҚАЛАМҰШ.

Нашар боп түскен — Жала! — деп, — мұ-
 қағазға. ның, — сол сәтте,
 Кінәлап, мінеп әріпті. Біза боп әріп құлшынды:
 — Айыпқа мен қалам — Сенімен жазған
 ба, — саусақтың
 Деп қаламұш налыпты. Иесіне айт бұл сынды.

(Ш. Смаханұлы.)

§ 52. Жіктеу есімдіктері.

Жіктеу есімдіктері мыналар: *мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар.*

Жіктеу есімдіктері жақтық ұғыммен байланысты болып, үш жаққа бөлінеді. Мысалы, *мен* (I жақ) деген жіктеу есімдігі арқылы сөйлеуші өзін атаса, *сен* (II жақ) деген жіктеу есімдігі арқылы сөйлесуге қатысушыны, *ол* (III жақ) деген жіктеу есімдігі арқылы бөгде біреуді білдіреді.

Жіктеу есімдіктерінің жекеше және көпше түрлері бар. Олар мыналар:

Жақ	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	<i>мен</i>	<i>біз, біздер</i>
II	<i>сен, сіз</i>	<i>сендер, сіздер</i>
III	<i>ол</i>	<i>олар</i>

Сен деген жіктеу есімдігінің орнына сыпайылықты, сыйлауды білдіру мақсатымен *сіз* деген жіктеу есімдігі қолданылады. Мысалы: *Гүлжан апай, сіз жол жүріп барасыз ба?*

Жіктеу есімдіктері септеледі. Олардың жекеше түрінің септелу үлгісі мынандай:

Септік	I жақ	II жақ	III жақ
Атау	<i>мен</i>	<i>сен</i>	<i>ол</i>
Ілік	<i>менің</i>	<i>сенің</i>	<i>оның</i>
Барыс	<i>маған</i>	<i>саған</i>	<i>оған</i>
Табыс	<i>мені</i>	<i>сені</i>	<i>оны</i>
Жатыс	<i>менде</i>	<i>сенде</i>	<i>онда</i>
Шығыс	<i>менен</i>	<i>сенен</i>	<i>онан</i>
Көмектес	<i>менімен</i>	<i>сенімен</i>	<i>онымен</i>

Жіктеу есімдігінің екінші жақ сыпайы түрі (*сіз*) мен көпше түрінің септелуі зат есім сөздердің септелуімен сәйкес келеді.

Жіктеу есімдігі қай жақта тұрса, сол жақтың жіктік жалғауы, мысалы, I жақ жіктеу есімдігіне I жақ жіктік жалғауы (*менмін, бізбіз*), II жақ жіктеу есімдігіне II жақ жіктік жалғауы (*сенсің, сізсіз, сендерсіңдер, сіздерсіздер*) жалғанады.

173-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді оқып, жіктеу есімдіктерінің қай септік жалғауында тұрғанын айтыңдар.

1. Ол маған шынын айта ма? (С. О.) 2. Сенімен кездесемін деген оймен теңізге шыққан едім. (Ә. С.) 3. Саған жаным ашымаса, менің сенде нем бар? 4. Сенен сырт айналып, жау көрген жерім бар ма еді? (С. О.) 5. Сені мен бізге жаңа базардың керегі не? 6. Олардың кеткеніне бүгін екі айдай уақыт болды. 7. Бұл бізге жүктелген ең алғашқы тапсырма болатын. (Ә. С.)

§ 53. Сілтеу есімдіктері.

Сілтеу есімдіктері мыналар: *бұл, осы, ол, сол, ана, мына, әні, міне, анау, мынау, сонау, осынау.*

Есімдіктердің бұл түрі бірдемені нұсқау, көрсету, сілтеу мағынасын білдіріп, *қай? қайсы?* деген сұрауға жауап береді.

Есімдіктердің ішінен *ол* есімдігі бірде жіктеу есімдігі ретінде, бірде сілтеу есімдігі ретінде жұмсалады. Бұл есімдік (*ол*) жіктеу есімдігі мағынасында қолданылғанда, *кім?* деген сұрауға жауап беріп, сөйлемде б а с т а -

уыш болады да (ол келгенде, ол оқығанда, ол — агроном), сілтеу есімдігі мағынасында қолданылғанда, қай? деген сұрауға жауап беріп, сөйлемде анықтауыш болады (ол уақытта, ол күні).

Сілтеу есімдіктері көптеледі, тәуелденеді және жіктеледі.

Сілтеу есімдіктерінің жекеше және көпше түрлері мыналар:

Жекеше түрі	<i>бұл, сол, ол, осы, ана, мына</i>
Көпше түрі	<i>бұлар, солар, олар, осылар, аналар, мыналар</i>

Сілтеу есімдіктерінің (бұл, ол, сол) тәуелдену үлгісі:

I жақ	<i>бұным, мұным</i>	<i>оным</i>	<i>соным</i>
II жақ	<i>бұның, мұның бұныңыз, мұныңыз</i>	<i>оның оныңыз</i>	<i>соның соныңыз</i>
III жақ	<i>бұнысы, мұнысы</i>	<i>онысы</i>	<i>сонысы</i>

Сілтеу есімдіктерінің (бұл, сол, осы) септелу үлгісі:

А.	<i>бұл</i>	<i>сол</i>	<i>осы</i>
І.	<i>бұның (мұның)</i>	<i>соның</i>	<i>осының</i>
Б.	<i>бұған</i>	<i>соған</i>	<i>осыған</i>
Т.	<i>бұны (мұны)</i>	<i>соны</i>	<i>осыны</i>
Ж.	<i>бұнда (мұнда)</i>	<i>сонда</i>	<i>осында</i>
Ш.	<i>бұдан (мұнан)</i>	<i>сонан (содан)</i>	<i>осыдан (осынан)</i>
Қ.	<i>бұнымен (мұнымен)</i>	<i>сонымен</i>	<i>осымен</i>

174-жаттығу. Оқып шығып, қай сөздердің сілтеу, жіктеу есімдіктері екенін және олардың қай жалғауда тұрғанын айтыңдар.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

1. Жер шарындағы ең ғажайып көл Тринидад (Кариб теңізі) аралында екен. Бұл көлдің ерекшелігі мынада:

онда су емес, асфальт жасайтын қоймалжың лай бар. Осы көлдің тереңдігіне өлшеу де жүргізілді. Бірақ өлшегіштердің ешқайсысы да оның түбіне жете алмады.

2. Жер шарындағы ең жан баспайтын су — Сицилиядағы «ажал көлі». Оның жағалауында ешбір өсімдік өспейді, жәндік болмайды, ал суына түскендер көзді ашып-жұмғанша өледі. Ажал көлінің түбінде екі жерден қышқыл атқылап тұрады. Суды уландыратын осы қышқыл көрінеді.

3. Жер шарының оңтүстік жарты шарының аспанында «Магеллан бұлттары» деп аталатын екі шоқ жұлдыз бар. Олар біздің Галактикаға жақын орналасқан шоқ жұлдыздардың бірі болып есептеледі. Бізге ең жақын орналасқаны Центавр шоқ жұлдызы. «Магеллан бұлты» шоқ жұлдызының біздің Галактикаға біршама жақын орналасуы себепті, оны жұлдыздардың жаңадан пайда болуы мен даму эволюциясын зерттейтін табиғи лаборатория деп қарауға болады.

Шоқ жұлдыз не себепті Магеллан есімімен аталған? Ол шоқ жұлдызды аты әлемге әйгілі теңіз саяхатшысы Фернан Магеллан өзінің бірінші рет Жер шарын айналып шығу сапары кезінде, 1521 жылы, байқапты. Ол туралы кемеңіз күнделік журналына жазып қалдырған. Осыдан төрт ғасыр бұрын белгілі болған шоқ жұлдызды зерттеу соңғы жарты ғасыр ішінде ғана қолға алынды.

Олардың жарықтылығының өзгеру уақыты сол жұлдыздардың жарық күшіне байланысты. Жұлдыз өте жарық болған сайын, оның жарқырауының өзгеру уақыты ұзақ екен. Мұндай байланысты біздің Галактикада байқау қиын. (*«Білім және еңбек» журналынан.*)

§ 54. Өздік есімдік.

Өздік есімдік деп аталатын бір ғана сөз бар. Ол — **өз** деген есімдік.

Өздік есімдік көбінесе тәуелдеулі түрінде (*өзім, өзің, өзі, өзіміз, өздеріңіз, өздері*) қолданылады.

Бұл есімдік септелгенде, тек тәуелдеулі түрінде ғана септеледі. Осыған орай, өздік есімдіктің септелуі тәуелдеулі зат есімнің септелуімен сай келеді.

Өздік есімдіктің септелу үлгісі:

А.	<i>өзім</i>	<i>өзің</i>	<i>өзі</i>
І.	<i>өзімнің</i>	<i>өзіңнің</i>	<i>өзінің</i>
Б.	<i>өзіме</i>	<i>өзіңе</i>	<i>өзіне</i>
Т.	<i>өзімді</i>	<i>өзіңді</i>	<i>өзін</i>
Ж.	<i>өзімде</i>	<i>өзіңде</i>	<i>өзінде</i>
Ш.	<i>өзімнен</i>	<i>өзіңнен</i>	<i>өзінен</i>
К.	<i>өзіммен</i>	<i>өзіңмен</i>	<i>өзімен</i>

Тәуелдеулі өздік есімдік жіктеу есімдігімен тіркесіп те, тіркеспей де қолданылады. Өздік есімдік тәуелдіктің қай жағында тұрса, онымен тіркескен жіктеу есімдігі де сол жақта қолданылады. Мысалы: *өзім — мен өзім; өзің — сен өзің; өзіңіз — сіз өзіңіз; өзі — ол өзі.*

Өздік есімдік тәуелдеулі түрінде жіктеледі: *өзіммін, өзіңсің, өзі.*

Есімдіктің бұл түрі зат есімнің алдында қолданылғанда, оның құрамында болуға тиісті тәуелдік жалғауы мен ілік септік жалғауының түсіп қалуы мүмкін. Мысалы: *өз (өзімнің) қаламым, өз (өзіңнің) қаламың, өз (өзінің) қаламы.*

175-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, ондағы өздік есімдігінің қай жалғауда тұрғанын айтындар.

1. Бүкіл заводты бір өзің жүргізіп тұрсың ғой. (F. Мұст.) 2. Өзімнің бес саусағымдай білемін өздеріңді. (F. М.) 3. Сол үйдің екі бөлмесін өзіңіздің бас инженеріңізге беріңіз. (F. Мұст.) 4. Тұлкінің қызылдығы — өзінің соры. (Мақ.) 5. Қанабек өзі қоса күліп, сөзінің артын түзеп әкетті. 6. Өзіміздің маман, лаулаған жас қой, алып кетеді. (F. Мұст.)

§ 55. Жалпылау есімдіктері.

Жалпылау есімдіктері мыналар: *бәрі, бар* (бар әлем), *барша, барлық, бүкіл, бүтін, түгел, күллі,*

Жалпылау есімдігі екі не одан көп зат немесе құбылыс атауларын жинақтап айту үшін қолданылады. Мысалы: *Егіс даласында биыл бидай, тары, сұлы — бәрі де жайқалып өскен екен.*

Жалпылау есімдіктерінің ішінен *барлық, барша, бәрі* (бар деген есімдіктің өзгерген түрі) деген есімдіктер тә-

уелденеді (барлығымыз, баршамыз, бәріміз; барлығың, барлығыңыз (барлықтарың, барлықтарыңыз), баршаң, баршаңыз (баршаларың, баршаларыңыз), бәрің, бәріңіз (бәрілерің, бәрілеріңіз); барлығы (барлықтары), баршасы, бәрі (бәрілері).

Жалпылау есімдігінің тәуелдеулі түрі ғана септеле алады. Мысалы: барлығымыз, барлығымыздың, барлығымызға, барлығымызды, барлығымызда, барлығымыздан, барлығымызбен.

176-жаттығу. Күллі, бәрі, бүтін есімдіктерін келтіріп, үш сөйлем жазыңдар; баршасы деген жалпылау есімдігін бірыңғай мүшелерден кейін қойып, екі сөйлем жазыңдар.

177-жаттығу. Оқып шығып, жалпылау есімдіктерін атаңдар.

1. Біздің заман шыққан күндей жайнайды, Бар әлемге алтын күнін түсіріп. (Ж. С.) 2. Беріліп барлық ынтамен, Күллі халық сеніп тұр. (Ж.) 3. Осы жазған барша сөзден, Байкалынар бар шыным. (А.) 4. Абай, бар сөзді түгел айтып болсын дегендей, үндеген жоқ. (М. Ә.)

§ 56. Сұрау есімдіктері.

Сұрау есімдіктері мыналар: *кім? не? неше? (нешінші? нешеу?), қай? (қайсы? қайда? қайдан?), қандай? қанша? қашан? қалай?*

Сұрау есімдіктері сұрақ мағынасын білдіреді де, сұрау қойылатын сөздің тұлғасына сай түрленеді. Мысалы: *Олар кітапханадан келді* деген сөйлемдегі *олар* сөзіне көпше түрде қолданылуына орай *кімдер?* деген сұрау қойылса, *кітапханадан* сөзіне шығыс септікте тұруына сәйкес *қайдан?* деген сұрау қойылады.

Сұрау есімдіктерінің ішінен *кім? не? қайсы? неше? (нешеу?) нешінші?* деген есімдіктер көптеліп те, тәуелденіп те, септеліп те қолданыла беріледі.

Сұрау есімдіктерінің тәуелдену үлгісі:

I жак	кімім?	нем?	нешеуім?	қайсым?
II жак	кімің?	нең?	нешеуің?	қайсың?
	кіміңіз?	неңіз?	нешеуіңіз?	қайсыңыз?
III жак	кімі?	несі?	нешеуі?	қайсысы?

Сұрау есімдіктерінің септелу үлгісі:

А.	кім?	не?	неше?
І.	кімнің?	ненің?	нешенің?
Б.	кімге?	неге?	нешеге?
Т.	кімді?	нені?	нешені?
Ж.	кімде?	неде?	нешеде?
Ш.	кімнен?	неден?	нешеден?
К.	кіммен?	немен?	нешемен?

Сұрау есімдіктерінің ішінде жіктеліп те қолданылатындары бар. Мысалы: *кіммін? кімсің? қайдамын? қайдасың? нешеуміз? нешеусіздер?* және т. б.

178-жаттығу. Төмендегі тексті көшіріп, қара әріппен жазылған сөздерден кейін сол сөздерге байланысты тиісті сұрау есімдіктерін жақша ішіне қойып жазындар.

Үлгі: *Қаламұш (кім?) көшенің екі бетінде алшақ (қалай?) салынған тоқал үйлердің (нелердің?) ортасымен колхоз басқармасына (қайда?) келе жатыр.*

Қаламұш көшенің екі бетінде алшақ салынған тоқал үйлердің ортасымен колхоз басқармасына келе жатыр. Мектепке кіріп, мұғалімдермен сөйлесіп шығатын да шаруасы бар, оған кейінірек, балалар сабақтан шыға бергенде, соқпақ. Ол алыс жайылымнан орталыққа келгенде, ең алдымен көзіне оттай басылатын — осы мектеп пен жатақхана. Соның ішінде қызығы мен думаны қалғандай, көргеннен-ақ көңілі алып-ұшады. (Т. Ахтанов.)

§ 57. Белгісіздік есімдіктері және олардың емлесі.

Белгісіздік есімдіктері мыналар: *біреу, кейбір, кейбіреу, қайсыбір, қайсыбіреу, бірдеме, бірнеше, әрбір, әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай, әрнеше, әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлдеқашан, әлдеқалай, әлденеше, әлдебір.*

Белгісіздік есімдіктері *бір, біреу, кей (қайсы), әлде, әр* деген сөздердің бір-бірімен бірігуі немесе осылардың басқа есімдіктермен (көбінесе сұрау есімдіктерімен) бірігуі арқылы жасалады. Мысалы: а) *кейбір, кейбіреу, қайсыбір, қайсыбіреу, әрқайсы, әрбір, әлдебір*; ә) *бірнеше, бір-*

деме; б) әлдене, әлдекім, әлдеқайдан, әлдеқашан, әлденеше; в) әркім, әрне, әрқалай, әрнеме.

Белгісіздік есімдіктердің жалғаулар арқылы түрленуге бейімділігі бәрінде бірдей емес. Олардың ішінде *бірдеңе, біреу, әлдекім, әркім, кейбіреу* деген есімдіктер көптеледі (*бірдеңелер, біреулер, әлдекімдер, әркімдер, кейбіреулер*). Аталған есімдіктер және *бірнеше, әрбір* деген есімдіктер тәуелденеді (*бірдеңем, бірдеңең, бірдеңесі, әркіміміз, әркімдерің, әркімдері, бірнешеміз, бірнешеңіз, бірнешесі және т. б.*). Белгісіздік есімдіктердің ішінде *бір, бірнеше, кейбір, әлденеше, әрбір* деген есімдіктер тәуелдеулі түрінде ғана септеле алады (*бірнешесі, бірнешесінің, бірнешесіне, бірнешесін, бірнешесінде, бірнешесінен, бірнешесімен*).

Кей, қайсы, бір, әр, әлде деген есімдіктер өз ара тіркескенде немесе басқа есімдіктермен тіркескенде, өздерінің тіркескен сөздерімен бірігіп жазылады. Мысалы: *кейбір, кейбіреу, қайсыбір, қайсыбіреу, бірнеше, әрбір, әрқайсы, әрне, әлдекім, әлдене, әлденеше* және т. б.

Аталған есімдіктер басқа сөз таптарына қатысты сөздермен тіркескенде, өзімен тіркескен сөзінен бөлек жазылады. Мысалы: *кей адам, әр ауыл, әр көшеде, бір кісі* және т. б.

179-жаттығу. *Біреу, әлдекім, кімде-кім, қайбір, әлденеше, әлдеқайдан, әрбір, әрқалай, біраз* деген белгісіздік есімдіктерін қолданып, сөйлем жазыңдар: жазған сөйлемдеріндегі есімдіктер қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын айтыңдар.

180-жаттығу. Жакша ішіндегі *кей, әлде, әр* сөздерін тиісті жерінде өзінен кейінгі сөзбен біріктіріп, тиісті емес жерінде бөлек жазыңдар.

1. (Кей) біреулер Тәңірбергеннен алған бір-бір қарасын өріске ұзатып сап, қайтып келе жатыр екен. (Ә. Н.)
2. (Кей) жігіт мақтан үшін қылық қылмай, Бойына майдалықпен сыр сақтаған. 3. (Кей) бір жігіт жүреді мақтан көйлеп, Сыртқа пысық келеді, сөзге сынық. (А.)
4. Сонау тауда тас арасынан (әлде) кімнің басы қылтылдайды. (Ғ. Мұст.) 5. Қай мезгіл, түн бе (әлде) түстік алды, Дұшпан ба, дос па ыстық жанды? (Ә. С.) 6. Бізде ерік жоқ, өзің біл, әлде (неге) бастайсыз. (А.) 7. Кірпіштің өзін де бұрынғы кірпіштерден әлде (қайда) берік жасау керек. 8. Бейсауыт (әлде) қалай жан бар ма деп, Қарайды баспа қылып бұрып тұрып. (И. Б.) 9. Сөз мәнісін білерлік (кей) біреу бар, Абайлар (әр) бір сөзді өз

халінше. 10. Бір ғылым еді іңкәрін, (әр) қиынға сермедін. 11. (Әр) біреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағдысына кіреді. (А.)

§ 58. Болымсыздық есімдіктер және олардың емлесі.

Болымсыздық есімдіктер мыналар: *еш, ешбір, ешбіреуі, ешкім, ештеме (ештеңе), ешқайсысы, ешқандай, ешқайда, дәнеңе (дәнеме), түк.*

Есімдіктің бұл түрі сөйлемде болымсыздық мағынадағы жоқ, емес сөздері және етістіктің болымсыз түрімен байланысты қолданылады. Мысалы: *Біз сендердің ештеңелеріңді алғанымыз жоқ. (С. С.) Онысы бір өзінен басқа ешкімге мәлім емес. (М. Ә.) Ешкіммен сөйлеспеді, ешкімнің қасына бармады. (Б. М.)*

Белгісіздік есімдіктер жіктелмейді. Есімдіктердің бұл түрінің бәрі бірдей емес, кейбіреулері ғана, мысалы, *ешкім, ештеңе, дәнеңе (түк)* есімдіктері тәуелденеді (*ештеңем, ештеңең, ештеңесі, ешкімім, ешкімің, ешкімі*), септеледі (*ешкімнің, ешкімге, ешкімді, ешкімде, ешкімнен, ешкіммен*).

Еш сөзі есімдіктермен тіркескенде, белгісіздік есімдіктерін жасайды да, тіркескен сөзімен бірігіп жазылады. Мысалы: *ешкім, ешбір, ешқайсысы, ешқайда, ешқашан.*

Еш сөзі есімдіктерден басқа сөз таптарына қатысты сөздермен тіркескенде, өзімен тіркескен сөзінен бөлек жазылады. Мысалы: *еш адам, еш уақытта, еш кітапта.*

181-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, жақша ішіндегі *еш* сөзін тиісті жерінде өзінен кейінгі сөзбен біріктіріп, тиісті емес жерінде бөлек жазындар.

1. Бірақ Көксерек әлі күнге (*еш*) бір уақытта қыңқ етіп, ауырсынған дыбысын шығарған жоқ. (М. Ә.)
2. Тыңдамаса (*еш*) адам, өз жүрегім толғансын. (А.)
3. Жүз жасап, жүз жыл көрген бұл Жамбылды, (*еш*) бір жан бүгінгідей қаратпаған. (Ж.)
4. Сен бізден (*еш*) қайда кетпе,— деді Катя. (М. И.)
5. Сенен басқа (*еш*) жерден таба алмадым орнымды. (А.)

182-жаттығу. *Ешбір, ешкім, ештеме, ешқайсысы, ешқайда, дәнеңе* деген болымсыздық есімдіктерін қатыстырып, сөйлем құраңдар. Аталған есімдіктердің болымсыздық мағынадағы қандай сөздермен байланысты қолданылатынына назар аударыңдар.

§ 59. Есімдіктердің сөйлемдегі қызметі.

Есімдіктер қай сөз табының орнына жүрсе, сөйлемде сол сөз табының қызметін атқарады. Есімдіктердің ішінен жіктеу, жалпылау, өздік есімдіктері сөйлемде көбінесе бастауыш болса (*Біз саған келдік. Өзіңді көріп қуандық. Енді бәріміз қосылып ән салайық.*), сілтеу есімдіктері анықтауыш болады (*Бұл кітапты оқығанмын*).

Есімдіктер қолданылуына қарай сөйлемде басқа да мүше болады. Мысалы: *Кінәлы өзіммін* деген сөйлемде өздік есімдік (*өзіммін*) баяндауыш қызметінде жұмсалса, *Олар әлдеқашан келді* деген сөйлемде белгісіздік есімдік (*әлдеқашан*) пысықтауыш қызметінде жұмсалып тұр.

183-жаттығу. Оқып шығып, есімдіктердің қандай есімдік екенін және олардың сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айтыңдар.

I. ҚҰРҒАҚ МҰЗ.

Табиғатта тамашалар көп қой. Соның бірі — құрғақ мұз. Өзінің аты қызық. Ол ешқашан ерімейді. Су болмайды. Тек қана көмір қышқылы газына айналып, ұшып кетеді.

Құрғақ мұз жеңіл өнеркәсіпте жиі пайдаланылып жүр. Оның суықтық температурасы 78,9 градус. Егер бұл мұзды жалаңаш қолыңмен ұстасаң, қарып жіберуі ықтимал. Құрғақ мұз көбінесе асты шірітпей сақтауға қолайлы. Әсіресе оны электр тоңазытқыштардан, балмұздақтың астынан көруге болады.

Егер сен балмұздақ сатып ала қалсаң, үйге жеткенше, кішкентай құрғақ мұзбен қосып орап алуыңа болады. Үйге барғаннан кейін, әлгі мұзды бірнеше бөлшекке бөліп, оны су құйылған стақанға салсаңыз, құрғақ мұз өзінен-өзі газға айналады. (*«Фалам ғажаптары» кітабынан.*)

II. ШАҒАЛА.

Айдын теңіздің бетінде жем іздеп, үнемі ұшып жүретін құстардың бірі — теңіз шағаласы. Бұлардың ішетіні — теңіз суы. Сонда олар ащы судың тұзын бойларына қалай сіңіре алады?

Міне, осы жайды анықтау үшін Данияның бір ғалы-

ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА.

— Біздің совхоз,— депті ол,— қаладан шалғайда. Селомыз да шағын. Бірақ оның ерлік шежіресі, айта берсең, ұзақ әңгіме. Сонау азамат соғысы жылдарында да, онан кейін Отан соғысында бұл село талай қанды айқасты басынан кешірді. Әсіресе Ұлы Отан соғысы кезінде біздің селодан талай адамдар армия қатарында, партизан отрядтарында фашистермен айқасты. Көбі сол айқаста ерлікпен қаза тапты. Былтыр селомыздың дәл ортасындағы мектебіміздің кіре беріс қабырғасына ескерткіш тақта ілдік. Ақ мрамордан жасалған бұл ескерткіш тақтаның бетінде алтын әріппен ойылып жазылған бірнеше адамның аты бар. Олар — селомыздан майданға кетіп, азамат соғысы және Отан соғысында ерлікпен қаза тапқандардың есімі. Мұны мектебіміздің дружинасында ұйымдасқан «Жас саяхатшылар» үйірмесінің мүшелері жан-жақтан іздестіріп, деректер жинап, қолға алған еді. Дружинада «Біздің жерлес батырлар» мүйісі ашылды. Жас саяхатшылар бір мезгіл совхозда жұмыс істеп, қолғабыс жасай жүріп, әлгі ескерткіш тақтаны өздері жасатқан болатын.

Ескерткіш тақтаны ашу салтанатына мектеп оқушылары ғана емес, село тұрғындары түгел жиналды. Жас саяхатшылар — біздің сол күнгі қуанышымызға шек жоқ. Ескерткіш тақтаны ашқанда, сөйлеушілер де көп болды. Олар бізге шын ықыластарымен алғыстарын білдіріп, өз естеліктерін айтты,— дейді. (С. Сарғасқаев.)

186-жаттығу. Әңгімені оқып шығып, есімдіктерді түр-түрге бөліп көшіріңдер. Есімдіктерге қандай жалғаулар жалғанып тұрғанын айтыңдар.

ХАЙУАНАТТАРДЫҢ КЕЛІСІМІ.

Мыржыбай қарт сөзін бастады:

— Уай, жігіттер, қазақтың ерте кезде бір ертерісі болушы еді. Ертеде осы күнгі біздің малданып жүрген түліктеріміздің бәрі де аң секілді далада, тауда жүрген тағылар екен. Онда қой мен киік, арқар мен сиыр, құлан мен жылқы, түйе мен киік — бәрі бір жайылады екен. Сонан бертін келе адамдар бір жерге мекендеп, күн көріс кәсібі — еңбекке айналғанда, малдарды біртіндеп қолға үйретіп, иемденіп пайдаланыпты. Сонда аңдар мен мал-

дар екі бөлінерде, өз ара ата мұраларың бөлісіп, әрқайсысы әр өнерге ие болыпты. Сонда тұрып сиыр арқарға: «Сен өз еркінмен тауда қалып барасың, сенің жүріс-тұрысыңды ешкім сынамайды. Мен өте сыншы адамның қолына кетіп барам, жүргенде сылдырап отыратын күміс тұяғыңды маған бер»,— депті. Арқар тұрып: «Сиыр апай, оныңыз дұрыс, қолқаңыз сол болса, мен қидым, сіз маған қар тебетін кебісіңізді кигізіңіз. Мен түзде жүрем, сонымен жан сақтайын»,—депті. Сөйтіп, арқар мен сиыр екеуі айрыларда кебістерін айырбастап, содан бері сиыр қар тебе алмайтын болып, бақайын беріп, қар бекігенде, аш жүретін болып, арқар тастан таймай секіретін, қардан қайтпай, теуіп шөп алып жейтін болыпты,— деуші еді. Сөйткен алдампаз тағы арқардың ұрығын алып, қой өсіріп, елге таратып жатырсындар. (С. Бегалин.)

187-жаттығу. Оқып шығып, есімдіктердің қай есімдік екенін, олардың қандай сөздердің орнына жүріп тұрғанын айтындар.

«ОТТЫ» КӨЛ.

Үнді мұхитының бір аралында ғажайып бір көл бар. Оның сұлулығындай көлді ешкім көрмеген болар. Қүндіз ол айнадай жарқырап тыныш жатады. Ал қалай кеш батты деңіз, сол-ақ екен, көл үсті отша жанып, өртене бастайды. Кәдімгі бейне бір салют беріп жатқандай. Міне, бұрқ етіп шоқтар ұшты. Олар су үстіне сол сөнбеген қалпы қайта жауып жатыр. Қайсыбір жерде от сақиналар дөңгелеп, біріне-бірі соғысып атылады. Енді бір жерде шұбаландаған арқан тәріздес оттар көрінеді. Кәдімгі айдаһардан бір де кем емес. Егерде осындай тамашаны көріп тұрған сіз ол суға шомылатын болсаңыз, онда өзіңіз де отша жанып жарқылдап кетер едіңіз.

Көлдің бұлай от болып жарқырау себебі оның үстіндегі миллиардтап жыбырлап жүрген бір клеткалы организмдердің әсері екен. Өйткені ол органикалық фосфорлық қабыққа оранған. («*Ғалам ғажаптары*» кітабынан.)

Етістік.

ЕТІСТІКТЕН IV КЛАСТА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ.

Негізгі мен туынды, салт пен сабақты, болымды мен болымсыз етістіктер.

188-жаттығу. Оқып шығып, қара әріппен жазылған сөздердің қайсысы зат есім, қайсысы етістік (негізгі етістік) екенін ажыратындар. Етістік дегеніміз қандай сөз табы екенін айтындар.

1. Қалмақы қара үзеңгі, биік қасты ер, Қанжығамда байлаулы жіптен шідер. (А.) 2. Төсек-орын, киім-кешегінді ал да, маған ер. (С. М.) 3. Жыршы құстар әуеде өлең айтып, Қиқу салар көлдегі қаз бен кулар. (А.) 4. Алтынды шыққан жерден қаз. (Мақ.) 5. Бойыңды жи, Ерболды шақырып ал да, атқа мін, ел арала. (М. Ә.) 6. Ай, жұлдыз, ағарған таң, жарық күн бар, Жазғы құс, жапырақта қанша мін бар. (А.) 7. —«Көш, көш! Қасымнан кет! Көрмеймін! Қазір көш!»—деп бұйрық берді. (М. Ә.) 8. Осы кең жолдың үсті үздіксіз ағылған көш. (Ғ. Мұст.)

189-жаттығу. Өлеңді оқып шығып, етістіктердің қайсысы негізгі, қайсысы туынды етістік екенін айқындаңдар. Туынды етістіктің қай сөзден қандай жұрнақ арқылы жасалғанын айтындар.

МАЙ СӘУЛЕТІ.

Май кереді адымын, аршындайды,
Аршындайды, әлемді тарсынбайды.

Ақын болып, жыр толғап жалын жолды,
Батыр болып бастайды қалың қолды.

Аспандайды Май туы, желбірейді,
Нұрын төгіп, күн көзі елжірейді.

Космонавт сияқты күлімдейді,
Туған жерде тұрмын мен бүгін,— дейді...

Алшаң басып Май еркін адымдайды,
Жанарында жан оты жалындайды.

Ол мәңгі жас, өкпесі алқынбайды,
Ақ дидары жайрандап, жарқылдайды.

Май шуағы, Май нұры, Май самалы —
Адамзаттың армандап аңсағаны.

(С. Сейітов.)

190-жаттығу. Төмендегі туынды етістіктердің жұрнағын түбірден қосу белгісі (+) арқылы ажыратып жазыңдар. Туынды етістіктердің қандай сөздерден (зат есім, сын есім немесе түбір етістіктен) жасалғанын айтыңдар.

Тұзда, суретте, адымда, айқында, ағар, көгер, жасар, жаса, сана, білдір, алдыр, киін, жуын, тынық, басқар, теңгер, санас, қысқар, жақында.

191-жаттығу. Өлеңді оқып, етістіктердің қайсысы салт етістік, қайсысы сабақты етістік екенін ажыратып айтыңдар.

СЕГІЗІНШІ МАРТ КҮНІ.

Сегізінші март тойында класта
Гүл сыйладым Гүлжан, Нілжан, Күләшқа.
Алақайлап сыйлығымды алысты,
Қуанысты, мәз-мейрам боп қалысты.
Гүлжан маған өз сумкасын ұстатты,
Неілжан маған өз сумкасын ұстатты.
Жаңа шыға бергенімде кластан,
Өз сумкасын бере қойды Күләшжан.
Төрт сумканы Бәкең алып жөнелді,
Бірге айтып келеді үш қыз өлеңді.
Терлесем де сыр бермей-ақ келемін,
Намыс деген не екенін білемін...

(М. Әлімбаев.)

192-жаттығу. Өлеңді көшіріп, салт етістіктің астын бір, сабақты етістіктің астын екі сызыңдар.

КӨКТЕМ.

Төңірек тегіс көктеді,
Төсіне қырқа тақты гүл.
Даламның көркем
көктемі
Дабылын қайта қақты бір.

Еріді мұзы Есілдің,
Естілді қаздың қаңқылы.
Сүйеді тыңның төсін күн,
Самалды сағым қалқыды.

Құлпырды қайта нәр
далам,
Сағынды жүрек жаз
күнін.

Ауылда бүгін қарбалаң,
Ауылда ұйқы аз бүгін.

(Ә. Дүйсенбиев.)

193-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, ондағы кара әріппен жазылған сөздердің қайсысы болымсыз етістік, қайсысы есім сөз екенін ажыратып айтыңдар.

1. Олар қақпа алдына келіп тоқтады. 2. Есікті қатты қақпа. 3. Жиналысты басқарушы адам кіріспе сөз сөйледі. 4. Сен олардың әңгімесіне кіріспе. 5. Өздігіңнен кірме, рұқсат сұрағаның жөн. 6. Кірме сөздер әрбір тілдің лексикасында бар. 7. «Былай тұр! Көрме! Саған рұқсат жоқ!» — дегендей, суық, қатал. (М. Ә.) Ол сурет көрмесінде болды. Оған көрме қатты ұнады.

194-жаттығу. Жұмбақтарды көшіріп, болымсыз етістіктің астын сызыңдар. Болымсыз етістік жұрнағының сөзге әр түрлі жалғану себебін түсіндіріңдер.

ЖҰМБАҚ.

1. Бір нәрсе от жемейді, су ішпейді,
Үстінен оның сірә жан түспейді.
Шаршамас, белі талмас, сондай мықты,
Тұруға жалықпайды, беріспейді,
Міні жоқ, бойы сұлу болғанменен,
Таңырқап оны адам көріспейді.
Мінезі сол нәрсенің сондай жуас,
Бір-бірін бөтен малдай тебіспейді.
Жұмысын салтаң мініп бітірмесе,
Жегуге арба-шана көніспейді.
2. Өздігінен жүрмейді, жарыспайды,
Кісі мінсе, жарыстан қалыспайды,
Аяғы екеу болғанмен, ізі жалғыз,
Сағатта талай жерді қарыштайды.

ЕТІСТЕР.

§ 60. Етіс туралы түсінік.

Етістіктердің етіс деп аталатын түрі іс-әрекеттің іс істеушіге немесе затқа қатысын білдіреді. Мысалы: 1. *Бей-*

сен белбеуін буынды. 2. Бейсен қаптың аузын будырды. Бірінші сөйлемде іс-әрекет (буынды) іс істеушіге (Бейсенге) тікелей бағытталса, екінші сөйлемде іс-әрекеттің (будырды) басқа біреу арқылы істелгендігі білінеді. Аталған етістіктердің бір-бірінен мағыналық айырмашылықтары олардың өздік етіс (буын) және өзгелік етіс (будыр) деп аталатын түрлерінің арасындағы айырмашылық болып саналады.

Етістердің түрлері мыналар: өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс.

§ 61. Өздік етіс.

Өздік етіс іс-әрекеттің іс істеушіге тікелей бағытталғандығын білдіреді. Мысалы: *Болат суық суға жуынды. Серік киімін киінді.* Осы мысалдардағы *жуынды, киінді* деген өздік етістер қимылдың іс істеушілердің өздері (*Болат, Серік*) арқылы болғандығын білдіреді.

Іс-әрекеттің іс істеушіге тікелей бағытталғандығын білдіретін етістіктің түрі өздік етіс деп аталады.

Өздік етіс салт етістіктен емес, сабақты етістіктен (салт және сабақты етістіктер жайында 4-класс оқулығын қарандар) жасалады.

Сабақты етістіктен өздік етіс тудыратын *-н, -ын, -ін* жұрнағы. Сөз соңындағы дауысты дыбыстан соң *-н* (*сұра+n, тара+n, желпі+n*), дауыссыз дыбыстан соң *-ын, -ін* түрінде (*жасыр+ын (ды), шеш+ін*) жалғанады.

ИНСТИТУТЫ

195-жаттығу. Ойла, көр, сұрт, жақ, тара деген сөздерден етістіктің өздік етіс түрін жасандар да, оларды қатыстырып сөйлем құрандар.

§ 62. Ырықсыз етіс.

Етістіктің ырықсыз етіс түрі қолданылған сөйлемде іс істеуші арнай айтылмайды, яғни кімнің істегені көрсетілмейді де, не істелгені көрсетіледі. Мұны мына мысалдарды салыстырудан көруге болады:

*Бейсен егін орды.
Дүйсен шөп жинады.
Ержан киім ілді.
Слар суды бөгеді.
Асқар ет турады.*

*Егін орылды.
Шөп жиналды.
Киім ілінді.
Су бөгелді.
Ет туралды.*

Бұлардың бір-бірінен айырмашылықтары мыналар:

1. Бірінші қатардағы сөйлемдерде қимыл иесі — іс істеушілер аталса (*Бейсен, Дүйсен, Ержан, олар, Асқар*), екінші қатардағы сөйлемде олар көрсетілмеген.

2. Бірінші қатардағы сөйлемдердің құрамында тура толықтауыш қызметіндегі сөздер (*егін, шөп, киім, су, ет*) екінші қатардағы сөйлемдерде бастауышқа айналған.

3. Бірінші қатардағы сөйлемдерде қолданылған сабақты етістіктер (*ор, жина, іл, бөге, тура*) екінші қатардағы сөйлемдерде ол етістіктерге ырықсыз етістің жұрнағы (*-л, -ыл, -іл, -ін*) жалғану арқылы салт етістіктерге айналған.

Сабақты етістіктің салт етістікке айналуының нәтижесінде кімнің істегендігін емес, не істелгендігін білдіретін етістіктің түрі **ырықсыз етіс** деп аталады.

Сабақты етістікке жалғанып, оны әрі салт етістікке айналдыратын, әрі ырықсыз етіс тудыратын жұрнақтар мыналар:

1) **-л (-ыл, -іл)**. Бұл жұрнақ сөз соңындағы дауысты дыбыстан соң **-л**, дауыссыз дыбыстан соң **-ыл, -іл** түрінде жалғанады. Мысалы: *тура+л (ет туралды)*, *бөге+л (су бөгелді)*, *жу+ыл (еден жуылды)*, *тер+іл (мақта терілді)*.

2) **-н (-ын, -ін)**. Бұл жұрнақ құрамында **л** дыбысы бар етістіктерге жалғанады. Мысалы: *тағала+н (ат тағаланды)*, *сал+ын (егін салынды)*, *тіл+ін (тақтай тілінді)*.

Аталған жұрнақ (**-н, -ын, -ін**) жалғанған етістіктер бірде өздік, бірде ырықсыз етіс мағынасында жұмсалады. Егер етістік іс-әрекеттің іс істеушіге тікелей бағытталғандығын білдірсе, онда оның өздік етіс болғаны (мысалы: *Асан тазаланды*). Ал егер етістік іс істеушімен байланысты болмай, кімнің істегендігі емес, ненің істелгендігі ғана көрсетілсе, онда оның ырықсыз етіс болғаны (мысалы: *Қора тазаланды*).

196-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің өздік етіс, ырықсыз етіс түрлерін ажыратындар.

I. ШАТЫРГҮЛ.

Шатыргүлді халық күнменен кіндігі бір — «күн сүйгіш» деп те атайды. Шынында ол күн сүйгіш десе, күн сүйгіш. Күн сәулесін ғана сүйеді. Оның бетін күн ашады.

Жүзін таңғы мөлдір де жас күн нұрымен жуады. Ертеңгі таза ауада таранып, күн шуағына буланып, сыланады, сұлуланады. Күн жоқта, шатыргүл де жоқ. Күнсіз жерде шатыргүл жұрттан жүзін жасырады, көрсетпейді.

Шатыргүл күнбағар сияқты күнге құмар. Күннен көзін алмайды. Оған өмір беретін, сұлулық беретін күн ғана сияқты. Жан-жағында жақын тұрған бойы ұзын бұтаға, ағашқа шырмала оралып, мың бұралып, күнге алақанын жайып, аспандай өсуді арман етеді. Жаны биікті сүйеді. Кейде сонау биік теректің басына өрмелеп шығып, ашылып тұрған шырмауық гүлін көріп қайран қаласын. Талаптыға талас жоқ! Ол мұратына жетеді. (Ө. Тұрманжанов.)

II. КУБАДА ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАРСЫ АЛУ ДӘСТҮРІ.

Жана жыл түні сағат соққан сайын, әрбір адам бір жүзім түйірін жеуге тиіс. Сағаттың он екі рет соғылуында он екі жүзім түйірі желінеді. Бұл — бақыт үшін! Сонымен бірге түн ортасына қарай құмыраға су толтырылады. Сағат тілі он екі цифрына келгенде, су төгіледі. Мұның өзі ескі жылдың аяқталғанын білдіреді. («*Фалам ғажаптары*» кітабынан.)

§ 63. Өзгелік етіс.

Өзгелік етіс іс-әрекеттің басқа (бөгде) біреу арқылы істелетінін білдіреді. Мұны мына мысалдарды салыстырудан көруге болады: 1. *Ербол мазмұндама жазды.* 2. *Ербол мазмұндама жаздырды.* Бірінші мысалдан іс-әрекеттің (*жазу*) тікелей іс істеуші (*Ербол*) арқылы жүзеге асқаны ұғынылса, екінші мысалдан оның (*жазу ісінің*) бөгде біреу арқылы іске асқаны ұғынылады. Соңғы мысалдағы *жаздыр* деген етістік — өзгелік етіс.

Іс-әрекеттің істің иесі емес, бөгде біреу арқылы істелетіндігін білдіретін етістіктің түрі өзгелік етіс деп аталады.

Өзгелік етіс салт етістіктен де, сабақты етістіктен де жасала береді. Өзгелік етіс тудыратын жұрнақтар мыналар:

1) **-дыр (-дір), -тыр (-тір):** *жаздыр, жондыр, бөлдір, шаштыр, бақтыр, тіктір.*

2) **-қыз (-кіз), -ғыз (-гіз):** *айтқыз, баққыз, тіккіз, жазғыз, бөлгіз, тергіз.*

3) *-т:тыңдат, шақырт, тасыт, түсірт, аударт, жинат, өңдет.*

Өзгелік етістің жұрнақтары бірінің үстіне бірі жалғана беруі мүмкін. Мысалы: *бөл+дiр+т+кiз, жина+т+қыз, жина+т+тыр, аш+тыр+т+қыз, өң+де+т+тір, шақыр+т+қыз,*

197-жаттығу. Оқып шығып, өзгелік етістің қандай жұрнақтар арқылы жасалғанын айтындар.

- | | |
|--|--|
| 1. Арманға бізді жеткізіп,
Қайғыны ойдан
кеткізіп,
Мәңгі жарық алтын
күн
Туғызған бізге бұл
заман. | 3. Ер комсомол жастарға
Ерлік қадам бастырған.
Ұшқыш етіп жастарды,
Ұшса көктен астырған.
Күннен де биік
ұшырып,
Мұз түндігін аштыр-
ған. |
|--|--|
2. Сүйсіндірді, күлдірді
Ортама келді ырыс-
құт. (Жамбыл.)

§ 64. Ортақ етіс.

Етістіктің ортақ етіс түрі іс-әрекетке іс істеушінің бірі емес, бірнешеуінің қатысты екенін білдіреді. Мысалы: *Біздер хат жазысып тұрамыз. Достар бір-бірімен құшақтасып амандасты.*

Осы мысалдардағы етістіктердің *жазыс, құшақтас* деген ортақ етіс түрі іс-әрекетке бірнеше адамның қатысы бар екенін білдіреді.

Іс-әрекетке іс иесінің біреу емес, бірнешеуінің бірдей ортақ, бірдей қатысты екенін білдіретін етістіктің түрі **ортақ етіс** деп аталады.

Ортақ етіс етістіктің түбіріне *-с (-ыс, -іс)* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақ сабақты етістіктен де, салт етістіктен де ортақ етіс тудырады. Ортақ етіс жұрнағы етістіктің соңындағы дауысты дыбыстан соң *-с* түрінде, дауыссыз дыбыстан соң *-ыс, -іс* түрінде жалғанады. Мысалы: *қолтықта+с (Олар қолтықтасып барады), сөйле+с (Біздер сөйлесіп отырмыз), қаз+ыс (Жер қазысты), шегін+іс (Бір адым кейін шегіністі).*

Ортақ етіс мағынасындағы сөздер зат есім мағынасындағы сөздермен омонимдес (омонимдер жайында IV класс оқулығында айтылған) болып келуі мүмкін. Мыса-

лы, *Біз сенімен айтыспаймыз* деген сөйлемдегі *айтыс* сөзі — ортақ етіс те, *Ақындар айтысына қатысты* деген сөйлемдегі *айтыс* сөзі — зат есім, -с (-ыс, -іс) жұрнағы жалғанған сөз ортақ етіс болғанда, ол сөз етістіктерше түрленеді де, оған болымсыздық етістіктің жұрнағы, етістіктің көсемше мен есімше түрлерінің жұрнағы (көсемше, есімше жайында келесі параграфтарды қарандар) жалғанады. Аталған жұрнақ жалғанған сөз зат есім болғанда, ол сөз зат есімдерше түрленіп, көптеледі, септеледі, тәуелденеді. Мысалы, жоғарыда келтірілген екінші сөйлемде *айтыс* деген зат есімге тәуелдік жалғауы (-ы), барыс септік жалғауы (-на) жалғанып, *айтысына* деген түрде қолданылып тұр.

198-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, ондағы қара әріппен жазылған сөздердің қайсысы ортақ етіс, қайсысы зат есім екенін ажыратып айтындар.

1. «Садақ пен баланың айтысы» дейтін — Арқаға мәлім айтыс. Сондағы бала осы Қадырбай болатының Абай жақсы білуші еді. 2. Біздің Садекенмен айтысар шамамыз қане? Әншейін бір жалғыз ауыз сөздің тұсында болымсыз тосқауыл айтқаным ғой. «Айтысты, жеңді» дейтін сөз емес. (М. Ә.) 3. Балуан болсаң белсеніп, шық күреске сыбан да. (Ж.) 4. Олар есік алдындағы қарды күресті. 5. Етіктің тігісін сыртына қаратып, былғарыдан тікті. 6. Гүлжан апасымен бірге киім тігісті. 7. Жаз бойы... күнде қанат серпісіп, күнде қамшы сілтесіп, қақтығысып келген екі байдың аядай жерге арқа тіркесіп қонып жатқандары жай емес сияқты. 8. Бұл екі ауылдың арасында мұндай қақтығыс болып тұрады. (F. M.)

199-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің етіс түрлерін (өздік етіс, ырықсыз етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс) ажыратындар.

I. ҚҰС ҰЯСЫ.

Вена маңынан құс ұялары табылды. Олардың бірі ұсақ металл сынықтарынан жасалыпты. Құстар бұл «құрылыс материалын» осы маңға жақын жерде салынған темір жол станциясынан тасып жасапты. («Білім және еңбек» журналы.)

II. КҮЗЕТШІ ҚАЗДАР.

Шотландияның бір фирмасы түн кезінде қоймаларын жетпістен астам қаздарға күзеттіріп қояды екен. Өз ісіне берілген «күзетшілер» қараңдаған нәрсені сезісімен-ақ, қаңқылдап шу көтереді.

(«Білім және еңбек» журналы.)

III. 1. Ерке де өзіне-өзі келіп, шашын таранып, беті мен көзін сүртінді де, Төленге өз жайынан хабар берді.
2. Кірпігінді қаққанша, бір көш бойы барғызар. (Н. Б.)
3. Олар совхоз жұмысшыларына көмектесіп, мақта терісті.

КӨСЕМШЕ.

§ 65. Көсемше туралы түсінік.

Етістіктің көсемше түрі негізгі қимыл, амалды білдіреді немесе оны айқындап, қосымша қимыл, амалды білдіреді. Мысалы: 1. *Су ағып жатыр.* 2. *Су сылдырап ақты.* Бірінші сөйлемде *ағып* деген көсемше негізгі қимыл, амалды білдірсе, екінші сөйлемде *сылдырап* деген көсемше негізгі қимылды білдіретін *ақты* деген етістікті айқындап, қосымша қимыл, амалды сипаттама түрде білдіріп тұр. Етістіктің көсемше түрі қосымша қимыл, амалды сипаттай білдіргенде, етістік баяндауышқа қатысты болып, оның алдында тұрады. Мысалы: *Кітапты дауыстап оқыды. Ол жүре сөйледі.*

Негізгі қимыл, амалды білдіретін немесе оны айқындай түсіп, қосымша қимыл, амалды білдіру қызметінде жұмсалатын етістіктің түрі көсемше деп аталады.

Көсемше *қайтін? қалай етін? неге? не істен? не істегелі? не істеді? қайткелі?* деген сұрақтарға жауап береді.

§ 66. Көсемшенің түрлері және олардың жасалуы (жұрнақтары).

Көсемше негізгі түбір етістіктер мен туынды түбір етістіктерге төмендегі жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады:

1) *-а (-е, -й)* жұрнағы. Бұл жұрнақ етістіктің соңындағы дауыссыз дыбыстан соң *-а, -е* түрінде, дауыс-

ты дыбыстан соң **-й** түрінде жалғанады. Мысалы: *айт+а* (*айта бастады*), *жаздыр+а* (*жаздыра бер*), *біл+е* (*біле қойды*), *төктір+е* (*төктіре бастады*), *тыңда+й* (*тыңдай бер*), *иле+й* (*илей түс*).

2) **-п** (**-ып, -іп**) жұрнағы. Бұл жұрнақ етістіктің соңындағы дауысты дыбыстан соң **-п** түрінде, дауыссыз дыбыстан соң **-ып, -іп** түрінде жалғанады. Мысалы: *оқы+п* (*оқып жүр*), *тағала+п* (*тағалап қойды*), *шегеле+п* (*шегелеп берді*), *жаз+ып* (*жазып отыр*), *күл+іп* (*күліп жіберді*), *сөндір+іп* (*сөндіріп қойды*).

3) **-қалы** (**-келі, -ғалы, -гелі**) жұрнағы. Бұл жұрнақ етістіктің соңындағы қатаң дауыссыздан соң **-қалы** (**-келі**) түрінде, қатаңнан басқа дыбыстардан соң **-ғалы** (**-гелі**) түрінде жалғанады. Мысалы: *айт+қалы* (*айтқалы келдім*), *сөйлес+келі* (*сөйлескелі кетті*), *тыңда+ғалы*, *біл+гелі*, (*тыңдағалы, білгелі келдім*).

Көсемше істің амалын, тәсілін немесе мақсатын білдіріп, етістіктен болған баяндауышты сипаттайды. Осыған орай, көсемше сөйлемде көбінесе пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Жұмаш ойланып сөйледі. Мен оған қызыға қарадым. Ол сөйлескелі келді.*

Көсемше — етістіктің тиянақсыз түрі. Осылай болғандықтан сөйлем көсемшеге тиянақтала алмайды. Мысалы, *Жұмаш ойланып ...*, *Мен оған қызыға ...*, *Ол сөйлескелі ...* десек, сөйлем аяқталмаған болар еді. Аталған сөйлемдердің тиянақты болуы үшін көсемшелерге жіктік жалғауы жалғанады немесе олардан кейін басқа бір етістік тіркесіп айтылады.

Көсемшелердің ішінен **-а** (**-е, -й**), **-п** (**-ып, -іп**) жұрнақтары арқылы жасалған түріне жіктік жалғаулары жалғанады да, **-қалы** (**-келі, -ғалы, -гелі**) жұрнағы жалғану арқылы жасалған түріне жалғанбайды. Жіктік жалғауы көсемшенің бұл түрінен кейін тіркесіп айтылатын етістіктерге жалғанады.

Көсемшелер істің қалай болу амалын, тәсілін білдіріп, сипаттау қызметінде жұмсалғанда және осыған орай, сөйлемде пысықтауыш болғанда, әдетте, жіктелмейді. (*Асығып сөйледі. Ынтыға тыңдады.*) Көсемше көмекші етістікпен тіркесіп, күрделі етістіктің құрамында (көмекші етістік, күрделі етістік жайында 71, 72-параграфты қараңдар) келгенде де, жіктелмейді.

Етістіктің бұл түрі етістікке қосалқыланбай, сипаттау қызметінде жұмсалмай, өзі тікелей іс-әрекетті білдіріп,

баяндауыш болғанда, жіктік жалғауларын қабылдайды. Мұнда да ол таза көсемшелік мағынасы мен қызметінен алшақтап, шақтық және жақтық мағыналарды білдіреді. Мысалы, *Алуа кеше келіпті. Біз онымен бүгін сөйлесеміз.*

200-жаттығу. Әңгімені оқып, етістіктің көсемше түрін табыңдар да, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалғанын айтыңдар.

СЫНШЫ БАЛА.

Баяғыда бір баланы жат жұрттықтар тұтқындап, еліне алып кетіпті. Еліне әкелген соң, қой бақтырып қойыпты.

Бала қой бағып жүріп, далада қалған бір қу бастың қасына келіп: «Сенің арғымақтың басы екенінді кім білсін, менің Торғай сыншының баласы екенімді кім білсін?» — деп зарлайды екен.

Күндердің бір күнінде баланың қожасы үш арғымақ әкеліп, балаға сынатты.

— Бала, мына арғымақтардың қайсысы жүйрік? — деп сұрапты. Бала:

— Мен білмеймін, әкем білетін еді,— депті. Мұнан соң бай сәйгүліктерді балаға бақтырып қойыпты. Бала ең тұлпарын танып, жарата беріпті. Ал қалғандарын дұрыс бақпапты. Бір күні бала тұлпарға мініп, еліне тайып отырыпты. Жат жұрттықтар жабыла қуыпты. Бірақ бала оларға жеткізбей кетіпті. Сөйтіп, аман-есен еліне жетіпті. (*«Балдырған» журналынан.*)

201-жаттығу. Көшіріп, етістіктің көсемше түрінің жұрнағын түбірден қосу (+) таңбасы арқылы ажыратып жазыңдар.

I.

Демін ішіне тартып, тістеніп алған Баянжан көк биенің тұсынан жанай өте беріп, оңтайлап ұстаған құрығын дөненге сілтеп қалды. Қолы мүлт кетпеді. Мойнына сарт етіп тұзақ түскенде, дөнен қатты шошып, орғып түсіп, құрықты жұлқып, жоғары қарғыды. Ат үстінен ұшып кете жаздаған Баянжан құлармын деп жасқанып, қарысуға тайсақтап, саусақтарын жазып жіберді. Бала уысынан бір ұшы жылт ете қалған құрықты сартылдатып, тепкілей сүйретіп, жорға дөнен топ жылқыдан жырыла қашты. Алтай бұған қапталдаса ұмтыла берді. Дөнenniң алдын орағыта беріп, Алтай тұзақша құрықпен қашаған-

§ 68. Есімше туралы түсінік

(Есімшенің мағынасы мен грамматикалық белгілері).

Етістіктің есімше түрінің әрі етістікке, әрі есімдерге (зат есімге, әсіресе сын есімге) тән қасиеттері мен белгілері болады.

Есімшенің бойындағы етістікке тән қасиеттер мен белгілер мыналар:

1. Жалпы етістік атаулыға тән шақтық мағына есімшеде де бар. Есімше не өткен шақ, не келер шақ түрінде қолданылады. Мысалы, *Хабарыңды естігенмін* деген сөйлемдегі *естігенмін* деген есімше өткен шақты білдірсе, *Ол сенімен сөйлесер* деген сөйлемдегі *сөйлесер* деген есімше келер шақты білдіреді.

2. Зат есімдердің барлығы бірдей емес, олардың ішінде, негізінен, адамның кәсібіне, мамандығына байланысты зат есімдер ғана жіктелсе, етістік атаулы сөздердің күллісі бірдей жіктеле береді. Осы қасиет есімшелерде де бар. Есімшенің барлық түрлері де жіктеліп, шақтық мағынамен бірге жақтық мағынаны да білдіреді. Мысалы: *сөйлескенмін, сөйлескенсің, сөйлескен; сөйлесермін, сөйлесерсің, сөйлесер; сөйлесетінмін, сөйлесетінсің, сөйлесетін.*

Есімшенің бойындағы есімдерге (сын есім мен зат есімге) тән қасиеттер мен белгілер мыналар:

1. Есімше зат есімнің алдында келгенде, заттың сапасын, белгісін білдіріп, сын есім тәрізді қызмет атқарады да, *қандай?* деген сұраққа жауап береді. Мысалы: *оқыған адам, білетін кісі, тасыған өзен, айтар сөзің, берер ақылың* және т. б.

2. Өзімен тіркесіп айтылуға тиісті зат есім сөз түсірілгенде, есімше зат есім мағынасында жұмсалып, зат есімдерше көптеледі, тәуелденеді, септеледі. Мұны мына мақалдардың құрамындағы есімшелердің зат есімдерше түрленуінен көруге болады: *Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады. Қасықтап жинағанды шөміштеп төкпе. Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз. (Мақ.)*

§ 69. Есімшенің түрлері және олардың жасалуы (жұрнақтары).

Есімшенің үш түрі бар. Олар мыналар: 1) өткен шақ есімше, 2) келер шақ есімше, 3) ауыспалы шақ есімше.

1. Өткен шақ есімше етістіктің түбіріне (негізгі және туынды түбіріне) **-қан (-кен), -ған (-ген)** жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Бұл жұрнақ етістіктің соңындағы қатаң дауыссыздан соң **-қан (-кен)** түрінде, қатаңнан басқа дыбыстардан соң **-ған (-ген)** түрінде жалғанады. Мысалы: *шапқан, сөйлескен, тыныққан, тіккен, жинаған, шегелеген, тоңған, жібiген, білген және т. б.*

2. Келер шақ есімше етістіктің түбіріне **-р, (-ар, -ер)** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақ етістіктің соңындағы дауысты дыбыстан соң **-р** түрінде, дауыссыз дыбыстан соң **-ар (-ер)** түрінде жалғанады. Мысалы: *ойлар, сөйлер, жауар, келер, танысар, келісер, жалғастырар, көбейтер және т. б.*

Келер шақ есімшенің болымсыз түрінің арнаулы жұрнағы бар. Ол — **-с** жұрнағы. Бұл жұрнақ етістіктің болымсыз түріне жалғанады. Мысалы: *бармас, көрмес, отырғызбас, естіртпес және т. б.*

Есімшенің **-ар (-ер)** жұрнағы жалғанғанда, етістіктің соңындағы **п** дыбысы **б** дыбысына, **қ, к** дыбыстары **ғ, г** дыбыстарына айналады: Мысалы: *тап — табар, кеп — кебер, жап — жабар, сеп — себер, қақ — қағар, жақ — жағар, тік — тігер, сөк — сөгер және т. б.*

3. Ауыспалы шақ есімше етістіктің түбіріне алдымен көсемшенің **-а (-е, -й)** жұрнағы, бұлардан соң **-тын (-тін)** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *жазатын, білетін, ойлайтын, шөлдейтін және т. б.*

203-жаттығу. Оқып шығып, есімшелердің қай есімше екенін, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалғанын ажыратып айтыңдар.

I. ШЫНЫ АЙНА.

Шыны айна біздің дәуірімізден 3 мың жыл бұрын шыққан. Ең алғашқы шыны айнаны XVI ғасырда итальян мастері жасаған. Ол кезде айнаны үлкен жиһаз санап, зор байлықтың белгісі деп қараған. Айна шыны-

ларын көйлектеріне қадап, шашқа тағып, алтын бауға өткізіп мойынға салатын болған, жабық арбалардың есігін өрнектеген. («*Фалам ғажаптары*» кітабынан.)

II. ЖИДЕ.

Сыр бойына шаштырып, көк жидесін егіпті... Егіпті де, айтыпты:

— Адал қолыммен көктемде еккен көк жидем үлкен болып өсер. Ұрығы талай жерге кетер. Балаларын жейтін тәтті жеміске молығарсындар. Бір берекеге жолығарсындар: үйіңнің төбесін жабатын ағаш та болар бұл жиде. Түйе мен қойыңның жүнінен иіріп, киім тоқитын өрмек ағашың да болар бұл жиде. Көгеніңді керіп, атынды байлайтын қазығың да болар бұл, ас құйып ішетін табағың да, сүт сапыратын қалағың да болар бұл жиде. Түйеңе ашамай, атыңа ер, астыңа төсек ағашың да осы жидеден табылар. Ағашты елдің бағы бар! (Ө. Тұрманжанов.)

III. РАКЕТА-ПОЧТАЛЬОН.

Қазірдің өзінде-ақ космос көгін ерсілі-қарсылы кезіп жүрген ракетаны жай хат тасытып қоюға болатыны анықталды. Хат таситын және бір орталықтан басқарылып отырылатын ракета-почтальонның жобасы қазірдің өзінде-ақ жасалып қойылды. Мұндай ракеталар бір-бірінен алыс ірі қалалар арасында хат тасуға пайдаланылмақшы. Бұл ракеталар 21,5 км биіктікте ұшатын болады. Ракета жерге қонар кезде, орталықтан басқару арқылы арнайы қондырғылар іске қосылады. Сөйтіп, ол кәдімгі планер сияқты жайлап, қалқып ұшып, қонады. («*Фалам ғажаптары*» Кітабынан.)

204-жаттығу. Жұмбақ пен мақалдарды көшіріп, олардың құрамындағы есімшелердің жұрнағын етістіктің негізгі немесе туынды түбірінен қосу (+) таңбасы арқылы ажыратып жазыңдар. Есімшелердің қай есімше екенін айтыңдар.

ЖҰМБАҚ.

1. Қолында бір айна бар дөп-дөнгелек,
Адасқанға жөн сілтеп, берер дерек.
Екі тісті тілімен төрт бағытты
Керек десең болғаны, тауып беред.

2. Бір нәрсе көрінбейді, бар ғой өзі,
Адамзат ол нәрсені көрмес көзі.
Жансызды қимылдатып жанды қылар,
Ызындап, ызың қағар айтқан сөзі.

(Шешуі: *жел, компас*)

МАҚАЛДАР.

1. Берместің асы піспес. 2. Егін ексең, тыңға ек, онан өнер өнім көп. 3. Ақыл — тозбайтын тон, білім — таусылмайтын кен. 4. Айтпас жерде аузыңды тый. 5. Ойнақтаған бота от басар. 6. Аузында сөзі тұрмасың бір жерде өзі тұрмас. 7. Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ. 8. Сақырлаған аязда сары қамысты сағала.

§ 70. Есімшенің түрленуі және оның сөйлемдегі қызметі.

Есімше етістіктің бір түрі ретінде жіктеліп, үш жақта айтылады.

Есімшенің жіктелу үлгісі.

Жақ	Өткен шақ есімше	Келер шақ есімше	Ауыспалы шақ есімше
I	<i>жазғанмын, келгенмін</i>	<i>жазармын, келермін</i>	<i>жазатынмын, келетінмін</i>
II	<i>жазғансың, келгенсің</i>	<i>жазарсың, келерсің</i>	<i>жазатынсың, келетінсің</i>
III	<i>жазған, келген</i>	<i>жазар, келер</i>	<i>жазатын, келетін</i>

Жоғарыда (68-параграфта) есімшелердің зат есімдерше көптелетіні, тәуелденетіні және септелетіні айтылды. Есімшелердің ішінде көптелуге және септелуге икемдісі — өткен шақ есімше мен ауыспалы шақ есімше (*оқығандар, кітап оқитындар*). Келер шақ есімше көптелмейді. Есімшенің барлық түрі тәуелденеді.

Есімшенің тәуелдену үлгісі.

Жақ	Өткен шақ есімше	Келер шақ есімше	Ауыспалы шақ есімше
I	<i>жазғаным, келгенім</i>	<i>жазарым, келерім</i>	<i>жазатыным, келетінім</i>
II	<i>жазғаның, келгенің</i>	<i>жазарың, келерің</i>	<i>жазатының, келетінің</i>
III	<i>жазғаны, келгені</i>	<i>жазары, келері</i>	<i>жазатыны, келетіні</i>

Есімшенің септелу үлгісі.

	Өткен шақ есімше	Ауыспалы шақ есімше
A.	<i>оқыған, білген</i>	<i>оқитын, білетін</i>
I.	<i>оқығанның, білгеннің</i>	<i>оқитынның, білетіннің</i>
B.	<i>оқығанға, білгенге</i>	<i>оқитынға, білетінге</i>
T.	<i>оқығанды, білгенді</i>	<i>оқитынды, білетінді</i>
Ж.	<i>оқығанда, білгенде</i>	<i>оқитында, білетінде</i>
Ш.	<i>оқығаннан, білгеннен</i>	<i>оқитыннан, білетіннен</i>
Қ.	<i>оқығанмен, білгенмен</i>	<i>оқитынмен, білетінмен</i>

Жіктелген есімше сөйлемде баяндауыш болады. Мысалы: *Мен Есенді бұрыннан білетінмін. Сен де онымен танысарсың.*

Есімше зат есімнің алдында тұрып, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Тігілмеген етігіңді мақтама. (Мақ.) Білмеген жердің ой-шұңқыры көп, көрінген жердің алыстығы жоқ. (Мақ.)*

Зат есім мағынасында қолданылған есімшелер атау септікте бастауыш, іліктен басқа септікте тұрып, толықтауыш болады. Мысалы: *Қасқырдың ойлағаны — арамдық, қойдың ойлағаны — амандық. Тапқан қуанады, таныған алады. Жарылғанды жау алады, бөлінгенді бөрі алады. (Мақалдар.)*

250-жаттығу. Мақалдарды оқып, оның құрамындағы есімшелерге жалғанған жалғаулардың қай жалғау екенін айқындандар. Есімшелердің сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айтыңдар.

1. Қасықтап жинағанды шөміштеп төкпе. 2. Төске айылдың батқанын несі білмес, аты білер; ер жігіттің қадірін ағайын білмес, жаты білер. 3. Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз. 4. Өз білмегеніңді кісіден сұра, үлкен болмаса, кішіден сұра. 5. Жығылып жатып, сүрінгенге күлме. 6. Піл көтермегенді тіл көтереді. 7. Бидайдың кеудесін көтергені — дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені — ақылы жоқтығы. 8. Сыйласқанның суын іш. 9. Суды шым тоқтатар, сөзді шын тоқтатар.

ЕТІСТІКТЕРДІҢ МАҒЫНАСЫ МЕН ҚҰРАМЫНА ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ.

§ 71. Негізгі етістік пен көмекші етістік.

Етістіктер мағынасына қарай негізгі етістік және көмекші етістік болып екі топқа бөлінеді. Мұны мына мысалдарды салыстырудан көруге болады: 1. *Әшім үйде қалды.* 2. *Әшім бізді кездестіргеніне қуанып қалды.* Бірінші сөйлемдегі *қалды* деген етістік — негізгі етістік те, екінші сөйлемдегі *қалды* деген етістік — көмекші етістік. Негізгі етістіктің толық мағынасы болады да, сөйлемде өз алдына дербес мүше ретінде қызмет атқарады (бірінші сөйлемде *қалды* деген негізгі етістік баяндауыш болып тұр).

Өз алдына толық мағынасы бар, сөйлемнің дербес мүшесі бола алатын етістік негізгі етістік деп аталады.

Мысалы: *Орныңнан тұр. Кітапты бер. Жұмысқа жібер.* Осы мысалдардағы етістіктердің бәрі де (*тұр, бер, жібер*) — негізгі етістіктер.

Ал көмекші етістіктің толық мағынасы болмайды да, негізгі етістікпен тіркесіп, көмекшілік қызмет атқарады, сөйлемнің өз алдына дербес мүшесі де бола алмайды. Көмекші етістіктер сөйлемнің күрделі мүшесінің құрамына енеді (жоғарыда келтірілген екінші сөйлемдегі *қалды* көмекші етістігі *қуанып* деген негізгі етістікпен тіркесіп, күрделі баяндауыш болып тұр).

Өз алдына толық мағынасы жоқ, тек негізгі етістіктермен тіркесіп, көмекшілік қызмет атқаратын және сөй-

лемнің дербес мүшесі бола алмайтын етістік көмекші етістік деп аталады.

Мысалы, *келіп тұр, жүре бер, айтып жібер* дегендердегі *тұр, бер, жібер* деген етістіктер — көмекші етістіктер.

Сонымен, етістіктер бірде негізгі етістік, бірде көмекші етістік ретінде қолданылып, мағынасы мен қызметі жағынан түрленіп отырады. Бірақ етістіктердің бәрі мұндай емес. Олардың ішінен бірде негізгі етістік, бірде көмекші етістік қызметінде жұмсалатындар көбінесе мыналар: *отыр, тұр, жүр, жатыр, ал, бер, көр, қал, шық, қой, бол, қара, сал, өт, жібер, айнал, баста, түс* т. б.

Етістіктердің ішінен *е, де* етістіктері үнемі көмекші етістік қызметінде жұмсалып, *еді, екен, деді, деген, дейді* және т. б. түрде қолданылады.

206-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің қайсысы негізгі, қайсысы көмекші екенін айтып беріңдер.

Бір кезде аяқ астынан қар жауып, сәл ғана ұшқындады да, қайтадан басыла қалды. Механиктер мұның аяғының неге барып соғатынын түсіне қойды. Олар дереу басқаларды көмекке шақырды. Мүмкін болғанынша тез ұшып кету керек болды. Бірақ қайтадан өршіп жауа бастаған қар олардың даусын тұншықтырып, естіртпей жіберді. Әуелгі бетте жапалақтап жауған қар барған сайын күшейе түсті. Алғашқысында ол бейне ойнағысы келгендей, әуеде қалықтап үйіріле қалды, сонсын ойынның қоя салып, тура келіп жерге түсе бастады, артынша болмай, айбат шегіп, тым шапшандатып кетті. Лампалар бірінен соң бірі өшін қалды.

Екі сағаттан кейін кәдімгі қарлы боран ұйтқып қоя берді. Көк аспан көрінбей кетті. Осыдан бір минут бұрын көз алдында тұрған поляр станциясының құрылыстары ғайып болды. Жер көрінбей қалды. Дүниенің бәрі алай-дүлей болып кетті. Мұз тауларынан тұрған жел барған сайын күшейе түсіп, сұрапыл дауылға айналды. Термометр ауа райының сегіз градустай ғана суық екенін көрсетіп тұрған шақта, бетке соққан қар қақаған аяздағыдай-ақ қарып жіберді. (*Юлиус Фучик.*)

207-жаттығу. Әңгімені көшіріп, негізгі етістіктердің астын бір, көмекші етістіктердің астын екі сызыңдар.

БАЛАНЫ ӨЛІМНЕН ҚҰТҚАРҒАН ҚҰС.

Көлеңкеде қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан жеті-сегіз жасар балаға қарай айыр тілін сумандатып улы жылан жақындап келеді. Күтпеген жерден, қайдап шыға келгені белгісіз бір құс бала мен жыланның арасына түсіп, кес-кестей берді. Жылан да атылуға айналғандай шиыршық атып, айбат шегіп, ысқырып жіберді. Құс аяғын санап басып, жақындай түсті. Бала жайына қалды. Екі тұз тағысының адам үшін шайқасы басталып кетті. Жылан шабуылды үдете түсті. Бірақ құс та тез жалтарып, оның улы тісін бойына дарытатын емес. Міне, жылан тағы да шап берді. Құс құйрығымен жер тіреп, жалтара берді де, жылан басын қайтып тартып аламын дегенше, өткір тұмсығымен оны төбесінен шоқып-шоқып алды. Жылан жан сауғалап, жиырыла кейін шегінді. Бірақ ашулы құс шаңқылдап, үсті-үстіне шоқи берді, шоқи берді.

Бала оянып кетті. Ол қимылсыз бауыры жалтыраған улы жыланды, оның жанында ауыр дем алып жатқан құсты көріп таң қалды. Мұның екеуін бірдей кімнің өлтіріп кеткенін білмей, аңырып жан-жағына қарады. Жүрегі әлсіз ғана соғып жатқан мына кішкене құстың өзі үшін мерт болғанын бала түсінбеді. (*Балаларға арналған календарь, 1969 ж.*)

§ 72. Дара етістік пен күрделі етістік.

Етістіктер құрамына қарай дара етістік және күрделі етістік болып бөлінеді.

Іс-әрекет бір етістікпен де, екі немесе бірнеше етістіктің тіркесімен де аталуы мүмкін. Мысалы: *Ол жазды* дегенде, жазу ісі бір ғана етістікпен (*жазды*) білдірілсе, *Ол жазып жүр* дегенде, жазу ісі екі етістіктің тіркесімен (*жазып жүр*) білдіріліп тұр.

Егер іс-әрекет бір ғана негізгі етістікпен білдірілсе, онда оның дара етістік болғаны. Ал егер іс-әрекет негізгі етістік пен көмекші етістіктердің тіркесі арқылы білдірілсе, онда оның күрделі етістік болғаны.

Негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесуінен жасалған күрделі етістік бір тұтас мағынаны білдіреді де, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады. Мысалы: *Әңгімеңді айта отыр. Сөзіңді жалғастыра бер.*

Күрделі етістіктердің түрлері мыналар:

1) көсемше тұлғалы негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесі: *бара бер, келіп жүр, тыңдай тұс, сүрініп кетті, күліп жіберді, тоңып қалды;*

2) есімше тұлғалы негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесі: *барған едім, баратын едім, барар едім, көрген болар, айтатын шығар, білмес едім.*

Күрделі етістік бірнеше етістіктің тіркесуінен жасалуы мүмкін. Мұндай күрделі етістіктің құрамындағы алғашқы сөз негізгі етістік қызметінде, соңғылары көмекші етістік қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Ол сүрініп кете жаздап қалды. Біздер жолмен жүріп бара жаттық.*

208-жаттығу. Көшіріп, дара етістіктің астын бір, күрделі етістіктің астын екі сызындар. Күрделі етістіктің қалай жасалып тұрғанын айтындар.

Осы арада мына бір оқиғаны тағы айта кетсем деймін.

Бұл да сол алғашқы жаздың аяғы еді. Таңертең ерте шөп машинасына екі атты жегіп алып, қара жолдың үстінде даңғырлатып келе жатқанмын. Элеваторға баратын осы жолдың бойындағы кең түбекте шабылмай қалған жер бар еді. Мен сол түбектің шөбін шаппақшы едім.

Таңертеңгі салқын ауа бойымды сергітті. Бүлкектеп келе жатқан екі аттың желісі көңіліме және қанат бітірді. Шөп машинасының тесік-тесік тегене орындығына жайғасып отырған мен әнді шырқап кеп қоя бердім.

Әндетіп келе жатып, түбекке қарай бұрыла бергенде, анадай жерде, қара жолдың үстінде тұрған көк арбаны көріп қалдым. «Бұл не қылған арба, дыр-р-р!» — деп аттарымды тоқтаттым да, қайтадан қарадым. Алдында екі ақ боз ат жегулі тұр, арба үстінде жарбиып, бір бала отыр. Тегі, доңғалағы ұшып кеткен болуы керек, арбаның арт жағы бір жағына қарай шоңқиып жатыр. (*Ә. Нұршайықовтан.*)

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ.

§ 73. Етістіктің шақтары туралы түсінік.

Етістік іс-әрекеттің болу кезін көрсетіп, осы шақ, өткен шақ немесе келер шақ түрінде қолданылады. Мыса-

лы, сөйлес деген етістік сөйлесіп отырмыз түрінде осы шақ мағынасын, сөйлескенбіз түрінде өткен шақ мағынасын білдірсе, сөйлесерміз түрінде келер шақ мағынасын білдіреді.

Шақтық мағына дара етістікпен де (*сөнді, жанды*), күрделі етістікпен де (*сөніп қалды, жанып кетті*) беріле алады.

Етістіктің шақтары етістіктің көсемше, есімше түрлерінен жасалады немесе етістік түбіріне шақтық мағынаны білдіретін *-ды (-ді, -ты, -ті), -мақ (-мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек)* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Шақтық мағынаны білдірген етістік жақтық мағынаны да білдіріп, жіктеледі. Жіктік жалғауы етістіктің көсемше, есімше түрлерінен кейін немесе етістіктің шақтық мағынаны білдіретін жоғарыда аталған жұрнақтарынан кейін жалғанады (*барғанмын, барғансың, барыппын, барыпсың, барыпты, бардым, бармақпын* және т. б.).

Жіктік жалғау күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістікке жалғанады (*сөйлесіп тұрамын, сөйлесіп тұрасың, сөйлесіп тұрады*).

§ 74. Осы шақ және оның түрлері.

Етістіктің осы шағы істің дағдылы түрде болып тұратынын немесе істің сөйлеп тұрған кезде істеліп жатқанын білдіреді. Мысалы: *Жел соғады. Су ағады. Құс ұшады. Ол бақшада жүр. Ол бақшада гүл теріп жүр.*

Осы шақтың екі түрі бар. Оның бірі — нақ осы шақ, екіншісі — ауыспалы осы шақ.

1. Нақ осы шақ.

Нақ осы шақ істің сөйлеп тұрған кезде істеліп жатқанын білдіреді.

Нақ осы шақтың жалаң және күрделі түрі бар.

а) Нақ осы шақтың жалаң түрі жіктеліп айтылатын *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген төрт етістіктен жасалады. Бұл төрт етістікке жіктік жалғаулары тікелей жалғанады.

Аталған етістіктердің жіктелу үлгісі мынадай:

Жак	Жекеше			
I	<i>отырмын</i>	<i>тұрмын</i>	<i>жүрмін</i>	<i>жатырмын</i>
II	<i>отырсың</i>	<i>тұрсың</i>	<i>жүрсің</i>	<i>жатырсың</i>
	<i>отырсыз</i>	<i>тұрсыз</i>	<i>жүрсіз</i>	<i>жатырсыз</i>
III	<i>отыр—</i>	<i>тұр—</i>	<i>жүр—</i>	<i>жатыр—</i>
Көпше				
I	<i>отырмыз</i>	<i>тұрмыз</i>	<i>жүрміз</i>	<i>жатырмыз</i>
II	<i>отырсыңдар</i>	<i>тұрсыңдар</i>	<i>жүрсіңдер</i>	<i>жатырсыңдар</i>
	<i>отырсыздар</i>	<i>тұрсыздар</i>	<i>жүрсіздер</i>	<i>жатырсыздар</i>
III	<i>отыр—</i>	<i>тұр—</i>	<i>жүр—</i>	<i>жатыр—</i>

Нақ осы шақтың III жақтық жалғауы болмайды. *Отыр, тұр, жүр* деген етістіктердің әрқайсысы екі түрлі мағынада қолданылады. Бұлар жіктеу есімдігінің II жағымен (*сен*) тіркескенде, II жақ бұйрық рай мағынасын білдіреді де (*сен отыр, сен тұр, сен жүр*), жіктеу есімдігінің III жағымен (*ол*) тіркескенде, III жақтағы осы шақ мағынасын білдіреді (*ол отыр, ол тұр, ол жүр*).

ә) Нақ осы шақтың күрделі түрі етістіктің көсемше түрі мен *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген көмекші етістіктің тіркесуінен жасалады. Мұндайда жақтық мағына күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістіктердің (*отыр, тұр, жүр, жатыр*) жіктелуі арқылы беріледі. Нақ осы шақтың күрделі түрі төмендегідей жіктеледі:

Жак	Жекеше	Көпше
I	<i>оқып жүрмін</i>	<i>оқып жүрміз</i>
II	<i>оқып жүрсің</i>	<i>оқып жүрсіңдер</i>
	<i>оқып жүрсіз</i>	<i>оқып жүрсіздер</i>
III	<i>оқып жүр—</i>	<i>оқып жүр—</i>

2. Ауыспалы осы шақ.

Ауыспалы осы шақ етістіктің сөйлемде басқа сөздермен тіркесіп айтылуына қарай бірде осы шақ, бір-

де келер шақ мағынасын білдіреді. Осы шақтың бұл түрінің ауыспалы деп аталуы да осыдан.

Ауыспалы осы шақ көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнағынан кейін жіктік жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *бар-а-мын, кел-е-сің, ойла-й-ды.*

Ауыспалы осы шақтағы етістіктің жіктелуі:

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>жазамын, жүремін, сөйлеймін</i>	<i>жазамыз, жүреміз, сөйлейміз</i>
II	<i>жазасың, жүресің, сөйлейсің</i>	<i>жазасыңдар, жүресіңдер, сөйлейсіңдер</i>
III	<i>жазасыз, жүресіз, сөйлейсіз</i>	<i>жазасыздар, жүресіздер, сөйлейсіздер</i>
	<i>жазады, жүреді, сөйлейді</i>	<i>жазады, жүреді, сөйлейді</i>

209-жаттығу. Көшіріп, нақ осы шақтың жалаң түріндегі етістіктің астын бір, күрделі түріндегі етістіктің астын екі сызындар. Нақ осы шақтың аталған түрлерінің қалай жасалып тұрғанын айтындар.

Орақ уақыты. Жер қайысқан егін ішінде жайындай жүзіп комбайндар жүр. Дәу маяны сүлікше сорып молотилкалар тұр. Ауыздарынан сары сабан, ақ қауыз бұрқырап жатыр. Шүмектерден саулаған қызыл дән жәшікті арба, қанар-қаптарға құйылып, жөнелтіліп жатыр. Жүйткіген грузовиктер элеватор жолында өзінен өзгенін бәрін сырып тастапты. Он екі айдың осы бір айы барлық айдың тағдырын шешіп тұр. Осы кездегі колхоз қимылы жерді де теңсеп жібергендей көрініп тұр. (F. Мұстафин бойынша.)

210-жаттығу. Берілген текстерді оқып шығып, етістіктердің осы шақтың қай түрінде екенін және оның қалай жасалып тұрғанын айтындар.

I. ҰЙҚЫШЫЛАР.

Кейбір аң қысты ұйқымен өткізеді. Солардың ішінде аштыққа мейлінше төзімділері болады. Мәселен, кірпі 236 тәулік бойы ас ішпестен ұйықтай алады. Ал аю 6 ай ұйықтаса, сол мезгіл ішінде нәр татпауға төзеді.

II. АВАР ӨЗЕНІ.

Грецияда Авар деген бір ғажайып өзен бар. Бұл өзен 6 сағат теңізге қарай ағады да, 6 сағат бойы өз арнасымен кері, артқа қарай, ағады, яғни ол тәулігіне өзінің бағытын төрт рет өзгертеді. Ғалымдар табиғаттың бұл «еркелігін» Эгей теңізіндегі судың тасуы мен қайтуына байланысты деп түсіндіреді. («*Ғалам ғажаптары*» кітабынан.)

§ 75. Келер шақ және оның түрлері.

Етістіктің келер шағы істің әлі басталмағанын, тек алдағы уақытта болатындығын білдіреді. Мысалы: *Экскурсияға бармақпыз, сонда кездесерміз.*

Келер шақтың үш түрі бар: болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ және ауыспалы келер шақ.

1. Болжалды келер шақ.

Болжалды келер шақта істің істелу мүмкіндігі кесіп айтылмай, болжам түрінде білдіріледі. Болжалды келер шақ есімшенің келер шақ түріне (*-р, -ар, -ер, -с* жұрнағы арқылы жасалған есімше) жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Мен кел-ер-мін, сен үйде күт-ер-сің. ешқайда барма-с-сың.*

Етістіктің болжалды келер шақ түрінің жіктелу үлгісі:

Жак	Жекеше	Көпше
I	<i>жазармын, жазбаспын</i>	<i>жазармыз, жазбаспыз</i>
II	<i>жазарсың, жазбассың</i>	<i>жазарсыңдар, жазбассыңдар</i>
III	<i>жазарсыз, жазбассыз</i>	<i>жазарсыздар, жазбассыздар</i>
	<i>жазар, жазбас</i>	<i>жазар, жазбас</i>

2. Мақсатты келер шақ.

Мақсатты келер шақта болашақта істелетін іс мақсат түрінде айтылады. Мысалы: *Жазда пионер лагеріне бармақпыз.*

Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек** жұрнағы, мұнан соң жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалады (*сөйле-мек-пін сөйле-мек-сің, сөйле-мек*).

Етістіктің аталған жұрнағының (*-мақ, -мек...*) үстіне **-шы, -ші** жұрнағы жалғанып та мақсатты келер шақ жасалады. Мысалы: *бар-мақ-шы-мын, кел-мек-ші-мін, бар-мақ-шы-сың, кел-мек-ші-сің* және т. б.

Етістіктің мақсатты келер шақ түрінің жіктелу үлгісі:

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>жолықпақпын, жолықпақшымын</i>	<i>жолықпақпыз, жолықпақшымыз</i>
II	<i>жолықпақсың, жолықпақшысың, жолықпақсыз, жолықпақшысыз</i>	<i>жолықпақсыңдар, жолықпақшысыңдар, жолықпақсыздар, жолықпақшысыздар</i>
III	<i>жолықпақ, жолықпақшы</i>	<i>жолықпақ, жолықпақшы</i>

3. Ауыспалы келер шақ.

Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақтың жасалу жолы бірдей. Шақтың бұл екі түрі бір-бірінен сөйлемдегі мағынасына қарай ажыратылады. Мысалы, *тұрады* деген етістік *Ол таулы жерде тұрады* дегенде, осы шақты білдірсе, *Ол ертең жетіде тұрады* дегенде, келер шақты білдіреді.

Ескерту. Ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақтың бірінші жақтық жіктік жалғауы (*-мын, -мін*) кейде ықшамдалып, **-м** түрінде жалғанады. Мысалы: *бара-мын — бара-м, келе-мін — келе-м, тұра-мын — тұра-м*.

211-жаттығу. Қаз, ек, өсір, көмектес, жина, жәрдемдес деген етістіктердің бірін болжалды келер шақ, екіншілерін мақсатты келер шақ түрінде келтіріп сөйлем құраңдар.

212-жаттығу. Өлеңдерді көшіріп, келер шақтағы етістіктердің астын сызыңдар. Келер шақтың түрлерін ажыратып, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалғанын және жақтық мағыналарын айқындаңдар.

1. Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер.
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

(Абай.)

2. Бар әлемге бірдей қып,
Бақытты тұрмыс таратпақ.
Табиғатты пілдей қып,
Білімге жегіп жаратпақ. (С. Сейфуллин.)

3. МАХАМБЕТТИҢ БАЙМАҒАНБЕТ СҰЛТАНҒА АЙТҚАНЫ.

(Үзінді.)

Бұл барғаннан барармын, Қиядан орын алармын. Өтініп алып от жақпаң, Дұшпанға қылыш ұрар- мын.	Жарыла көшкен елінді Жаралы қойдай қылар- мын. Мен кеткенмен, жай кет- пен, Сенен артық табармын. Ашуыма көп тисең, Өзекті жанға бір өлім, Орданды талқан қып шабармын.
Жазға бір ай қалғанда, Ала сапыран болғанда, Бөліне көшкен елінді Бөріккен қойдай қылар- мын.	

§ 76. Өткен шақ және оның түрлері.

Етістіктің өткен шағы істің сөйлеп тұрған кезден бұрын болғандығын білдіреді. Мысалы: *естідім, естігенмін, естінпін.*

Өткен шақтың үш түрі бар: жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ.

1. Жедел өткен шақ.

Жедел өткен шақ істің жуықта істелгенін білдіреді. Мысалы: *жаздым, кездестім.*

Жедел өткен шақ етістіктің негізгі және туынды түрлеріне **-ды (-ді, -ты, -ті)** жұрнағы, бұдан соң жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *айт-ты-м, айт-ты-ң, айт-ты* т. б.

Жедел өткен шақтағы етістікке жіктік жалғаулары мына түрде жалғанады:

Жак	Жекеше	Көпше
I жақта	-м	-ң, к
II жақта	-ң (анайы түрі) -ңыз, -ңіз (сыпайы түрі)	-ңдар (анайы түрі) -ңыздар, -ңіздер (сыпайы түрі)

Үшінші жақтың арнаулы жіктік жалғауы болмайды.

Ескерту. Жедел өткен шақтың жұрнағы (-ды, -ді, -ты, -ті) мен III жақтық жіктік жалғауы (-ды, -ді, -ты, -ті) дыбысталуы жағынан бірдей. Сөз құрамын талдауда бұларды бір-бірінен ажырата білу қажет. Аталған қосымша жедел өткен шақтың жұрнағы болса, етістіктің түбіріне тікелей жалғанады да (жаз+ды, көр+ді), үшінші жақтық жіктік жалғауы болса, етістіктің түбіріне тікелей емес, көсемшенің -а (-е, -й) немесе -п (-ып, -іп) жұрнағынан кейін жалғанады (жаз-а-ды, кел-е-ді, сөйле-й-ді, жаз-ып-ты, кел-іп-ті, сөйле-п-ті).

Етістіктің жедел өткен шақ түрі былайша жіктеледі:

Жак	Жекеше	Көпше
I	ойладым, естідім	ойладық, естідік
II	ойладың, естідің ойладыңыз, естідіңіз	ойладыңдар, естідіңдер ойладыңыздар, естідіңіздер
III	ойлады, естіді	ойлады, естіді

2. Бұрынғы өткен шақ.

Бұрынғы өткен шақ істің сөйлеу уақытынан әлдеқайда бұрын болғандығын білдіреді. Мысалы: барыппын, барғанмын.

Бұрынғы өткен шақтың екі түрлі жасалу жолы бар.

а) Бұрынғы өткен шақ көсемшенің -п (-ып, -іп) жұрнағынан кейін жіктік жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: көр-іп-пін, көр-іп-сің, көр-іп-мі.

ә) Бұрынғы өткен шақ есімшенің өткен шақ түріне (-ған, -ген, -қан, -кен жұрнағы арқылы жасалған есімше) жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: (мен) көр-ген-мін, (сен) көр-ген-сің, (ол) көр-ген.

Бұрынғы өткен шақтың жіктелу үлгілері:

1-үлгі.

Жак	Жекеше	Көпше
I	барыппын, келіппін	барыппыз, келіппіз
II	барыпсың, келіпсің	барыпсыңдар, келіпсіңдер
III	барыпсыз, келіпсіз	барыпсыздар, келіпсіздер
	барыпты, келіпті	барыпты, келіпті

2-үлгі.

Жак	Жекеше	Көпше
I	барғанмын, келгенмін	барғанбыз, келгенбіз
II	барғансың, келгенсің	барғансыңдар, келгенсіңдер
III	барғансыз, келгенсіз	барғансыздар, келгенсіздер
	барған, келген	барған, келген

3. Ауыспалы өткен шақ.

Ауыспалы өткен шақ есімшенің ауыспалы шақ түріне (-а+тын, -е+тін, -й+тын, -й+тін жұрнақтары жалғану арқылы жасалған есімше) жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: (мен) **айт-а-тын-мын**, (сен) **айт-а-тын-сың**, (ол) **айт-а-тын**; (мен) **біл-е-тін-мін**, (сен) **біл-е-тін-сің**, (ол) **біл-е-тін**.

Ауыспалы өткен шақ есімше мен *е* деген көмекші етістіктең жасалған күрделі етістік сөйлемдегі басқа сөздермен тіркесуіне және мағынасына қарай бірде өткен шақты, бірде келер шақты білдіреді. Мысалы, *Мен экскурсияға жиі баратын едім* дегендегі күрделі етістік (*баратын едім*) өткен шақты білдірсе, осы етістік *Мен жуықта экскурсияға баратын едім* дегенде, келер шақты білдіреді.

Ауыспалы өткен шақ есімше жіктелген түрінде келер шақтан гөрі өткен шақ мағынасында жиі қолданылады.

Етістіктің ауыспалы өткен шақ түрінің жіктелуі бұрынғы өткен шақтың жіктелу үлгісімен бірдей.

213-жаттығу. Көшіріп, етістіктің жедел өткен шақ түрінің жұрнағын түбірден қосу (+) таңбасы арқылы, жіктік жалғауын дефис (-) арқылы ажыратып жазыңдар.

КӘМЕЛЕТТІК АТТЕСТАТ.

Сөйтіп, емтихан да бітті. Жиырма бесіміз бірдей кәме-леттік аттестат алдық. Кеудемізде жиырма бес жүрек, жалындай лаулап, жарыса соқты лүпілдеп. Оның ішінде жиырма төртіміздің қуанышымыз өзгеше болды. Біз ортамыздан оқуға жалғыз кететін қызымыз жақсы бітірсе екен деп тілеп едік. Қыздаркүл Бекмұратова орта мектепті үздік бітірді деген аттестат алды. Бәріміз осыған өзгеше қуандық. Қыздаркүлді өзгеміз кезек құшақтап құттықтадық. Сол кезде Қыздаркүлдің көзінен жас та шығып кетті. Үміт пен Рабиға да жақсы бітірді. Ортасында мемлекеттік гербтің белгісі бар, оның үстінен «бес», «бес», «төрт» деп сатылай толтырылған көгершін қанат жиырма бес көк аттестат бәріміздің қолымызда отырды. Біз аттестатымызды алға самғар қанатымыздай көреміз. (Ә. Нұршайықов.)

214-жаттығу. Әңгімені оқып, етістіктердің өткен шақтың қай түрінде екенін және оның (өткен шақтың) қалай жасалғанын айтыңдар.

ҚАЙЫРЫМДЫ ТҮЛКІ.

Түлкі жортуылда келе жатып, тұзаққа түсіп жатқан қоянға кездескен екен. Әдеттегісінше, қоян түлкіден қорқып, тұзақты жұла-мұла қашпақ болыпты. Амал не, белден ілінген тұзақ, қаншама жұлқынса да, қоянды құтқармапты. Түлкі бас салып жейді-ау деп қоянның зәресі ұшады. Бірақ түлкі қоянға тимепті. Бұл арада келе жатқан адамды көріп қалып, түлкі жалт беріп белден асып кетіпті. Келген аңшы тұзақта тұрған қоянды көріп, түлкінің оны жемегеніне танданыпты.— Бұл қалай? Өзі неткен қайырымды түлкі еді? Аңшы қырқадан жанағы қоян жатқан жаққа қарап отырады. Әлден уақытта манағы түлкі қайта оралып, қоян жатқан сайға түскен екен. Ә, дегенше болмай қоян секіріп, белден аса жөнеліпті. Түлкі де өз жайына тартып отырыпты. Аңшы келсе, тұзақтың жартысы жатыр, жартысын бірдеме қажалап үзіп кетіпті. Сөйтсе, түлкі келіп тұзақты шайнап, қиып жіберген екен. Осы себепті хайуанаттар дүниесінің қайырымдылығын, олардың мінезін зерттеуші И. Акимешкин түлкіні де қайырымды топқа жатқызған. («Ғалам ғажаптары».)

215-жаттығу. Көшіріп, өткен шақтық мағынаны білдіретін жұрнақтарды түбірден дефис (-) арқылы ажыратып жазыңдар. Етістіктердің өткен шақтың қай түрінде екенін айтыңдар.

Күнде осы уақытта ыстық даланы одан сайын ысытып, мотор дүңкілдеп қоя беретін. Күнде осы уақытта мотор, үнін естіген қой маңырай жамырап, құдыққа қарай ұмтылатын. Сол кезде ағайынды екеудің қуанышында шек болмайтын. Олар өзгеше бір тәтті күйді балки тындап тұрған тәрізденетін.

Ол былтырғы жайлау болатын. Ағайынды екеуі одан бұрын да екі-үш жыл сонда отырған. Бұлардың биыл баққаны тұсақ отары еді. Көктемде осында қоздаған. Сол тұсақтар бүгін құдық басына келмеді. Бағана шопан отардан озып шығысымен, олар бұрылып алып, Бекаманға қарай беттеген. Шүү дегенде-ақ ағасы солай болар деп ойлаған еді. Екеуі сары атанға мінгесіп, отар қалған жакқа қарай тартты. Ауылға бұрылып, хабар да айта алмады. Байыз таппады. Иесіз мал ит-құсқа кездеспесе екен деп тіледі. Оның соңынан тез жетуге асықты. (Ә. Нұршайықов.)

ЕТІСТІКТЕРДІ ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

216-жаттығу. Өленді оқып, етістіктің көсемше және есімше түрлерін ажыратыңдар. Олардың қандай жұрнақтар арқылы жалғанын айтыңдар.

ТАУ СОҒАР МЕН НАН СОҒАР.

Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бертеде
Тау соғар деп кімді айтқан?
Нан соғар деп кімді айтқан?
Бойы көкпен таласқан,
Күші бойға жарасқан,
Бір тауды ұрып бір тауға,
Жақсыларға жол ашқан...
Сол алыпты атақты
Тау соғар деп атапты.
Тумай жатып қартайып,
Толмай жатып ортайып,
Білмей жатып марқайып,
Жұмыс десе, қайқайып,
Тамақ десе, жантайып
Жатады екен балпайып...
Сол жалқауды атақты
Нан соғар деп атапты.
Бүгін, бүгін, бүгінде,
Ракета күнінде
Тау соғар деп кімді айтад?

Нан соғар деп кімді айтад?
Қойды таңнан өргізген,
Қозылары егізден,
Тоқтылары семізден,
Табысы мол теңізден
Ауылдағы атайды
Тау соғар деп атайды.
Тракторы даланы,
Үнге бөлеп барады,
Күндіз сәл дем алады,
Түнде фарын жағады...
Сөйтіп еткен еңбегі
Көп ұзамай жанады:
Қолхозды ауыл алабы
Көк егінге толады.
Соны істейтін ағайды
Тау соғарға балайды.
Пеште жалын шалқытқан,
Қызыл темір балқытқан,
Отқа жүзі тотыққан...
Жаз ыстықта қайнаған,

Қыс суықта бораған
Үй іргесін қалаған...
Ағаш еккен, тал еккен,
Жүрген жерін бау еткен...
Бұлттан асып, тынбаған,

Арман қуып шындалған,
Космосқа зулаған...
Көп қой сондай ағалар —
Тау соғарға барабар.

(Ж. Қыдыров.)

217-жаттығу. (тапсырма) Жоғарыдағы «Тау соғар мен наң соғар» деген өлеңді негізге ала отырып, «Екпінді мен еріншек» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңдар.

218-жаттығу. Әңгімені оқып, қай етістіктердің күрделі етістіктер екенін айқындаңдар. Күрделі етістік құрамындағы сыңарлардың қайсысы негізгі, қайсысы көмекші екенін ажыратыңдар.

АЙЖАН.

Айжан төргі бөлмеде сурет салып отыр еді. Кішкентай қол арбада жатқан Гүлжан ұйқыдан оянып кетті. Айжан орнынан қабағын шыта түрегеп, Гүлжанды үнсіз тербете бастады. Оған жас нәресте көне қоймады, жылдай берді. Ыза болған Айжан тербетуін қоя сап, Гүлжанға төніп тұра қалды.

— Сен неге жылай бересің. Бөгет болма, жат үндемей...— деп, Айжан сіңлісіне зекіп тастады. Гүлжан жылауын үдете түсті. Осы кезде мамасы кішкентай нәрестенің даусын естіп, есік сыртында бақылап, қарап тұрды. Айжан бұны байқаған жоқ.

Әбден ыза болған Айжан:

— Мә, саған..., енді қоясың ба жылағаныңды,— деп, Гүлжанның екі бетінен алақанымен сипап өтті. Сәлден кейін Айжан жүгіріп кеп:

— Мама, Гүлжан жылай береді. Сүт берші,— деді жалынғандай боп.

— Қазір сүт берейік,— деп, мамасы төргі бөлмеге қарай кетті де, Айжан асханада қалып қойды. Мамасы лезде қайта келді де:

— Гүлжанға неге тидін? — деп сұрады.

— Оны кім айтты?

— Гүлжанның өзі айтты. Кішкентай бөпені ұруға бола ма екен? — деді мамасы. Ал Айжанның бұған айтар дәлелі болмай:

— Мама, мен ертең балалар бақшасына бармай-ақ қояйыншы. Гүлжанды ойнатып, үйде отырайын,— деді Айжан. Онсыз да ертең жексенбі күні екенін, бала бақ-

шаға бармайтынын Айжан білмеген еді. (А. Байтанаев бойынша.)

219-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің қай шақта екенін айқындандар. Етістіктердің шақ түрлерімен бірге жақ түрлерін де (I, II, III) ажыратындар.

МОНФОЛИЯДАН СӘЛЕМ!

Қымбатты достар!

Мен бүгін тағы да қолыма қалам алып, сендерге хат жазып отырмын. Сіздер жақта көктем басталған шығар. Біздің Баян-Өлгей аймағы құлпырып тұр. Бірер күнде гүлдерге толып нұр жайнайтын шығар. Мен өзімнің Совет Одағындағы төрт досыма жазған хаттары үшін алғыс айтамын. Өткен жылы жаз айында осы «Қазақстан пионері» газетінің бетінде менің мақалам басылған болатын. Сондағы менің қуанышымда шек шөк. Ол мақалада мен өзімнің құрбыларыма адресімді берген болатынмын. Сүйікті газетіміздің «Рауан» атты интернационалдық клубы арқылы көптеген тамаша достар таптым. Бәріне де көп рахмет. Олардың елі жайлы, Қазақстан туралы көп-көп жаңалықтар білдім. Менің достарым достық сезімді қадірлейтінін білдім. Мен оларға көптеген қызық сұрақтар беремін. Олар да маған әр түрлі сұрақтар қояды.

Мен оларға әлім келгенше жауап беремін. Әрине, біз де өздерің секілді оқимыз. Өзгеше жаңалық жоқ. Біздің класс та ұйымшыл. Қалай да сабақты жақсы оқуға тырысамыз. Қымбатты достар, менің мектептес, парталас құрбыларыма да хат жазындар. Олар сендерден асыға хат күтеді. Әсіресе Қазақстан көктемі жайлы көп-көп хат жазындар. (*«Қазақстан пионері» газетінен.*)

220-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің қай шақта, қай жақта тұрғанын айқындандар. Шақтық мағынаны білдіретін жұрнақтар мен жақтық мағынаны білдіретін жалғауларды ажыратындар. Шақтың күрделі түрінің қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ.

Салқын бұлақ суына жуынып-шайынып алдық. Денеміз салқындап, көңіліміз сергіп, рақаттанып қалдық. Мен

бала көрсем, сөйлеспей, тілдеспей өтпейтінмін. Солай та-
ман барғым келеді. Олармен сөйлескім келіп, балалар-
дың ойынына, қызығына қарап тұрмын. Қарап тұрмай,
солай қарай жылжи беріпмін. Бір кезде балаларға жа-
қындап қалғанымды да өзім сезбей қалыппын. Кідірдім:
балалардың шапшан да, жеңіл қимылына сүйсіне қарай-
мын. Шіркін, балалық-ай десеңші!.. Өзімнің қой соның-
да, қуаң далада қорлықпен өткен балалық шағым көзіме
еріксіз елестеді. Өткенге жаным ауырып ауыр күрсінсем,
мына бақытты балалардың уайымсыз-қайғысыз өмірін
көріп, рақат дүниесіне бөленіп тұрмын. Бақыт! Бақыт!
Бақытты уақыт деген міне осы. Ансап, аузыңнан суың
кұрып айтатын алтын балалық та міне осы!.. (Ө. Тұр-
манжанов.)

ОҚУ ЖЫЛЫ АЯҒЫНДАҒЫ ҚАЙТАЛАУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ.

221-жаттығу. Оқып шығып, берілген деректерді еске ұстаң-
дар. Қара әріппен жазылған сөздердің түбірі мен қосымшалары-
ның арасындағы көршілес дыбыстардың қалай үндесіп тұрғанын
айтыңдар.

БІЛІП АЛ.

1. Күз белгісін ең алдымен ақ қайың бұрын сезеді.
Басқа ағаштардан гөрі оның жапырағы бұрын сар-
ғаяды. Егер есік алдында өсіп тұрған ақ қайыңға на-
зар аударып, оны байқап жүрсендер, одан бір сары жа-
пырақ үзіледі де, ол ауада біраз қалықтап тұрып, жерге
түседі. Бұл — таяу күнде ауа райы бұзылады деген белгі.

2. Егер бұғы не арқар мүйіздерін ағашқа, не тасқа
қайта-қайта сүйкей берсе, онда күз жылдағыдан ерте әрі
салқын болады.

3. Күздің алғашқы күнінен бастап, сауысқан ескі үй-
лер мен шатырды торуылдап жиі шықылықтаса, ол —
қыстың қатты болатыны туралы хабары. Өйткені оны ал-
дын ала сезген сауысқан өзіне күзде бастап, жылы ұя
әзірлеуге кіріседі.

4. Егер орман, тоғайларда, қыстауларда саңырауқұ-
лақ аз өссе, онда қыс әрі суық, әрі қатты болады.

5. Табиғатта небір қызық құбылыстар болады ғой.
Ауа райын немесе жыл мерзімдерінің қандай болатынын
өсімдіктер сияқты алдын ала жан-жануарлар да, құстар
да болжай алады. Жіті көңіл бөліп, тіпті үй жануарла-

рына назар аударсандар, оған көздерің анық жетеді. Мысалы, тауықтар мен кекіліктердің қауырсындары үр-пиіп, айдары қызарса, күн суытып, жауын жауады.

6. Егер балтікендер мен алаботаның сабақтары төмен қарай иілсе, онда күн суытады. Оған сенгің келмесе, батысқа қара. Батыс жақ мөлдір таза болса, күн ашық, жауын-шашын болмайды. («Қазақстан пионері» газеті.)

222-жаттығу. Төмендегі сөздер мен тіркескен сөздердің жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықты түсіндіріңдер.

Сенбілік, ерінбеу, жан қалта, жан күйер, жауынгер, көгілдір, тоғызыншы, күлдіргі, сексенге келу, қара қой, тұз салу, күнбе-күн, күрең қызыл, таң қалу, таныс бол, жазып бер, ақ лақ, қара ала, бос шылбыр.

223-жаттығу. Көп нүктенің орнына төменде көрсетілген дыбыстардың тиістісін қойып көшіріңдер. Сөздердің айтылуы мен жазылуының арасында қандай айырмашылық барын айтыңдар.

1. н-ң: тү...ге қарай, құна...ға міну, орма...ға бару, і...ге кіру, қармағына ілі...ген, суға жуы...ған.

2. н-м: сөзіне на...бады, кө...біс адам, сүрі...бей өтті, кү...бе-күн кездесу, Сәрсе...бектің дәптері, о... бес кітап.

3. с-ш; з-с: ба...шыға жолығу, шай іш...е, тұ...сыз көже, кө...сіз көбелек.

224-жаттығу. Төмендегі туынды сөздердің қандай жолмен жасалғанын айтыңдар.

Тосқауыл, қуаныш, ерлік, шекара, адыр-бұдыр, құрбақа, әлдеқайда, қалжыңбас, қақпалы, достасу, қолбасшы, ара-тұра, ертелі-кеш, көбейткіш, қолжазба, қолдаушы, қосаяқ (аң), қостау, қосарлы, қосымша.

225-жаттығу. Төмендегі тұрақты сөз тіркестерін (олардың мағыналары жақша ішінде көрсетілді) қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Ақ жүрек (адал, таза), ала қол (әділетсіз, әркімге әр түрлі қараушылық), ала ауыз (ынтымақсыз, араз), көз алмау (тесіле қарау), ара түсу (жақтау, қолдау), атқан оқтай (түп-түзу, түп-тура), ат үсті қарау (қалай болса солай, жеңіл-желпі, немқұрайды қарау), ауыз бірлік (ынтымақ), ауыз тию (дәм тату), тайға таңба басқандай (ашық, ап-айқын), он саусағынан өнері тамған, ағаштан

түйін түйген (өте шебер, бес аспап), бармағын тістеу (өкіну), тас бауыр (рақымсыз, қатты, мейірімсіз), еті тірі (пысык, жігерлі, қайратты).

226-жаттығу. Оқып шығып, тұрақты сөз тіркестерін теріп көшіріңдер. Олардың әрқайсысының тұс-тұсына қандай мағынаны білдіретіндігін жазып көрсетіңдер.

1. Бейбітшілік күші адам айтқысыз мөлшерде өсіп бара жатыр. («С. Қ.») 2. Айдын көлге қоныпты, Ақша бұлттай аққу, қаз. (С. Мәу.) 3. Ала жаздай ән салып, Өлеңнен қолың тиді ме? (А.) 4. Күлбарша Ділдаға ала көзімен қарап, атып жібергендей болып отырды. (Б. М.) 5. Маша ашулана, қаһарын төге, оны оқты көзімен бір атты да, есікке қарай жүрді. (Ә. Қ.) 6. Мейрамның сөзін алғаш естіген Жанәбіл қазір аузының суы құрып айтып отыр. (Ғ. Мұст.) 7. Көз байлана сып етіп шал да келді, Әзім де есік ашты, дайын еді. (А.) 8.— Бейпіл ауыз сорлы десем, бұғып жүрген пәле ме едің? Түлең тұртсе, салып көр пәленді,— деді Жомарт Бейсенге. (Ғ. Мұст.) 9. Алыстан оның өзін емес, атын таныдым. Бесенеден белгілі шұбар ат. (С. М.) 10. Көпей осы тақырды тастап, бір түгі бар жерге көшейік те дегенде, Жұман бет бақтырмаған. (Ғ. М.) 11. Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. (А.) 12. Қара қылды қақ жарып, Жылағанды жұбатқан. (Ж.) 13. Абайдың іші мұздай суып, зығыры қайнап шықты. (М. Ә.)

227-жаттығу. Жұмбақтарды көшіріп, зат есімдердің жалғауын түбірден дефис (-) арқылы ажыратып жазыңдар. Жұмбақтардың шешуін табыңдар.

ЖҰМБАҚТАР.

- | | |
|---|---|
| 1. Қанаты бар, қауырсыны жоқ. | 6. Аузында неше жүз тісі бар, |
| 2. Ақ далаға қара дәнді Қолыммен себем, көзіммен терем. | 5. Сыңарды қос етер күші бар. |
| 3. Жерде туып, көкте өлген. | 7. Мұрныға кіріп қытықтайды, Қолыңа бірақ тұтылмайды. |
| 4. Аузы бар да, тілі жоқ, Терісі бар да, жүні жоқ. | 8. Қуыста қызыл әтеш билейді. |
| 5. Аспандағы көлеңке Жерге суын шашады. | 9. Қіндігінен асылған, Екі басы басылған. |

(Шешуі: тістеуік, жарғанат, жазу мен оқу, түгін, ара, иіс, бұлт пен жаңбыр, қол таразы, от.)

228-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып, жаттығуды көшіріңдер. Септік жалғаулары қай сөздерді байланыстырып тұрғанын айтыңдар.

I. Батыс... соққан баяу жел завод пештері... түтіні... алысқа айдамай, ықтағы Жүсіп үйінің маңы... иіре береді. Хош иісті көктем ауасы... сағынған жұрт терезелері... аңкитып ашып тастапты. Сыртқы дүниемен Сарыбала... ісі жоқ, жападан-жалғыз бөлме... басы... көтеріп, сабағы... дауыстап жаттап отыр. (F. Мұст.)

II. Жаз... бір желсіз күні. Қарсақбай заводы... Сарысу өзені... жанап өрлеп шұбалған қара жол. Осы жол... бұтақтанып, Сарысу... әр жерінен Нұра өзені... қарай бұрылатын тағы бір қара жол бар. Сарысу... Нұраға қарай бұрылатын сол жолдар... бірімен бір автомобиль бұрқыратып, дүрсілдете зымырап келе жатыр. Автомобиль... шофері... басқа екі адам келеді. Екеуі де айнала... көздері... алмай қарайды. Екеуі сөйлесіп қояды, бірақ көздерін ылғи төңірек... алмайды. Күншығыс жақтағы жондар... қыбырлаған қалың мал көрінді. Біраздан соң ирендеп, бір бел... асқан жолмен автомобиль бел... шыға келгенде, арт жағынан үлкен кестелі табақ сияқтанып Аккулы көлі көрінді. (С. С.)

229-жаттығу. Мақалдарды көшіріп, сапалық сын есімдердің астын бір, қатыстық сын есімдердің астын екі сызыңдар. Олардың ішінде заттанған сын есімдер қайсылар екенін ажыратып айтыңдар.

МАҚАЛДАР.

1. Еңбекке бейім болсаң, қатарыңнан кейін болмасын. 2. Ауыр істен қорықпа, ауыр сөзден қорық. 3. Ақылсыз қайрат бас жарар. 4. Еріншек етегіне сүрінеді. 5. Шыққан тауың биік болса, лақтырған тасың алысқа түседі. 6. Олақ өзгеге сенсе, өнерлі өзіне сенеді. 7. Ақ бидай қара жерден өнеді. 8. Тұзу ағаш тік тұрып тозады. 9. Саранның бағы көгермес. 10. Шабан атқа жер шалғай. 11. Беделді сақтайтын — берекелі еңбек.

230-жаттығу. Көшіріп, есімдіктердің астын сызыңдар. Олардың қай есімдік екенін ажыратып айтыңдар.

— Мына жатқан із — осы өлкенің бойын жортып қайтқан түлкінің ізі, қазір ол сонау шатқалдың өріндегі қорымға барып жатқан болар. Ана ағарған — таң белгісі. Мен қазір Ақшаның ана биігінің жалын қиялап, сонау қорымның басына шығамын. Сол жерден барып құстың томағасын тартамын. Мен сол тұрғыға таянғанда, құшаныңа мін. Осы ізбен жүріп отырып, анау сайды өрле. Қорымға таяна бере, дабыл қақ. Сол кезде құстан көзінді алма, мен құсты жіберісімен, дабылды қойып, құс қай жерге түседі, соны аңды. Егер құс етекке келіп түлкіге түссе, мен келгенше қасына таянба,— деп Серікбай Сәтжанға құсбегі әдісінің осындай бір алуан тосын сырын ұғындырды. (С. Бегалин.)

231-жаттығу. Оқып шығып, есімдіктерді ажыратындар. Олардың қай есімдік екенін және қай жалғауда тұрғанын айтындар.

ҚҰБЫЛМАЛЫ КӨЛ.

Бір көлдің суының дәмі әлденеше түрлі десе, сіз сенер ме едіңіз? Бірақ ғылыми тәжірибе осыны дәлелдейді. Жер қойнауы тас қабат, құм қабат, топырақ қабаты сияқты неше түрлі болатыны белгілі. Тексере келгенде, көл суы да нақ осылай түзілетіні белгілі болған. Мәселен, Қольск түбегінің Қильден аралында Могильная деп аталатын кішкентай көл бар. Мұнда ешқашан араласпайтын судың үш қабаты байқалады. Ең үстінде жәндіктер мекендейтін су тұщы, одан төменіректегі су тұзды, ал көлдің түбіндегі су күкіртті сутегімен аралас. Демек, онда өсімдік те, жәндік те жоқ. Оның түбіндегі шөгінділер жаздың ыстығында да мұз болып қатып жатады. Бірақ судың температурасы жоғары.

Ғылым бір бөлегі ащы, бір бөлегі тұщы көлдерді (Балқаш көлі) білетіні сияқты, бір жағы суық, бір жағы жылы көлді де біледі. Мұның сыры ондай көлдер әр түрлі географиялық ендікте жатқандықтан болса керек. («*Фалам ғажаптары*».)

232-жаттығу. Оқып шығып, есім сөздерді (зат есім, сын есім, есімдік) ажыратындар. Оларға қандай жалғаулар жалғанып тұрғанын айтындар.

СОВЕТТІҚ МЕНІҢ ӨЗ ЕЛІМ.

Ғалстук қызыл мойнымда,
Мектепке қарай жүгірдім;
Қолымды тұңғыш қойдым да,

Бетін бір аштым білімнің.
Сапқа да тұрдым, ту алдым,
Келді деп менің кезегім;

Өкемдей сонда қуандың,
Советтік менің өз елім!
Тауға да шықтым, жер бастым,
Аспанға ұштым, көк көрдім;
Өмірге құлаш кең аштым,

Бәрін де көзден өткердім.
Жаркылдап жаһан — кең сарай,
Аралап оймен кеземін.
Таппадым сенен артық жай,
Советтік менің өз елім!

(К. Аманжолов.)

ЖЫРЫМ МЕНІҢ.

Отаным десем, кеудеде
Қоздайды өлең — от-жалын,
Қолдаушым менің әр кезде
Сендерсің, жақын достарым.
Туған жер болып өзегі,
Өлеңім елге үн қосты.
Даласы, тауы, өзені
Жан біткендей тілдесті.
Дауылда ширап ер жеттім,
Жыршысы болдым Ертістің.
Қиын асу, бел кештім,

Майданға кірдім, — өрт құш-
тым.

Ауыр жолда, өткелде
Шалдырған емес арым бір,
Жүрсем де алыс шет жерде,
Сендермен ойым, жаным бір.
Көп емес әлі бергенім,
Кешір, халқым, сол үшін.
Токталмас жырым, еңбегім,
Халқыма көп борышым.

(С. Машақов.)

АЛҒАШҚЫ КӨПІРЛЕР.

Үлкен өзендерге алғашқы көпірлер біздің дәуірімізге дейінгі 60 жылдары салына бастаған. Вавилонда біздің дәуірімізге дейінгі 604—562 жылдары Ефрат өзеніне алғашқы көпір салынған. Көпірдің күйдірілген кірпіш пен тастан қаланған 7 үлкен дөңгелегі болған. Көпірді салу кезінде суды басқа жаққа бұрып ағызатын канал жасалған. Көпір жылжымалы, кемелердің жүруіне қолайлы етіп салынған. Шамамен нақ осы жылдары Римде Тибр өзеніне де көпір салынған. («Қазақстан пионері» газеті.)

233-жаттығу. Оқып шығып, етістіктерді талдандар. Етістіктердің көсемше, есімше түрлерін, шақтық, жақтық мағыналарын ажыратып айтыңдар.

БИДАЙ МЕН ҚАҢБАҚ.

(Мысал.)

Өзі қаңбақ болсын,
Онда қандай салмақ болсын.
Тұрақтай алмай тегістікке,
Тірелді бір күн егістікке.
Дауыспен былай тіл қатты:

— Сен осы бидаймысың?
— Бидаймын.
— Ақыл айтсам, тыңдаймысың?
— Тыңдаймын.
— Ашық айтсам дұрысын,

Осы қай тұрысың?
Жүрмейсің, көрмейсің, кезбей-
сің,
Не бар, не жоқты да сезбейсің.
Көктемде шығып,
Күз болса бұғып,
Бастарың салбырап,
Тұрғандарың маужырап...
Мен болсам, міне,
Күні мен түні
Ұшарымды жел біліп,
Қонарымды сай біліп,
Сайран салып жүргенім,
Қызық өмір сүргенім...
— Ей, қаңбақ! — деді бидай,
Қанасына сыймай,
— Ашып айтсақ дұрысын,
Осы қай жүрісің?

Белгілі тұрағың жоқ.
Бас түгіл, құлағың жоқ.
«Уф!» — десе, ұшасың,
«Суф!» — десе, қонасың,
Қаңғырған қаңбақсың,
Кімге тұлға болмақсың?
Күні мен түні
Жиғанымыз дән,
Айналамыз толған ән...
Абырой да, бақ та,
Атақ та, даңқ та,
Ерлік те, жеңіс те —
Барлығы осы егісте...
Бидайдың сөзі осымен бітті,
Қаңбақ жөніне зытты...
Дұрысын айтқан
Бидай ма, қаңбақ па?
Оны өздерің салмақта...

(А. Тоқмағамбетов.)

* 234-жаптығу. Төмендегі ертегіні көшіріп, негізгі етістіктердің астын бір, көмекші етістіктердің астын екі сызындар.

ТҮЛКІ, ТАСБАҚА ЖӘНЕ КЕНЕ.

Түлкі, тасбақа, кене — үшеуі жолдас болып келе жатса, бір жерде бір уыс тары жатыр екен. Үшеуі ойласып: — Мұны тұқым қылып, жерге егіп, көбейтіп, бөліп алайық, — деді.

Түлкі бір жарды көріп:

— Мен осы жарды сүйеп тұрайын, болмаса, құлап кетер, — деп, жардың астында саялап жатып алады.

Тасбақа байғұс жерді тырналап, кене сорлы тарыны жиып, егіп, әлекке түседі. Сөйтіп, көп бейнет шегіп, піскен соң, ол тарыны орып, жинап алады. Мұны бастырғанда, бір аяқ тары болды. Біреуі барып түлкіні шақырып келіп еді, түлкі келді де:

— Бұл тарыны үшеуімізге бөлуге болмайды. Одан да үшеуіміз жарысып, қай озғанымыз алайық, — деді. Басқалары мақұл десті.

Түлкі: «Ал кеттік!» — деп жөней бергенде, кене түлкінің башпайына жабысып, бірге кетті. Түлкі барынша жүгіріп келіп, қырманға отырайын деп еді, кене:

— Ай, сорлы, мені басып өлтіресің бе? — дейді.

— Ай, сен қашан келдің? — дейді түлкі.

— Сен бағана «Ал кеттік!» — дегенде-ақ, мен келіп қалғанмын! — деді кеше.

Екеуі дауласып жатқанда, аузы-мұрны қан-қан болып, тасбақа келеді. Келе сала:

— Ойбай, түлкі, мен бір бәле көріп келдім! Сендердің артыңнан екі аңшы келіп, түлкі жолдасынды тауып бер деп, менің аузы-мұрнымды қан қылды. Осы жаққа қарай келе жатыр,— дейді тасбақа.

Түлкі:

— Айналайындар-ай, мені айта көрмеңдер! Мына тарыны екеуің тең бөліп ал, мен сендерге риза болайын,— деп тұра жөнеліпті.

Сөйтіп, тарыны тасбақа мен кене бөліп алыпты. (*Халық ертегісі.*)

235-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің қайсысы дара, қайсысы күрделі етістік екенін ажыратындар. Күрделі етістіктердің қалай жасалып тұрғанын айтындар.

«ӨЛГЕН» ҚАЗАН.

Бір күні Қожанасырдың үйіне қонақ келіп қалады. Қожанасырдың үйінде кішкене ғана қазан бар екен. Бұл кішкене қазанға пісірген ас қонақтарына жетпейтін болады. Сондықтан Қожанасыр көршілес отырған байдың үлкен қазанын сұрайды. Бай қазанын бергісі келмей, қипақтайды. Қожанасыр өлердегі сөзін айтып, қазанды зорға сұрап алады. Тамақтарын ішіп, қонағын жөнелтіп болған соң, Қожанасыр байдың қазанын алып барады. Бай тұрып:

— Уа, Қожа, қазанымды сындырған жоқпысың? — деп сұрайды.

— Жоқ, тақсыр, қазаныңыз сынған жоқ, қайта балалады! — дейді Қожа.

— Не айтып тұрсың? Қазан балалай ма екен? — дейді бай.

— Сенбесеңіз, келіп көріңіз! Міне, қазаныңыздың баласы,— деп, Қожанасыр байдың қазанының ішінен бір кішкене қазанды алып көрсетеді.

Бұл — Қожанасырдың: «Бай не айтар екен?» — деп әдейі әкелген өз қазаны еді. «Бірақ кішкене қазанымды өзіме қайтарып берер», — деп ойлаған еді ол. Қолына түскен олжадан бай тегін айрылар ма?

— Уа, Қожа, рақмет, сау бол! Керек болса, қазанды тағы да алып тұруыңа болады,— дейді бай көңілденіп.

Бір қазаны екеу болған соң, көңілденбей қайтсін!

Қожа қазансыз қалады. Бірақ амал не? Әкелген — өзі. Қазаның тағы да сұрай келеді.

— Алыңыз, алыңыз, Қожеке! — дейді, қазаны қазан туып, дәндеп қалған бай. «Бұл жолы да Қожанасыр қазанымның ішіне бір нәрсе салып әкелер»,— деп ойлайды араны ашылған бай.

Қожа байдың қазанын қайтармай қояды. Бір күн өтеді, екі күн өтеді, үшінші күні бай қазанын өзі іздеп келеді.

— Уа, Қожа, қазаным қайда? — дейді бай, есіктен кірген бойда.

— Байеке, айыпқа бұйыра көрменіз! Қазаныңыз ски күн ауырып, бүгін өлді. Қазір өзім барып сізге естіртіп, көңіл айтқалы отыр едім,— дейді Қожанасыр қынжылып.

Бай ашуланып, бұлқан-талқан болады.

— Ақымақ! Не айтып отырсың? Қазан өле ме екен? Тез тауып бер! — деп ақырады.

— Байеке, сөкпеніз! Туа білген қазан өле де біледі. Мен ақымақ емес, сен өзін ақымақсың! — дейді...

Бай сөзден жығылып, үйіне қайтып кетіпті. (*Халық ертегісі.*)

236-жаттығу. Мақалдарды көшіріп, сөз құрамындағы түбірден жұрнақты қосу таңбасы (+), жалғауды дефис (-) арқылы ажыратып жазыңдар. Қосымшалардың қайсысы қандай жұрнақ, қайсысы қандай жалғау екенін айтыңдар.

МАҚАЛДАР.

1. Шеберлік — шегі жоқ байлық. 2. Игі істің ертенгісі жақсы. 3. Қолхозың алда болса, аузың балда болар. 4. Өзенге көпір орнатсаң, өтсін деп сал немерем. 5. Өтпес ораққа өлең шөп те тастай. 6. Бір түйір дәнде бір тамшы тер бар. 7. Ой көбеймей, қой көбеймейді. 8. Екеудің жиғаны үшеуге жетеді. 9. Көктемгі әрекет — күздегі берекет. 10. Қателескеннен қатені түзетпеген жаман. 11. Төзімді еңбек бәрін де жеңбек.

VI КЛАСС

ЕТІСТІКТЕН V КЛАСТА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ.

237-жаттығу. Жұмбақтарды оқып, сондағы көсемшелердің қайсысы негізгі қимыл-амалды білдіретінін, қайсысы оны (қимылды) айқындай түсіп, қосымша қимыл-амалды білдіретінін ажыратындар. Жұмбақтардың шешімін (олардың шешімі төменде орындары ауыстырылып көрсетілген) табындар.

ЖҰМБАҚТАР.

- | | |
|--|---|
| 1. Қос қанағын иіп ап,
Жарға келіп қонады.
Қара киім киіп ап,
Балшықтан үй соғады.
Балаларын тұзақтап,
Босатпайды ұшқанша,
Құйрығы айыр, төсі апшақ,
Қуса жетпес құс барша.
Көктем келіп, күз кеткен,
Өзі сондай талдырмаш,
Біз сүйетін ізетпен
Бұл қандай құс? | Мысықтан бір аумайды.
3. Өркеш-өркеш түйсіні
Тастапты атам шөгеріп.
Өркеші бұлтқа тиеді,
Бауыры жатыр көгеріп.
4. Қара сиыр халықты
Сүтін беріп жарытты.
5. Аспай піскен,
Қайнамай түскен.
6. Ерте де, түсте де, кеште
Пысылдап тұрады пеште.
От көрсе, ызасы келеді,
Әйтсе де көнеді.
Тұрады төбесі бүлкілдеп,
Сен оған қарайсың күлкің кеп. |
| 2. Күндіз жатып, түнде ұшып,
Жерден тышқан аулайды.
Болмаса ғой бізтұмсық, | |

(Шешуі: таудың басы мен етегі, жеміс, бұлт пен жаңбыр, шайнек, қарлығаш, үкі.)

238-жаттығу. Оқып шығып, есімшелерді және олардың түрлерін атаңдар. Есімшелердің қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.

АҚ МАМАМ.

Ел жатқанда, жатпаған,
Мен деп тыным таппаған.
Бақыты үшін балаңның,
Аман-сау бол, ақ мамам.

Күлімдеген көзіңнен,
Күн мейірімі сезілген.
Бұл жалғанда балаңа
Жақын жан жоқ өзіңнен.

Құшырланып өпкенде,
Күлкің нұрлы көктемдей.
Жақсылығын жалғанның
Саған үйіп төккендей.

Қуат беріп құшағың,
Қанат бітіп ұшамын.
Естіртемін алып кеп
Ел білмейтін құс әнін.

Көрсетемін күллі елді,
Жарық етем түндерді.
Өсіріп мен сыйлаймын
Жұрт көрмеген гүлдерді.

Мен деп кірпік қақпаған,
Менсіз тағам татпаған.
Бақыты үшін балаңның
Аман-сау жүр, ақ маман.

(Ә. Дүйсенбиев.)

ЖҰМБАҚТАР.

1. Аяқсыз,— бірақ жүгірер,
Бір күні болмас мүдірер.
2. Базарда да сатылмас,
Таразыға тартылмас,
Ондай тәтті табылмас.
3. Қанаты бар,— ұша алмас,
Көк аспанға қарамас.
Жұлдыздарды санамас,
Құрғақ жерде тұра алмас.
4. Жер астынан жол қазар,
Күндіз табар жолды азар,
5. Шыққан да шығыны жоқ,
Түртінектеп тынымы жоқ.
6. Ат та емес,
Ит те емес,
Тістейтінін қайтерсің.
7. Қар астында қыстаған,
Жасылмен бөркін тыстаған.

(Шешуі: аяз, көк егіннің қылтып шығуы, көртышқан, өзен, тауық, балық, ұйқы.)

239-жаттығу. Оқып шығып, егістіктердің көсемше, есімше түрлерін ажыратындар. Олардың қалай жасалып тұрғанын, түсіндіріндер.

МЕНІҢ ДЕ ТУҒАН КҮНІМ.

Қласта отырмыз. Тарих сабағы болмай қалды. Мұғалім келіп:

— Келесі сабаққа дейін шуламай тыныш отырыңдар. Тарих болмайды. Ағайларың келмей қалыпты,— деді. Әр әңгіменің басын бір айттық. Дүйсен тұрды да:

— Келіндер, туған күндерімізді жазып алайық. Асқар, сенің туған күнің қай ай?

— Майдың 15-і.

— Майра, сенің туған күнің ше?

— Августың 6-сы.

— Жеңісбек сен ше?

— О, менің туған күнім бәріңнен мықты. 9 Май — Жеңіс күні. Еліміз жеңіске жеткен күні туыппын... Осылай біреу жаңа жылда туғанына, біреуі 23 февральда туғанына мақтанып жатыр. Ұзын мойын Үсен:

— Мен 21 январьда туғанмын,— деді қабағын түйіп. Қаралы күн. Ленин атаның қайтыс болған күні. Әкем мен шешем:

— Балам, оған қайғырма. Сенімен бір күнде туғандар ұлы атаның, ұлы адамның орнына келген ұрпақсындар,— деді. Мен ол күні қатты күліп қуана алмаймын. Ұлы көсемнің үлкен суретінің алдында құрметті қаруылда тұрғанда: «сізге еліктеймін, сіздей болып өсемін» деп, іштей серт беріп тұрамын,— деді.

Мен өз партамда үндемей отырмын. Білемін бәрінен де менің туған күнім жақсы.

— Айтып болдыңдар ма? — дедім даусымды көтеріп.

— Е, сен қалған екенсің ғой,— деді балалар, қыздар шулап.

— Мен 22 апрельде туғанмын. Ұлы көсеміміз Владимир Ильич Ленинмен бір күнде туғанмын. Естідіңдер ме? — дедім айқайлап. 22 апрельде дүниеге келген адам жаман адам болмауы керек қой... Володя бауырмал болған. Кітапты көп оқыған. Мен де солай істеймін. Ильич атаның маңдайы жазық, шашы бұйра болған. Менің маңдайым жазық болмаса да, шашым бұйра.

(«Қазақстан пионері» газетінен.)

240-жаттығу. Әңгімені көшіріп, негізгі етістіктің астын бір, көмекші етістіктің астын екі сызындар.

ҚАСҚЫРЛАР АЙЛАСЫ.

Аңшы атына мініп, тоғай арасын жара ағып жатқан өзен бойын жағалап келеді. Соңынан қуған екі қасқырдан безіп келе жатқан бір топ киікті көреді. Киіктер еркін алда келеді де, қасқырлар сәл кейіндеу. Аттан шапшаң түсе қалып, бір топ бұтаны тасалай қалады.

Киіктер салған бойымен өзеннен өте шығады. Екі қасқыр өзен жағасына келіп ақылдасқандай, біріне-бірі қарасады да, жалма-жан құмды қаза бастайды. Қазылған жерге біреуі жатып, біреуі оны құммен көміп тастайды да, киіктердің соңынан жөнеледі. Бұлардың сыры белгілі болады. Ана қасқыр әбден ұзап кеткенше, аңшы тосып жатады да, сәл көрініп жатқан қос құлақтың түбін ала көзден, атып жібереді. Мерген тегін

мерген атаңған ба, қасқыр сол жатқан жерінде қатып қалады.

Бірақ мерген асықпайды, жата береді. Шамасы екі-үш сағат өткенде, манағы қасқыр киіктерді қайырып айдап келеді. Киіктер әлгінде жүрген жерінен іркілмей өте шығады. Қасқыр да сол жерден өте бере: «Ей, қара басып неғып қалдың, ұйықтап қалдың ба? Еңбегім еш кетті-ау!» дегендей ызалана гүр-гүр етеді де, өліп жатқан жолдасын желкесінен алып, сілкіп-сілкіп жібереді. Сәтті кезенді аңдып жатқан мерген оны да басып салады... («Балдырған» журналынан.)

241-жаттығу. Оқып шығып, дара етістік пен күрделі етістікті атаңдар. Күрделі етістіктің қалай жасалғанын айтыңдар.

АҚ БОРАН.

Қасымның үйі таудағы отарда тұрады, өзі бауырдағы мектеп-интернатта оқиды. Айына бір, кейде екі рет демалыс күндерінде үйіне барып қайтатын. Қыс түскеннен бері барған жоқ: жолды қар басып қалған, машина қатынамайды. Соңғы кез үйінде болғаны есіне түсті.

Қазір қардың мінезі де қатал. Сарыарқаның қаһарлы қысы қыр жонында ойнақ салғалы бір жеті өткен. Түнде жапалақ-жапалақ қар жауса, ертемен жел көтеріліп, ақ түтек, ұлпа боран ышқынады. Екілене ызындай, үйіріле соққан ақ түтекті қазақтар «ат құлағы көрінбейтін ақ боран» деседі. Мұның шындығын Қасым өз көзімен көріп келеді. Мініп келе жатқан жирен дөнненің құлағы да, басы да көрінбейді.

Аяғын жылыту үшін аттан түсті, жиренді жетелеп домалана аяндап, біраз жаяулады, үйіріле соққан жел мұны бірнеше рет құлатып кете жаздады.

Қарға малтыға аяндап, терлеп кетті, аяғы да жылынды. Атына мінді. Таралғы да мұздап қалыпты, сыр-ма шалбардан суық өте шығып, екі саны тоңып кетті.

Тebініп қалып, желе жөнелді, жирен басын төмен салып, ызғырық боранды сүзе, қайта-қайта пысқыра берді. Бір мезет ол кілт басын көтеріп, құлағын қайшылады.

Демек қара көрді. Мал ма, адам ба... Көп ұзамай, Қасым мектеп-интернат ауласының іргесінен шықты.

(Ж. Жұмахановтан.)

242-жаттығу. Оқып шығып, етістіктің шақ түрлерін ажыратыңдар, олардың қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.

ӨКПЕДЕ ЖҮРГЕН БҰТАҚ.

Он алты жасар швед қызы Ингегард Свахи сырқаттылау бала болып өсті. Жыл сайын көктем болса-ақ, ол өкпесі қабынып қадақ болып ауыра береді. Әке-шешесінің есі кетіп жүрді. Оны емдеуші дәрігер де баланың ауруын қоздыратындай ешбір себеп таппай-ақ қойды. Бірде рентгенге барғанда, қыздың өкпесінде денеден бөтен бірдеме тұрғаны байқалды. Ингегардты Мальма қаласындағы ауруханаға апарған. Үш сағат операция жасап, дәрігерлер қыз өкпесіне тұрып қалған қарағайдың бес сантиметрлік бұтағын алған. Бұтақ әлі майысқақ, жапжасыл қалпында екен. Артынан қыздың әке-шешесі оның үш жастағы кезінде аузына салған қарағай бұтағына қақалып қалғанын естеріне түсірген. Бірақ ол кезде бұтақ барып өкпеге тұрып қалады деп кім ойлаған. («Социалистік Қазақстан» газеті.)

ӨШІРГІШ ПЕН ҚАҒАЗ.

Өшіргіш пен кір қағаз
Өмір бойы дұрдараз.
Қағаз айтты досына:
— Қайырымың осы ма?
Жатырмын деп тазалап,
Ысқылайсың қажалап.
Өзің де бір есерсің.
Бүйірімді тесерсің.
Түбі осыдан табасың:
Күнде шөгіп барасың.
Өзің дағы өшерсің,
Дүниеден кешерсің.

Сонда өшіргіш сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Бұйырмасын өкінсем: —
Қағаз кірін кетірsem.
«Бір күні жоқ жалыққан,
Қателерден арылтықан» —
Өшіргіш деп айтады ел.
Бағалайды байтақ ел.
Тазалық керек, тазалық.
Қатесіз, таза жазалық.
Өшіргіш пен кір қағаз,
Өстіп күнде дұрдараз.

(М. Әлімбаев.)

ЕТІСТІКТІҢ РАЙ ТҮРЛЕРІ.

§ 77. Етістіктің рай түрлері туралы түсінік.

Етістіктер қимыл, іс-әрекеттің бұйрық мағынасын да (оқы, тыңда), істің шартын да (оқыса, тыңдаса), қалау, тілек мағынасын да (оқығым келеді, тыңдағысы ке-

леді) білдіреді. Осыған орай, етістіктер б ұ й р ы қ рай, ш а р т т ы рай, қ а л а у рай деп аталатын түрлерге бөлінеді. Бұларға қоса етістіктің ашық рай деп аталатын түрі де бар. Енді осылардың әрқайсысына арнайы тоқталайық.

§ 78. Бұйрық рай.

Етістіктің бұйрық рай түрі іс-әрекеттің екінші жаққа немесе екінші жақ арқылы үшінші жаққа бұйыра айту мағынасын білдіреді. Бұйрық райлы етістік II, III жақта айтылады. Мысалы: *Сен оқы, ол тыңдасын. Сіз ойыңызды айта беріңіз. Олар ертең келсін.*

Етістіктің негізі — бұйрық райдың II жақ жекеше анайы түрі. Оған: 1) ешбір қосымшасыз, негізгі түбір етістіктер (*ал, бер, оқы, жаз, біл*); 2) етіс жұрнақтары жалғану арқылы жасалған туынды түбір етістіктер (*жұын, киін, жаздыр, жаздыртқыз, оқыт, айтыс, көндір, көрін, жүргіз*); 3) етістіктің жұрнақтары жалғану арқылы басқа сөз таптарынан жасалған туынды түбір етістіктер (*тағала, шегеле, биікте, көкте, жасар, бірік, сана, түне*) жатады.

Бұйрық райдың II жағындағы жоғарыда аталған негізгі түбір және туынды түбір етістіктер етістіктің негізі болады да, олардан етістіктің көсемше, есімше түрлері жасалады.

Бұйрық райдың II жағының сыпайы түрі бар. Ол етістіктің негізіне **-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз** қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *санаңыз, түйреңіз, киіңіз, алыңыз, киіндіріңіз, жазыңыз, жаздыртыңыз, шегелеңіз.*

Бұйрық райдың III жағы етістіктің негізіне **-сын, -сін** қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *оқысын, оқытсын, кисін, киіндірсін, шегелесін, шегелеттірсін.*

Етістіктің негізіне **-ң (-ың, -ің)** қосымшасы, онан соң көптік жалғауы жалғанып, II жақ бұйрық райдың анайы түрінің көпшесі (*оқыңдар, сөйлеңдер, барыңдар, келіңдер*) жасалады.

Бұйрық райдың сыпайы түрінің көпшесі оның жекеше түріне көптік жалғауы жалғану арқылы жасалады (*оқыңыздар, сөйлеңіздер, барыңыздар, келіңіздер*).

Бұйрық райдың III жағының көптік жалғауы болмайды.

Бұйрық райдың болымсыз түрі етістіктің негізіне *-ма, -ме (-ба, -бе, -па, -пе)* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *жүрме, жүрмеңдер, жүрмеңіз, жүрмесін.*

Ескерту. Етістіктің бұйрық рай түріне *-шы, -ші* жұрнағы жалғану арқылы тілек, өтініш мағынасы білдіріледі. Мысалы: *айтшы, айтыңызшы, айтсыншы.* Етістіктің *айтсаңшы, айтсаңдаршы* тәрізді түрі де бұйрық, тілек мағынасын білдіреді.

243-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің қайсысы бұйрық райлы етістіктер екенін және олардың қай жақта (II не III жақта) қолданылып тұрғанын ажыратып айтындар.

Әкім, өзің 7-класты қалай бітірдің, қай сабақтан қандай баға алдың? Жазып жіберерсің. Жазда ойынға салынып кетпей, көркем әдебиеттермен, оқу құралдарымен шұғылдан. Дененді шынықтыр, турникте ойна, футбол, волейболмен айналыс, денсаулығыңды сақтап, өзіңді-өзің күтіп жүргейсің.

Қиындыққа көнетін бол, оқып білім алуға, жетілуге аянба. Бірақ ескертетінім — денсаулығыңды бұзып алмау үшін түрлі салақтықтан сақтан. Сен менің орнымды басатын, Сүмбейбай екеуіміздің жеткіншегіміз емессің бе? Ендеше ағаңның тілегін орындарсың. Саятхан биыл оқитын болсын. Оқуды оған қызықтыра айтып, көңілін аударт, дағдыландыр. Ақылды болуға үйрет. Ойын артына салынып кетпесін.

Ол — менің інім, жалығуды білмесін. (*«Лениншіл жас» газетінен.*)

244-жаттығу. Төмендегі етістіктерді бұйрық түріне айналдырындар да, оларды қатыстырып сөйлем құраңдар.

Жақындау, отыру, оқыған, жаздыртып, сөйлесетін, көргелі, тыңдаса.

245-жаттығу. Бұйрық райлы етістіктерді анайы түрінен сыпайы түріне келтіріп, әңгімені оқып шығындар.

ҚҰМЫРСҚА АРИФМЕТИКАНЫ «МЕҢГЕРЕДІ».

Құмырсқа арифметиканы меңгеріп, санай алады дегенге сене қою қиын. Дегенмен құмырсқалардың он-

дай өнері бар көрінеді. Оны ғалымдар тәжірибе арқылы анықтаған.

Қажет етсең, ол тәжірибені өзін де жасай аласың.

Ол үшін жақын жердегі құмырсқа илеуін іздестіріп тап. Қолында қағаздан жасаған үш қорабың болсын. Оның екеуі кіші, біреуі үлкен болсын. Өзін бақылап тұру үшін қорап бетінің ашық болғаны дұрыс.

Екі кішкене қорапшаны үлкен қорапшаның екі жағынан жалғастыр. Құмырсқа илеуін аздап қопарыстырсаң, одан құмырсқа жұмыртқаларын табу оңай. Сол жұмыртқалардың он бірін санап ал да, сегізін бір қорапқа, үшеуін бір қорапқа бөліп орналастыр. Бұдан кейін әлгі құмырсқа илеуінен екі құмырсқа ұстап алып, екі қорапқа жібер. Құмырсқалар біраз арлы-берлі жүреді де, бір-бірден жұмыртқа тістеп, ұясына тартады. Сен бақылауға жалықпа. Аздан соң жаңағы барлаушылар кейін қайтады, бірақ олар өздері ғана емес, қастарында ертіп алған «нөкерлері» бар. Барлығының саны қорапта қалған жұмыртқалар санымен бірдей. Сонда олар қорап ішінде 9 жұмыртқа қалғанын қайдан біледі? Олар жұмыртқа санын біліп қана қойған жоқ қой, қалған жұмыртқаларды алып қайту үшін жеткілікті мөлшерде нөкер әкелуге илеулерін де іздеп тапты ғой.

Бір қызығы, құмырсқалар қайтадан нөкерлерімен оралғанда, қағаз қораптарды бірден табады да, әр қораптағы жұмыртқа санына қарай тұп-тура қорапшаларға тартады. Санай алмаса, құмырсқа мұны қалай білді?

Құмырсқаның арифметиканы «менгеруінің» мәні — әзірге құпия. («Қызықты зоология» кітабынан.)

§ 79. Шартты рай.

Етістіктің шартты рай түрі қимылдың, іс-әрекеттің істелу, іске асу мүмкіндігінің шартын білдіреді.

Шартты рай етістіктің түбіріне *-са, -се* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *жазса, тыңдаса, білсе, көрсе*.

Шартты райдағы етістікке жіктік жалғауы жалғанғанмен, ол тиянақты бола алмай, басқа бір етістікпен іліктесіп айтылады. Мысалы: *Ой түбінде алтын бар, ойлай берсең, табарсың (Мақ.)* деген сөйлемдегі *ойлай*

берсең деген шартты райлы етістік *табарсың* деген етістікке қатысты болып, оның шартын білдіріп тұр. Бұл мысалда «ой түбіндегі алтынды табудың» шарты *ойлай берсең* деген шартты рай тұлғасындағы күрделі етістік арқылы білдірілген.

Етістіктің шартты рай түрі жіктеледі. Оның жіктелуі етістіктің жедел өткен шақ түрінің жіктелуіне сәйкес келеді. Етістіктің шартты рай түріне жіктік жалғауы I жақта **-м** (жекеше), **-қ, -к** (көпше), II жақта **-ң** (анайы түрі), **-ңыз, -ңіз** (сыпайы түрі) түрінде жалғанады. Шартты райдың III жағының арнаулы жіктік жалғауы болмайды.

Ескерту. Бұл жұрнақ (**-са, -се**) жалғанған етістік әрқашан іс-әрекеттің істелуі шартын білдіре бермейді. Мысалы: *Ол сенімен сөйлессе керек еді. Сен болсаң бүгін келдің.*

246-жаттығу. Төмендегі етістіктерді шартты рай түріне келтірер де, оларды қағыстырып сөйлем құраңдар.

Тыңда, еңбектен, ойла, күрес, көмектес, орналас, тазарт.

§ 80. Қалау рай.

Етістіктің қалау рай түрі іс иесі — сөйлеуші жақтың кимыл, іс-әрекетті қалауын, оған ынтасын, тілек, ниетін білдіреді. Мысалы: *барғым келді, барса игі еді.*

Қалау райдың жасалуының әр түрлі жолы бар.

1. Түбіріне **-қы (-кі, -ғы, -гі)** жұрнағы жалғанған етістіктің тәуелденген түрінің *кел* етістігімен тіркесуінен қалау рай жасалады. Мысалы: *айтқы + м келді, кеткі + ң келді, барғы + сы келді, сөйлегі + сі келді. Кел* етістігіне көсемше, есімшенің жұрнақтары жалғанып, әр түрлі шақта қолданыла береді (*барғы + м келеді, барғы + ң келіпті, барғы + ңыз келген, барғы + сы келер*).

2. Қалау рай шартты рай тұлғасындағы етістіктің жіктеліп келген *игі еді* сөздерімен тіркесуінен де жасалады. Мысалы: *барса игі едім, барса игі едің, барса игі еді, барса игі едік.*

3. Қалау рай етістіктің түбіріне **-қай, -кей, -ғай, -гей** жұрнағы, мұнан кейін жіктік жалғауы жалғану арқылы да жасалады. Мысалы: *барғайсың, барғай, келгейсің, келгей.*

Аталған жұрнақ жалғанған етістік *еді* етістігімен

тіркесіп те қалау рай жасалады. Мысалы: *барғай едім, барғай едің, барғай еді.* Қалау райдың бұл түрі сирек колданылады.

247-жаттығу. Өлеңді оқып, етістіктердің қайсысы қалау райында екенін, олардың қалай жасалғанын айтып беріңдер.

ҚҰШАҚТАҒЫМ КЕЛЕДІ.

Гүлі сұлу орманды
Сусатпағым келеді.
Жүзі жылы жандарды
Құшақтағым келеді.

Шулап аққан өзенге
Бұлақ қосқым келеді.
Сыр толқыған тереңге
Құлақ тосқым келеді.

Басы биік ақ шыңға
Шынар болғым келеді.

Жаны биік жақсыға
Сыңар болғым келеді.

Дулы-дарқан жастармен
Жайраңдағым келеді.
Талай қырдаң асқанмен,
Сайраңдағым келеді.

Балқып доспын дегенге
Балдай жаққым келеді.
Бауыры тас еменге
Балта шапқым келеді.

(К. Бекхожин.)

§ 81. Ашық рай.

Етістіктің шартты рай, қалау рай түрінің белгілі бір көрсеткіші (жұрнағы) болса, ашық рай түрінің арнаулы көрсеткіші жоқ. **Ашық рай** — істің өткен шақ, осы шақ, келер шағын ашық, айқын көрсететін етістіктің түрі. Ашық райдағы етістік осы үш шақтың бірінің мәнін білдіреді де, шақтық мағына айқын аңғарылады. Мысалы: *білдім, білгенмін, біліп отырмын, білмекпін, білермін.*

248-жаттығу. Оқып шығып, ашық райдағы етістіктердің қай шақтық мағынаны білдіретінін айтыңдар.

1. Олар кезекпен қойды ерте өргізіп, күн көтеріліп, ыстық түскенде, отарды құдыққа қарай қайыратын.
2. Ол қой шаруашылығының шебері деген атақ алды. (Ә. Нұр.)
3. Мен асыл тұқымды қойды кеңінен тарату керек деп ойлап тұрмын.
4. Мәселе жан-жақты шешілсін деген оймен осында келіп отырмыз. (С. Б.)
5. Асыл сөзіңді сақтармын, ата тәрбиенді ақтармын. (М. Ә.)

§ 82. Тұйық етістік және оның емлесі.

Шақпен де, жақпен де байланысты болмай, істің жа-лаң өзін ғана білдіретін етістіктің түрі тұйық етіс-тік деп аталады. Мысалы: *бару, жүру, тыңдау, сөйлеу*.

Тұйық етістік етістіктің түбіріне -у жұрнағы жалға-ну арқылы жасалады. Мысалы: *айт-у, кел-у, тол-у, үй-рет-у*.

Тұйық етістік тұлғасындағы сөздердің зат есімге ай-налғандары да бар. Мысалы: *Көрмегенге көсеу таң. (Мақ.) Егеумен егеді* деген сөйлемдердегі көсеу, егеу сөздері — зат есімдер.

Тұйық етістіктер заттық мағынада қолданылуға икем. Осыған орай, олар көптеледі, тәуелденеді, септе-леді, бірақ жіктелмейді. Мысалы: *жүру-лер-і, жүру-іне, айту-дан* (жалықпады), *бару-ыңыз* (керек).

Тұйық етістік атау тұлғасында (септікте) сөйлемнің басында келіп, бастауыш (Мысалы: *Жүруі кейінге қалды*), жанама септіктерде тұрып, толықтауыш (Мыса-лы: *Үйренуден жалықпа*), кейде пысықтауыш (Мыса-лы: *Білуге келдім*) болады.

Тұйық етістік жатыс жалғауында тұрып, кейде жал-ғаусыз (атау септік) түрінде де сөйлемде баяндауыш болады. Мысалы: *Еңбек өнімділігі арттырылуда. Оның ойлайтыны — он жылдық мектепті жақсы бітіру*.

Дауысты *ы, і* дыбыстарына біткен етістіктерге тұ-йық етістіктің жұрнағы (-у) жалғанғанда, түбірдің со-ныңдағы *ы, і* дыбыстары түсіріледі. Мысалы: *тасы-у — тасу, жасы-у — жасу, кемі-у — кему*.

Қатаң *п, қ, к* дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соныңдағы *п* дыбысы *б* дыбысына, *қ, к* дыбыстары *ғ, г* дыбыстарына айналады. Мысалы: *шап — шабу, тап — табу, теп — те-бу, қақ — қағу, бүк — бүгу*.

249-жаттығу. Оқып шығып, қай сөздердің тұйық етістік еке-нін айтыңдар.

ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРАДЫ.

Бүгінгі күні, біздің заманымызда коммунизмнің ұлы құрылысы жүріп жатқан кезде, ерлік көрсететін істер саласы өте көп. Қосмосқа ұшу — теңдесі жоқ ерлік.

Шөл далада каналдар қазу, қала орнату, тың даланың төсін жаңарту еңбек адамдарының ерлігі емес деп қалай айтамыз. Әлі де ғылымның сан саласы ашпаған жаңалықтарды біздің болашағымыз — жастар, ғылымның жас өрендері ашады. Бағдарлап байқап қарасаң, айналаң — толы еңбек. Жаны таза, ары таза адамдар Ұлы Отан үшін, бақытты болашақ үшін маңдай терін төгіп еңбек етуде. Біздің совет адамдарының қолынан қандай ерлік болса да келеді. Кімде-кім ұлы партиямыздың, данышпан көсеміміз В. И. Лениннің ісі — коммунизм құрылысына шын берілген болса, сол әрқашан да ерлік көрсете алады демекпін. Ал, балалар, сендердің жан дүниелерін бүгінгі өмірге лайық болуы керек. Отанға берген сертінді орындап, ата-бабалардың қасиетін бойыңа жинап, өнегелі, тәрбиелі, оқуда озат болу сенің ерлік алдындағы дайындығың. Әрқашанда дайын бол, жас дос! (К. Қайсенов.)

250-жасаттығу. Оқып шығып, тұйық етістіктерді және тұйық етістіктің жұрнағы (-у) жалғану арқылы жасалған зат есімдерді атаңдар. Тұйық етістіктерге қандай жалғаулар жалғанғанын, олардың сөйлемде қай мүше болып тұрғанын айтыңдар.

I. САРАТАН ҚОҢЫЗ НЕГЕ ҰШАДЫ?

Бұл сұраққа әркім «сол да сөз бе екен, қанаты болған соң ұшады да» деп жауап берер еді. Шындығында, тіпті де олай емес екен. Аэродинамика заңына сүйенсек, қоңыз ұшуға тиісті емес. Оның қанатының көтерілу күші, теориялық жағынан алғанда, ұшуға жеткіліксіз. Бірақ ол ұшады. Неге? Бұл сұраққа жауап іздеп, қазір ғалымдар тобы шұғылдануда. Бұл ғажап құбылыстың сырын табудың келешекте авиақұрылыс үшін пайдасы болары сөзсіз. («Білім және еңбек» журналы.)

II. ҚИТТЕР АУЫРА МА?

Адамда кездесетін тіс, тамақ, бауыр, өкпе қабынуы сияқты аурулар кит тектестілердің көпшілігінде болады екен.

Дельфиндер өкпе қабынуынан, асқазан жарасынан өледі. Мұртты киттер үшін ең қауіпті ауру — мұртының түсуі. Бұл кезде олар жемін таба алмай аштан өледі. Киттер қылтамақ ауруымен де ауырады. Кәрі киттер

адам сияқты атеросклерозбен ауырады. Тіпті, кит тұқымдас кашалоттарда миына қан құйылу сияқты аурудың іздері байқалған. Ғалымдар кит ауруын зерттеп қана қоймай, олардың эволюция процесінде ауруға қарсы күресу сырын білу үшін ізденуде. («Білім және еңбек» журналынан.)

251-жаттығу. Төмендегі етістіктерді тұйық етістікке айналдырып және оларды қатыстырып сөйлем құраңдар.

Оқы, тоқы, жылы, бекі, ері, жап, кеп, тынық, берік, тік, тақ.

§ 83. Етістіктің сөйлемдегі қызметі.

Етістіктің сөйлемдегі негізгі қызметі — баяндауыш болу. Мысалы: *Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Шыбын да аңқаудың аузын аңдиды.* (Мақ.)

Етістік (оның көсемше түрі) сөйлемде пысықтауыш та бола алады. Мысалы: *Су сылдырап ақты. Қар жапалақтап жауды.*

Заттанған есімше мен тұйық етістік сөйлемде бастауыш қызметін атқарады (бұл туралы 70-параграф пен 82-параграфты қараңдар).

252-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айқындандар.

I. Құмырсқалар да бал береді. Дүниеде бал беретін құмырсқалар да кездеседі. Олар да бал жинау кезінде аралар сияқты жер кезіп, шырын жинайды. Бірақ құмырсқа балы қиықыл болады. Бал беретін құмырсқалар Австралияда және Орталық Америкада кездеседі. Құмырсқа балынан салқын сусындар мен дәрі-дәрмектер жасалады.

Құмырсқа балды ара сияқты ұяда емес, өз бойларында жинайды. Сондықтан бал жинаған кезде құмырсқалар торсықтай болып семіріп кетеді де, өте дәмді болады.

II. Қоңыздар поезды тоқтатқан. 1875 жылы 14 сентябрь күні Нью-Йоркке келе жатқан поезд айдалада тоқтап қалады. Ол ұзақ уақыт тоқтағандықтан, халық шымдамсызданып, вагондарынан түсіп, машинистке келе-

ді. Сөйтсе, машинист пен оның көмекшілері және кочегарлар жол үстінен қоңыздарды сыпырып жүр екен.

Қаптап келе жатқан қоңыздар тобынан поезд бөгеліп, жүрмей қалған. Себебі жиналған қоңыздар рельс пен дөңгелекті майлап тастаған да, үйкеліс болмағандықтан, поезд жүре алмаған. Қаптаған қоңыз жолдың екінші жағына өтіп болғанша, поезд бір тәулік бойы тоқтап тұрыпты. («Қызықты зоология» кітабынан.)

ЕТІСТІКТІҢ РАЙ ТҮРЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

253-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің рай түрлерін ажыратындар.

I. КҮН БОЛСАМ.

Нұрланып күн тұрса,
Күдлі әлем жайнайды.
Жер беті құлпырса,
Бұлбұлдар сайрайды.

Күн бірақ кешкілік,
Көрінбей кетеді.

Небір үн естіліп,
Жұртты мәз етеді.

Жайнатқан өмірді
Бұл күнге құмар ел.
Күн болсам мен нұрлы,
Кетпестен тұрар ем.

(С. Қалиев.)

II. 1. Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл.

(Абай.)

2. Ойынды қой, інішегім, алға бас,
Жарқыратып ақ нұрменен көңілді аш.
Балалыққа жас миынды алдатпа,
Ғылым үйрен, нұрға толсын кеуден жас.

(С. Сейфуллин.)

III. Ол елмен үйірлескісі, тілдескісі, сырласқысы келеді. Адамға қол беріп амандасқысы келеді. Оған жақсы, игі тілек тілегісі келеді. Оның да өзіне игі тілек тілегенін сағынып тұрады. Адамның жанын адам жылытады. Адамның адамсыз күні жоқ. (Ө. Тұрманжанов.)

254-жаттығу. Өлеңдерді көшіріп, етістіктердің бұйрық рай түрінің астын бір, шартты рай түрінің астын екі сызықпен, қалау рай түрінің астын ирек сызықпен сызындар,

БАЛДАҚТЫ АДАМ.

Оны көрсен,
Сәлем бер сен,
Бөккен қанға
Зор майданда
Бас киімді ал дағы.
Қастерлейді
Оны кәрі шал дағы.

Балдақты адам —
Ардақты адам
Үлкенге де кішіге.
Орынды бер,
Кірсе егер

Автобустың ішіне.
Ок бораған, жай атқан.
Сенің үшін,
Елің үшін
Айрылды ол аяқтан.

Қанық — апаң,
Қанық — папаң
Ерлігіне, ісіне.
Балдақты адам —
Ардақты адам
Барлық, барлық кісіге!

(Ә. Дүйсенбиев.)

БІЛІМ.

Білген сайын келеді біле бергім,
Біле беру емес пе тілегі елдің.
Белден ассаң, алдында бел көрінсе,
Қызыққаншап келмей ме жүре бергім.

Сондықтан да келеді біле бергім,
Білімдіні сүйерін білем елдің.
Коммунизм таңының құшағына
Білімді боп келеді кіре бергім.

(А. Тоқмағамбетов.)

255-жаттығу. Оқып шығып, тұйық етістіктерді атаңдар, оларға қандай жалғау жалғанып тұрғанын айтыңдар.

1957 жылғы 4 октябрь. Алғашқы жасанды жер спутнигі ұшырылды. Содан бергі жылдарда космосты зерттеу ісінің көлемі кеңіп, күрделілене түсті.

Космосты игеруге бағытталған зерттеулерге шолу жасап, кейбір маңызды жайларға назар аударып көрейік: бірінен-бірі жетілдірілген жаңа жер спутниктерін ұшыру; 1961 жылғы 12 апрельде космос көгінде алғаш рет совет азаматы Ю. А. Гагариннің самғауы; Ю. А. Гагариинен кейін де жаңа космос қорабльдері ұшырылып, космонавтар қатарының көбеюі; алғаш рет А. Леоновтың ашық космоста саяхаттауы; алғаш рет жасанды планета ұшыру; алғаш рет Айдың көрінбейтін бетін суретке түсіру; алғаш рет Ай бетінен телевизиялық хабарлар алу; алғаш рет Күн системасының планеталарына аппараттар жіберу; алғаш рет космоста маневрлер жа-

сап, корабльдерді өз ара жақындастыру және т. б. Бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. Әзірге назар аударғалы отырғанымыз — осы тізбектегі «алғашқы, алғаш рет» деген сөздер. Бұл сөздер советтік космонавтиканың заңды серігіне, түбегейлі белгісіне айналып отыр. Ю. А. Гагарин бастаған космосқа шабуыл бүгінгі күнімізбен жалғасып болашаққа қарай батыл қадам басуда.

Біздің елімізде космос кеністігін зерттеу жан-жақты әдістермен тиянақты түрде іске асуда. («Білім және еңбек» журналынан.)

Үстеу.

§ 84. Үстеу туралы түсінік.

Үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, атап айтқанда, сынын, мезгілін, мекенін, мөлшерін, күй-жайын білдіреді.

Мысалы: *Сен бері отыр, ол әрі отырсын* деген сөйлемдегі *бері, әрі* деген үстеулер істің мекенін білдірсе, *Ол бұрын келді, сен кейін келдің* деген сөйлемде *бұрын, кейін* деген үстеулер істің мезгілін білдіреді. *Осыншама күтеріңді білмедік* деген сөйлемде *осыншама* үстеуі істің мөлшерін білдіреді.

Үстеулер сынның белгісін де білдіре алады. Мысалы: *тым ұзақ жол, өте биік тау* дегендерде *тым, өте* деген үстеулер *ұзақ, биік* деген сындық белгілердің күшейту белгісін білдіреді.

Үстеулер жасалуы жағынан әр түрлі сөз таптарымен төркіндес болып, белгілі бір тұлғаларда орнығып қалыптасады. Олар қай тұлғада қалыптасса, үнемі сол тұлғада қолданылып, өзгертуге де, құрамын ажыратуға да көнбейді. Мұны мына мысалдарды салыстырудан көруге болады: 1) *Суық күнде қайда барасың.* 2) *Дүйсен мектепке күнде барады.* 3) *Бірге екіні қосса, үш болады.* 4) *Ол жолдастарымен бірге келді.* 5) *Күз келіп, құстар оңтүстікке қайта бастады.* 6) *Қайта бармасын.*

Бірінші сөйлемдегі *күнде* сөзі мен екінші сөйлемдегі *күнде* сөзі бір-бірімен түбірлес, төркіндес болғанмен, бұл екеуі бірдей емес. Алғашқы сөйлемдегі *күн* сөзі — жатыс септігіндегі зат есім. Бұл сөзге басқа да септік жалғаулары жалғанып, *күннің, күнді, күннен* деген түр-

де қолданыла беріледі. Ал екінші сөйлемдегі *күнде* сөзі — мезгілдік мағынаны білдіретін үстеу. Бұл үстеу (*күнде*) жатыс септік тұлғасында қолданылып, өзгеруге, түрленуге көнбейді.

Үшінші сөйлемдегі *бірге* сөзі — барыс жалғауындағы сан есім де, төртінші сөйлемдегі *бірге* сөзі — үстеу. Бұл үстеудің (*бірге*) құрамындағы *-ге* шығу төркіні жағынан барыс жалғауы болғанмен, қазірде ол аталған үстеу сөздің құрамынан ажырамайтын болып, оған сімісіп кеткен.

Бесінші сөйлемдегі *қайта* сөзі — етістіктің көсемше түрі де, алтыншы сөйлемдегі *қайта* сөзі — үстеу.

Үстеулер іс-әрекеттің әр алуан белгісін білдіріп, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады.

Сонымен, іс-әрекеттің әр алуан белгісін немесе сынның белгісін білдіретін, өзгертуге, түрлендіруге көне бермейтін, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқаратын сөздер *үстеу* деп аталады.

256-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, үстеулерді табындар. Олардың қай сөздерге қатысты екенін айтындар.

1. Лезде жел тұрып, батыс жақтан бір қара бұлт шыға келді де, аспанды торлап алды. (С. О.) 2. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі есітіп-білмеген ең бір сұлу, ең бір әсерлі, күшті жыры осы еді. 3. Үлкен стол үстінде шалқасынан ашылып жатқан кітап бір емес, әлденеше. (М. Ә.) 4. Зәресі ұшып кеткен екі бала жалма-жан кері бұрылып, қайтадан жылғаға түсті. (Х. Е.) 5. Екі шелектің бірі төмен түседі, екіншісі көмір артып жоғары шығады. (Ғ. Мұст.) 6. Бұрын шыққан құлақтан кейін шыққан мүйіз озады. (Мақ.) 7. Жауын бірде себелеп жауады, бірде төгіп-төгіп кетеді.

§ 85. Үстеулердің құрамына қарай түрлері.

Үстеулер құрамына қарай негізгі үстеу және т у ы н д ы үстеу болып екі топқа бөлінеді.

І. Негізгі үстеулердің қатарына қазіргі кезде құрамын ажыратып бөлшектеуге келмейтін үстеулер жатады. Мысалы: *ерте, кеш, өте, тым, ең, әрі, бері, жоғары, төмен, ілгері, кейін, бұрын* және т. б.

Негізгі үстеулердің көпшілігіне шырай жұрнақтары (-рақ, -рек, -лау, -леу, -дау, -деу) жалғанады. Мысалы: жоғары — жоғарырақ, төмен — төменірек, төмендеу (отыр), әрі — әрірек, әрілеу, бері — берірек, берілеу, бұрын — бұрынырақ, бұрындау және т. б.

II. Туынды үстеулердің қатарына жұрнақ арқылы, кейбір жалғаулардың сөздің түбіріне сіңісіп тұрақталуы арқылы, сөздердің бірігуі немесе қосарлануы арқылы жасалған үстеулер жатады.

1. Жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды үстеулер мыналар:

а) **-ша, -ше** жұрнағы арқылы жасалған туынды үстеулер: бұлбұлша, құсша, ескіше, жаңаша, бұрынғыша, өзінше, көзінше.

ә) **-лай, -лей (-дай, -дей, -тай, -тей)** жұрнағы арқылы жасалған туынды үстеулер: шикілей, пісілей, қыстай, күздей, жаздай және т. б.

б) **-дайын, -дейін (-тайын, -тейін)** жұрнағы арқылы (бұл жұрнақ -дай және -ын қосымшасынан құралған құранды жұрнақ) жасалған туынды үстеулер: бөрідейін, қырандайын, түлкідейін, жорғадайын және т. б.

в) **-шама (-ша, -ма), -шалық (-ша, -лық)** құранды жұрнағы жалғану арқылы жасалған туынды үстеулер: осыншама, соншама, осыншалық, соншалық.

г) **-майынша, -мейінше (-пайынша, -пейінше, -байынша, -бейінше)** құранды жұрнағы жалғану арқылы жасалған туынды үстеулер: жасырмайынша, келмейінше, айтпайынша, білмейінше, бітпейінше және т. б.

2. Жалғаулардың түбірге сіңісіп, соның нәтижесінде жалғау қызметінен айырылып, көнеленуінен жасалған туынды үстеулер: текке, босқа, бекерге, бірге, кешке; баяғыда, әлгіде, күнде, қапыда; төтесінен, жүресінен, әуелден, кенеттен; жөнімен, ретімен, кезекпен және т. б.

Жоғарыда аталған жұрнақтар мен жалғаулар арқылы жасалған туынды үстеулер жалаң үстеулердің қатарына жатады.

3. Сөздердің бірігуі арқылы жасалған туынды үстеулер: таңертең, жаздыгүні, күздігүні, қыстыгүні, ендігәрі, екіншәрі және т. б.

4. Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған туынды үстеулер: бетпе-бет, әлсін-әлі, бостан-босқа, үсті-үстіне, лек-легімен, бет-бетімен және т. б.

Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған үстеулер де бар. Мысалы: күні кеше, күні бүгін, күні ертең, ала жаздай, ала күздей, ала қыстай, әуел баста және т. б.

Сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалған үстеулер үстеудің күрделі түрі болып саналады.

257-жаттығу. Оқып шығып, туынды үстеулерді теріп көшіріңдер. Олардың қалай жасалғанын айтыңдар.

1. Жас ұшқыштың жауынгерлік жолы осылайша басталады. 2. Балалар да, Сәмет қарт та аялдамастан, қораның тақтай есігін жалма-жан ашты да, ішіне кіріп кетті. (С. О.) 3. Сол жолдастарының ішінде онымен айрықша достасқан Әсет деген бала болды. (М. И.) 4. Бізге осыншама жоғарылап ұшпасақ та болмас па сен. (В. Г.) 5. Мен мына төтесінен жаяу жүретін жолмен барамын. (С. М.) 6. Маралбек пен Әшімтай екі жағасына сіресіп май қоға өскен өзеннің жайпақ жар қабағында жүрелеп отыр. (С. О.) 7. Ұлберген Кенжетайды көтере бергенде, етпетінен түсті. (С. М.) 8. Біз көзді қарсы қабаққа қадап отыр едік, арт жағымыздағы күздар кенеттен қатты жаңғырығып кетті. (F. Мұст.) 9. Сен бүгін сонда барып қон да, ертең осында қайтып кел. (С. М.)

258-жаттығу. Ерте, жоғары, бері, жаздай, босқа, қапыда, төтесінен, лек-легімен деген үстеулерді қатыстырып сөйлем құраңдар. Үстеулердің қай сөзге қатысты болып тұрғанын айтыңдар.

259-жаттығу. Көп нүктенің орнына төменде көрсетілген үстеулердің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Әже-ай,— деп Зылка ауыр күрсініп, ыңыранады. Екі иінінен демін алып отыра алмайды, ... жөтеліп, мазасы кетіп отыр. (Б. М.) 2. Ақ көйлекті, таяқты, Ақсақал шығар бір шеттен: «Малынды ... қайтар»,— деп, малшыларға қаңқылдап. (А.) 3. Күпісінің жағасын ... көтере түсіп, мақал, тақпағын араластыра, сөзді желдіртіп соғып отыр. (Б. М.) 4. Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап ... күлуге. (А.) 5. Тағы да Попов алдымызды орап кетті. Қазықты бізден ... қағыпты. (F. М.) 6. Хатшылыққа ... Мейрам сайланған. (F. Мұст.) 7. Рязановтың кербездігі де,

күлкісі де ... тыйылды. (F. M.) 8. Жай басталып, толықсып шыққан нәзік үн ... көтеріліп, көсіле түсті. (С. Бақ.)

Көп нүктенің орнына қойылуға тиісті үстеулер: *бірден, әлсін-әлсін, бірте-бірте, әрі, бір ауыздан, жоғары-төмен, босқа, бұрын.*

§ 86. Үстеулердің мағынасына қарай түрлері.

Үстеулер білдіретін мағынасына қарай мынандай топтарға бөлінеді: 1. Мезгіл үстеуі. 2. Мекен үстеуі. 3. Мөлшер үстеуі. 4. Сын (бейне) үстеуі. 5. Күшейткіш үстеу. 6. Мақсат үстеуі. 7. Себеп-салдар үстеуі.

1. **Мезгіл үстеулері** қимылдың, іс-әрекеттің мерзімін, уақытын білдіреді. Мезгіл үстеулері мыналар: *кеше* (кеше келді), *бүгін* (бүгін жүрмек), *былтыр, күндіз, әуелі, күні-түні, қысы-жазы, әлсін-әлсін, анда-санда, ара-арасында, ежелден, қазірде* және т. б.

2. **Мекен үстеулері** қимылдың, іс-әрекеттің орнын білдіреді. Мекен үстеулері мыналар: *ілгері* (ілгері жүрді), *әрі* (әрі кетті), *әріде, бермен, төмен, жоғары, алды-артында, тұс-тұсында, одан-бұдан* және т. б.

3. **Мөлшер үстеулері** қимылдың немесе сынның шама-шарқын, мөлшерлік дәрежесін білдіреді. Мөлшер үстеулері мыналар: *осыншама* (осыншама айтып едім), *анағұрлым* (анағұрлым көбейді), *онша, сонша, осынша, соншама, әжептәуір, бірен-саран, недәуір* және т. б.

4. **Сын (бейне) үстеулері** іс-әрекеттің амал-тәсілін, бейнесін білдіреді. Олар мыналар: *тез* (тез қимылдады), *шапшаң* (шапшаң жүр), *дереу, жедел, әрең, әзер, бірден, ойша, өзінше, әлінше, бостан-бос, ашықтан-ашық, емін-еркін, етпегінен, шалқасынан, кенетген* және т. б.

5. **Күшейткіш үстеулер** сынның сапалық белгісін, қимылдың өзін немесе қимылдың мөлшерлік, көлемдік белгісін асыра немесе кеміте білдіреді. Күшейткіш үстеулер мыналар: *ең* (ең биік), *тіпті* (тіпті ыстық), *әбден* (әбден шаршау), *нағыз, қабағат, орасан, мейлінше, мүлдем, аса, өте, тым* және т. б.

6. **Мақсат үстеулер** іс-әрекеттің мақсатын білдіреді. Олар мыналар: *әдейі* (әдейі келді), *жорта* (жорта айтты), *әдейілеп, қасқана.*

7. Себеп-салдар үстеулері іс-әрекеттің себепін немесе салдарын (нәтижесін) білдіреді. Олар мыналар: *амалсыздан* (амалсыздан көнді), *лажсыздан* (лажсыздан барды), *бекерге*, *босқа*, *жоққа*, *құр босқа* және т. б.

260-жаттығу. Мезгілдік және мекендік үстеулердің әрқайсысын қатысты сөзімен тіркестіріп, әр бағанаға көшіріп жазыңдар.

1. Ертең олардың жатақханасына барып, өз алдына әңгімелесерміз. («Қ. Ә.») 2. Жаңбыр әлі жауған жоқ. Тек анда-санда аздап сіркіреп қояды. (С. О.) 3. Оңтүстікте өте жақсы. Қазір ол жақ жылы. Онда тіпті әдемі шалшық-саздар бар. (В. Г.) Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады, кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады. (Мақ.) 5. Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. 6. Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. (М. Ә.) 7. Біз ілгері аттаған сайын, жел желіге түседі, көкіректен кейін қарай итере түседі. Желге ерегіскендей біз де ілгері ұмтыламыз. (С. М.) 8. Оқтын-оқтын ағаш жапырағын тербеткен самал да кенет ішін тартып тындаған тәрізді еді. (Қ. Ә.)

261-жаттығу. Оқып шығып, үстеулерді табыңдар. Оларды мағыналарына қарай ажыратып, түр-түрімен теріп жазыңдар.

I. Мен сол кішкене кітаптарды оқып жүрдім.

Кейде кітап қызық болса немесе тез оқып шығу керек болса, мен түнде тұрып, май шам жағып алатын едім. Бірақ кәрі хозайкам май шамның түнде қысқарып қалатынын сезіп қойды да, шамның қалғанын жаңқамен өлшеп, жаңқаны тығып қоятын болды.

Кешкісін дауыстап газет оқимын. (М. Горькийден.)

II. Бір топ пионер жазғы демалыс кезінде тауға серуенге шықты. Олар таудың етегіндегі шоқ ағашқа келіп, біраз дем алып отырды. Осы кезде Мұқан мен Кәкімжан ағаш ішін аралап кетіп еді. Екеуі сәл ілгері жүріп келе жатып, бір мөлдір бұлақтың үстінен шықты.

Екі бала бұлақтың бойын қуалай жоғары өрледі. Көп ұзамай-ақ олар бұлақтың көзін тапты. Екеуі судың дәмін қайта-қайта татып көріп, тамсана түсіп, біраз отырды. Бұлақтың басына серуенде жүрген пионерлер

түгел жиналды. Судын дәмін бәрі де татып көріп, түрлі-түрлі пікірлер айтты...

Оның суы асқазан ауруын емдейтін аса қадірлі, дару су болып шықты. Бұл суды ішіп талай адам жазылды. Олар әр уақытта сол бұлақты тапқан пионерлерді құрметпен еске алатын болды. (*Н. Ғабдуллин.*)

262-жаттығу. Көп нүктенің орнына төменде көрсетілген үстеулердің лайықтысын қойып, жаттығуды көшіріңдер.

1. ... шақта тау алқабында гүрілдеген өзеннің сарыны ғана құлақты жарғаандай. 2. Азан-қазан болып өріп жатқан сиырдың, шұркырап кісінеген жылқының, маңыраған қойдың үндері алыста ғана ызындап жатқан сықылды, құлаққа ... келді. (*Ғ. С.*) 3. ... Абайды бұндай жерге бастай көрме. Тіпті басың жас, үлкеннің ондай пәлесінен өзін де аулақ жүр,— деді Ұлжан. (*М. Ә.*) 4. ... ояндым, ойландым, жете алмадым, Етек басты көп көрдім елден бірақ. (*А.*) 5. Ұлберген Кенжетайды көтеруге енкейе бергенде, ... түсті. (*С. М.*) 6. Жан-жағыма қарайын, ... көз салайын. (*Ж.*) 7. ... қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі. (*А.*) 8. Екі шектің бірі ... түседі, екіншісі көмір алып ... шығады. (*Ғ. Мұст.*)

Көп нүктенің орнына қойылатын үстеулер: *ендігәрі, етпетінен, ерте, төмен, жоғары, елең-алаң, жазғытұры, жағалай, еміс-еміс.*

§ 87. Үстеулердің емлесі.

1. Сөздердің бірігуінен жасалған күрделі үстеулердің ішінде құрамындағы сыңарларының (сөздердің) дыбысталуы жағынан өзгеріске түскендері де, өзгермегендері де бар. Құрамындағы сыңарлары, дыбысталуы жағынан өзгеріске түскен күрделі үстеулер сол өзгерген күйінде біріктіріліп жазылады. Мысалы: *жаздыгүні, қыстыгүні, күздігүні, ендігәрі.* Бұлар *жаздың күні, қыстың күні, күздің күні, ендігіден әрі* деген сөздердің тіркесінен жасалған.

Сөздердің бірігуінен жасалған *таңертең, әлдекімше* тәрізді күрделі үстеулер түбір тұлғасын сақтап, біріктіріліп жазылады.

2. Сөздердің қосарлануынан жасалған күрделі үстеулер дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *әрең-әрең,*

енді-енді, алды-алдына, бірте-бірте, жол-жөнекей, турадан-тура, біртін-біртін және т. б.

3. Сөздердің тіркесуінен жасалған күрделі үстеулердің құрамындағы әрбір сөз бөлек жазылады. Мысалы: *күні кеше, күні бүгін, ала күздей.*

263-жаттығу. Төмендегі үстеулерді қатыстырып сөйлем құрандар. Ол үстеулердің емлесін еске сақтаңдар.

Түнеугүні, әнеугүні, ендігәрі, неғұрлым, соғұрлым, жапа-тармағай, жата-жастана, ауызба-ауыз, әрі-бері, үсті-үстіне.

§ 88. Үстеулердің сөйлемдегі қызметі.

Үстеулердің сөйлемдегі негізгі қызметі — **пысықтауыш болу**. Мысалы: *Ерте тұрды, кеш жатты. Біздер ілгері жылжыдық, олар кейін қарай кетті.*

Кейбір үстеулер жіктеулі түрінде баяндауыш (*Сен осындасың ба*), заттанған түрінде бастауыш (*Еріншектің ертеңі таусылмас*) (*Мақ.*) (*Бүгін — мереке*) қызметін атқарады.

Үстеулердің сөйлемде пысықтауыштан басқа мүше болуы сирек ұшырасады.

264-жаттығу. Оқып шығып, үстеулердің сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын айтыңдар.

1. Жырымды желше гулетем. (*Ж.*) 2. Әлібек амалсыздап тоқтады. (*Ф. Мұст.*) 3. Түн жым-жырт. 4. Әбіш биыл тағы да Петербургке барып, келер жыл оқуын тамамдап қайтатынын Дәркенбайға айтты. (*М. Ә.*) 5. Та-наш алдағы көлденең жатқан аласалау белестен асып түсті. (*С. Бақ.*) 6. Малдың қимылдауға шамасы келмей, аяғы созылған күйінше шала-жансар жатыр екен. (*М. И.*)

ҮСТЕУЛЕРДІ ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

265-жаттығу. Оқып шығып, туынды үстеулерді көшіріңдер. Туынды үстеулердің қалай жасалып тұрғанын айтыңдар.

1. Өмір жаңаша бір түрге еніп қапты. (*Х. Е.*) 2. Бөлмеден ере шыққан Қазі менің хал-жайымды қысқаша

сұрап алды. (С. М.) 3. Түлкідейін түн қатып, бөрідейін жол тартып. (М.) 4. Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге. (А.) 5. Ерте де, түсте де, кешке пысылдап тұрады пеште. (Жұмбақ.) 6. Қош айтысып, жай-жайына тарады. (Х. Е.) 7. Жуан денелі Мұстапа Қожантайдың кішкене үйіне зорға сыяды. (С. М.) 8. Бұл жиын, бастығы Абай болып, қазіргі сәтте мына ауылдың өзге тірлігінен оқшау бөлінген бір топ тәрізді. (М. Ә.) 9. Ұйымдасып істеген әр істің бір сәні бар, әр қимылдың өзінше ырғағы бар, әні бар. (С. С.) 10. Тақыр қырға табанда Тыңнан завод тұрғызу, Мұндай кезде оңай ма, Құрышты тез құйғызу. (Т. Ж.) 11. Дүние тал түсте ымыртқа бойұрып, қыстыгүні тәрізді салқын тартып, есенгірей қалғандай. (F. C.)

266-жаттығу. Оқып шығып, үстеулердің мағыналық түрлерін ажыратындар.

1. Күн төбеден ауып барады. Бұл аймақтың ауа райы айнығыш келеді. Әлгінде ғана жерге нұрын төгіп тұрған алтын күннің бетін бұлт басты. Бір кезде от жарқылдап, найзағай ойнай бастады. Жаңа ғана жай ағып жатқан өзен де аласұрып, айдындана, толқындана түсті. (С. О.) 2. Жоғары-төмен үйрек, қаз ұшып тұрса сымпылдап. 4. Алды-алдына кетеді, қосылмайды бастары. (А.) 5. Рязановтың кербездігі де, күлкісі де бірден тыйылды. (F. M.) 6. Кешке қарай күн аспанда ақырын жылжиды, күндіз оқтын-оқтын соғып тұрған жел өзінен-өзі жуасып, майда ғана қоңыр самалға айналды. (Ж. С.) 7. Маңыраған қойдың үндері алыста ғана ызындап жатқан сияқты, құлаққа еміс-еміс естіледі. (F. C.) 8. Оңаша забойларды емін-еркін аралап жүріп, бір жерге келгенде аялдады. (F. Мұст.) 9. Мариямды тауып алған соң, Раушан мүлдем көңілденіп кетті. (Б. М.)

267-жаттығу. Көп нүктенің орнына төменде көрсетілген үстеулердің лайықтысын қойып, жаттығуды көшіріңдер.

1. Ырысжан ... қағазға қадалады. (F. M.) 2. Ажар жалт қараса, пар ат жеккен, арбасының үстінен ... киінген біреу түсіп тұр екен. (С. М.) 3. Елеурейсің еңтігіп, Басылар ... қарқының. (Ж.) 4. Бәрін де ... баста, тек бастап көрші. (М. Ә.) 5. Балдағы бар бір жігітті көрдім

де, ... сауал бердім келдім де. (Қ. А.) 6. ... жел тұрып, батыс жақтан бір қара бұлт шыға келді де, аспанды торлап алды. (С. О.) 7. Памирден ... ыстық жел соғады. (З. Ш.) 8. Жай сөйлеп, кең толғап отырған Мейрамның жүзіне ... қарап қойғанда, Чайковтын көзінен шатық ұшқын шашырайды. (Ғ. Мұст.) 9. Омар атын тік бұрып, жалт бергенде, о да соны істеймін деген шалдын қара жорғасы ... сүрініп, аз-ақ домалап кетпеді. (Ғ. М.) 10. Дауыс шу дегенде оқыс қатты шығып кетті де, артынша ... саябырлай қойды. (М. И.).

Үстеулер: *қазақша, қайтадан, қасақана, қазір, күндіз-түні, тез, оқтың-оқтың, оқыс, тез, оқта-текте, лезде.*

Еліктеу сөздер.

§ 89. Еліктеу сөздер туралы түсінік.

Табиғаттағы әр түрлі құбылыстардың дыбыстарына еліктеумен немесе олардың бейнесін елестетумен байланысты сөздер еліктеу сөздер деп аталады. Олар мыналар: *тарс* (етті), *сырт* (етті), *шырт* (етті), *жалт* (етті), *салп* (етті), *күмп* (берді), *тарс-тұрс*, *пыр-пыр*, *сарт-сұрт*, *жалт-жұлт*, *жалп-жалп* және т. б.

ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ.

§ 90. Дыбыстық еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздер.

Еліктеу сөздер еліктеу сипатына қарай дыбыстық еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер болып, екі топқа бөлінеді.

1. Дыбыстық еліктеуіш сөздер. Табиғаттағы әр түрлі дыбыстарға еліктеумен байланысты сөздер дыбыстық еліктеуіш сөздер деп аталады. Олар мыналар: *тырс*, *бырт*, *қаңқ*, *шатыр-шұтыр*, *сарт-сұрт*, *күрк-күрк*, *быр-быр*, *пыс-пыс*, *сақ-сақ*, *тарс-тұрс* және т. б.

2. Бейнелеуіш сөздер. Табиғаттағы құбылыстардың сыртқы көрінісін елестетумен байланысты еліктеу сөздер бейнелеуіш сөздер деп аталады. Олар

мыналар: жалп, қылт, алшаң, маң-маң, митің-митің, жылт-жылт, жалт-жұлт, ербең-ербең, едірең-едірең және т. б.

268-жаттығу. Оқып шығып, еліктеу сөздердің түрлерін (дыбыстық еліктеуіш сөздер, бейнелеуіш сөздер) ажыратындар.

Бұларды сезіп, Қарасуда отырған бір топ шүрегей дүр етіп ұша жөнелді. «Ителгім зу етіп, көтерілген шүрегейдің тобына араласады, атам соған салады»,—деп күткен Сәтжан құсының әлі атасының қолында отырғанын көрді. Осы шақта оның лепіріп келген көңілі басылғандай, не болды деген күдік билеп, өне бойы тітіркеніп кетті. Сөйткенше болмады, шүрегей ұшқан судың бас жағынан пыр етіп ұшқан қос көк ала мойын судан көтерілгенше, атасының қолындағы ителгі де лып етіп ұшып аспанға шықты.

Шүрегейдей гулеп ұшып, зырлап ақпай, шабандау ұшып, түзу жөнелген қос көк аланың үстіне ителгі сып етіп жетіп барып, оқтай жоғары атылды.

Үйректің дәл үстіне жетіп алып, ителгі қайта шүйліп келгенде, бір үйрек сылқ етіп құлдырап жерге ақты. Ителгісі үйректің бірін теуіп түсіріп, екіншісін сабалап қуып жөнелген-ді. Сөйткенше болмады, сасқан үйрек бұлт етіп, бір шоқ талға барып жоқ болды. Талға кірген үйректі таба алмай, ителгі ағындаған бетімен өзеннің қабағындағы бір жартасқа барып қонды. (С. Бегалин.)

ИНСТИТУТЫ

269-жаттығу. Оқып шығып, дыбыстық еліктеуіш сөздерді бір бөлек, бейнелеуіш сөздерді бір бөлек көшіріп жазындар.

I. Жел күшейе бастады. Бір кезде сатыр-күтір сынған бұтақтардың дауысы естілді. Бақшадағы ағаштар суылдап, азан-қазан болды. Бір кезде аспан жарқ етті де, қараңғылық қайта басты. Шарт ете түсіп, бүкіл аспан құлағандай болды. (Л. Н. Толстой.)

II. 1. Ол шаршайтын да, сескенетін де емес, бүгжең-бүгжең басады. (Ф. Мұст.) 2. Қарға сатқын қарқ етті. Қаршыға келіп шап етті. Ителгі жарқ етті. Қырғи сап етті. Үкі жалп етті. Тоқылдақ тоқ етті. Ағаш біткен солқ етті. (Т. Дәурен.) 3. Жұмыр білектердің түйін-түйін бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнайды. (Ф. Сл.) 4. Қар тағы түсті. Ұстасаң, жеп-жеңіл күмісше жалт-жұлт етеді.

(С. Сарғ.) 5. Баяғы жартас — бір жартас, Қанк етер, түкті байқамас. (А.) 6. Аттар борт-борт желеді. (С. М.)

§ 91. Негізгі еліктеу сөздер мен туынды еліктеу сөздер.

Еліктеу сөздер құрамына қарай негізгі және туынды еліктеу сөздер болып екіге бөлінеді.

1. Негізгі еліктеу сөздердің қатарына *күрс, тарс, дік, дүрс, зырқ, жалт, жылт, шалп, шіңк* тәрізді түбір (еліктеу) сөздер жатады.

2. Туынды еліктеу сөздер негізгі (түбір) еліктеу сөздерден және басқа сөздерден жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

Туынды еліктеу сөздер жасайтын жұрнақтар мыналар:

а) *-ң, -ың, -ің, -аң, -ең* жұрнағы. Бұл жұрнақ негізгі (түбір) еліктеу сөзден де (*балп-аң, болп-аң, елп-ең, жылт-ың, торс-аң, қыж-ың* және т. б.), басқа сөздерден де туынды еліктеу сөздер жасайды (*ағар-аң, сыла-ң, домала-ң, көлбе-ң, қара ң*). Бұл жұрнақ түбірі жеке дара қолданылмайтын *арбаң, ербең, жарбаң, маймаң, сопаң* тәрізді еліктеу сөздердің құрамында да кездеседі.

ә) *-лаң, -лең, -алаң, -елең* жұрнағы: *шұба-лаң, бұра-лаң, шір-елең* және т. б.

Еліктеу сөздер қосарланып та жасалады. Қосарлану арқылы жасалған еліктеу сөздер күрделі еліктеу сөздердің қатарына жатады. Мысалы: *дүрс-дүрс, гүрс-гүрс, сарт-сұрт, жымың-жымың, маң-маң, бүрсең-бүрсең, қиқан-сиқан, адыраң-едірең*.

Еліктеу сөздер зат есімдердің де, етістіктердің де жасалуына ұйытқы (негіз) бола алады. Мысалы: *тар-сыл, дүрсіл, гүрсіл* деген зат есімдер, *күбірле, балпаңда, қожаңда, кідіңде* деген етістіктер еліктеу сөздерден жасалған.

270-жаттығу. Оқып шығып, еліктеу сөздердің қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін айқындаңдар.

1. Егіншілер ертеңгі астан кейін аттануға жиналып жатқанда, радио саңк етті. 2. Байғұс қара өгіз, көзіне

шыбын үймелеп, аузынан сілексейі шұбырып, митің-митің аяндап келеді. (F. M.) 3. Әкесі мен шешесіне жалтаң-жалтаң қарай, балалардың көздері жаудырады да тұрды. (C. Бақ.) 4. Ірімшік жерге салп етті. Тап етті, шап етті. Ап кетті қу түлкі. (A.) 5. Бұлың-бұлың көк үйлер, Бұлдырған зеңгір тау. (Ж. Сыз.) 6. Қатты тиген соққыдан ол қиралаң етіп құлап түсті. 7. Орынсыз ыржаң, Болымсыз қылжаң, Бола ма дәулет нәсіп бұл. (A.) 8. Оттың қалған шаласы анда-санда лап беріп жанып, жалп беріп сөнеді. 9. Сары ала жез күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. (F. M.) 10. Көз ұшында әлдене қараң етті.

271-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, негізгі еліктеу сөздерді бір бөлек, туынды еліктеу сөздерді бір бөлек көшіріп жазыңдар.

1. Мылтығын жоғары қаратып, Қайырбек дүңк еткізді. (F. C.) 2. Сақа ақырын-ақырын маң-маң басып, жоғары, тауға қарай жүріп келеді. (З. Ш.) 3. Зеңбіректер ұмыттырып жіберіп, анда-санда бір маңк ете қалады. (Ә. Н.) 4. Шұбалаң көш тәрізді шұбатылған, Жыл өтер жылжып ылғи жыл артынан. (С. Мәу.) 5. Қара жердің қыртысы бырт-бырт сөгіліп, шымдар қолмен жатқызғандай жығылып жатты. (F. Мұст.) 6. Кісі келсе, иг келсе, Шәуілдеп кеп үреді, Өзінен мықты жоқтай-ақ, Балпаң басып жүреді. (К. А.) 7. Қыранның тепкісі тиген түлкі домалаң етіп аунап түсті. 8. Әлден соң ол сілесі катып қиралаң етіп құлай кетті.

272-жаттығу. Өленді оқып, еліктеу сөздердің ұйытқы (негіз) болуынан жасалған туынды сөздерді көшіріп жазыңдар. Олардың еліктеу сөздердің қандай түрлерінен жасалғанын айтыңдар.

ЖАЗ.

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңкылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.

Жоғары-төмен үйрек, қаз,
Ұшып тұрса сымпылдап,
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былжылдап,
Әзілдесіп сыңкылдап,
Мал ішінен айналып,
Көңлі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап,
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Әзілдесіп сылқылдап,

Жағалайды шешесін:
Жалшы алдаған жас бала
«Ет әпер» деп қыңқылдап.
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самаурыны бұрқылдап.
Білімділер сөз айтса,

Бәйге атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
«Әрине», деп мақұлдап.
Ақ көйлекті, таяқты
Аксақал шығар бір шеттен:
«Малынды әрі қайтар» — деп,
Малшыларға қаңқылдап.

(Абай.)

§ 92. Еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметі.

Еліктеу сөздер негізгі етістікпен де, көмекші етістікпен де тіркесіп қолданыла береді. Еліктеу сөздер негізгі етістікпен тіркескенде, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Қазандағы ет бұлк-бұлк қайнады. Білектің бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнайды. Ол күрк-күрк жөтеліп жүретін.* (Ғ. С.)

Еліктеу сөздер көмекші етістіктермен тіркесіп, сөйлемде күрделі баяндауыштың құрамына енеді. Мысалы: *Баяғы жартас — бір жартас, Қаңқ етер, түкті байқамас.* (А.) *Ырғалып қарқ етті, ірімшік жерге салп етті.* (А.)

273-жаттығу. Оқып шығып, еліктеу сөздердің сөйлемде қандай мүше болып тұрғанын айтындар.

1. Терезе алдындағы сағат сырт-сырт соғады. («Қ. Ә.») 2. Болат бүгілмес, морг сынар. (Мақ.) 3. Шам жағылысымен, бірдеме күрс етіп құлаған тәрізденді. (Ғ. Мұст.) 4. Қар күрт етіп, Есілдің үсті жуық арада жүргізбеу қаупі туған. (С. М.) 5. Мотоцикл баспалатып жетіп келгенде, жолдан жалт берді. (Ғ. Мұст.) 6. Құлағым қаңылтырмен қаптағандай, Көп сөзді естімейді қаңғыр-күңгір. (Ж.) 7. Тұс-тұста гүрс-гүрс жарылыс. Мән бұл сәтте астымдағы Кертөбелімен сырғып түсіп, жалғыз кісілік окопқа күмп бердім. (М. Әл.)

ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

274-жаттығу. Оқып шығып, дыбыстық еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздерді топ-тобымен теріп жазындар.

1. Қара судың күнбатыс жағындағы қалың талдың тасасына жеткен кезде Серікбай атын ентелете басты-

рып, кара судын жарлауыттанған қабағына сып етіп жете беріп, ителгіні көтере ұстап, ат үстінен ұмтылып кеп қалды. Серікбай келіп тап берген, жерде суда отырған бір топ шүрегей жарқ етіп ұшып ойнап аспанға шықты. Зу етіп көтерілген шүрегейдің тобына ителгі араласпады. Атам соған жіберді ғой деп күткен Сәтжан өзінің ителгісін аспаннан көре алмай, атасының қолында далпылдап ұмтылып бара жатқанын көрді. Осы шақта оның лепіріп келген көңілі басылғандай, не болды, деген күдік туып, өне бойы тітіркеніп кетті. Соңша болмады, шүрегей ұшқан кара судың бас жағынан пыр етіп ұшқан қос көк ала мойын судан көтерілгенше, атасының қолындағы ителгі де лып етіп ұшып аспанға шықты.

(С. Бегалиннен.)

II. 1. Иттің қасқырға ұшырағанын күзетшілер қаңқ еткен даусынан ғана аңғарады. 2. Ұйқыдан қалжырап тұрған Тастемір лезде қор ете қалды. (С. М.) 3. Жанып жатқан тезек шоғы, майлы көбік тамғанда, пыс етіп, бор етіп сөне қалып, қоңырсытып майды күйдіріп, қайтадан тез лап етіп жанады. (С. С.) 4. Шалынды бір күн құлаққа, гүрс еткен мылтық дауысы. Селк еге қалды кең далам, Селк ете қалды тау іші. (Ж.) 5. Салаң етіп жолықса қайтқан ізі, Сағадан сымпың қағып із шалғанда. 6. Бойы бұлған, Сөзі жылмаң. (А.) 7. Ұй қожасы үстінен ыз етіп оқ өтіп кеткен кісіше бүкшендей, қолымен жер таянғандай болып, үйіне қарай жүгірді. (М. Ш.)

275-жаттығу. Өлеңдерді оқып, еліктеу сөздердің ұйытқы (негіз) болуынан жасалған туынды сөздерді көшіріп жазыңдар.

1. ҚАЗҒА ЕЛІКТЕГЕН ҚАРҒА.

Қарға қаздай байпаңдап,
Болғысы келді байсалды-ақ.
Үйренген байғұс секектеп,
Жүре алмады қойқандап,
Кете берді шойқандап,
Қаңқылдаймын деп қарқылдады,
Орынсыз қиқулады.
Жауып көрсе жалтақтай берді,
Басы құрғыры қалтақтай берді.

Сонымен сөйтіп,
Өйтіп-бүйтіп
Қаз болғысы келген қарға...
Бола алмады.
Қөлге де қона алмады,
Желге де төзе алмады,
«Қақ» деді де ұшты,
Өзінің «таз қалпына» түсті.

Әрине, қарға қаз болмайды,
Қарға болғысы келсе қаз да оңбайды.

(А. Тоқмағамбетов.)

сып тұру қажет (F. Мұст.) б. Әсем ақ көк атты жайдақ мініп, екі торыны жетекке алып, бұл да өзенге ... кетіп барады. (F. М.)

Көп нүктенің орнына қойылатын септеуліктер: *арқылы, сайын, қарай, шейін, үшін.*

§ 95. Жалғаулықтар.

Жалғаулықтар сөз бен сөзді немесе сөйлем мен сөйлемді байланыстырады. Мысалы: 1. *Ащы мен тұщыны татқан білер, алыс пен жақынды жортқан білер.* (Мақ.) 2. *Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек.* (А.)

Бірінші мысалдағы *мен, пен* жалғаулығы сөз бен сөзді (бірыңғай мүшелерді) байланыстырып тұрса, екінші мысалдағы *не* жалғаулығы сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұр.

Жалғаулықтар мыналар: *мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да (де, та, те), не, немесе, не болмаса, я, және, біресе, бірақ, өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, неге десең, өйтпесе, дегенмен* және т. б.

Мағынасына қарай жалғаулықтар алты топқа бөлінеді:

1. Ыңғайластық жалғаулықтар: *мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да (де, та, те), және, әрі.*

2. Қарсылықтық жалғаулықтар: *алайда, әйтпесе, әйтпегенде, әйткенмен, бірақ, дегенмен, сонда да.*

3. Талғаулықты жалғаулықтар: *я, не, немесе, болмаса, біресе, әлде.*

4. Себептік жалғаулықтар: *өйткені, себебі, неге десең.*

5. Салдарлық жалғаулықтар: *сондықтан, сол себепті.*

6. Шарттылық жалғаулықтар: *егер, егер де, онда.*

279-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, шылаулардың қайсысы сөз бен сөзді, қайсысы сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұрғанын ажыратындар.

1. Бураның шудасындай желкілдеген толқын біресе жарды сүзіп, біресе кейін қайтып буырқанып жатыр

скен. (С. М.) 2. Теңізшілер мен ұшқыштар үшін кенет болған дауыл одан да қауіпті. Олар дауыл болатынын алдын ала білсе, ондай қауіпке ұшырамаудың қамын істейді, онда самолёт еш уақытта аэродромнан ұшпайды. («Блм.») 3. Ол өзінің баласын мақтаныш етіп тұрған сияқты, онысын өзі сезбейтін де болар, бірақ оның сезімі анаға таныс еді, сондықтан ана оның сөзіне жылы шыраймен күлімдеп, ақырын ғана жауап қайырды. (М. Г.)

280-жаттығу. Үзінділерді оқып шығып, жалғаулықтарды мағыналарына қарай топтастырып теріп жазыңдар.

I.

Тілі ұғымды, өмірі тағыс болғаннан ба немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете желген әнінен бе? Бебеу қаққан қоңыр майда домбырадан ба? Қалай да болса, Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болды.

Күндіз де, түнде де Барластардың қасынан шықпайды. Екі ақын Ұлжан үйін барлық осы үлкен ауылға қан базардай қалын жиын үй қып жіберді.

Осы жолы Абай әрі өзі асылып, әрі шешесі арқылы салмақ салып, Барлас пен Байкөкшені дәл бір айдай жібермей ұстап еді. Бұл уақыттарда жас бала Барлас, Байкөкшемен біржолата дос, жақын боп алды. Бертін келе, түнде Барластың қойнына кіріп те жатады. Күндіз барынша күтеді. (М. Әуезовтен.)

II.

Бурабайды бұрын көрмеген Жақып: «Кішкентай ғана түкпірге жиналған не еткен осыншама ғажайып сұлулық!» — деп таңданғандай, біресе көлге, біресе оның жағасындағы ғажайып бітісі бар Сиыртас пен Шошқатасқа, біресе Оқжетпес пен Көкшеге қарайды. Ол біресе етегіндегі курорт үйлері самсаған, көлдің теріскей тұсындағы, басында Біржан тұрып сан рет ән шырқапты десетін Бөлектауға телміре қарайды. Жалғыз сол ғана

лық, бірде демеулік қызметінде жұмсалатын *да* (*де, та, те*) шылауы жатыс септік жалғауымен дыбысталуы жағынан бірдей болып келеді.

Бұлар жалғау болса, сөзге қосылып жазылады да, шылау болса, сөзден бөлек жазылады. Мысалы: 1. *Балтамен шапты. Орақпен орды.* 2. *Балта мен орақты арбаға салды.* 3. *Кітап Үсенде.* 4. *Үсен де келді.*

2. Демеуліктердің ішінде өзінен бұрынғы сөзден дефис (-) арқылы жазылатын демеуліктер бар. Олар мыналар: *ақ* (*Аты ат-ақ екен*), *ай* (*досым-ай*), *ау* (*жығылады-ау*), *мыс* (*айтыпты-мыс*), *ды* (*барған-ды*).

283-жаттығу. Көшіріп, жақшаға алынғандар жалғау болса, алдыңғы сөзге қосып жазыңдар да, жалғаулық болса, бөлек жазыңдар.

1. Сибирь (мен) Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеруге Отанның тұс-тұсынан жұрт аттанып жатқан шақ. («ПНР») 2. Шаңғышылар алды (мен) аудан (да) Жорғатау (мен) Шұбарайғыр тауларының картасын жасап алды. (С. Б.) 3. Зырлап келе жатқан поезд жүрісін сәл бәсеңдетті (де), көпірге жақындағанын білдіріп, бір ақырып қойды. Машинист қылт еткізіп буткадан басын сұға берген (де), Қайрақбайдың көзі шалып қалып, құрығын (да) бұлғады, шыңғыра айқайлап (та) жіберді, бірақ өзі (де) көпірдің астына құлап түсті. Машинист көре салып, тормозға ұмтылды. Тормоздың желін босатып жіберген (де), поезд ырғала толқып, созыла барып, тоқтай қалды. Поезд көпірге жетпей тоқтады. (Х. Ж.) 4. Төлебайдың қолы (мен) нұсқаған затын мен көпке дейін бағдарлай алмадым. Өйткені Есілдің беті екпінді ағып (мен) зымырап тоғысып кетіп бара жатқан сеңге сыймайды. (С. М.) 5. Әбіш (пен) жақсы шырайда амандасқан Дәркенбай ісін тоқтатқан жоқ. (М. Ә.)

ШЫЛАУЛАРДЫ ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

284-жаттығу. Көп нүктенің орнына төменде берілген шылаулардың лайықтысын қойып жазыңдар.

1. Абай бірер шыпы шай ішті ..., тоқтап қалды.
2. Құнанбай ... Ызғұтты алда келеді екен. 3. — Қартай-

ған шағында қайда шырқап барады, қайта оралып көр-
мейміз..., кеткені...,— деп есіркеп қарайсындар. (М. Ә.)
4. Ол көпке ... үн қата алмай, сілейіп тұрып қапты.
5. — Әй, Мәкіш ..., өлеңім менің желге кетіп жүр... .
6. Осыдан он бес-жиырма күн... Абай мен Ербол да ел-
ге ... келе жатты. 7. Үлкен үйде Ұлжан, Айғыз, Ділдә
үшеуі ... отыр екен. (М. Ә.) 8. Оқу біткен... үйге жеткен-
ше асығып жүгіретін. (Ғ. Мұст.) 9. Еламан көпке... жы-
лына алмады. (Ә. Н.)

Ш ы л а у л а р : -ау, -ай, ғана, дейін, мен, де, шейін,
қарай, кейін, соң.

285-жаттығу. Жақшаны ашып, көшіріп жазыңдар. Жақ-
ша ішіндегілер жалғау болса, алдындағы сөзге қосып, шылау болса,
бөлек жазыңдар.

1. Қайық (пен) әрі өтіп, Шәйзаны алып қайтып, да-
яр ат (пен) қалаға тартып кетпекші болды. 2. Әрине,
адам өмірінде көп қиындықтар ұшырасады. Оңсыз
өмірдің өзі (де) өлімтікпен тең, сұр көленке болар
еді. Күрес (пен) күлкі, қайғы (мен) шаттық, алыс (пен)
жеңіс, жеңіс (пен) жетіліс болмаса, бұл шіркіннің өзі
(де) тоңған мұз, ұйыған айран емес пе ... Әңгіме таудай
қиындықты тымақтай сілкетін заман жасау (да) ғой.
Жасаймыз (да) ондай заманды. (Ғ. М.) 3. Әбдіжан Күр-
мекті базы, «Қызыл ту» колхозының қораларына барып,
ондағы қойлардың төлдеу, аяқтану жайы (мен) таны-
сып қайтты. (С. Б.) 4. Кейде есіп, кейде мұздың беті
(мен) қайығын сүйреп, ар жаққа әрең өтті. (Ғ. М.)
5. — Біздің мына малымызға осы Нұрман сияқты сұңғы-
ла зерек (те) сезімтал шопан қажет. Әрине, малды әр-
кім-ақ бағады. Өрісін (де), қонысын (да) білер. Бірақ
мына сияқты малдың түсі мен түгінен, үні мен жүрісінен
тұқым өзгешелігін ажырата білу деген әркімнің қолы-
нан келе бермейді,— деді. Ол осыны айтып, атына мінді.
Әбдіжанның қалтасы (мен) ой қалтарысында Нұрман
бейнесі ерекше орын алып суреттеліп бара жатты. (С. Б.)
6. — Жаңалық бар, жолдастар, қызыл майдан алға басу
(да), Оралдан бері асып, тез ілгерілеп келеді. Құлашын
кең жайып, ақтарды ысырып келеді. Ақтар ылғи жеңі-
ліп, бері қарай қашу (да), біз (де) қарап жата алмасақ
керек. 7. Ойбай, қарағым-ай, не шаруа сұрайсың. Бәрі-
міз (де) түгіміз жоқ, кедей шаруа емеспіз (бе)? Бәріміз

(де) 7-ақ бұзаулы сныр, 6-ақ жылқы, 13-ақ қой бар еді. Қазір байып алдық. (F. M.)

286-жаттығу. Оқып шығып, жалғаулықтардың қайсысы сөйлем мүшелерін, қайсысы сөйлемдерді байланыстырып тұрғанын ажыратып алындар.

1. Өленге әркімнің-ақ бар таласы, Сонда да солардың бар таңдамасы. (A.) 2. Теріскейден соққан желдің екіні әрі күшті, әрі суық. (C. M.) 3. Үнсіз-тілсіз бейнелер теңіздей терең ойлар мен сырларды қозғайды. (C. O.) 4. Теңіздің толқындары қасіретпен гүрілдеп жатты және теңіз бетінде құстың өлігі көрінбеді. (M. Г.) 5. Теңіз тасбақасы көбінесе суды мекендейді де, жұмыртқалайтын кезде ғана құрғаққа шығады. («Блм.») 6. Теңіз тасбақасы жұртқыш келеді, әрі олар балық, моллюскалар және балдырлармен қоректенеді. («Блм.») 7. Қайта қайтып, қайығы мен еспесін қылының тұсына әкеліп, аударып тастады да, атын үйіне апарып, қораға тыға салып, қайта жүгіріп қайыққа келді. 8. Сең сықырлап соғыса бастаған. Толқын да, ағыс та күшейген. 9. Шаршаған, қалжыраған адамдар әрі терең, әрі қатты, әрі ауыр ұйқыда. 10. Істегің келсе, не істемейсің. Тек істемесең ғана, еш нәрсе қызықтырмайды, не қинамайды, не қуандырмайды, не қайғыртпайды. (F. M.)

287-жаттығу. Жақшаны ашып, көшіріп жазындар. Көшіргенде шылаулардың емлесін ескеріндер. Шылаулардың қай шылау екенін айтындар.

1. Боз ат Қозыбақ аулына кете барса (да), жақындағы жылқылы ауылдың бәріне қосып қойған тағы бір аты бар (ды). Малының бары (да), ажарлысы (да) екі аты болатын. 2. Өз тасыңның ақысы екен, бермеймін десе (де), алып қалатын жөнің бар емес (пе)? 3. Ойлағаның шын сияқты: ат үстінен (ақ) айтып жатырсың. 4. — Иә, рас (ау), соның оты бар — деп, Байсал да қостады. 5. — Ал, енді адаспасты ойлайық. Бала, өзіңнің көңлің берік (пе)? Бетіңнен жаңылған жоқсың (ба) осы? (M. Ә.) 6. — Жаяу боран (ба)? Күпсек қарды жел ұйытқытып тұр (ма)? — деп сұрап еді. (M. Ә.) 7. Келесі операцияның кезегін саған беремін деп, энеугүні Иван Петрович Ермекке уәде берген (ді). Бұлар малды (да) кезектесіп бағады. (C. O.)

Одағай.

§ 98. Одағай және оның түрлері.

Одағайлар — адамның алуан түрлі көңіл күйін, сезімін білдіретін және жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер.

Одағай сөздер шаттану, ренжу, таңырқау, ұнату, шошыну тәрізді көңіл күйін білдіреді, бірақ олардың аты (атауы) болып саналмайды.

Одағайлардың мынандай түрлері бар:

1. Көңіл күйі одағайлары: *алақай, пай-пай, бәрекелді, ту, өй, әттең, қап, әттеген-ай* және т. б.

2. Шақыру немесе тыйым салу, жекіру немесе бұйыру мәнді одағайлар: *тәйт! тек! жә! шөре-шөре! құрау-құрау!* және т. б.

Одағайлар өздігінен сөйлем мүшесі бола алмайды.

Қосарланып айтылған одағайлар дефис арқылы жазылады. (*Пай-пай! Құрау-құрау!*)

Сөйлем ішінде одағайлардан кейін үтір қойылады да, сөйлем соңында леп белгісі қойылады. Мысалы: *Япырай, кешікті-ау!*

Одағайлар айрықша көтеріңкі дауыспен айтылғанда, олардан кейін леп белгісі қойылады. Мысалы: *Пай-пай! Күннің жаууы-ай!*

288-жаттығу. Оқып шығып, одағай сөздерді табыңдар. Олардың қандай мағынада айтылып тұрғанын түсіндіріңдер.

1. Генералдың келе жатқанын көрдім де: «Апыр-ау, бұған не деп рапорт берсем екен?» — деп ойланып қалдым. (М. F.) 2. — Ойпыр-ай! Өрт болмағай еді, — деген Әшімтай досының сөзін естігенде, Маралбектің тұла бойы дірілдеп қоя берді. 3. — Ойбай-ай, қойлар мен қосақандар өртенді-ау! — деді, Әшімтай сыртқы көйлегін жалма-жан шеше бастап. (С. О.) 4.— Алақай, мама! — Мен де Дауыл ағамдай суретші боламын! (Ә. С.) 5. Әттең, бүгін жаңбыр жаумағанда, саяхатқа шыққан болар едік! 6. Шырағым-ай, әншейін бір қиял да! 7. Тәйт, далаға әкет атыңды! (С. М.) 8. Төңіректі екеулеп қарай бастап, серкені шөре-шөре деп кезек шақырысады. («Жлд».)

БАРЛЫҚ ӨТКЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР.

289-жаттығу. Жаңылтпаштарды оқып шығып, сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың бір-бірімен қалай үндесіп тұрғанын айтып түсіндіріңдер.

ЖАҢЫЛТПАШТАР.

1. Жүз қырық үш қызғыш құсқа
Жүз қырық үш қызғыш құс қосса,
Қанша жүз қырық үш қызғыш құс болады?
2. Күрішші егуге кірісті күрішті,
Күрішті себуге кірісті күрішші.
3. Рысхан, Рысжан туысқан,
Рысжан Рысханға ұрысқан.
Рысхан Рысжанмен ұғысқан.
4. Балдыр-балдыр бүлдіршін,
Бұл — бір билгір бүлдіршін.
Билгір бұл — бір бүлдіршін:
Билгірлігін билдірсін.
5. Қайыптың аяғы қайықтан тайып па,
Сол да Қайыпқа айып па?
6. Науа қайда, қауға қайда,
Қауға қайда, науа қайда?
Су бермесек, төлдер шөлдер,
Төлдер шөлдер, шөлдер төлдер.

290-жаттығу. Жұмбақтарды көшіріп, жуан қосымшалы сөздердің астын бір, жіңішке қосымшалы сөздердің астын екі сызындар. Қосымшалардың жуан, жіңішке жалғану себебін түсіндіріңдер. Жұмбақтардың шешуін табындар.

ЖҰМБАҚТАР.

- | | |
|---|--|
| 1. Суға батпайды,
Отқа жанбайды. | 7. Көреді бәрін өзгенін,
Көрмейді бірақ өздерін. |
| 2. Есіктен кірді,
Төрге қарай жүрді. | 8. Екі рет туады,
Бір-ақ рет өледі. |
| 3. Сақалы бар,
Санасы жоқ. | 9. Қыста ұйықтап жатады,
Жазда қызыққа бағады. |
| 4. Жалт-жұлт етер,
Жалмап кетер. | 10. Тісі көп,
Аузы жоқ. |
| 5. Күні-түні жүргенмен,
Кете алмайды бір жерден. | 11. Түрі шар сияқты,
Түсі қан сияқты,
Дәмі бал сияқты. |
| 6. Қанат қағып талмайды,
Бірақ ұша алмайды. | |

Ш е ш у і: суық, от, шие, балық, көз, ара темір, аю, ешкі, сағат, мұз, құс.

291-жаттығу. Төмендегі сөздерге қосымшалар жалғап, олардың жалғану ерекшелігіне назар аударындар.

Станок, округ, парк, банк, киоск, педагог, цех, ток, тарих, сентябрь, ноябрь, январь, роль, руль.

292-жаттығу. Көп нүктенің орнына көрсетілген жалғаулардың фонетикалық (дыбыстық) түрлерінің тиістісін қойып көшіріндер. Бір жалғаудың түрліше жалғану себебін түсіндіріңдер.

1) **-ның** (-нің, -дың, -дің, -тың, -тің): қала... халқы, ешкі... мүйізі, қаз... майы, жұмыс... аяғында, теңіз... беті, завод... директоры, ат... желісі, тиін... терісі,

2) **-ға** (-ге, -қа, -ке): машина... міну, көл... жақын, қуаныш... бөлену, штаб... беру, шелек... құю.

3) **-нан** (-нен, -дан, -ден, -тан, -тен): қамысы... жасалған, кино... келу, теңіз... терең, мектеп... қайту, көпір... өту, түн... бері, қой... жуас, қырман... әрі.

293-жаттығу. Біріккен сөздер мен сөз тіркесі сыңарларының аралығында көршілес дыбыстардың айтылуда қалай өзгеретінін және үндесетінін түсіндіріңдер.

Өнеркәсіп, әлдекім, Жүнісбек, Сәтбай, қой қора, айттып бол, көзқарас, таң қалу, жазып бер, отыра қал, бота көз, қара қой.

294-жаттығу. Төмендегі сөздердің түбірі мен қосымшаларының аралығындағы көршілес дыбыстардың айтылуда өзгеруін, өз ара қалай үндесетіндігін түсіндіріңдер.

Жанбау, сөнбеу, сәнқой, түнгі, сөзшен, теңізші, тұзсыз, басшылық, құсша (құсша ұшу), ұшқышсыз, бұрынғы, сөзсіз, азшылық.

295-жаттығу. Төмендегі сөздер мен сөздердің тіркесінің айтылуын тұсына жазып көрсетіндер. Олардың жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықты және оның себебін түсіндіріңдер.

Сәрсенбай, Орынбек, күз сайып, бос шелек, тұз салу, он бір, жұлдыз, күндіз, күнбе-күн, көп ел, ақ аю, қара ат, екі ешкі, көше арасы көзбе-көз, торы қасқа ат, көк егін, тас жол.

296-жаттығу. Оқып шығып, келтірілген сөйлемдерде *бой, бөлек, дәм* деген сөздер қандай мағыналарды білдіретінін ажыратып айтыңдар.

Бой. 1. Алатау, бойын аппақ меруерт басқан. (Ж.)

2. Қаруымды алып ішім тұр Қара теңіз бойында. (С. Мәу.)

Бөлек. 1. Сиырлар бір бөлек тұр. (А. Т.) 2. Бұл үйдің сипаты қысқы үйден бөлек: төбесі ақ брезент, қабырғасы шырмауық. (Ғ. Мұст.) 3. Бөлек жайылатын мініс аттары шұбап, өзенге құлап келеді. (Ғ. М.)

Дәм. 1. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не қатты, не дәмдінің қайсысынап ләззат алар едік. (А.) 2. Алыңыз, алыңыз, ата! Бұл сізге әкелген дәміміз, — деді Есей. (Ә. Н.)

297-жаттығу. Төмендегі синонимдерді қатыстырып, сөйлем құраңдар.

1) Жарық, нұр, сәуле; 2) барлық, барша, күллі, бүкіл, тамам, бәрі; 3) тез, жылдам, сәтте, лезде, шапшаң.

298-жаттығу. Оқып шығып, терминдерді тізімдеп көшіріңдер. Терминдер дегеніміз қандай сөздер екенін айтыңдар.

I. Ракета — масса бөліп шығарудан туатын реактивтік күш әсерінен ұшатын аппарат.

Ұшырғыш-ракета — космосқа пайдалы жүк, спутниктер мен космос корабльдерін алып ұшатын көп сатылы баллистикалық ракета.

II. Теория жүзінде электр желісін антенна ретінде пайдалану мүмкіндігі бар болғанмен, онымен пайдалану өмірге қауіпті. Өйткені электр желісінде адам өміріне қауіпті электр тогы бар. Сондықтан жоғары көтерілген өткізгіш сымнан антенна жасаңыз.

III. Аргонның негізгі мекені — атмосфера. Бір текше метр ауада шамамен 300 миллиметр аргон кездеседі. Өнеркәсіпте аргон ауаны салқындату арқылы алынады.

Кейбір заттар ауа, ылғал т. б. әсерінен тотықтанып немесе химиялық реакцияға түсіп, өз қасиетін өзгертеді. Мұндай да аргон — таптырмайтын тосқауыл. Мәселен, магний ауадағы оттегінде жанады. Оны балқыту үшін аргон газы қолданылады. Ол түнде жанатын түрлі түсті шамдар жасау үшін қажет. Ал әр үйдегі электр шамдарының ішінде 15 процент аргон бар.

IV. Галлий — ақ түсті, күмісше жылтырауық металл. Оның физикалық, химиялық қасиеті алюминийге ұқсас. Балқу температурасы — 29,8 градус. Ол өте жоғарғы жылуды өлшейтін термометрлерде пайдаланылады. Одан айна жасалынады. Ондай айналар 500—600 градустық ыстыққа шыдайды. Галлий алтынмен араласып, жылтырауық, өте құнды құйма түзеді. Бұл құймалар зергерлік, әшекейлік бұйымдар жасау үшін қажет.

(«Білім және еңбек» журналынан.)

299-жаттығу. Оқып шығып, тұрақты сөз тіркестерін көшіріп жазыңдар. Олардың қандай мағынаны білдіретінін айтыңдар.

1. Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар, Көңілді көтеретін қуаныш бар. (А.) 2. Жұпар көшені басына көтере саңқылдай сөйлеп келеді. 3. Бала кірпік қақпай, көрер таңды көзбен атқызды. (М. И.) 4. Қазіргі көрініс айна қатесіз дәл соған ұқсайды. (Б. С.) 5. Бейтаныс адам Мақанның айтқанына айылын да жимады. (М. И.) 6. Мен саған ағымнан жарылып, бар шынымды айтып отырсам, сынағың келе ме, — деп ол кейіп қалды. 7. Құлбарша Ділдаға ала көзімен қарап, атып жібергендей болып отырды. (С. М.) 8. Оның қазіргі халі арқамызға аяздай батады. (М. И.) 9. Маша ашулана, қаһарын төге, оны оқты көзімен бір атты да, есікке қарай жүрді. (Ә. Н.) 10. Көз байлана сып етіп шал да келді, Әзім де есік ашты, дайын еді. (А.) 11. Абайдың іші мұздай суып, зығыры қайпап шықты. (М. Ә.)

300-жаттығу. Әңгімені көшіріп, тәуелдік жалғаулы сөздердің астын сызыңдар. Тәуелдеулі сөздің қай сөз табы, тәуелдіктің қай жағында екенін айтыңдар.

АНА.

...Ананың тілі, ананың махаббаты, ананың тілегі — тіл жетпес бір жатқан теңіз емес пе? Па, шіркін, ананың айналып-толғағаны кімнің есінен кетеді!

Шырылдап жерге түскеннен-ақ, сенің ең бір жақының, ең бір досың, ең бір ұстазың бар. Ол — ана. Қара жерді баспай жатып, есінді білмей жатып, тырмысып бауырына жабысатының, шырылдап уанбай жылап сенің іздейтінің — ана. Сен жан болып дүниеге келдің. Се-

нің іздейтінің — бір-ақ жан. Ол — ана. Ол саған бәрінен қымбат. Сен үшін ол жалпақ дүниеден де үлкен. Сондықтан да сен бір-ақ жанды білесің. Ол — ана!

Міне, анаға деген махаббат сенің құндақта жатқан күнінен-ақ басталады. Ананың жолы басқа. Ана деген сөздің өзі ыстық. Ана десе, толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуға мүмкін емес!

Мен білетін қазақ әйелі, қазақпын дейтін қара көз, қара баланың анасы, сенің жүрегің нәзік, сенің махаббатың балаға тіл жеткісіз биік. (Б. Бұлқышев.)

301-жаттығу. (тапсырма) 300-жаттығуда берілген әңгімені қайталап оқып шығып, «Ана» дейтін тақырыпта өздерің әңгіме жазыңдар.

302-жаттығу. Өлеңді оқып шығып, тәуелдік жалғаулы сөздерді атаңдар. Олардың қай сөздермен байланысты екенін айтыңдар.

БАЛАЛАРҒА.

Балалар, аманбысың, шырақтарым,
Майысып көлге біткен құрақтарым.
Жүрмесем есендесіп тұра алмаймын,
Ішінен асып кетсе бір аптаның.

Қонаққа келді, міне, Жамбыл атан,
Сан жылдар жүк көтерген бүкір жотам,
Қарт бабаң дәуіріне мейірі қанған,
Қуанып жастығына сендей ботам.

Білемін өмірлерің тұрған жайнап,
Күндіз, түн жастық үшін жарық сайлап.
Ай, жұлдыз, күннің көзі, жел менен су —
Бәрі де сендердікі әлемге айғақ.

(Жамбыл.)

303-жаттығу. Білек, құлып, тұнық, қалып, бөрік, серік деген сөздерді тәуелдендер де, оларды қатыстырып сөйлем құраңдар. Аталған сөздерге тәуелдік жалғауын жалғағанда, олардың дыбыстық қандай өзгеріске ұшырағанын айтып беріңдер.

304-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып, көшіріңдер. Өлеңді жаттап алыңдар.

СЕПТЕУ.

А т а у.

Барлығыңа үлгі болар, қарақтар,
Байсалды да, ақылды да Марат бар.

І л і к.

Жеке басым, ең алдымен, Марат...
Жасы үлкенді сыйлағанын жараттым.

Б а р ы с.

Сенбейсің бе, күнделікті парақта:
Талай «бестік» қойылыпты Марат...

Т а б ы с.

Батыл емес дей алмайсың Марат...
Сол үйретті колхоздағы бар атты.

Ж а т ы с.

Алғысыз күн болған емес Марат...
Жетеді, онда ынта, жігер, талап та.

Ш ы ғ ы с.

Қай өнер де табылады Марат...
Ән салғанда жұртты аузына қаратқан...

К ө м е к т е с.

Міне, осындай жақсы бала Марат...
Дос бола алмай жүргендер де бар, әттен.

(К. Мырзалиев.)

305-жаттығу. Төмендегі шағын аңыздарды оқып шығып, септік жалғаулы сөздерді атаңдар да, ол сөздердің қай септікте тұрғанын айтыңдар. Қара әріппен жазылған сөз бен сөз тіркесінің бір-бірінен мағынасын ажыратыңдар.

I. ҚОЖА МЕН ТАСБАҚА.

Қожанасыр жер жыртын жүріп, бір тасбақа тауып алады. Оны жіппен шандып, белбеуіне байлай салады. Тасбақа дамыл таппай, қозғала береді.

Сонда Қожа тұрып:

— Несіне тыпырлай бересің. Жер жыртуды үйренген өзіңе пайда емес пе? — депті оған.

II. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ҚАҚ САТУЫ.

Қожанасыр бір жылы қауын егіп, қап-қап қылып қақ кептіреді. Оны базарға шығарып сатпақшы болады.

Сөйтіп, бір қабын арқалап, қолына ақ таяқты алып, базардың ортасына келіп:

— **Қақ сатам, қақ сатам,**— деп жар салып тұрғанын көрген халық:

— Мына бәле таяқпен ұрып, «қақсатам» деп тұр ғой. Басымыз аманында қашып құтылайық,— десіп үйді-үйіне тарап кетіпті.

306-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын қойып, жаттығуды көшіріңдер.

ҚҰСТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЕМДЕУІ.

Француздың атақты аңшысы, әрі натуралисі М. Виктор Фатио таукүдіреттер... тіршілігіндегі мына бір жапа жағдай... әңгіме етеді. Таукүдіреттер сынған жері... өзі байлап, өз жарасы... таңып алатын көрінеді. Жарасының беті... пластырь да тартады екен. Өзі атып алған таукүдіреттің ескі жарасы... жабыстырылған пластырьдың орнындағы қауырсын... Фотио сан рет көргенін жазады. Сондай-ақ сынған сүйегі... өзі әдемілеп таңып алған таукүдіреттерді де көп кездестірген көрінеді.

Бір күні Фатио бір таукүдіретті алады да, аяғы... жаралайды, бірақ құс қашып, құтылып кетеді. Аңшы келесі күні жарақаттанған таукүдіретті өліп жатқан жері... тауып алыпты. Байқаса, кешегі сынған аяғы... әдемілеп тұрып таңып қойыпты. Тегінде аяғын тұмсығы... таңып, ол көп әуреленсе керек; оның көмейі... бірнеше қауырсын жүні кіріп, өңеші... бітепті де, байқұс құс көмейіне тығылған жүні... шығара алмай, ақыры өліпті.

(«Қызықты зоология» кітабынан.)

307-жаттығу. Өлеңдерді оқып шығып, жіктік және тәуелдік жалғаулы сөздерді атаңдар. Ол жалғаулардың қай сөз табына жалғанғанын ажыратып айтыңдар.

ДОСТЫҚ ГИМНІ.

О, Россия, жарық Күн — сен,
Мұхиттан да алыпсың сен,
Аспаннан да биіксің сен,
Ленин жазған тарихсың сен.
Сонау, сонау ғасырлардан
Құшағына ап асыл арман,

Астық бірге асулардан
Орыс, қазақ, латыш, армян...
Бұтағымыз бір еменнің,
Ұйқасымыз бір өлеңнің.
Шырайланып таң атады,
Шапағын мол таратады.

Таудай қызыл алаулайды,
 Соны көңіл жаратады.
 Нұрға бірге ораламыз,
 Таңмен бірге оянамыз,
 Заңғар таудан бой аламыз,
 Ормандардан ой аламыз,
 Бұтағымыз бір еменнің,
 Ұйқасымыз бір өлеңнің.
 О, Россия, саясың сен,

Құшағыңды жаясын кен.
 Жер шарына жар саламыз:
 Біз — ініміз, ағасың — сен!
 Достық — құрыш тірегіміз.
 Соқса бірге жүрегіміз,
 Тілесек, бір тілегіміз,
 Сүйсек, бірге сүйеміз біз.
 Бұтағымыз бір еменнің,
 Ұйқасымыз бір өлеңнің.

(Е. Әукебаев.)

АПРЕЛЬ.

Төбесі көкте батыр ел,
 Төрінде — ұлы Апрель.
 Жүз жасап әркім жатыр дер,
 Әр үйде — мейрам, Апрель.
 Апрель десең, ай десең.
 Алдыңа келер ай көсем.
 Гүл көктем десең, күн десең,
 Көңілде тұрар күн көсем.
 Тіршілік десең, жан десең.
 Түседі еске жан көсем.
 Таң шолпан десең, таң десең.

Тағы да жыры — таң көсем.
 Бостандық, бақыт десең де,
 Айтасын алғыс көсемге.
 Космосқа ұшқан қыран да,
 Өліпте тұтқан ұлан да,
 Қадірлі ата-ана да
 Қарыздар Ленин данаға.
 Ленин — нұрлы бақ дәуір,
 Ленин — Ұлы Октябрь.
 Аты да Ленин заманның,
 Заты да Ленин жаңа әннің.

(Ж. Молдағалиев.)

308-жаттығу. Жұмбақтарды оқып, жіктік жалғаулы сөздерді атаңдар, ол сөздердің жіктіктің қай жағында екенін айтыңдар. Жұмбақтардың шешуін (олардың шешуі төменде орындары ауыстырылып көрсетілген) табыңдар.

ЖҰМБАҚТАР.

1. Жүруден бір талмаймын,
 Күн мен түннен қалмаймын.
2. Аузы жоқ, — ысқырады,
 Өз-өзінен ышқынады.
 Қанаты жоқ, — ұшады,
 Бәрімізді құшады.
3. Әншейінде жекесің,
 Қарай қалсаң, — екеусің.
4. Ән салады чемодан,
 Ішінде жүр көп адам.
 Естімейді сөзіңді,
 Сөйлесең де сен оған.
5. Бір елеуіш тарым бар,
 Көтере алсаң, бәрін ал.
6. Алма дерсін
 Түсіне қарап.
 Жүгері дерсін
 Ішіне қарап.
 Татсаң, тәтті. —
 Бал шәрбатты.
7. Кім үйреткен соғуды,
 Тоқылдайды дыбысы,
 Көршісіне өмірі
 Ұнамайды мұнысы.
 Ол келсе-ақ болғаны,
 Өледі құрт топырлап,
 Дәрігері орманның,
 Бұл қандай құс?

Шешуі: телевизор, боран, айна, тоқылдақ, сағат, анар, құмырсқаның илеуі.

309-жаттығу. Ертегіні көшіріп, сөздерге қосылған жіктік жалғауын дефис арқылы жазындар да, қай жақтық жалғау екенін ажыратындар.

ҚЫРАН МЕН ҚҰЗҒЫН.

(Қалмақ ертегісі.)

Бүркіт бір күні қара қарғаға кезігіп:

— Қарғам, екеуіміздің де тегіміз — құс. Бірақ сендер жуассындар, не болса соны жеп, 300 жылға дейін жасайсындар. Ал біз болсақ, 30 жастан әрең асып барып құримыз. Бұл қалай? — деп сұрапты. Сонда қарға:

— Сендер ылғи жемтікті тірідей жеп, қанын ішесіңдер. Біз болсақ, тек өлімтіктермен ғана қоректенеміз, — депті.

Содан екеуі ұшып келе жатып, айдалада өлген жылқының өлексесін көздері шалыпты. Іздеген жемі аяқ астынан табылған қарға өлімтікті құшырлана шұқи бастапты. «Ұзақ өмір сүруге себепші болар ма екен» деген оймен бүркіт те дәм татуға кірісіпті. Бірақ ол:

— «Құрысын, иістеніп кетіпті, өте дәмсіз екен. Жүрегім айныды. Бұлай 300 жыл жасағанша, ата-баба салтынан айнымай, 30 жыл-ақ өмір сүргенім артық екен», — деп ұша жөнеліпті.

310-жаттығу. Өлеңді оқып, жалғаулы сөздерді атаңдар. Ол сөздердің қай сөз табы және қай жалғауда (септік, тәуелдік, жіктік) екенін айтындар.

КЕЗЕКШІМІЗ БӘРІМІЗ.

Бір бөлмеде нешеуіміз?
Бір бөлмеде бесеуіміз.
Бесеуіміздің бәріміз, —
«Кезекші кім?» десеңіз.

Шындығы — сол, наныңыз,
Кезекшіміз бәріміз.
Өзіне күтім іздейтін
Жоқ қой біздің кәріміз.

Жып-жинақы төсек те,
Оны дағы есепте.
Айна дерсің әйнекті,
Кіріп келген мезетте,

Бәрін дағы көр, әне, —
Кітаптар тұр сөреде.
Тазалыққа бекеміз,
Осылай біздің өнеге.

Ал тәртіпті... тәртіпті
Үш үлкенге артыпты.
Олар да бізге тым қатал,
Вожатыйға тартыпты.

Құр ұй жинап қоймаймыз,
Біз де тәуір ойнаймыз.
Ойнап жүріп біз бірақ,
Үш үлкенді ойлаймыз.

Уәдемiздi бергесiн,
Соларға сөз келмесiн.
Бiз үшiн тек үлкендер
Босқа уақыт бөлмесiн:...

Сөйтiп, достым, наныңыз,
Кезекшiмiз бәрiмiз.
Тазалық, тәртiп осындай,
Жаман емес халiмiз.

(К. Ыдырысов.)

311-жаттығу. Оқып шығып, сын есімдердің жалаң түрі мен күрделі түрін және шырай түрлерін ажыратыңдар.

I. Елегізер жел де жоқ, елең етер үн де жоқ, айналаң — қапа, тым-тырыс, тыныштық. Желді күнгі толқындай жүйткіп, дамылсыз құлпырған көк ала сағым ғана ойнайды. Жердің жарығы мен көде түптерінде бұғып отырып, қызыл сирақтары сырт-сырт етіп, қоңыр шегірткелер ғана ысқырып ән салады. Әр жерде қазықтай қалған бірен-саран, семіз кара сұр сиырлар көрінеді. (F. M.)

II. 1. Мұз меруерт тасы сықылды көкпенбек, мөп-мөлдір екен. Суыққа шатынап жарылған жерлерінен қарағанда ғана, қалыңдығы білінеді, әйтпесе, үстінен жүргенде, жұп-жұқа, ойылып кететін тәрізді. 2. Ол қазір кең жауырынды, шалқақ төсті, сом денелі, түбіттеніп қалған қара мұртты жігіт бопты. (С. М.) 3. Орта бойлы, бурыл шашты, кара торы әйел біреулерге сөйлеп тұр. (Ә. Ш.)

312-жаттығу. Сан есімдердің емле ережелерін ескеріп, сөйлемдердегі сан есімдерді цифрлармен жазыңдар.

1. Байқал — дүние жүзіндегі ең терең көл. Ал жер шарында ол өзіне келіп құятын өзендердің көптігі жағынан да бірінші орын алады. Оған бес жүз қырық төрт өзен құяды. Олардың үш жүз жиырма төрті көлдің шығыс жағынан, екі жүз жиырма батысынан келіп құяды.

2. Қылқанды тоғайлардағы ең кішкентай торғайлардың өзі жылына сегіз миллионнан он миллионға дейін шыбын-шіркей мен құрт-құмырсқаны жояды екен.

3. Қазақстанда отыз бес мыңға жуық көл бар екен. Бұл — Совет Одағындағы әрбір оныншы көл Қазақстанның жерінде деген сөз. Осы көлдердің ски мың екі жүзінің суы шаруашылыққа пайдаланылады. Алайда бұл көлдердің көпшілігінің (оннан тоғыз бөлігі) көлемі шағын, бір шаршы километрден аспайды. («Жыл он екі ай» календары.)

313-жаттығу. Оқып шығып, есімдіктерді атаңдар және олардың қай сөздердің орнына қолданылып тұрғанын айтыңдар.

ЕКІ ҚАБАТТАН ТҰРАТЫН КӨЛ.

Норвегияда Мо Фьорд деп аталатын көл екі қабаттан тұрады. Мұның жоғарғы қабаты төменгісінен ашы. Таң қаларлық бір жай көл суы қатты толқынның өзінде бір-бірімен араласа қоймайды. Сондай-ақ Баренцев теңізінің Кильден аралында Могильный деп аталатын көл бес қабаттан тұрады.

Бірінші қабат — көл түбі. Ол жабысқақ шөппен қапталып жатады. Мұнда ешбір тіршілік жоқ. Мұндағы күкіртті сутегі барлық тіршілікті құртқан. Тіршілік алқызыл бактериясы бар екінші қабатта. Олардың көптігі сондай, бұл қабаттағы су да қызғылт түске боялған тәрізді болып көрінеді.

Көлдің үшінші қабаты теңіздің тұщы суына толы. Бірақ осыған тұщы судың қайдан келетіні — әлі жұмбақ. Өйткені мұнда теңізбен тікелей су келетіндей ешбір байланыс жоқ.

Көлдің төртінші қабаты тұщы болғанмен, теңізде өмір сүретіндер үшін жағдайсыз.

Ал жоғарғы қабаты кәдімгі шетін ауыз суынан тұрады. Мұнда су балдыры мен балықтар көп.

(«Білім және еңбек» журналынан.)

314-жаттығу. Оқып шығып, етістіктің көсемше түрлерінің қайсысы негізгі қимыл-әрекетті білдіретінін, қайсысы оны айқындап, қосымша қимыл-амалды білдіретінін ажыратып айтыңдар.

ЕКІ БАЛУАН.

Бұланбай мен Сүгірәлі бірін-бірі таныған жерден-ақ қарсы ұмтылып еді, алғашқы сілтескенде-ақ, сойылдары шарт-шұрт сынып қалды. Ағып өтісіп, қайтадан қарсы келісіп қалғанда, ырғай сапты бұзау тістер екеуінің арқасында да сарт-сұрт етті. Біресе оң жақтарынан, біресе сол жақтарынан қарсы келіп қалып, қамшыны қайқая беріп сілтеседі. Ағып өтіп, қайта бұрылып келіп қарсы айқасады, тайынбай, жасқанбай айқасады. Көздері қып-қызыл....

Тағы бір оралғанда, Сүгірәлі қамшысын көлденең тістеп алып, оң қолын бос алған екен. Бұл — ат үстінен

аударысудың белгісі еді. Бұланбай мұнысынан да тайынған жоқ. Енді темірдей келіп жармасқан екі қол жағадан алысқанда, қатты екпінмен келе жатқан аттар да тұрып қалды. Аттар қайқаңдап, тізелерін бүгіп, ағаш ерлер сықырлайды. Шекеге шеке тиіп, құлақтар жұлынып бара жатқандай. Тебініп қалғанда, аттары әрең деп ілгері бір ұмтылады да, тас тиелген арбаны жарға шығара алмай жатқандай, тәлтіректеп кейін шегінеді.

Манадан екі балуанның қолдары бос жүрген кезінде ешкім бұлардың маңайына жақындауға бата алмап еді. Босқа қақтығып қалармыз деп қорыққан. Енді екі балуан айқасып өскен шор ағаштай болып, бірін-бірі ала алмай, бірінен-бірі айырыла да алмай, қайнасып қалған шойындай болып сіресіп қалған кезінде Жұман жағынан жиырма шақты салт лап берді. (F. Мүсірепов.)

315-жаттығы. Оқып шығып, есімшелерді және олардың түрлерін ажыратыңдар.

I. Сабақ аяқталған кезде келген кісі оқытушыға өз жөнінен түсіндіріп, Сәтжанмен танысқысы келетінін айтты. Жас өспірім баланың ұялшақ, әдепті болатын мінезін жақсы білетін Петр оны жасқандырмай, алдымен Сәтжанның Алматыдағы Тау-кен зерттеу институтына жазған қағазын көрсетті. Өзінің жазған қағазын көргенде, Сәтжан әлденеден қысылғандай қызарып кетті. Әлдебір нәрсені қателесіп, теріс жаздым ба деп те ойлады. Бірақ кіші пейіл Петр жылы ұшыраған пішінмен Сәтжанға:

— Сенің мына жазған қағазыңа және тастың түріне қарағанда, «Таңбалы тас» қарастыруды керек ететін жер тәрізді,— деді. (С. Б.)

II. Бұларға сенерін де, сенбесін де білмеген Жамал біресе Маяға қарап, біресе алдында тұрған қыз беп шалға қарап, мұңайып тұр. Жыларын да, күлерін де білмейді. Бір ой осыларға ер десе, бір ой, жоқ, тоқта, байқа, алдында тұрғандардың кім екенін, қандай оймен келгенін білесің бе, деп қабаттаса береді. (Ә. Ш.)

III. Құсын қолына алғанда, Сәтжан алуан қиялмен шалқып, алдырмайтын аңы аз болады. «Әттең, бұл жақта қарақұйрық жоқ. Әйтпесе, соған салып үйретсем, мынау деген киік алатын көпек қараның өзі» деп, атасының айтқанын есінен шығармайды. Ішінен ителгісін ең қыран деп сенеді. (С. Б.)

316-жаттығу. Көшіріп, негізгі етістіктің астын бір, көмекші етістіктің астын екі сызындар.

СЕҢНІҢ ЖҰРУІ.

Су сықылдап күлді... Әлі жел... Әлі гуілдеп ұлып тұр... Ішіп тартып азынайды... Ұлиды. Қара тұман қайғы айтады... Тебін торып, торыққан аш қасқырдай ұлиды. Манағыдан да күшейіп алған... Жер-көкті шайқап тұрғандай. Мұз да манағыдай емес, әбден қопарылып кеткен. Сең сықырлап соғыса бастаған. Толқын да, ағыста күшейген... Сендер соғысып, бірін-бірі күл-талқан қылып жатыр. Бірінің үстіне бірі шығып кетеді. Қайыққа келіп те соқтығады. Қайықты теуіп те жібереді. Қайық орғып анадай кетеді. Былай түзелген бет екінші жаққа да айналып қалады. Басың айналып, естен танарлық. Түн қап-қара, иіе көзіндей ағараң жоқ. Жер-көк жылжып, тұтас бір жаққа көшіп бара жатқандай... Оң жақ, сол жақ деген қалып, қай жағы екенін адам айыра алмастай, әлем-таңырық. Асты-үстіне келіп, қопарылып қалған дүние секілденеді... Сенмен бірге өздері қалай ағып бара жатқандары да білінбейді. Қазір еш нәрсе айырып аларлық емес. Алға қарай да, артқа қарай да жылжып кетеді. Сабалаған қарлы жаңбыр бетке ұрады. Сең бүйірден де соғып кетеді. Артқа қарай да теуіп жібереді. Сең сықырлап сынады. Кейде кептеліп тұра қалғандай болады. (F. Мүсірепов.)

317-жаттығу. Оқып шығып, етістіктердің дара және күрделі түрлерін ажыратындар.

ТЮЛЕНЬ.

Қалыңдығы 3 метр мұздың астынан тюлень сыртқа қалай ойып шығады екен деген мәселе әркімді ойландырады. Бір топ зерттеушілер тюленьнің осы сырын іздестіріп тапты. Күзде су қата бастаған кезден бастап, тюлень ойық жасайтын жерді таңдап алады екен де, оны өзінің тұмсығымен бұрғылай береді екен. Оның үстіне демімен және депесінің қызуымен ойықты қатырмайды екен. Ойық әбден дайын болған соң, оған тюлень әлсін-әлсін келіп, жөндеп тұрады екен. Әр тюленьнің осындай бірнеше ойығы болатын көрінеді. («*Фалам ғажаптары*» кітабынан.)

КАЛЬМАР.

1778 жылы екі балықшы және 12 жасар Том Пикет үшеуі Нью-Фаундленд жағалауында май шабақ аулап жүреді. Олар теңіз бетінде қалқып жүрген бір керемет дәу нәрсені көреді де, «қираған кемеңің сынығы болар» деп, әлгіге таянып келіп, шанышқы лақтырады. Сол кезде әлгі заттан андыздаған «бұтақтар» көтеріледі де, қайыққа бас салады. Балықшыларда үрей қалмайды. Бірақ бала үрейленбейді, ол қайықтың ернеуіне жабысып, су түбіне тартып бара жатқан саусақтарды балтамен шауып-шауып жібереді. Саусағы қайықта қалған керемет суға шөгіп кетеді. Сөйтсе, ол алып кальмар екен. («Қызықты зоология» кітабынан.)

318-жаттығу. Оқып шығып, етістіктерге жалғанған *-ды, -ді, -ты, -ті* қосымшаларының қайсысы жедел өткен шақтың жұрнағы, қайсысы жіктік жалғауы екенін айқындандар. Жаттығудың екінші бөліміндегі сөздерді сөз табына ажыратындар.

І. БАЛЫҚШЫ СЫРЫ.

— Сіз теңізді кездіңіз, өзенде жүздіңіз, көлдерде болдыңыз. Сонда тымық күндері балықтардың ашық айдында шоршып ойнағанын, су бетіне секіріп шығып, қайта сүнгігенін көрдіңіз бе?

— Көрген едім.

— Оны неліктен деп ойлайсың?

— Әшейін шығар.

— Қателесесіз. Секіріп ойнаған — шолғыншы балықтар. Олар «қарауыл» қарап, өздерінің үйірлестеріне қауіп-қатердің хабарын жеткізеді. Тыныштықты сезсе, үдере көшеді, жамырай жайылады. Жайсыздықты сезсе, жасырынып қалады, бас сауғалайды.

— Кеше теңіз беті тыныш еді. Балықтар үйір-үйірімен жосылып жүрді. Бірақ ауға оралмады. Бүгін жел тұрды да, су лайланды. Балықшылар олжаға кенеліп қалды. Сыралғыға да сарандық ететін емес. Мұны неліктен деп ойлаймыз?

Мен бас шайқаймын.

— Теңіз жануары қырағы келеді. Мөлдір суға құрылған тұзақты алыстан көріп, орағыта қашады. Су ылайлы болса, аңдамай келіп, топ-тобымен түсіп жатады.

Осыған орай сұрақ қоюға тура келді.

— «Жел оңынан тұрды», «солынан тұрды» дегеннің мәнісі қалай...

— Жел теңізден соқса,— оңынан тұрғаны. Балық жағаға өрлейді. Жел жиектен соқса,— солынан тұрғаны. Балық тереңге тартады.

Балықшы сыры сарқылар емес, теңіздей терең. Бізді ұшанға алып шыққан да, алыс жиектерге жол тартқызған да оның сиқырлы, сырлы тәжірибелері еді. («Социалистік Қазақстан» газеті.)

II. АСЫЛ ШӨП.

Злиха мен Бәтима деген біреудің қызметінде тұрған екі қыз бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға келе жатыпты-мыс. Злиха аһлап-уһлеп, шаршадым деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Злиха айтты:

— Сен неге мәз болып қуанып келесің? Төбендегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессің.

— Мен жәшігім ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым,— деді Бәтима.

— Ай, ондай болса, шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырымды жеңілтейін,— деді Злиха.

— Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, ағы — «сабыр» деген,— деді Бәтима. (Ы. Алтынсарин.)

ФОНЕТИКА.

Фонетикадан IV класта өткенді қайталау. 3
 Үндестік заңы 10

§ 1. Үндестік заңы туралы түсінік —
 § 2. Буын үндестігі —
 § 3. Дыбыс үндестігі 13
 § 4. Ілгерінді ықпал 14
 § 5. Кейінді ықпал 16
 § 6. Көршілес екі дауыстының біреуінің айтылуда түсірілуі 19
 § 7. Екпін 20
 § 8. Орфоэпия мен орфография туралы түсінік 21

Фонетикадан өткенді қайталау үшін жаттығулар 25

ЛЕКСИКА.

Лексикадан IV класта өткенді қайталау. 28
 § 9. Қазақ тілінің сөз байлығы туралы түсінік 30
 § 10. Басқа тілдерден енген сөздер. —
 § 11. Көнерген сөздер мен неологизмдер 32
 § 12. Жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдер 34
 § 13. Диалект сөздер мен кәсіби сөздер туралы ұғым 36
 § 14. Тұрақты сөз тіркестері —
 § 15. Мақал мен мәтелдер Сөздіктер және олардың түрлері 41
 § 16. Сөздіктер туралы жалпы мағлұмат —
 § 17. Орфографиялық сөздік —
 § 18. Түсіндірме сөздік 43
 § 19. Аударма сөздік 45

Лексикадан өткенді қайталау үшін жаттығулар 47

МОРФОЛОГИЯ.

Сөз құрамы мен сөздің жасалуы 50
 Сөз құрамынан IV класта өткенді қайталау үшін жаттығулар —
 § 20. Жалаң сөз бен күрделі сөз 54
 Күрделі сөздердің түрлері 56
 § 21. Біріккен сөздер және олардың емдесі —
 § 22. Құрама сөздер 58
 § 23. Қос сөздер және олардың түрлері 59
 § 24. Қысқарған сөздер және олардың емдесі 61
 Сөз құрамы мен сөздің жасалуын қайталау үшін жаттығулар 62
Сөз таптары. 66
 Зат есім —
 Зат есімнен IV класта өткенді қайталау —
 § 25. Зат есімнің жекеше және көпше түрлері (көптік жалғау) 68
 § 26. Зат есімнің тәуелденуі және тәуелдік жалғаулары 70
 Зат есімнің септелуі және септік жалғаулары 74
 § 27. Септеу мен септік жалғаулары туралы түсінік —
 § 28. Атау септік 75
 § 29. Ілік септік 76
 § 30. Барыс септік 78
 § 31. Табыс септік 81
 § 32. Жатыс септік 85
 § 33. Шығыс септік 87
 § 34. Көмектес септік 89
 § 35. Жай септеу мен тәуелді септеу 91

§ 36. Кейбір зат есімнің жіктелуі	93
§ 37. Жалғаулардың орын тәртібі	95
§ 38. Көмекші есімдер	96
§ 39. Зат есімнің сөйлемдегі қызметі	97
Зат есімдерді және олардың жалғауларын қайталау үшін жаттығулар	99
Сын есім	106
Сын есімнен IV класта өткенді қайталау үшін жаттығулар	—
Сын есімнің түрлері	109
§ 40. Сапалық және қатыстық сын есімдер	—
§ 41. Жалаң және күрделі сын есімдер	111
§ 42. Сын есімнің шырайлары және олардың жасалу жолдары	113
§ 43. Сын есімдердің емлесі	115
§ 44. Сын есімнің сөйлемдегі қызметі	—
§ 45. Сын есімнің заттануы (зат есімге айналуы)	116
Сын есімдерді қайталау үшін жаттығулар	118
Сан есім	121
§ 46. Сан есім туралы түсінік	—
§ 47. Сан есімнің құрамына қарай түрлері (дара және күрделі сан есімдер)	—
§ 48. Сан есімдердің мағынасы мен құрылысына қарай түрлері	122
§ 49. Сан есімдердің емлесі	125
§ 50. Сан есімнің түрленуі және оның сөйлемдегі қызметі	127
Сан есімдерді қайталау үшін жаттығулар	128
Есімдік	130
§ 51. Есімдік туралы түсінік	—
§ 52. Жіктеу есімдіктері	131
§ 53. Сілтеу есімдіктері	132
§ 54. Өздік есімдік	134


§ 55. Жалпылау есімдіктері	135
§ 56. Сұрау есімдіктері	136
§ 57. Белгісіздік есімдіктері және олардың емлесі	137
§ 58. Болымсыздық есімдіктері және олардың емлесі	139
§ 59. Есімдіктердің сөйлемдегі қызметі	140
Есімдіктерді қайталау үшін жаттығулар	141
Етістік	144
Етістіктен IV класта өткенді қайталау	—
Етістер	146
§ 60. Етіс туралы түсінік	—
§ 61. Өздік етіс	147
§ 62. Ырықсыз етіс	—
§ 63. Өзгелік етіс	149
§ 64. Ортақ етіс	150
Көсемше	152
§ 65. Көсемше туралы түсінік	—
§ 66. Көсемшенің түрлері және олардың жасалуы (жұрнақтары)	—
§ 67. Көсемшенің емлесі	155
Есімше	156
§ 68. Есімше туралы түсінік (есімшенің мағынасы мен грамматикалық белгілері)	156
§ 69. Есімшенің түрлері және олардың жасалуы (жұрнақтары)	157
§ 70. Есімшенің түрленуі және оның сөйлемдегі қызметі	159
Етістіктердің мағынасы мен құрамына қарай түрлері	161
§ 71. Негізгі етістік пен көмекші етістік	—
§ 72. Дара етістік пен күрделі етістік	163
Етістіктің шақтары	164
§ 73. Етістіктің шақтары туралы түсінік	—
§ 74. Осы шақ және оның түрлері	165
§ 75. Келер шақ және оның түрлері	168

§ 76. Өткен шақ және оның түрлері	170
Етістіктерді қайталау үшін жаттығулар	174
Оқу жылы аяғындағы қайталау жаттығулары	177

VI КЛАСС

<i>Етістіктің рай түрлері</i>	190
§ 77. Етістіктің рай түрлері туралы түсінік	—
§ 78. Бұйрық рай	191
§ 79. Шартты рай	193
§ 80. Қалау рай	194
§ 81. Ашық рай	195
§ 82. Тұйық етістік және оның емлесі	196
§ 83. Етістіктің сөйлемдегі қызметі	198
Етістікті қайталау үшін жаттығулар	199
Үстеу	201
§ 84. Үстеу туралы түсінік	—
§ 85. Үстеулердің құрамына қарай түрлері (негізгі және туынды үстеулер)	202
§ 86. Үстеулердің мағынасына қарай түрлері	205
§ 87. Үстеулердің емлесі	207

§ 88. Үстеулердің сөйлемдегі қызметі	208
Үстеуді қайталау үшін жаттығулар	—
Еліктеу сөздер	210
§ 89. Еліктеу сөздер туралы түсінік	—
<i>Еліктеу сөздердің түрлері</i>	—
§ 90. Дыбыстық еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздер	—
§ 91. Негізгі еліктеу сөздер мен туынды еліктеу сөздер	212
§ 92. Еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметі	214
Еліктеу сөздерді қайталау үшін жаттығулар	—
Шылау сөздер	216
§ 93. Шылау сөздер туралы түсінік	—
§ 94. Септеуліктер	—
§ 95. Жалғаулықтар	218
§ 96. Демеуліктер	220
§ 97. Шылаулардың емлесі	221
Шылауларды қайталау үшін жаттығулар	222
Одағай	225
§ 98. Одағай және оның түрлері	—
Барлық өткендерді қайталау үшін жаттығулар	226



Какен Аханов
УЧЕБНИК КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА
для 5 и 6 классов
(На казахском языке)

Редактор **У. Жусупова**. Техн. ред. **Р. Кашкарова**.
Художественный редактор **А. Вяльцев**. Корректор **С. Гатауллина**.

Подписано к печати с матриц 25/VIII-1971 г. Формат 84×108^{1/32}.
Объем 7,625 (12,8) п. л. Уч.-изд. л. 12,84. Тираж 86 000 экз.
Цена 24 коп. Изд. № 28.
г. Алма-Ата, издательство «Мектеп», ул. Карла Маркса, 99а.

Заказ № 1270, Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета Совета
Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.